



Әлеуетті энергетика –
қуатты Қазақстан!

2016

Жылдық есеп

«KEGOC» АҚ



2016

Жылдық есеп

«KEGOC» АҚ



Мазмұны

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ	04
«KEGOC» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ	08
«KEGOC» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ	10
2016 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР	12
НАРЫҚҚА ШОЛУ	14
Мемлекеттік реттеу. Қазақстан Республикасы электр энергетикасының құрылымы	16
Қазақстан Республикасы электр энергиясының нарығы	17
Электр энергиясының теңгерімі	18
«KEGOC» АҚ Даму стратегиясы	19
1-МАҚСАТ. ҚАЗАҚСТАН БЭЖ-НІҢ СЕНІМДІ ЖҰМЫС ІСТЕУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	20
Өндірістік қызмет	22
Электр энергиясын жеткізу	22
Техникалық диспетчерлендіру	23
Электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру	23
Электр энергиясын сатып алу-сату жөніндегі операция	24
Инвестициялық қызмет	24
Технологиялық даму	26
2-МАҚСАТ. КОМПАНИЯНЫҢ ТҰРАҚТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ДАМУЫН ЖӘНЕ АКЦИОНЕРЛЕР МЕН ДАМУ ҮШІН АҚША АҒЫНДАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	28
Қаржы-экономикалық көрсеткіштер	30
Тарифтік саясат	33
Корпоративтік басқару	34
Акциянерлік капитал	34
Акциянерлердің жалпы жиналысы	35
Дивидендтік саясат	35
Директорлар кеңесінің 2016 жылғы жұмысы туралы есеп	36
«KEGOC» АҚ Басқармасы	47
Ішкі аудит қызметі	52
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	53
Ақпараттық саясат	54
«KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексі ережелерінің сақталғаны туралы ақпарат	56
Халықаралық ынтымақтастық	84

3-МАҚСАТ. ТҰРАҚТЫ ДАМУ	86
Кадр саясаты	88
Қоршаған ортаны қорғау	90
Өндірістік қауіпсіздік	91
«KEGOC» АҚ Бизнесіні трансформациялау бағдарламасы	92
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТЕМЕ	94
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР	108
ҚОСЫМШАЛАР	164
1-қосымша. «KEGOC» АҚ еншілес компаниялары	164
2-қосымша. 2017 жылға арналған корпоративтік күнтізбе	165
3-қосымша. Глоссарий	166
БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ	168

Компания туралы

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «KEGOC» АҚ, Компания) «Қазақстан Республикасының энергетика жүйесін басқаруды құрылымдық қайта құру жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 қыркүйектегі № 1188 қаулысына сәйкес құрылды. «KEGOC» АҚ-ның бастапқы мемлекеттік тіркелген күні – 1997 жылғы 11 шілде.

2006 жылға дейін «KEGOC» АҚ акцияларының 100%-ы мемлекеттің меншігінде болды. 2006 жылы мемлекеттік акциялар пакеті (100%) «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» АҚ орналастырылған акцияларын төлеуге берілді. 2008 жылы «Қазына» Орнықты даму қоры» мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» акционерлік қоғамдарының бірігуі жолымен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» АҚ-ның құқық иеленушісі болып табылатын «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ құрылды.

2014 жылғы 18 желтоқсанда «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» АҚ) еншілес және бағынысты ұйымдарының акциялар пакеттерін бағалы қағаздар нарығына шығару бағдарламасын іске асыру шеңберінде Компанияның 25 999 999 дана жарияланған акциялар пакеті жазылым жүргізу жолымен Қазақстанның қор биржасында орналастырылды.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша «KEGOC» АҚ жарияланған және орналастырылған жай акцияларының жалпы саны 260 000 000 дананы құрады, олардың 234 000 001 данасы (90% плюс бір жай акция) «Самұрық-Қазына» АҚ-ға, 25 998 609 данасы миноритарлық акционерлерге тиесілі және 1 390 данасын миноритарлық акционердің талап етуі бойынша «KEGOC» АҚ сатып алды.

Мекенжайы: 010010, Астана қаласы, Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 59-ғимарат.

Компанияның миссиясы – қазіргі заманғы техникалық, экономикалық, экологиялық талаптарға, кәсіби

қауіпсіздік және денсаулықты қорғау стандарттарына сәйкес Қазақстан БЭЖ-інің сенімді жұмыс істеуін және тиімді дамуын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес «KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасы Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің (БЭЖ) Жүйелік операторы бола отырып, мынадай негізгі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу;
- электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру;
- электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру.

Жоғарыда көрсетілген қызмет түрлері табиғи монополиялар саласына жатады, соған байланысты, «KEGOC» АҚ қызметі «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

«KEGOC» АҚ өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады. Компанияның құрылымына 9 «Жүйеаралық электр тораптары» (ЖЭТ) филиалдары, Жүйелік оператордың Ұлттық диспетчерлік орталығы (ЖО ҰДО) филиалы және «KEGOC» АҚ Алматы қаласындағы өкілдігі кіреді. ЖЭТ филиалдары филиалдың жедел басқару аймағында жүйелік қызметтер көрсетеді. ЖО ҰДО Қазақстан Республикасы БЭЖ-ін орталықтан диспетчерлік басқаруды жүзеге асырады. Орталықтан жедел диспетчерлік басқару ЖЭТ филиалдарының құрылымдық бөлімшелері болып табылатын 9 өңірлік диспетчерлік орталықтың (ӨДО) ЖО ҰДО тікелей жедел бағынуы схемасы бойынша ұйымдастырылды.

Ақмола ЖЭТ	Ақтөбе ЖЭТ	Алматы ЖЭТ	Шығыс ЖЭТ	Батыс ЖЭТ
10 ҚС	7 ҚС	11 ҚС	6 ҚС	5 ҚС
8 137 МВА	2 426 МВА	4 229 МВА	3 695 МВА	950 МВА
ӘЖ 4 230 км	ӘЖ 967 км	ӘЖ 3 551 км	ӘЖ 1 161 км	ӘЖ 1 682 км

Сарыбай ЖЭТ	Солтүстік ЖЭТ	Орталық ЖЭТ	Оңтүстік ЖЭТ	ЖО ҰДО
8 ҚС	8 ҚС	10 ҚС	13 ҚС	9 ӨДО
6 570 МВА	3521 МВА	3 742 МВА	3 395 МВА	
ӘЖ 2 444 км	ӘЖ 3 379 км	ӘЖ 3 482 км	ӘЖ 4 201 км	

31.12.2016 ж. жай-күй бойынша ЖЭТ филиалдарында мыналар пайдалануда болды:

- жалпы ұзындығы **25096,597 км** (тізбектер бойынша) габариті **0,4-1150 кВ** болатын **360** әуелік электр жеткізу желілері;
- трансформаторларының белгіленген қуаты **36 662,55 МВА**, кернеуі **35-1150 кВ-тық 78** қосалқы электр станциялары.

«KEGOC» АҚ қосалқы станцияларында мыналар пайдаланылуда:

- 273** күштік трансформатор және **1150-10 кВ** автотрансформатор (олардың 8-і – тараптық ұйымдардың балансында);
- 1150-35 кВ-тық 184** шунттаушы реакторлар (олардың 9-ы – тараптық ұйымдардың балансында);
- 1150-35 кВ-тық 1 570** ажыратқыштар (ауалық, май, элегаздық, вакуумдық) (олардың 97-сі тараптық ұйымдардың балансында);
- 1150-35 кВ-тық** кернеу трансформаторларының **1 581** фазасы (олардың 75-і тараптық ұйымдардың балансында);
- 1150-35 кВ-тық** ток трансформаторларының **3 699** фазасы (олардың 238-і тараптық ұйымдардың балансында);
- 111** аккумуляторлық батареялар (олардың 2-еуі тараптық ұйымдардың балансында);
- 52** компрессорлық қондырғылар;
- қатты оқшаулағыш пен трансформатор майын өңдеуге арналған 108 қондырғылар мен құралдар;

- 62 199** бірлік РҚА және АА құрылғылары;
- 31 194** өлшеу құралдары.

«KEGOC» АҚ еншілес ұйымдар – «Энергоинформ» АҚ мен «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС-ның бас компаниясы болып табылады. «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС 2013 жылы жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) секторына инвестициялар салынуды ынталандыру және мемлекет тарапынан барлық (өзі үшін аталған қолдау схемасын таңдаған) ЖЭК объектілерінен тіркелген тарифтер бойынша электр энергиясын орталықтан сатып алуға кепілдік беру жолымен Қазақстанның энергия балансында ЖЭК-ті пайдалану үлесін арттыру мақсатында құрылды. Еншілес ұйымдастырылған туралы толық ақпарат **1-қосымшада** берілді.

Сонымен қатар, «KEGOC» АҚ «Батыс-Транзит» АҚ-ның серіктес құрылтайшысы (20% акциясы) болып табылады. Бұл акционерлік қоғам 2005 жылы «Солтүстік Қазақстан-Ақтөбе облысы өңіраралық электр жеткізу желісін салу» жобасын іске асыру үшін құрылды.

Бұл Жылдық есепте көрсетілген жоспарларға қатысты кез келген ақпарат болжамдық сипатта және «KEGOC» АҚ-ның алдағы болатын оқиғаларға қатысты ағымдағы көзқарасын көрсетеді, «KEGOC» АҚ бизнесіне, қаржылық жағдайына, операциялық нәтижелеріне, өсу және өтімділік стратегиясына жататын басқа да тәуекелдерге, тұрлаусыздық пен ұйғарымдарға бейім келеді.

ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ



«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі төрағасының сөйлеген сөзі

2016 жылы «KEGOC» АҚ ірі акционер – «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның үмітін толығымен ақтады.

Компанияның қызметі ең жоғары корпоративтік стандарттарға сәйкес келетін басқару моделін дұрыс таңдағанын растады. Есептік жылы «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі Қордың өкілдері Сүйіншік Тиесов пен Жанна Егімбаеваның келуімен күшейтіліп, тәуелсіз директорлар мен «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдерінің саны бойынша теңгерімделді.

Директорлар кеңесі мен Компания топ-менеджерлерінің келісілген жұмысы жақсы қаржылық нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді. 2016 жылды Компания 27,59 млрд. теңгеден астам мөлшерде пайдамен аяқтады. Бұл «KEGOC» АҚ бүкіл даму тарихындағы ең жоғарғы көрсеткіш болып табылады.

2016 жылғы нәтижелер «KEGOC» АҚ акционерлерінің сенімін ақтады. Қазіргі уақытта Компанияның акциялары Қазақстан қор биржасындағы ең өтімді қаржы құралы болып табылады. Акцияларының тартымдылығы Компанияның тұрақтылығымен және орнықтылығымен, сонымен қатар дивиденд саясатының тиімділігімен негізделеді. «KEGOC» АҚ акция-

ларын бағалы қағаздар нарығына шығарған сәттен бастап Компания шамамен 17.5 млрд. теңгені дивидендтерді төлеуге жіберді.

Ұлттық электр торабын жаңғыртуға және жалпы алғанда Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруда «KEGOC» АҚ-ның тәжірибесі мол. «KEGOC» АҚ командасы 2016 жылы да өз кәсіби деңгейінің өте жоғары екенін растады. 500кВ «Екібастұз-Семей-Өскемен» ӘЖ-ні жоспарланған мерзімнен бір жылға ерте пайдалануға берді.

«KEGOC» АҚ Қор бастама жасаған Бизнесі трансформациялау бағдарламасын табысты іске асыруда. Осылайша, 2016 жыл қорытындысы бойынша Бағдарламаны іске асырудан алған қаржылық пайдалар 7 150 млн.теңгеден астам мөлшерді құрады. Бұл жопарлаған көрсеткіштен 1 920 млн.теңгеге көп.

Директорлар кеңесі «KEGOC» АҚ 2017 жылға жоспарланған барлық міндеттерді табысты шешіп, стратегиялық мақсатына – әлемдік деңгейдегі Компания және электр энергетикасының өңірлік ауқымдағы құзырет орталығы болуға қол жеткізуге маңызды қадам жасайтынына сенімді.



Қуаныш
Бектеміров

«KEGOC» АҚ Директорлар
кеңесінің төрағасы

«KEGOC» АҚ Басқарма төрағасының сөйлеген сөзі

Қазақстан Республикасы үшін мерейлі 2016 жыл «KEGOC» АҚ-ның даму тарихында да атаулы жыл болып қала бермек. Бұл жыл барлық мүдделі тұлғалардың назарынан тыс қалмайтындай оқиғаларға толы болды.

Жүйелік оператор ретінде «KEGOC» АҚ басты міндетін табысты орындап, Қазақстан Республикасы Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің сенімді жұмысын қамтамасыз етті.

Есептік кезеңде Қазақстанда 2015 жылмен салыстырғанда электр энергиясын өндіру-тұтыну көлемі артты. Электр энергиясының өндірісі 3,6%-ға немесе 3,3 млрд. кВт•сағатқа өсіп, 94,1 млрд.кВт•сағ. құрады. Электр энергиясын тұтыну көлемі 1,6%-ға немесе 1,4 млрд.кВт•сағ. өсіп, 92,3 млрд.кВт•сағ. құрады. Ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша, электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша, сонымен қатар электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша біз көрсеткен қызметтер көлемі де артты.

Сыртқы теріс факторларға қарамастан 2016 жыл оң қаржылық көрсеткішпен аяқталды. Тиімді менеджмент және кедергілерге жылдам әрекет ету нәтижесінде Компания тарихында 27.59 млрд. теңге мөлшерінде өте жоғары пайда алынды.

Компания акционерлердің сенімін ақтауды жалғастыруда. Бірінші жарты жылдық қорытындылары бойынша шамамен 6,5 млрд.теңге сомасына дивидендтер төленді, бұл бір жай акцияға есептегенде 25 теңгені құрайды. Жалпы алғанда «KEGOC» АҚ-ның Қазақстан қор биржасындағы акциялары бағаланатын акциялардың бірі болды. 2016 жыл соңында бір акцияның бағасы шамамен 1160 теңгені құрады, бұл оның бастапқы бағасынан екі есеге көп.

Инвестициялық бағдарламаларды іске асыру шеңберінде «KEGOC» АҚ Елбасының 500кВ «Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік» жоғары вольттық желілерін салуды тездету туралы берген тікелей тапсырмасын орындауда. Аталған жобаның бірінші кезеңі – 500 кВ «Екі-бастұз-Семей-Өскемен» ӘЖ-ні салу бір жылға ерте аяқталып, 2016 жылғы 6 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл толу қарсаңында пайдалануға берілді.

Біздің Компания халықаралық ынтымақтастықты табысты дамытуда. «KEGOC» АҚ 2016 жылы Кернеуі жоғары үлкен электр желілері жөніндегі Халықаралық Кеңестің (Conseil International des Grands Reseaux Electriques – CIGRE) ұжым мүшесі атанды. Ол электр энергетикасының барлық саласында жұмыс істейтін 1000-нан астам ұйымдарды және 6000-нан астам сарапшыларды біріктіреді. Астана қаласында «KEGOC» АҚ-ның төрағалық етуімен өңірлік электр энергетикасындағы ең маңызды іс-шаралардың бірі – Орталық Азияның Үйлестіру Электр энергетикалық Кеңесінің (Орталық Азияның УЭК) 25-ші отырысы өткізілді. Оған Қазақстан мен Орталық Азия энергетикалық жүйелерінің бірінші басшылары қатысты.

«KEGOC» АҚ үшін ең маңызды қызмет бағыттарының бірі бұл әлеуметтік-еңбек қатынастары болып табылады. 2016 жылы «KEGOC» АҚ мен еңбек ұжымы арасында 2016-2020 жылдарға арналған жаңа Ұжымдық шартқа қол қойылды. Бұл Ұжымдық шарт Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына енгізілген өзгерістер есепке алынып, сонымен қатар жұмыс беруші мен қызметкерлер арасындағы өзара қарым-қатынастардағы әлеуметтік серіктестіктің рөлі күшейтіліп әзірленді.

Жалпы алғанда «KEGOC» АҚ жүргізіп жатқан кадр саясаты оң нәтижелер беруде. «Самұрық-Қазына» АҚ

компаниялары тобындағы әлеуметтік тұрақтылық рейтингінің жоғары болуы (82%) осының дәлелі болып табылады.

2016 жылы TUV NORD Cert (ГФР) сертификаттау органы «KEGOC» АҚ біріктірілген менеджмент жүйесінің сапа менеджменті (ISO 9001), экология менеджменті жүйесі (ISO 14001), кәсіби қауіпсіздік және денсаулық қорғау менеджменті жүйесі (ISO/IEC 27001) саласындағы халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкестігін растап, Компания жұмысының тиімділігін дәлелдеді.

2017 жылы «Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік транзитінің 500кВ ӘЖ-сін салу» ірі ауқымды инвестициялық жобасының екінші кезеңін іске асыруды жалғастыратын болады. Келешекте біз Батыс аймақты Қазақстан Республикасының Біртұтас электр энергетикалық жүйесімен біріктіру мақсатында Ұлттық электр торабын дамыту жөніндегі бірқатар жобаларды іске асыруды жоспарлап отырмыз.

«KEGOC» АҚ Бизнесі трансформациялау бағдарламасы бойынша жұмыс жалғасуда және 2017 жылы Бағдарламаның шешуші кезеңіне – 26 жобаны қамтитын Жобалар портфелін іске асыруға кірісеміз. Жобаларды іске асыру резервтерді тиімді пайдалану арқылы Компания құнын, еңбек өнімділігін арттыруды қамтамасыз ету және озық басқарушылық тәжірибені ендіру бойынша әлеуеті жоғары перспективалық қызмет бағыттарына назар аударуға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда 2017 жылы «KEGOC» АҚ барлық қызмет бағыттарының тиімділігін арттыру үшін жұмысты жалғастыратын болады және саладағы өз көшбасшылық ұстанымын және акционерлер мен серіктестердің сенімдерін сақтайтынына сенімдімін.



**Бақытжан
Қажиев**

«KEGOC» АҚ Басқарма
төрағасы

2016 жылғы негізгі оқиғалар

29 қаңтар

«KEGOC» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілді, онда «Эрнст энд Янг» ЖШС-ны «KEGOC» АҚ 2016-2018 жылдардағы қаржылық есептемесіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйым ретінде белгілеу туралы шешім қабылданды.

11 ақпан

«KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы Б. Қажиев ұжым алдында Компанияның 2015 жылғы жұмыс қорытындылары және 2016 жылға қойылған міндеттер туралы есеп берді.

15 ақпан

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы Өмірзақ Шөкеевтің қатысуымен 2016 жылға арналған Трансформациялау жол картасын талқылау бойынша көшпелі сессия болды. Сессия барысында Бизнесі трансформациялау бағдарламасының Жол картасының негізгі нәтижелері мен оларды іске асыру мерзімдерін қамтитын «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасының Бизнесі трансформациялауға жеке қатысу жөніндегі 2016 жылға арналған жоспарына қол қойылып, табыс етілді.

17 ақпан

Standard&Poor' (S&P) рейтингтік агенттігі Қазақстан Республикасының егемен кредиттік рейтингі «BBB-/A-3» дейін төмендеуіне; егемен рейтингілері бойынша болжам «Теріс» болуы себепті, бірнеше қазақстандық компаниялардың рейтингін, соның ішінде «KEGOC» АҚ-ның рейтингін «BB+»/«Теріс» болжамнан «BB»/ «Теріс» болжамға қайта қарады.

15 наурыз

Компанияның орталық кеңсесінде «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы Өмірзақ Шөкеевтің және «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы Бақытжан Қажиевтың қатысуымен «KEGOC» АҚ трансформациялаудың 2016 жылға арналған жол картасын талқылау бойынша көшпелі сессия өткізілді.

29 сәуір

«KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілді, онда «KEGOC» АҚ-ның 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы жылдық қаржылық есептемесі қаралып, бекітілді.

шілде

9-11 қыркүйек

«KEGOC» АҚ Жиілігі жоғары үлкен электр жүйелері бойынша халықаралық кеңестің ұжым мүшесі болды (Conseil International des Grands Reseaux Electriques – CIGRE).

«KEGOC» АҚ құрамы командасы волейбол, шағын футбол, армрестлинг, шахмат, үстел үсті теннис бойынша жарыстарға қатысып, «Самұрық-Қазына» компаниялар тобының қызметкерлері арасында IV Спартакиада екінші орын алды.

9 қыркүйек

«KEGOC» АҚ және оның ұжымы арасында 2016-2020 жж. арналған жаңа ұжымдық шартқа қол қойылды.

23 қыркүйек

«KEGOC» АҚ командасы ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің электр энергетикалық саласы персоналының кәсіби шеберлігі бойынша XIII Халықаралық жарыстарда бірінші орын алды.

4 қазан

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) «KEGOC» АҚ-ға арналған «Эмитент күнін» өткізді. Бұл шараның мақсаты – инвесторлар тарабынан эмитентке қызығушылығын арттыру және эмитенттің оның акционерлерімен кері байланысын дұрыс жолға қою.

28 қазан

«KEGOC» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы болды, онда аралық Қаржылық есептеме бекітілді, таза кірісті қайта бөлу тәртібі қаралды, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және «KEGOC» АҚ 2016 жылғы бірінші жарты жылдығында бір жай акцияға есептегенде дивидендтер мөлшері туралы шешім қабылданды. Сонымен қатар «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына тағы да екі директорды тағайындау туралы шешім қабылданды.

17 қараша

Астана қаласында Орталық Азияның Үйлестіру Электр энергетикалық кеңесінің 25-мерейтойлық отырысына қатысу.

18 қараша

«KEGOC» АҚ 2016 жылғы бірінші жарты жылдыққа «KEGOC» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төленді.

6 желтоқсан

Компания «500кВ Екі-бастұз-Шүлбі ГЭС (Семей) – Өскемен ӘЖ-ні салу» жобасы бойынша салынған объектілерді іске қосты.

12 желтоқсан

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы Өмірзақ Шөкеевтің қатысуымен «KEGOC» АҚ Жаңғырту кеңесінің кеңейтілген мәжілісі өткізілді. Онда «KEGOC» АҚ 2017 жылға арналған бизнесті трансформациялау бағдарламасының Жол картасы, жобалар портфелі, сонымен қатар «KEGOC» АҚ 2015-2020 жылдарға арналған Бизнесті трансформациялау бағдарламасының болжамдалған қаржылық көрсеткіштері талқыланды.

29 желтоқсан

«KEGOC» АҚ 2016 жылы RAEX (Қазақстан РА сарапшысы) жылдық есептер конкурсының қорытындысы бойынша «Тұрақты даму туралы үздік есеп», «Ең үздік интерактивті жылдық есеп» номинацияларында лауреат болып, «Дизайн және полиграфия» номинациясында номинант атанды.

Нарыққа шолу

ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ

Солтүстік Қазақстан:

10 ҚС
8 137 МВА
ӘЖ 4230 км

8 ҚС
3 521 МВА
ӘЖ 3 379 км

Солтүстік ЖЭТ

Ақмола ЖЭТ

Сарыбай ЖЭТ

ӘЖ 2 444 км

8 ҚС
6 570 МВА



Кәдімгі немесе қызғылт **қоқиқаз** (лат. *Phoenicopterus roseus*) – қоқиқаз тәрізділер жасағындағы құс.

Бұрынғы Кеңес Одағы аумағында, Қазақстанның Теңіз, Шалқар теңіз және Ащытастысор өзендерінде мекендейтін сирек кездесетін, саны азайып кеткен қоқиқаздың жалғыз түрі.

Жуық арадағы 10 жыл ішінде азайып кетеді деген қауіп тудыратын құс ретінде Қызыл кітапқа – IUCN (LC), сонымен қатар CITES II Жабайы жануарлар әлемі мен өсімдіктер әлемі түрлерінің сауда-саттығы туралы конвенцияға енгізілді.

Нарыққа шолу

МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеп, белгілейді. Электр энергетикасы саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік уәкілетті орган бұл Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі болып табылады. Электр энергетикасы саласындағы қадағалау мен бақылауды Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті мемлекеттік монополия саласына жатқызылған қызметті (соның ішінде табиғи монополия субъектісі ретінде «KEGOC» АҚ қызметін) бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын, бәсекелестікті қорғау және монополиялық қызметті шектеу саласында басшылық ететін мемлекеттік орган болып табылады.

Қазақстан БЭЖ электр станцияларының, электр жеткізу желілері мен қосалқы станциялардың жиынтығын білдіреді.

Қазақстан Республикасының электр энергетикасы мынадай секторларды қамтиды:

- электр энергиясын өндіру;
- электр энергиясын жеткізу;
- электр энергиясымен жабдықтау;
- электр энергиясын тұтыну;
- электр энергетикасы саласындағы басқа да қызмет.

Электр энергиясы өндірісінің секторы

Қазақстанда электр энергиясын өндіруді әртүрлі меншік иесіндегі 118 электр станциясы жүзеге асырады. Қазақстан электр станцияларының жалпы белгіленген қуаты 2017 жылғы 1 қаңтардағы жай-күй бойынша 22055,5 МВт; иелік қуаты 18789,1 МВт құрайды.

Электр энергиясын жеткізу секторы

Қазақстан Республикасының электр желілері қосалқы станциялардың, тарату құрылғыларының және оларды жалғап тұратын, электр энергиясын жеткізуге және (немесе) таратуға арналған кернеуі 0,4-1150 кВ-тық электр жеткізу желілерінің жиынтығын білдіреді.

Қазақстан Республикасы БЭЖ-інің жүйе құрайтын торабы рөлін Республиканың өңірлері мен шекаралас мемлекеттердің (Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы) энергия жүйе-

елері арасында электрлік байланыстарды, сондай-ақ электр станцияларының электр энергиясын беруді және оны көтерме сауда тұтынушыларына жеткізуді жүзеге асыратын **ұлттық электр торабы (ҰЭТ)** атқарады. ҰЭТ құрамына кіретін, кернеуі 220 кВ және одан да жоғары қосалқы станциялар, тарату қондырғылары, өңіраралық және (немесе) мемлекетаралық электр жеткізу желілері және электр станцияларынан электр энергиясын беруді жүзеге асыратын электр жеткізу желілері «KEGOC» АҚ теңгерімінде тұр.

Өңірлік деңгейдегі электр желілері өңірлер ішіндегі электрлік байланыстарды, сондай-ақ бөлшек сауда тұтынушыларына электр энергиясын беруді қамтамасыз етеді, өңірлік электр желілік компаниялардың (ӨЭК) теңгерімінде және пайдалануында тұр.

Энергия жеткізуші ұйымдар жеке немесе пайдаланудағы (жалға алу, лизинг, сенімгерлік басқару және пайдаланудың басқа түрлері) электр желілері арқылы көтерме және бөлшек сауда нарығы тұтынушыларына және энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға электр энергиясын шарттар негізінде беруді жүзеге асырады.

Электр энергиясымен жабдықтау секторы

Қазақстан Республикасының электр энергиясы нарығын электрмен жабдықтау секторы энергия өндіруші ұйымдардан немесе орталықтандырылған сауда-саттықтарда электр энергиясын сатып алуды және оны кейіннен соңғы бөлшек сауда тұтынушы-лаына сатуды жүзеге асыратын энергиямен жабдықтаушы ұйымдардан (ЭЖҰ) тұрады. ЭЖҰ-ның бөлігі электр энергиясын «кепілдікті жеткізушілер» функциясын орындайды.

Электр энергетикасы саласындағы басқа да қызметтер

Электр объектілерін, жекелеген электр қондырғыларын салу мен жөндеу бойынша, электр энергетикалық нарық субъектілері үшін мамандандырылған жөндеу бойынша қызмет көрсету қызметін **құрылыс-монтаждау ұйымдары мен мамандандырылған жөндеу мекемелері** жүзеге асырады.


Энергетика саласындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық зерттеулер, маркетингтік зерттеулер мен болжаулар, энергия өндіру және үнемдеу үшін жаңа тиімді энергия үнемдейтін және экологиялық таза технологияларды өндіру проблемаларын шешумен мынадай ғылыми-зерттеу және жобалау-ізвестіру институттары айналысады: **ҚазЭнерговнеркәсіптікҒЗЖІ, «Энергия» ҚазАЭТҒЗЖІИ, «Институт «Казсельэнергопроект»» ЖШС, «Ака-**

демек Ш.Ч. Чокин атындағы энергетика ҚазҰЭИ» АҚ, «Алматы Энергетика және Байланыс университеті» КЕАҚ.

«KEGOC» АҚ «КЭА» ЗТБ, «KazEnergy» ЗТБ, «Атамекен» Қазақстан Республикасы ҰКП, Бәсекелестікті және тауарлық нарықтарды дамыту қауымдастығы-

ның, Қазақстанның салық төлеушілері қауымдастығының мүшесі және ЭҚР ПУЛ қатысушысы болып табылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ НАРЫҒЫ



Электр энергиясының нарығы екі деңгейден – көтерме және бөлшек сауда нарығы деңгейінен тұрады.

Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда нарығының функционалдық құрылымына мыналар кіреді:

- орталықтандырылмаған электр энергиясын сатып алу-сату нарығы;
- электр энергиясын сатып алу-сату мәмілесі жүзеге асырылатын электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығы нарығы;
- нақты уақыт режиміндегі теңгерімдеуші нарық, Жүйелік оператор электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесінде бекіткен, Қа-

зақстан Республикасы БЭЖ-де электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты және шарттық шамалары арасында операциялық тәулікте туындайтын сағаттық теңгерімсіздіктерді физикалық және кейіннен қаржылық реттеу мақсатында қызмет атқарады. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының электр энергиясын теңгерімдеуші нарығы 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін имитациялық режимде қызмет атқарады.

- жүйелік және қосалқы қызметтер нарығы, онда мемлекеттік стандарттармен белгіленген Қазақстан Республикасы БЭЖ-інің сенімді жұмыс істеуін және электр энергиясының сапасын қамта-

масыз ету үшін Қазақстан Республикасының Жүйелік операторы жүйелік қызметтерді көрсету мен Қазақстан Республикасы электр энергиясы нарығының субъектілерінен қосалқы қызметтерді сатып алуды жүзеге асырады;

- **электр қуатының нарығы,** электр қуатының болжамдалған теңгерімі негізінде анықталған Қазақстан Республикасы БЭЖ-дегі электр энергиясына сұранысты қанағаттандыруға және электр қуатының шамасын қолдауға жеткілікті көлемде жаңа электр қуатын енгізу үшін инвестициялар тарту мақсатында қызмет атқарады. Энергетика министрінің бұйрығына сәйкес электр қуатын енгізу 2019 жылғы 1 қаңтарға көзделген.

Электр энергиясының көтерме сауда нарығы болып табылатындар:

- көтерме сауда нарығында орта тәуліктік (базалық) қуаттылығы 1 МВт кем емес көлемде электр энергиясын жеткізетін энергия өндіруші ұйымдар;
- энергия жеткізуші ұйымдар;
- өз электр желілері жоқ және кейіннен қайта сату мақсатында көтерме сауда нарығында орта тәуліктік (базалық) қуаттылығы 1 МВт кем емес көлемде электр энергиясын сатып алатын энергиясымен жабдықтайтын ұйымдар;
- көтерме сауда нарығында орта тәуліктік (базалық) қуаттылығы 1 МВт кем емес көлемде электр энергиясын сатып алатын электр энергиясын тұтынушылар;
- жүйелік оператор («KEGOC» АҚ);
- электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығының операторы («КОРЭМ» АҚ);
- жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы («ЭЖК жөніндегі ҚЕО» ЖШС);
- ұлттық оператор.

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген және Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің электр желілеріне жеткізілген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сатуды жүзеге асыру «ЭЖК жөніндегі ҚЕО» ЖШС-ға жүктелді.


ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ ТЕҢГЕРІМІ

2016 жылы Қазақстан Республикасында электр энергиясын өндіру тұтынумен 1764,9 млн.кВт•сағ. асты және 94076,5 млн.кВт•сағ. құрады, бұл 2015 жылдың көрсеткішінен 3279,9 млн.кВт•сағ. немесе 3,6%-ға артық.

Бұл ретте мына ірі электр станцияларында өндіріс артты:

- «Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ — 1765,1 млн. кВт•сағатқа немесе 55,0%-ға;
- «СевКазЭнергоПетропавловск» ЖШС — 398,8 млн. кВт•сағатқа немесе 14,2%-ға;
- «Казахмыс Энерджи» ЖШС Жезқазған ЖЭО — 267,4 млн.кВт•сағ-қа немесе 27,0%-ға;
- «Павлодарэнерго» АҚ ЖЭО-3 — 162,9 млн.кВт•сағатқа немесе 5,5%-ға;
- «Казахмыс Энерджи» ЖШС Балқаш ЖЭО — 145,4 млн.кВт•сағатқа немесе 20,1%-ға.
- 2015 жылмен салыстырғанда электр энергиясын өндіру анағұрлым төмендеді:
- «Б.Нұржанов ат. Екібастұз МАЭС-1 ст-сы» ЖШС — 1691,3млн.кВт•сағ-қа немесе 15,8%-ға;
- «ЕЭК» АҚ — 799,1 млн.кВт•сағатқа немесе 5,4%-ға;
- «Казахмыс Энерджи» ЖШС МАЭС — 726,8 млн.кВт•сағатқа немесе 14,2%-ға;
- «Жамбыл МАЭС» АҚ — 406,7 млн.кВт•сағатқа немесе 14,2%-ға;
- «Арселор Миттал Теміртау» АҚ ЖЭО-2 — 295,5 млн. кВт•сағатқа немесе 15,6%-ға.

Станциялардың электр энергиясын өндіру құрылымы



Қазақстан ГЭС-інде электр энергиясын өндіру 2015 жылмен салыстырғанда 2355,6 млн.кВт•сағатқа немесе 25,5% -ға артып, 11605,9 млн.кВт•сағатты құрады. Қазақстан ГТЭС-інде электр энергиясын өндіру 128,1 млн.кВт•сағатқа немесе 1,8%-ға артып, 7407,6 млн. кВт•сағатты құрады.

Қазақстан Республикасында электр энергиясын тұтыну 2015 жылмен салыстырғанда 1451,6 млн.кВт•сағатқа немесе 1,6%-ға артып, 92311,6 млн.кВт•сағатты құрады. Электр энергиясын тұтыну Қазақстанның Солтүстік аумағында 1369,1 млн.кВт•сағ. (2,3%) және Батыс аумағында 475,7 млн.кВт•сағатқа (4,3%) өсіп,

Қазақстанның Оңтүстік аумағында 393,2 млн.кВт•сағатқа (2,0%) азайды.

Мына ұйымдар электр энергиясын тұтынуды 2015 жылмен салыстырғанда арттырды:

- «ТНК Казхром» АҚ Ақтөбе ФЗ – 330,5 млн.кВт•сағатқа немесе 17,1%-ға;
- Қазақстан электролиз зауыты – 176,3 млн.кВт•сағатқа немесе 5,5%-ға;
- «Арселор Миттал Теміртау» АҚ – 168,5 млн.кВт•сағатқа немесе 4,5%-ға;
- «Қазақстан алюминии» АҚ- 44,9 млн.кВт•сағатқа немесе 4,9%-ға.

Электр энергиясын тұтынуды азайтты:

- «Казфосфат» ЖШС- 685,3 млн.кВт•сағатқа немесе 35,5%-ға;
- «Корпорация Казахстан» ЖШС- 308,9 млн.кВт•сағатқа немесе 19,7%-ға;
- «Соколов-Сарыбай ГПО» АҚ- 136,1 млн.кВт•сағатқа немесе 7,6%-ға;
- «Казхром ТҰК» АҚ Ақсу ЗФ- 52,2 млн.кВт•сағатқа немесе 0,9%-ға;

2016 жылы электр энергиясын тұтыну 2015 жылмен салыстырғанда Павлодар облысы бойынша 635,3 млн. кВт•сағатқа (3,7%), Ақтөбе облысы бойынша 474,5 млн. кВт•сағатқа (9,9%), Атырау облысы бойынша 438,6 млн. кВт•сағатқа (10,3%) айтарлықтай артқаны байқалды. Электр энергиясын тұтыну Қостанай облысында 88,7 млн.кВт•сағатқа (1,9%), негізінен «Соколов-Сарыбай ГПО»АҚ-да азаюы есебінен, Жамбыл облысында 603,5 млн.кВт•сағатқа (15,9%), негізінен «Казфосфат» ЖШС тұтынуы есебінен анағұрлым азайды.

2016 жылы тамызда Бішкек қаласында өткен Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының су шаруашылығы мен энергетикалық ведомстволары өкілдері мәжілісінің Хаттамасына сәйкес, «Электр станциялары» ААҚ (Қырғыз Республикасы) тауар айырбастау аясында Қазақстанның тұтынушылары «Казфосфат» ААҚ, «ЖамбылЖарықСауда-2030» ЖШС, «Теміржолэнерго» ЖШС-ға электр энергиясын жеткізуді жүзеге асырды. Барлығы 2016 жылғы қыркүйек-қараша айларында кейіннен қайтарылатыдай 197,504 млн. кВт•сағ электр энергиясы қабылданды. Ресей Федерациясына электр энергиясының сальдо-ауысымы 2016 жылы 1640,2 млн.кВт•сағ құрады (2015 жылы Ресей Федерациясынан – 471,4 млн.кВт•сағ). Сонымен бірге Ресей Федерациясына электр энергиясын экспорттау 2773,1 млн.кВт•сағ құрады (2015 ж. – 1034,6 млн.кВт•сағ), 1738,5 млн.кВт•сағ өсуі 2016 жылғы 17 наурыздан бастап «ИРАО» ӨАҚ желісінде «Екібастұз-ская ГРЭС-2» ЖШС-дан электр энергиясын жеткізумен байланысты. Ресей Федерациясынан электр энергиясын импорттау 1132,9 млн.кВт•сағ құрады (373,1 млн. кВт•сағ немесе 24,8%-ға төмендеді). Орталық Азияға

(Қырғыз Республикасы) сальдо-ауысым 124,7 млн.кВт•сағ құрады. Сондай-ақ Қырғыз Республикасына электр энергиясын экспорттау 335,3 млн.кВт•сағ, импорт – 210,6 млн.кВт•сағ құрады.

«KEGOC» АҚ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Қазақстан Республикасының экономикасы үшін электр энергетикасының маңызы зор, себебі елдің металлургия және мұнай мен газды өндіру сияқты негізгі салалары жоғары энергия сыйымдылығымен сипатталады. Сәйкесінше, Қазақстанның өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігі және елдің тұрмыс-тіршілігінің сапасы көбінесе тұтынушыларды электрмен сенімді және сапалы жабдықталуға байланысты. «KEGOC» АҚ салада атқарып отырған функцияларға сүйене отырып, электр энергетикасы саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сай, сондай-ақ мемлекеттің бағдарламалық құжаттары мен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ірі акционер ретіндегі күткенін есепке ала отырып, Компанияда «KEGOC» АҚ 2025 жылға дейінгі Ұзақмерзімді даму стратегиясы жасалды. «KEGOC» АҚ Ұзақмерзімді даму стратегиясына сәйкес, «KEGOC» АҚ алдына мынадай стратегиялық мақсаттар қойып отыр:

I Қазақстан БЭЖ сенімді жұмысын былайша қамтамасыз ету:

- Қазақстан БЭЖ жүйелік операторының қызметін сапалы орындау;
- қолданыстағы активтерді пайдалану бойынша сапалы қызмет көрсету, жөндеу және жаңарту;
- жаңадан электр энергиясын жеткізу желілері мен қосалқы станцияларды салу арқылы ҰЭТ-тің өткізу қабілеттілігін арттыру;
- технологиялық даму.

II Компанияның тұрақты қаржылық жай-күйін және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарының қамтамасыз ету:

- экономикалық қосымша құнның оң динамикасын қамтамасыз ету;
- корпоративтік басқаруды дамыту;
- халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

III Тұрақты даму:


- адами ресурстарды басқару жүйесін жетілдіру;
- қоршаған ортаны қорғауға қамқорлық көрсету;
- кәсіби қауіпсіздік жүйесін жетілдіру.

Көрсетілген мақсаттарды іске асыру, стратегиялық өндірістік, қаржы-экономикалық және әлеуметтік мәндерге қол жеткізу 2025 жылға қарай «KEGOC» АҚ-ның мынадай Стратегия болжамдарға қол жеткізуге мүмкіндік береді: әлемдік деңгейдегі Компанияға және өңірлік ауқымда электр энергетикасы саласындағы құзырет орталығына айналу.

1-мақсат. Қазақстан БЭЖ-нің сенімді жұмысын қамтамасыз ету

ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ

Орталық Қазақстан:



Ақбөкен (лат. *Saiga tatarica*) – нағыз бөкендер тұқымдастар тармағының ішіндегі ашатұяқты сүтқоректі жануар.

2002 жылы Халықаралық табиғатты қорғау одағы (ХТҚО) бұл түрді «CR», яғни «қиын жағдайда тұрған жануар» санатына жатқызды.

Saiga tatarica tatarica түр тармақтарына жататын дара түрлер Ресейде (Солтүстік-Батыс Каспий маңын) және Қазақстанның үш облысында (Волга-Орал құмын, Үстірт пен Бетпақ-даланы) мекендейді.

1-мақсат. Қазақстан БЭЖ-нің сенімді жұмысын қамтамасыз ету

ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТ

Электр энергиясын жеткізу

ҰЭТ бойынша электр энергиясын жеткізу қызметтерінің нақты көлемі 2016 жылы 39 213,5 млн.кВт•сағ құрады. 2015 жылмен салыстырғанда аталған көрсеткіш 1 316,5 млн.кВт•сағатқа немесе 3,5%-ға өсті, бұл ең бірінші 2015 жылы болмаған Ресей Федерациясы мен Қырғызстан Республикасына электр энергиясын экспорттаудың жаңаруына байланысты.

Электр энергиясының экспорт көлемі 2016 жылы 1 991,7 млн.кВт•сағ құрады.

2016 жылы «KEGOC» АҚ мен «ФСК ЕЭС» ӨАҚ арасындағы шартқа сәйкес, Ресей Федерациясы – Қазақстан Республикасы – Ресей Федерациясы бағыты бойынша «KEGOC» АҚ желілері арқылы электр энергиясын жеткізу (транзит) жүзеге асырылды. Аталған транзит бойынша «KEGOC» АҚ көрсеткен қызметтер көлемі 3 630,6 млн.кВт•сағ құрады, бұл 2015 жылмен салыстырғанда 30,9 млн.кВт•сағқа төмен.

2016 жылы қызметтің ірі тұтынушылары	млн.кВт•сағ
«ФСК ЕЭС» ӨАҚ	3 630,6
«Теміржолэнерго» ЖШС	3 057,4
«Казцинк» ЖШС	2 067,3
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	1 850,9
«Шығысэнерготрейд» ЖШС	1 747,4
«Алматы электр станциялары» АҚ	1 706,0
«Қазхром» ТҰК» АҚ	1 658,4
«Казфосфат» ЖШС	1 298,9
«Оңтүстік Жарық» ЖШС	1 078,3
«Астанаэнергосбыт» ЖШС	914,5

Техникалық диспетчерлендіру

Электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша көрсетілген қызметтердің нақты көлемі 2016 жылы 85 738,6 млн. кВт•сағ құрады.

Қызметтер көлемі 2015 жылмен салыстырғанда 2 929,7 млн. кВт•сағ немесе на 3,5%-ға өсті, бұл Қазақстан Республикасы энергия өндіретін ұйымдарының электр энергиясын өндіру мен желіге босату деңгейінің өсуіне байланысты.

2016 жылы қызметтің ірі тұтынушылары	млн.кВт•сағ
«Евроазиатская энергетическая корпорация» АҚ	13 140,0
«Екібастұзская ГРЭС-1 им.Б.Нуржанова» ЖШС	8 473,7
«Kazakhmys Energy» ЖШС	5 666,5
«Алматы электр станциялары» АҚ	5 281,2
«ЕМАЭС-2 станциясы» АҚ	4 722,6
«МАЗК-Казатомпром» ЖШС	4 189,5
«Қарағанды Энергоцентр» ЖШС	3 809,7
«Казцинк» ЖШС	3 684,7
«Павлодарэнерго» АҚ	3 234,2
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ	2 813,2

Электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру

Электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру бойынша нақты көлем 2016 жылы 161 616,0 млн.кВт•сағ құрады. Қызметтер көлемі 2015

жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда 4 577,9 млн.кВт•сағқа немесе 2,9%-ға өсті, бұл Қазақстан Республикасының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру мен тұтынудың жалпы өсуімен байланысты.

2016 жылы қызметтің ірі тұтынушылары	млн.кВт•сағ
«Евроазиатская энергетическая корпорация» АҚ	22 331,3
«Екібастұзская ГРЭС-1 им.Б.Нуржанова» ЖШС	8 473,7
«Kazakhmys Energy» ЖШС	5 920,4
«АрселорМиттал Теміртау» АҚ	5 817,0
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	5 767,7
«Казцинк» ЖШС	6 346,0
«Астана – Өңірлік электр желілік компания» АҚ	5 607,4
«МАЗК-Казатомпром» ЖШС	4 933,4
«Алматы электр станциялары» АҚ	5 348,0
«Павлодарэнерго» АҚ	4 379,8

«KEGOC» АҚ көрсететін қызметтерінің сапасын жақсарту мақсатында, тұтынушылардың қанағаттануын бағалау үшін 2016 жылдың жұмысының қорытындысы бойынша сауалнама жүргізілді. 2016 жыл бойынша тұтынушылардың қанағаттануын, атап айтқанда «KEGOC» АҚ қызметкерлерінің жұмыс деңгейімен, берілетін іскерлік және техникалық ақпараттың дәлдігімен, тұтынушылардың өтініштері бойынша жұмыстың жеделдігімен, қызметтердің сапасымен, жедел-диспетчерлік басқару бөлігінде ӨДО жұмысының сапасымен қанағаттануын орташа жылдық бағалау бес балдық шкалада 4,55 балды құрады.

Электр энергиясын сату-сатып алу операциялары

Халықаралық шарттар аясында «KEGOC» АҚ жеке-леген мемлекеттердің энергия жүйелерімен сату-сатып алу бойынша операциялар жүргізеді.

Яғни, 2016 жылы «KEGOC» АҚ мыналарды жүзеге асырды:

Электр энергиясын сату:

- Электр энергиясы ағынындарының нақты мемлекетаралық сальдосының жоспардағыдан 854,923 млн.кВт•сағ. көлемінде сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында Ресей Федерациясына, бұл 2015 жылмен салыстырғанда 134,7 млн.кВт•сағ аз;
- Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы энергия жүйелері арасындағы электр энергиясының жоспардан тыс ағындарын реттеу үшін 4,7 млн.кВт•сағ. көлемінде Қырғыз Республикасына.

Электр энергиясын сатып алуды:

- электр энергиясы ағындарының нақты мемлекетаралық сальдосының жоспардағыдан 854,923 млн.кВт•сағ көлемінде сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында Ресей Федерациясынан және Қазақстан Республикасы станциясынан, 2015 жылмен салыстырғанда 134,7 млн.кВт•сағ кем;
- технологиялық шығындарды (ысыраптарды) жабу үшін 13,1 млн.кВт•сағ көлемінде Қырғыз Республикасынан;
- Қазақстан БЭЖ электр энергиясынан Қырғызстанның энергия жүйесіне электр энергиясының жоспардан тыс ауытқуын реттеу үшін Қазақстан Республикасы станцияларынан 4,7 млн кВт•сағ көлемінде.

Сондай-ақ, 2016 жылы Компания технологиялық шығындардың (ысыраптардың) орнын толтыру және ҰЭТ-та шаруашылық қажеттіліктері үшін 2 509,006 млн. кВт•сағ. көлемінде, оның ішінде Ресей Федерациясынан 71,8 млн.кВт•сағ., Қырғыз Республикасынан 13,1 млн. кВт•сағ. электр энергиясын сатып алуды жүзеге асырды. 2016 жылы ысыраптардың орнын толтыру үшін электр энергиясын сатып алу көлемі 2015 жылмен салыстырғанда 59,958 млн.кВт•сағатқа өсті (2015 жылғы

2 449,049 млн.кВт•сағ-тан 2016 жылы 2 509,006 млн. кВт•сағ дейін).

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Өңіраралық желілерді дамыту және ендіруге жоспарланған жаңа өндіріс қуаттарды беру перспективасын есепке ала отырып, Компания ұлттық электр торабын жаңғыртуға бағытталған белсенді инвестициялық саясатты жүргізеді, республика тұтынушыларының электр энергиясына қажеттілігін жабу мақсатында жаңа электр энергетикасы объектілерін салуды, экспорттық және транзиттік әлеует құруды жүзеге асырады. Компанияның барлық инвестициялық жобаларының әлеуметтік маңызы бар екенін де атап өту қажет.

«Нұрлы-Жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында «KEGOC» АҚ «500кВ Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік ӘЖ транзитін салу» ірі жобасын жүзеге асыруда. Жобаны жүзеге асыру екі кезеңге бөлінген:

- I кезең – 500 кВ Екібастұз – Шүлбі ГЭС (Семей) – Өскемен желісін салу.
- II кезең – 500 кВ Шүлбі ГЭС (Семей)-Ақтоғай-Талдықорған-Алма желісін салу.

Солтүстік-Шығыс қимасында желілердің өткізу қабілетін арттыру, Шығыс Қазақстан облысындағы тапшылықты Ресей БЭЖ желісі арқылы өтетін электр энергиясы транзитінен тәуелсіз жабуды қамтамасыз ету және Бұлақ ГЭС контрреттегішін іске қосқан кезде Шүлбі ГЭС (ШГЭС) толық қуатын беруді қамтамасыз ету мақсатында **«500 кВ Екібастұз – Шүлбі ГЭС (Семей) – Өскемен желісін салу»**. Жобаны қаржыландыру «KEGOC» АҚ-ның жеке қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Жобаның барлық құрылыс-монтаждау жұмыстары 2017 жылға жоспарлаған аяқтау мерзімінің орнына 2016 жылы жұмыс кестесінен бұрын сәтті аяқталды. Жалпы ұзындығы 598,5 км 500 кВ Екібастұз – Шүлбі КЭС (Семей) – Өскемен және жалпы ұзындығы 106 км 500 кВ «Семей» ҚС салу арқылы 220 кВ «Семей – Шүлбі ГЭС» электр жеткізу желілері салынды. Сондай-ақ, жаңа 500 кВ «Семей» ҚС салынып, қолданыстағы 500 кВ «Өскемен» ӘЖ, 1150 кВ «Екібастұз» ӘЖ және 220 кВ «Шүлбі СЭС» ӘЖ кеңейтілді. Объектілерді іске қосу 2016 жылғы 6 желтоқсанда «Индустрияландыру күні» аясында Елбасының қатысуымен өткен телекөпірде іске қосылды.

«500 кВ Шүлбі ГЭС (Семей) – Ақтоғай -Талдықорған – Алма ӘЖ-ні салу», оның іске асыру ҰЭТ-тің Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік бағытындағы транзиттік әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді, электрленетін темір жол учаскелеріндегі, тау-кен өндірісіндегі энергияны көп қажет ететін объектілердің электр энергиясына қажеттілігін жабуды қамтамасыз етуге, шекара


маңы аумақтарын дамыту бойынша шарттар жасауға жаңартылатын энергия әлеуетін ауқымды игеруге, сондай-ақ Шығыс аймақтың Қазақстанның біртұтас электр желісімен байланысын күшейтуге мүмкіндік береді. Жобаны қаржыландыру меншік қаражаты, сондай-ақ БҰЗҚ алынған қаражат есебінен, «KEGOC» АҚ ірі облигацияларын сату арқылы жүзеге асырылады. 2016 жылғы 1 қыркүйектегі жай-күй бойынша купондық облигациялар толық орналастырылды, 47,5 млрд.теңге көлемінде ақша қаражаты тартылды. Жобаның екінші кезеңін – 500 кВ Шүлбі СЭС (Семей) – Ақтоғай – Талдықорған – Алма желісін салуды жүзеге асыру жұмыс кестесіне сай жүргізіледі. Қазіргі уақытта объектінің барлық бөліктерінде құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде. 2016 жылы жоба бойынша жалпы ұзындығы 883 км болатын 500 кВ желінің 164 км салынды. Жоба бойынша барлық жұмыстарды 2018 жылы аяқтау жоспарланды.

Сондай-ақ, 2016 жылы Компания мынадай инвестициялық жобаларды іске асыру жұмыстарын жалғастырды:

- «Павлодар энергия торабының Қазақстан БЭЖ-мен байланысын күшейту» жобасы, бұл жобаны жүзеге асыру мақсаты 220 кВ кернеуде Қазақстан БЭЖ-мен электрлік байланысын салу арқылы Павлодар энергия торабының энергия жүйесінің жұмыс істеу сенімділігін арттыру. Жобаны қаржыландыру «KEGOC» АҚ-ның жеке қаражаты есебінен жүзеге асырылады;

- «ҰЭТ-ты қалпына келтіру» жобасы шеңберінде ҰЭТ-тың пайдалану мерзімі ұзақ болуына байланысты айтарлықтай тозған электр жеткізу желілерін қайта құру болжанады.

2016 жылы ҚҚС-ны есепке алмағанда Компания 44 001,05 млн.теңгеден астам қаржыны игерді, оның ішінде ірі стратегиялық жобаларды іске асыруға – 40 035,46 млн.теңге, қолданыстағы активтерді жаңалау мен алмастыруға – 2 586,89 млн.теңге және кредит үшін капиталдандырылатын сыйақыларды төлеуге – 1 378,70 млн.теңге.



Ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін жалпы электр энергетикасы саласының қарқынды дамуы қажет. Мемлекеттің стратегиялық мүдделерін есепке ала отырып, Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласының теңгерімді және тұрақты дамуы, бұдан әрі экономикалық өсуді қамтамасыз етуге қажеттілікті ескеру қажеттілігі, ха-

лықтың тіршілік сапасын арттыру және елдің энергетикалық қауіпсіздігін күшейту мақсатында «KEGOC» АҚ келешекте мына бағыттарда ҰЭТ-ты дамыту жобаларын жүзеге асыруды жоспарлайды:

- Батыс аймақтың тұтынушыларын электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру, Қазақстан БЭЖ-дің теңгеріміне іске қосылмаған маневрленген өндірісін қуат-

ты тарту үшін Республика аумағында Батыс аймақты Қазақстан БЭЖ-мен біріктіру;

- жекелеген аймақтық өңірлерді электрмен жабдықтау сенімділігін қамтамасыз ету;
- Салынып жатқан ірі энергия өндіруші объектілердің қуат беруін қамтамасыз ету;
- ҰЭТ-ты қалпына келтіру және технологиялық дамыту.

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ

Технологиялық даму орташа және ұзақ мерзімді болашақта электр энергетикалық компаниялардың бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторларының бірі болып есептеледі, себебі бұл электр энергетикасы объектілерінің тиімділігін, басқарымдылығы мен қауіпсіздігін, сондай-ақ көрсететін қызметтердің сенімділігін арттырады. Электр энергетикасын технологиялық дамыту саласындағы негізгі әлемдік үрдіс – бұл негізінде жаңа буынды электр желілері құрылатын желі объектілерін зияткерлік басқарудың әртүрлі элементтерін енгізу (өлшеу, бақылау және басқару жүйелері). 2016 жылы Компания «Алматы энергетика және байланыс университеті» ҒАҚ-мен бірге пилоттық режимде 500кВ Алма ҚС мен 1150кВ Екібастұз ҚС-дағы екі РМУ құрылғысынан, сондай-ақ Алматы ӨДО-да тиісті бағдарламалық жасақтаманы орнатудан тұратын WAMS (Wide Area Measurement System) жүйесін орнату бойынша шешімдер жүзеге асырды. 2015-2016 жж. онлайн-режимде WAMS жүйесінің деректерін жинақтау, талдау және ағымдағы режимдік шамалармен салыстыру жүзеге асырылды. Алынған нәтижелерді талдай келе Компания 500кВ Солтүстік-Оңтүстік транзитінде WAMS толық пилотты жобасын жүзеге асырудың қажеттігі туралы шешім қабылдады.

2016 жылы Электр энергиясын коммерциялық есепке алудың жаңартылған автоматтандырылған жүйесі (ЭКЕАЖ) толыққанды жұмыс жасай бастады. Жаңарту кезінде заманауи микропроцессорлық есептеу құралдары, мәліметтерді беру құрылғылары орнатылды. WEB-технологияларды қолдану арқылы ЭКЕАЖ-ды қолданушылармен екіжақты байланыс орнатылды. Инновациялық технологияларды қолдану электр энергиясын өлшеудің дәлдігін арттыруды қамтамасыз етуге, жүйенің барлық деңгейлерінің ав-

томатты басқарылуына, әртүрлі өндірушілердің ЭКЕАЖ ішкі интерфейстеріне қол жеткізуге, есепті жеңіл құруға, жүйені пайдаланушыларға қажетті электртехникалық есептерді шешуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ негізгі кезеңі әртүрлі өндірушілердің жабдықтары үшін теңдей талаптарды қамтамасыз ететін және ұлттық электр торабына жаңа өндірістерді қосуды жеңілдететін есептеу құралдары мен қосалқы құралдардың кең спектрін сүйемелдеу болып есептеледі.

Жүйе құрылған уақытта электр энергиясының көтерме сауда нарығын құру кезінде өзекті болған негізгі тапсырмаларды шешуге арналған қолжетімді технологиялардың ішінде барынша заманауилары қолданылды. Дегенмен, электр энергиясының теңгерімді нарығының, ал болашақта электр қуаты нарығының енгізілуіне байланысты, электр энергиясы мен қуатты есепке алу бойынша дәл және легитимді мәліметтерді қалыптастырудың негізгі құралы ретінде ЭКЕАЖ-ға қойылатын талаптар барынша артып, кеңеюде. Бұл Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда нарығының біріктірілген ЭКЕАЖ негіздемесі болып табылатын «КЕГОС» АҚ ЭКЕАЖ аппараттық-бағдарламалық кешенінің айтарлықтай жаңартылуын талап етті.

Қолданылатын технологиялардың, қондырғылардың энергия тиімділігін арттыру, энергияны үнемдеу бағдарламаларын жасау және электр энергиясының технологиялық шығыны деңгейін оңтайландыру Компания үшін негізгі тапсырмалардың бірі болып есептеледі. Электр энергиясының технологиялық шығыны – бұл электр желілері арқылы электр энергиясын беру кезінде орын алатын өткізгіштер мен электр қондырғыларындағы физикалық процестерге негізделген ысыраптар және сәйкесінше электр желілерінде электр энергиясы ысырабын азайтуды жоспарлау және шараларды енгізудің басты мақсаты электр энергиясының техникалық ысырабының нақты мәнін оңтайлы деңгейге дейін жеткізу болып есептеледі. «КЕГОС» АҚ желісінде электр энергиясының нақты ысырабы 2016 жылы 2 513,2 млн.кВт·сағ немесе электр энергиясын желіге жіберудің 6,1%-ын құрайды, бұл орнатылған ТМР және БҚК нормативі шегінде болып есептеледі. Аталған көрсеткіш Компания үшін оның қызметін көрсететін стратегиялық көрсеткіш болып есептеледі. 2016 жылы «Қазақстан ҰЭТ» ауқымында электр энергиясы ысыраптарын азайту

бойынша техникалық-экономикалық зерттеу» жұмысы жалғастырылды. Аталған жұмыс «NURIS» («Назарбаев университет» АҚ ғылыми бөлімшесі) ЖМ тарту арқылы жүргізілуде. Аталған жұмыс аясында электр жеткізудің жоғары вольтты әуе желісі өткізгіштерінің бетін өңдеу үшін нано-технологияларды қолдана отырып, «KEGOC» АҚ 500кВ желісінде «жиікке» кететін ысыраптарды азайту мүмкіндігі зерттелуде. «Жиікке» кететін ысыраптар үлесі «KEGOC» АҚ желісінде жалпы ысыраптар құрылымында 30%-ды құрайды. Сәйкесінше, зерттеудің оң нәтижелеріне қол жеткізген жағдайда және ҰЭТ көлемінде тиісті технологиялық шешімдерді жүзеге асырылған жағдайда айтарлықтай экономикалық тиімділік алуға мүмкіндік бар.

Көлік құралдарын пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатында, Компания спутниктік бақылау құралдарын (GPS-сезгілер) жан-жақты қолданады. Қазіргі таңда көлік құралдарын бақылайтын 637 спутниктік бақылау құралдары орнатылған. Жүйе нақты уақыт мезгілінде (онлайн-мониторинг) «KEGOC» АҚ көлік құралдарын тұрақты бақылауды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, бақыланатын көлік құралдарын, олардың қозғалыс жолын және талап етілетін уақыт кезеңін онлайн-мониторинг режимінде бір уақытта көрсету қамтамасыз етіледі. Аналитикалық есептер мен кестелердің түрлі нысандарын құру және жүктеу мүмкіндігі бар. Есептерде жүрілген жолы, арақашықтығы, қозғалыс жылдамдығы, тұрақтар, аялдамалар, қозғалтқыштардың жұмыс уақыты, аккумуляторлық батареяның қоректену сезгісінің көрсеткіші және т.б. мәліметтер көрсетіледі. Көлік құралдарының орнын анықтау қателігі 100 м-ден аспайды.

Компания өнертабыстық және өнертапқыштық қызметке аса мән береді, техникалық шығармашылығы үшін қызметкерлеріне жағдай жасайды. 2016 жылы Компания қызметкерлері өндірістік қызмет тиімділігін, еңбек өнімділігін, электрмен қамту сенімділігін арттыруға бағытталған 30 өнертабыстық ұсыныстар айтты. Мысалы, «Солтүстік ЖЭТ» филиалының қызметкерлері ұсынған өткізгіштердің қатты жел соққан кезде қозғалуы мен ауысуының алдын алуға және ӘЖ өткізгіштерінің ақауларын табуға мүмкіндік беретін дистанциялық тірегіштерді орнату әдісі желі сенімділігін арттыруға бағытталған. Аталған өнертабыстық шешім Компанияның басқа филиалдарына қолдану үшін ұсы-

нылды. Сондай-ақ, авариялық жағдай туындағанға дейін қондырғының жарамсыздығын табуға мүмкіндік беретін «Орталық ЖЭТ» филиалы қызметкерлерінің өнертабыстық ұсынысы және тағы да Компанияның алты филиалына ендіру электрмен жабдықтаудың ажыратылу санын азайтуға мүмкіндік береді. «Солтүстік ЖЭТ» филиалының қызметкерлері ұсынған релелік қорғаныс қондырғыларын жетілдіруге арналған тағы бір өнертабыстық шешім ажыратқыштың «жалған» қосылуы кезінде кернеудің төмендеуін болдырмауға көмектеседі, сол арқылы қондырғының қызмет көрсету мерзімін ұзартады. Аталған шешім төрт филиалда ендірілген. Аталған өнертабыстық ұсыныстар Компания өткізетін жыл сайынғы байқауда үздік деп танылып, авторлары марапатталды.

«KEGOC» АҚ-да тұрақты түрде Ғылыми-техникалық кеңес (бұдан әрі – ФТК) жұмыс істейді. ФТК мынадай мәселелер бойынша шешім қабылдау мақсатында құрылған «KEGOC» АҚ-ның жұмыстық органы болып есептеледі: «KEGOC» АҚ-ны дамыту, Инновациялық-технологиялық стратегияны жүзеге асыру, жаңа құрылыс жобаларында жаңа техника мен технологияны ендіру және оны ұйымдастыру, электр желілік объектілерді қайта құру және техникалық жарақтандыру, ҰЭТ жұмыс режимдерін жетілдіру, отандық ғылыми және өндірістік әлеуетті дамыту. 2016 жылы ФТК 3 мәжілісі өткізілді. Сондай-ақ, «KEGOC» АҚ ФТК қарасты жұмыс органы болып есептелетін тұрақты Инновациялық-технологиялық даму жөніндегі комитет (бұдан әрі – Комитет) жұмыс істейді. Комитеттің негізгі мақсаты мыналар: ФТК қарауға ұсынылған материалдарды қарастыру және қорытындыларды дайындау, Компания қызметкерлері ұсынған өнертабыстық ұсыныстар бойынша шешім қабылдау және т.б. 2016 жылы Комитеттің 4 мәжілісі өткізілді.

Компания желісінің сенімділік деңгейін бағалау мақсатында SML (System Minutes Lost – жүйелік минуттардың жоғалуы) және WWP (Percentage of Work Without Problems – жүйенің жаңылусыз жұмыс уақытының пайызы) индикаторлары анықталған. SML көрсеткішінің мәні 2016 жылы 0,24 минутты құрады, ал WWP – 99,83% және жүргізілген бенчмаркинг нәтижелері бойынша электр энергетикалық желілердің ұқсас жүйелік операторларының сенімділік көрсеткіштері мәндері деңгейіне сәйкес келеді.

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ

Шығыс Қазақстан:

ӘЖ 1 161 км

Шығыс ЖЭТ

6 ҚС
3 695 МВА



Тянь-шандық **қоңыр аю** (лат. *Ursus arctos isabellinus*) — Памир, Тянь-Шань және Гималай тауларын мекендейтін қоңыр аюдың жекелеген түр тармағы (лат. *Ursus arctos*).

Ақсу-Жабағылы, Алматы қорықтарында, Алматы, Лепсі, Тоқты қаумалдарында қорғалады. Сирек кездесетін түр, таралу аймағы және саны азайып келеді.

Қазақстанның жануарлар әлеміндегі қоңыр аюдың екі түр тармағының және ТМД жануарлар әлеміндегі 6-7 түр тармақтарының біреуі.

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

2016 жыл нәтижелері бойынша шоғырландырылған кірістер 188 716,3 млн.теңгені құрады және 2015 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда 12,5%-ға (немесе 20 982,8 млн.теңге) өскен.


Сонымен бірге негізгі қызметтен түсетін кірістер 130 001,4 млн.теңгені құрады. Негізгі қызметтен түскен кірістердің 18,1%-ға (немесе 19 940,0 млн.теңге) өсуі реттелетін қызметтерге тарифтердің өсуімен, «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС электр энергиясын сату-сатып алу бойынша операциялар көлемінің өсуімен, сондай-ақ қуатты реттеу жөніндегі қызмет көрсетуден кірістерді есептеуге байланысты.

2016 жылы негізгі емес қызметтерден түскен кірістер 58 714,8 млн.теңгені құрады және 2015 жылмен салыстырғанда депозиттермен операциялардан түскен кірістер, негізгі құралдардың тегін түсуінен кірістерге байланысты 1,8%-ға (немесе 1 042,9 млн.теңгеге) өсті. Сондай-ақ негізгі қызметтерді сатудан түскен кірістердің, сондай-ақ шаруашылық қызметтер туралы шарттар бойынша айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы түріндегі кірістердің азайғаны байқалады.

2016 жылғы шоғырланған шығындар 152 741,4 млн.теңгені, яғни 2015 жылмен салыстырғанда 14%-ға (немесе 24 939,1 млн.теңге) азайғанын көрсетті. Жүзеге асырылған қызметтер құны 2016 жылы 79 388,8 млн.теңгені құрады және 2015 жылмен салыстырғанда 5,1%-ға (немесе 3 846,2 млн.теңге) өсті, бұл негізінен энергия көздерімен жаңартылып өндірілген электр энергиясын сатып алуға шығындармен, амортизациялық есептеу бойынша өндірістік персоналдың еңбекақысын төлеумен байланысты. Сондай-ақ, технологиялық шығындардың орнын толтыру үшін электр энергиясын сатып алуға шығындар азайды.

2016 жылы жалпы әкімшілік шығындар 17 640,4 млн.теңгені құрады, бұл 2015 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда 2 есеге жоғары (немесе 9 075,7 млн.теңге). Өсім дебиторлық берешек бойынша резервтерді құру жөніндегі шығындардың, мүлікке, еңбекақыны төлеуге, консультацияларға, орталықтың бизнесті трансформациялау шығындарының өсуіне байланысты. Өзге де шығындар 49 439,3 млн.теңгені құрады және 2015 жылмен салыстырғанда 43,6%-ға (немесе 38 288,1 млн.теңгеге) азайды, бұл негізінен бағамдық айырма бойынша шығындардың азаюымен байланысты.


Кірістер мен шығыстар динамикасы, млрд. теңге



2015 жыл қорытындысы бойынша алынған шығын сомасы 7 779,6 млн.теңгемен салыстырғанда 2016 жыл қорытындысы бойынша алынған таза кіріс сомасы 27 590,2 млн.теңгені құрады. Сондай-ақ 2014-

2015 жылдардың қаржылық көрсеткіштеріне АҚШ долларына қатысты теңге бағамының өзгерісі, сондай-ақ 2014 жылы жүргізілген негізгі құралдардың қайта бағалануының әсер еткенін атап өту керек.

Таза кіріс динамикасы, млрд. теңге



2017 жылы 156 975,6 млн.теңге сомасында кіріс алу жоспарланып отыр, соның ішінде негізгі қызметтен 153 887,5 млн.теңге және негізгі емес қызметтерден 3 088,1 млн.теңге. Шығындар 122 505,2 млн.теңге сомасында

болжанды, оның ішінде өзіндік құны бойынша 102 923,4 млн.теңге, жалпы және әкімшілік шығындар 14 288,7 млн. теңге. 2017 жыл қорытындылары бойынша жиынтық пайда 27 479,5 млн.теңге сомасында жоспарланып отыр.

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету


Жоғарыда атап өткен факторлардың барлығы Компанияның қаржы-экономикалық жағдай тиімділігінің стратегиялық мәндерінің өзгеруіне әсер етті.

«KEGOC» АҚ қызметінің тиімділігін бағалау үшін қаржыландырылған капиталдың пайдалану тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін, әсер ететін факторлардың көбірек санын ескеретін, тәуекел факторларын ескеретін, Компанияның нақты құны мен табыстылығын өлшеуге мүмкіндік беретін, қаржылық талдауды сапалырақ жүргізуге және сәйкесінше Ком-


панияны тиімді басқаруға мүмкіндік беретін «EBITDA margin», «ROACE» (Return on Average Capital Employed), «Қызметтің табыстылығы» көрсеткіштері қолданылады.

Яғни, «EBITDA margin» көрсеткіші 2016 жылы 42,6% құрады және 2015 жылмен салыстырғанда 1,1 пайыздық тармаққа төмендеді, бұл энергияның жаңаратын көздері арқылы өндірілген, төменгі табыстылыққа ие, сату-сатып алу бойынша операциялар көлемінің өсуімен байланысты.

EBITDA margin динамикасы, %




ROACE динамикасы, %



2016 жыл қорытындылары бойынша алынған таза табыс 2015 жылғы алынған шығынның салдарынан туындаған теріс мәнмен салыстырғанда

«ROACE» – 6,0% және «қызметтің табыстылығы» – 18,1% көрсеткіштерінің оң мәндеріне жетуге мүмкіндік берді.

Қызмет рентабелділігі динамикасы, %



ТАРИФТИК САЯСАТ

«KEGOC» АҚ өзінің құрылған уақытынан бастап, реттелетін қызметтердің тарифтік саясатын жетілдіру бойынша жұмысты жүргізуде, тарифтік саясатты жетілдіру бойынша тиісті мекемелердің жұмысына белсене қатысуда. «KEGOC» АҚ қызметі реттелетін қызметтерге тарифтерді сәйкесінше Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және басқару агенттігінің бекітетін «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мынадай қызметтер үшін жүзеге асырылады: ҰЭТ желілері арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша, электр энергиясын желіге жіберу және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша, электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша. Компания тарифтері Компанияның

белгілі бір кезеңге тарифті құру мақсатында операциялық және қаржылық шығындардың сәйкес шығындарынан және капиталдың табыстылығының әділ нормасынан шығатын сәйкесінше «шығындар қосу тіркелген пайда» әдісі бойынша бекітіледі. 2013 жылдан бастап тарифтердің шекті деңгейлері бекітіледі. Тарифтердің шекті сандерін есептеу ережелері жыл сайынға тарифтердің есебіне ұқсас, тек олар бірнеше алдағы жылдарды ескере отырып бекітіледі, және Компанияға ұзақ уақытқа өз мүмкіндіктерін жоспарлауға мүмкіндік береді, ал акционерлер Компанияның келешегі туралы ақпаратты алуға мүмкіндік алады.

Бекітілген расімдерге, ТМР және БҚК-ның 2015 жылғы 21 қыркүйектегі №388-ОД бұйрығына сәйкес «KEGOC» АҚ-ның 2016-2020 жж. арналған реттелетін қызметтерге тарифтері мен тарифтік сметаларының шекті мәндері бекітілді:

теңге/кВт·сағ	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
электр энергиясын жеткізу	2,080	2,246	2,496	2,823	2,797
техникалық диспетчерлендіру	0,231	0,234	0,249	0,306	0,306
өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру	0,084	0,086	0,091	0,098	0,098

2016 жылғы сәуір айында «KEGOC» АҚ мақсаты тұтынушылар құқығын қорғау жүйесін күшейту, тұтынушылары мен мүдделі тұлғалар алдындағы қызмет-

тің ашықтығын қамтамасыз ету болып табылатын, жыл сайынғы жүргізетін тұтынушылар мен мүдделі тұлғалар алдында Компанияның 2015 жылғы қызметі

туралы көпшілік алдында тыңдалым ұйымдастырды. Мұндай тыңдалымдарды өткізудің негізгі қағидалары Компания қызметінің жариялығы, ашықтығы және тұтынушылардың мүдделігі теңгерімін сақтау.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Стратегияға сәйкес, Компания өзінің алдына алдыңғы қатарлы әлемдік компаниялардың корпоративтік басқару деңгейіне жету бойынша жоғары мақсаттар қойды. Корпоративтік басқаруды бұдан әрі жетілдіру мақсатында және 2015 жылы акционерлердің жалпы мәжілісінде бекітілген корпоративтік басқару кодексінің ережелерін енгізу және сақтау мақсатында Компания мыналарды қамтамасыз етуге күш салды:

- Акционерлердің құқықтарын тиімді жүзеге асыруды;
- Акционерлерге әділ қарым-қатынасты;
- Тиімді теңгерімді дивиденд саясатын;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма қызметінің тиімділігін;
- Мүдделі тараптармен өзара әрекет етудің тиімді жүйесі және тұрақты даму;
- Мүдделі тараптарға Компания туралы тиісті ақпаратты ашу;
- Тәуекелді басқару және ішкі бақылау жүйелерін жетілдіру.

Акционерлік капитал


«KEGOC» АҚ орналастырған жай акциялардың саны ұйымдастырылған қазақстандық бағалы қағаздар нарығында 10 % азайту бір акцияны немесе 25 999 999 (жиырма бес миллион тоғыз жүз тоқсан тоғыз мың тоғыз жүзтоқсан тоғыз) дананы құрады. «KEGOC» АҚ-ның бір жай акциясын орналастыру бағасы – 505 (бес жүз бес) теңге.

2016 жылғы 31 желтоқсан ахуалы бойынша «KEGOC» АҚ-ның жарияланған және орнатылған жай акцияларының жалпы саны 260 000 000 дананы құрады, оның ішінде 234 000 001 данасы (90% азайту бір жай акция) «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі, 25 998 609 дана миноритарлы акционерлерге тиесілі және «KEGOC» АҚ миноритарлы акционердің талабы бойынша 1 390 дана сатып алынған.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 2-тармақшасына сәйкес 2016 жылы «KEGOC» АҚ миноритарлы акционерден Компаниядағы оған тиесілі 1 390 дана (0,0006%) көлеміндегі Компания акциясын сатып алу туралы талап қойылған өтінішін алды. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі 1 390 дана акцияны 1 жай акция үшін 669,38 теңгеден сатып алу туралы шешім қабылдады.

Компанияның орналастырылған акциялар санынан бес немесе одан да көп пайызын иеленетін акция мен акционерлер бойынша айтарлықтай мәмілелер мен өзгерістер 2016 жыл бойы орын алған жоқ. 2016 жылы акцияларды бастапқы орналастыру жүргізілген жоқ.

2016 жылы акцияларды нарықтық бағалаудың өзгеруі, теңге



Мәлімет көзі – Қазақстандық биржа қоры (www.kase.kz)



Акционерлердің жалпы жиналысы

Акционерлердің жалпы жиналысы «KEGOC» АҚ-ның жоғары органы болып есептеледі және өзінің қызметін «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «KEGOC» АҚ Жарғысы мен Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережеге сай жүзеге асырады. 2016 жылы «KEGOC» АҚ үш рет Акционерлердің жалпы жиналысын өткізді:

1. 2016 жылғы 29 қаңтарда Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы өткізіліп, онда 2016-2018 жж. «KEGOC» АҚ-ның қаржылық есеп аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым ретінде «Эрнст энд Янг» ЖШС, сондай-ақ ҚҚС-ны есепке алмағанда 124 000 000 (жүз жиырма төрт миллион) теңге аудиторлық қызметтердің төлемақысы белігенді.
2. 2016 жылғы 29 қаңтарда Акционерлердің жалпы жиналысы өткізіліп, онда:
 - Жылдық Қаржылық есептеме бекітілді және 2015 жылы «KEGOC» АҚ жай акциялары бойынша «KEGOC» АҚ дивидендтерін төлеу туралы шешім қабылданды;
 - «KEGOC» АҚ әрекетіне акционерлердің және оның лауазымды тұлғаларының өтініштері туралы мәселелері және оларды қарау нәтижелері қарастырылды.
3. 2016 жылғы 28 қазанда өткен Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында:
 - «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамының өзгеруі, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау, сондай-ақ «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерінің құзыреттік мерзімі, сыйақы және өте-

мақы шығындарын төлеу шарттары және көлемі туралы шешім қабылданды;

- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді;
- Аралық қаржылық есептеме, таза кірісті бөлу тәртібі бекітілді, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу және 2016 жылдың бірінші жартыжылдығында «KEGOC» АҚ-ның бір жай акциясы ретінде есептелген дивидендтер көлемі туралы шешім қабылданды.

Дивидендтік саясат

«KEGOC» АҚ-ның дивидендтік саясаты дивидендтік төлемдердің мөлшерін анықтау кезінде акционерлердің мүдделерін қорғауға, Компанияның инвестициялық тартымдылығын арттыруға және оны капиталдандыруға, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген акционерлердің құқықтарын қатаң түрде сақтауға және құрметтеуге негізделеді. Дивидендтерді төлеу шарттары мынада: Компанияның есептік кезеңде таза табысының немесе бөлінбеген пайдасының болуы; Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген дивидендтерді төлеуге шектеулердің болмауы; Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі.

Акционерлерге дивидендтерді ақы төлеу көзі «KEGOC» АҚ шоғырландырылған есептік көрсеткіші негізінде есептелетін, ҚЕХС-қа сай жасалған, тиісті қаржылық жылдағы таза табыс немесе жартыжылдықтағы бөлінбеген пайда болып есептеледі. Компанияның Директорлар кеңесі қаржылық жылға немесе жартыжылдыққа арналған таза табысты бөлу тәртібі

және дивидендтер мөлшері туралы ұсыныс дайындаған кезде дивидендтерді төлеуге арналған сома таза табыстың кем дегенде 40 %-ын құрауы тиіс дегенге сүйенеді. Жыл қорытындысы бойынша «KEGOC» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Компанияның жылдық қаржылық есебін бекіткеннен кейін Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қабылдайды. Жартыжылдық нәтижесі бойынша «KEGOC» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім Компанияның тиісті кезеңдегі қаржылық есептемесіне аудит жүргізгеннен кейін үш ай ішінде акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында қабылдануы мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің ұсынысын қарастыра отырып, «KEGOC» АҚ-ның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдайды, «KEGOC» АҚ бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін бекітеді, сондай-ақ дивидендтердің басталу мерзімін белгілейді.

Дивиденд тарихы

	2014 жыл	2015 жылғы 1-жарты жылдық	2016 жылғы 1-жарты жылдық
Бір акцияға есептегенде дивиденд мөлшері, теңге.	33,13	9,40	24,93
Есептелген дивидендтердің жалпы сомасы, мың теңге	8 613 800	2 444 000	6 481 765
Дивидендтерді төлеуге жіберілген ҚЕХС бойынша таза пайда үлесі, %	99,97%	40,01%	40,00%

Директорлар кеңесінің 2016 жылғы жұмысы туралы есеп

2016 жылғы 1 қаңтар мен 28 қазан аралығында «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына мынадай Директорлар кеңесінің мүшелері кірді – К.Бектеміров, Басқарма төрағасы Б.Қажиев, тәуелсіз директорлар – А.Спицын, Л.Сүтера, Д.Фаш, Я.Биалек.

Акционерлерге әділ қарым-қатынасты есепке ала отырып, Директорлар кеңесінің теңгерімді құрамын қамтамасыз ету мақсатында «KEGOC» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2016 жылғы 28 қазындағы шешімімен (№ 5 хаттама) Директорлар кеңесі құрамында 8 (сегіз) мүшесі бар жаңа құрамда бекітілді:

*«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.
1970 жылы туған, Қазақстан
Республикасының азаматы.*



**Бектеміров
Қуаныш
Әбдіғалиұлы**

- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2012 жылғы 31 қаңтардағы, 2012 жылғы 8 мамырдағы, «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 2015 жылғы 30 сәуірдегі шешімімен тағайындалды;
- «KEGOC» АҚ және оның ЕҰ акцияларын иеленбеген.

Атқарған лауазымдары:

- 2012 жылдан бастап — «Самұрық-Энерго» АҚ, «Тау-Кен Самұрық» Ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Казатомпром» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;
- 2014-2016 жж. — «Самұрық-Қазына» активтерді басқару жөніндегі бас директоры;
- 2012–2014 жж. — «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарушы директоры;
- 2011-2012 жж. — «Астанаэнергоконтракт» Бас директоры.

Тәуелсіз директор, Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитеттің төрағасы, Аудит, Тағайындау және сыйақылар, Қайыпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитеттердің мүшесі.

**1939 жылы туған, Ресей
Федерациясының азаматы.**



**Спицын
Анатолий
Тихонович**

- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2011 жылғы 24 қазандағы, 2012 жылғы 8 мамырдағы шешімдерімен; 2015 жылғы 30 сәуірдегі «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысында сайланды;
- «KEGOC» АҚ және оның ЕҰ акцияларын иеленбеген.

Атқарған лауазымдары:

- 2013 жылдан бастап — Еуразия Экономикалық Құрылымдастығының интеграциялық мәселелерді стратегиялық зерттеу институтының директоры;
- 2010–2013 жж. — Ресей Федерациясы Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясының қоғамдық сектордағы экономика және қаржы кафедрасының профессоры.
- «Қарағанды кешенді қорытпа зауыты» ЖШС Бақылау кеңесінің төрағасы.

Тәуелсіз директор, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі Аудит жөніндегі комитетінің төрағасы, Тағайындаулар және сыйақылар, Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитеттердің төрағасы.

1971 жылы туған, Италия азаматы.

- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2012 жылғы 8 мамырдағы шешімімен; 2015 жылғы 30 сәуірдегі «KEGOC» АҚ-ның жалпы жиналысында тағайындалды;
- «KEGOC» АҚ және оның ЕҰ акцияларын иеленбеген.

Атқарған лауазымдары:

- 2015 жылдан бастап – топтың Бас қаржы директоры, Nebras Power Басқарма мүшесі (Катар тәуелсіз халықаралық энергетикалық компаниясы);
- 2011-2015 жж. – Бас вице-президент және бас қаржы директоры – Global power & water business. Әбу-Даби (ТАQA) Ұлттық энергетикалық компаниясы, Әбу-Даби, БАӘ;
- 2007-2011 жж. – Бас қаржы директоры және Бас директордың орынбасары, ENEL Ресей (ENEL Group) Басқарма мүшесі, Мәскеу, Ресей.



**Лука
Сутера**

Тәуелсіз директор, Аудит, Тағайындаулар және сыйақылар, Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитеттердің төрағасы, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитетінің мүшесі.

1949 жылы туған, Франция азаматы.

- 2015 жылғы 30 сәуірде Акционерлердің жалпы жиналысында сайланды.
- «KEGOC» АҚ және оның ЕҰ акцияларын иеленбейді.

Атқарған лауазымдары:

- 2016 жылдан бастап – «РТФ» жауапкершілігі шектеулі қоғамы Директорлар кеңесінің төрағасы;
- 2013 жылдан бастап – Технопарк София-Антиполис Директорлар кеңесінің мүшесі, Ницца, Франция;
- 2008 – 2013 жж. – EnelОГК-5 Директорлар кеңесінің төрағасы, Президенті.



**Доминик
Фаш**

Тәуелсіз директор, Аудит, Тағайындау және сый-ақылар, Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитеттердің, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөнінегі комитетінің мүшесі.

1955 жылы туған, Ұлыбритания, Польша және Солтүстік Ирландия азаматы.

- 2015 жылғы 30 сәуірде Акционерлердің жалпы жиналысында сайланды.
- «KEGOC» АҚ және оның ЕҰ акцияларын иеленбеген.

Атқарған лауазымдары:

- 2014 ж. бастап – «Сколтеха» энергетикалық жүйелері бойынша орталығының директоры, Сколков ғылым және технология институты;
- 2009-2013 жж. – Электр қуатын беру және бақылау кафедрасының басшысы, Инженерлік және компьютерлік ғылымдар факультетінің зерттеу жұмыстары жөніндегі директоры, Даремс университеті, Ұлыбритания;
- 2003-2009 жж. – Берт Уиттингтон атындағы электроэнергетика жөніндегі кафедраның жетекшісі, Экологиялық энергетикалық желілер жөніндегі магистрлік бағдарламалардың директоры, Эдинбург Университеті, Ұлыбритания.



**Януш
Биалек**

*KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі,
«Самұрық-Қазына» АҚ өкілі.*

**1946 жылы туған, Қазақстан
Республикасының азаматы.**

- 2016 жылғы 28 қазанда Акционерлердің жалпы жиналысында сайланды;
- «KEGOC» АҚ және оның ЕҰ акцияларын иеленбеген.

Атқарған лауазымдары:

- 2004–2016 жж. – «КОРЭМ» АҚ Басқарма төрағасы;
- 2000-2001 жж. – «KEGOC» ААҚ Вице-Президенті, Алматы қ.;
- 2001-2004 жж. – «KEGOC» ААҚ Ақмола филиалының директоры, Астана қ..



**Тиесов
Сүйіншілік
Әмірхамзаұлы**

*«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі,
«Самұрық-Қазына» АҚ өкілі, «KEGOC» АҚ Ди-
ректорлар кеңесінің Қауіпсіздік және еңбекті,
қоршаған ортаны қорғау комитетінің мүшесі.*

**1953 жылы туған, Қазақстан
Республикасының азаматшасы.**



**Егімбаева
Жанна
Дачерқызы**

- 2016 жылғы 28 қазанда Акционерлердің жалпы жиналысында сайланды;
- «KEGOC» АҚ және оның ЕҰ акцияларын иеленбеген.

Атқарған лауазымдары:

- 2016 жылғы ақпаннан бастап – «Байтерек Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Кеңесшісі;
- 2016 жылғы маусымнан бастап – тәуелсіз директор – «ҚазАгро Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;
- 2011–2016 жж. – Қазақстан Республикасы Премьер – Министрі Кеңесі басшысының орынбасары.

*«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан
компаниясы» «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің
мүшесі, Басқарма төрағасы.*

**1964 жылы туылған, Қазақстан
Республикасының азаматы.**



**Қажиев
Бақытжан
Төлеуқажыұлы**

- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының, Жалғыз акционердің 2011 жылғы 31 мамырдағы, 2012 жылғы 8 мамырдағы шешімдерімен; 2015 жылғы 30 сәуірде Акционерлердің жалпы жиналысында сайланды;
- «KEGOC» АҚ және оның ЕҰ акцияларын иеленбеген.

Атқарған лауазымдары:

- 2011 жылдан бастап – «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы.
- 2009-2011 жж. – «KEGOC» АҚ вице-президенті.
- 2008-2009 жж. – «KEGOC» АҚ Атқарушы директоры.
- 2007-2008 жж. – «KEGOC» АҚ Күрделі құрылыс департаментінің директоры.

2016 жылы Директорлар кеңесінің 12 күндізгі және 3 сырттай отырысы өткізілді, онда 153 мәселе қарастырылып, тиісті шешімдер қабылданды, олардың негізгісі мыналар:

Стратегиялық, қаржы-экономикалық және инвестициялық мәселелер:

- «KEGOC» АҚ-ның 2025 жылғы дейінгі Ұзақмерзімді даму стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді;
- Жылдық/ағымдағы қаржылық есеп қарастырылды, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу/төлемеу туралы ұсыныстар және «KEGOC» АҚ бір жай акциясына дивиденд мөлшері қарастырылды;
- «KEGOC» АҚ-ның Ұзақмерзімді даму стратегиясын, инвестициялық бағдарламасын, ірі инвестициялық жобаларын, «KEGOC» АҚ инновациялық-стратегиялық стратегиясын жүзеге асыру бойынша есептер қарастырылды;
- «KEGOC» АҚ-ның 2017-2021 жылдарға арналған Даму жоспары (Бизнес – жоспар) бекітілді, сондай-ақ «KEGOC» АҚ-ның 2025 жылға дейінгі Ұзақмерзімді даму стратегиясы АҚ-ның Даму жоспарын орындауы туралы тоқсандық есептер қарастырылды;
- «Самұрық-Қазына» АҚ акционерінің үміті туралы хат қаралып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2017-2021 жылдарға арналған үміті бойынша шараларды жүзеге асыру жоспары бекітілді;
- Тұрақты даму аймағында басқару жүйесі бойынша жетекші бекітілді;
- «KEGOC» АҚ есепке алу саясаты жаңа редакцияда бекітілді;
- «KEGOC» АҚ бастапқы облигациялық бағдарламасы бекітілді, «KEGOC» АҚ бірінші облигациялық бағдарламасы және шығару шарттарын анықтау және жеке капиталдың 10 және одан көп мөлшерін құрайтын шамаға «KEGOC» АҚ міндеттемелерін көбейту аясында облигациялардың бірінші шығарылымы туралы шешім қабылданды.

Корпоративтік басқару мәселелері, тәуекелдер:

- 2015 жылға арналған тұрақты даму саласындағы есеп, Директорлар кеңесінің жұмыс жоспары, Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспары бекітілді;
- Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің, Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің, Ішкі аудит қызметінің және оның жетекшісінің, «KEGOC» АҚ корпоративтік хатшысының жұмысын Директорлар кеңесінің 2015 жылғы жұмыс нәтижелерін бағалау бойынша тәуелсіз ұйымдастыру есебі қарастырылды;
- «KEGOC» АҚ-да корпоративтік басқаруды жетілдіру және «KEGOC» АҚ-да 2016-2020 жылдары Корпоративтік басқару кодексін енгізу бойынша шаралар

жоспары бекітілді, оның орындалуы бойынша есептер қарастырылды;

- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін қызметін кірістіру бағдарламасы жаңа редакцияда бекітілді;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің ережесіне өзгерістер мен толықтырулар қарастырылды;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерін іріктеу және тағайындау ережесі, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар төлеу және шығындарын өтеу ережесі жаңа редакцияда қарастырылды;
- Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің, Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің, «KEGOC» АҚ Ішкі аудит қызметі мен оның жетекшісінің жұмысын бағалау жаңа редакцияда бекітілді;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитеті құрылды, ол туралы Ереже, сондай-ақ «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару комитеті туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар бекітілді;
- «KEGOC» АҚ Басқармасы туралы ережесі жаңа редакцияда бекітілді;
- Тәуекелдер тізілімі және картасы, негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары, тәуекел-тәбеті бекітілді, сондай-ақ тәуекелдер бойынша тоқсандық есеп қарастырылды.

Кадрлық саясат мәселелері:

- «KEGOC» АҚ Орталық аппаратының ұйымдық құрылымы мен орталық аппарат (атқарушы дирекция) қызметкерлерінің жалпы саны бекітілді;
- «KEGOC» АҚ жетекші қызметкерлері лауазымдарының сипаттамасы, лауазымдардың бағалануы (грейдер) және қызметақылар схемалары бекітілді;
- «KEGOC» АҚ жаңа ұйымдық құрылымына көшу жоспары бекітілді;
- «KEGOC» АҚ әлеуметтік тұрақтылығының жоғары деңгейін ұстап тұру жөніндегі 2016-2018 жж. арналған іс-шаралар жоспары бекітілді.
- «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдерін «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына кірістіру туралы ұсыныстар қарастырылды;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі сайлайтын немесе келісетін «KEGOC» АҚ қызметкерлерінің лауазымдары тізбесі жаңа редакцияда бекітілді;
- «KEGOC» АҚ Басқарма мүшелерін марапаттау саясаты қарастырылды.

ЕҰ қызметінің мәселелері бойынша:

- «Энергоинформ» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамы, құзыреттілік мерзімі анықталды, оның төрағасы мен мүшелері сайланды, сондай-ақ «Энергоинформ» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерін марапаттау және шығындарын өтеу мөлшері мен шарттары анықталды;
- 2016-2018 жж. «Энергоинформ» АҚ-да аудит жүргізетін аудиторлық ұйым белгіленді;
- «Батыс транзит» АҚ-мен бағалы қағаздарды сату-сатып алу шарттарына қосымша келісімшарттар жасалды;
- «Батыс транзит» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жиналысының мәселелері қарастырылды;
- «Энергоинформ» АҚ Жарғысы жаңа редакцияда бекітілді, сондай-ақ «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС Жарғысына өзгерістер бекітілді;
- «Энергоинформ» АҚ, «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС 2015 жылдың қаржылық есептері бекітілді;
- 2015 жыл қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және «Энергоинформ» АҚ бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін бекіту мәселесі қарастырылды.

Директорлар кеңесінің 2016 жылғы қызметіндегі негізгі оқиғалардың бірі «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитетінің құрылуы болды. Комитет Компанияның Директорлар кеңесінің алдындағы есептілік жүйесін қоса алғанда, қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша ұсыныстар дайындау мақсатында құрылған; қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау бөлігінде стратегиялық ҚНҚ мониторингтеу және аталған салада Директорлар кеңесі қойған мақсатқа жету; ірі технологиялық бұзылыстарды, ауыр жағдайға әкеліп соғатын топтық қайғылы жағдайларды зерттеу нәтижелерін талдау; қажетті шаралар қабылдау бойынша ұсынымдар дайындау.

Сондай-ақ, Директорлар кеңесі 2016 жылғы 30 маусым – 1 шілде аралығында «KEGOC» АҚ-ның 2025 жылға дейінгі ұзақмерзімді даму стратегиясын, Қазақстан Республикасында қуат нарығын енгізу, ЖЭК-тен электр энергиясы нарығын дамытудың инвестициялық жобалары мен болашағын талқылау бойынша «KEGOC» АҚ Басқарма мүшелерімен және жауапты қызметкерлерімен жиналыс өткізді.

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің 2016 жылғы отырыстарға қатысуы және келу көрсеткіштері

	Қатысуы													
Директорлар кеңесінің мүшелері	29.01	26.02	25.03	29.04	24.05	01.07	26.08	30.09	28.10	05.12	09.12	23.12	%	
К.Бектеміров	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100	
А.Спицын	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100	
Л.Сутера	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100	
Д.Фаш	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100	
Я.Биалек	+	-	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	91,6	
С.Тиесов	28.10.2016 тағайындалды									+	+	+	+	100
Ж.Егімбаева	28.10.2016 тағайындалды									+	+	+	+	100
Б.Қажиев	+	+	+	-	+	+	+	+	+	+	-	+	83,3	

Директорлар кеңесінің комитеттері

Маңызды мәселелерді қарастыру және «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін 4 комитет құрылған:

- Аудит жөніндегі комитет;
- Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет;
- Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитет;

- Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет.

Комитеттер Директорлар кеңесінің кеңесші органы болып есептеледі. Комитеттер жасаған барлық ұсыныстар «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесіне қарауға шығарылатын ұсыныстар болып есептеледі.

Аудит жөніндегі комитет:

- Л.Сутера – Комитет төрағасы, тәуелсіз директор;
- А.Спицын – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;
- Я.Биалек – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор.

Аудит жөніндегі комитет мына негізгі мәселелер бойынша Директорлар кеңесіне мына мәселелер сұрақтар бойынша қажетті ұсынымдарды тереңінен пысықтау және әзірлеу үшін құрылды:

- қаржы-шаруашылық қызметті бақылаудың тиімді жүйесін орнату (оның ішінде қаржылық есептің толықтығы мен нақтылығын);
- ішкі бақылау жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін бақылау және тәуекелді басқару, сондай-ақ корпоративтік басқару саласында құжаттардың орындалуын бақылау;

- сыртқы аудиттің тәуелсіздігін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауды қамтамасыз ету процесін бақылау.

Аудит бойынша комитет өз жұмысын «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады. 2016 жылы Аудит жөніндегі комитет Директорлар кеңесіне 52 мәселе бойынша тиісті ұсынымдар бері, қарастырылды, Директорлар кеңесінің тиісті ұсыныстары қарастырылған 10 күндігі кездесу өткізілді.

Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің 2016 жылғы отырыстарға қатысуы және келуі

Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі	Қатысуы										
	29.01	26.02	25.03	28.04	23.05	30.06	26.08	30.09	28.10	05.12	%
Л. Сутера	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
А. Спицын	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Я. Биалек	+	-	+	+	+	+	+	+	+	+	90

Аудит жөніндегі комитет қарастырды: ІАҚ жұмыстарының нәтижесі бойынша тоқсандық есептер, қаржылық есептеме, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару, ішкі және сыртқы аудит, ІАҚ-ның кадр мәселелері, ішкі нормативтік құжаттар, ІАҚ-ның регламенттеуші қызметі мәселелері. Аудит жөніндегі комитеттің алдын ала аудит қорытындыларын талқылау, аудит нәтижелері бойынша басшылыққа хат жазу, 2016 жылдың 1-тоқсаны, 1-жартыжылдығы және 9 айы бойынша қаржылық есептемені сипаттау нәтижесі бойынша қаржылық есеп аудитін жүзеге асыратын «Эрнст энд Янг» аудиторлық компания өкілдерімен үш кездесуі өткізілді.

2016 жылы Аудит жөніндегі комитет комитет туралы ережеге, сондай-ақ Комитеттің 2016 жылға арналған жұмыс жоспарына сай мақсаттары мен тапсырмалары орындалды. Отырыстың күн тәртібіндегі барлық мәселелер жан-жақты қарастырылып, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі қабылдаған сараланған және толық ұсыныстар айтылды.

Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет:

- Д.Фаш – Комитет төрағасы, тәуелсіз директор;
- А.Спицын – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;
- Я.Биалек – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор.

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесі, Басқарма мүшелерін, ІАҚ және оның жетекшісінің, корпоративтік хатшыны іріктеу, тағайындау, сыйақы беру, бағалау, сабақтастығын жоспарлау мәселелері бойынша ұсыныстар жасап шығару және ұсыну мақсатында құрылған. Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет өзінің қызметін «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеті туралы ережеге сай жүзеге асырады.

2016 жылы Комитетте 41 мәселе қарастырылып, олар бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстар берген 9 күндігі кездесу өткізілді.

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет мүшелерінің 2016 жылғы отырыстарға қатысуы және келуі

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің мүшелері	Қатысуы									
	29.01	26.02	25.03	23.05	30.06	26.08	30.09	28.10	05.12	%
Д. Фаш	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
А. Спицын	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Я. Биалек	+	-	+	+	+	+	+	+	+	88,8

Комитет Директорлар кеңесіне төмендегілерді қарастырып, ұсыныстар берді:

- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі құрамына екі директорды қосу бойынша;
- «KEGOC» АҚ жетекші қызметкерлеріне мотивациялық ҚНҚ бойынша;
- Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің, Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі мен оның жетекшісінің қызметін бағалау нәтижелері бойынша;
- «KEGOC» АҚ-ның сабақтастық жоспары бойынша;
- «KEGOC» АҚ Басқарма мүшелерінің сандық құрамын анықтау, «KEGOC» АҚ Басқармасының жекелеген мүшелерінің құзыреттілігін уақытынан бұрын тоқтату, «KEGOC» АҚ Басқармасының құзыреттілік мерзімін анықтау бойынша;
- «KEGOC» АҚ жетекші қызметкерлерін және олардың қызметіне мөлшерлерін тағайындау бойынша;
- «KEGOC» АҚ қызметкерлерінің лауазымдары тізбесі, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі жүзеге асыратын тағайындау немесе келісу бойынша;
- «KEGOC» АҚ жетекші қызметкерлерінің грейдтері мен қызметтері схемасы бойынша;
- «KEGOC» АҚ Атқарушы дирекциясының (орталық аппаратының) ұйымдық құрылымы және штаттық саны бойынша;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерін марапаттау саясатының тиімділігі бойынша;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерін марапаттау және шығындарды өтеу ережелері бойынша;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерін іріктеу және тағайындау ережелері бойынша.

2016 жылы Комитет толық деңгейде Комитет туралы ержеге, сондай-ақ Комитеттің 2016 жылға арналған жұмыс жоспарына сай мақсаттар мен тапсырмаларды орындады. Комитет отырыстарының күн тәртібіндегі барлық мәселелер жан-жақты қарастырылып, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесіне сараланған ұсыныстар айтылды.

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару комитеті:

- А.Спицын – Комитет төрағасы, тәуелсіз директор;
- Л.Сүтера – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;
- Д.Фаш – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор.

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің кеңес беруші органы болып есептеледі және Директорлар кеңесіне мынадай мәселелер бойынша ұсыныстар жасау және беру мақсатында құрылған:

- Компания қызметінің басым бағыттары, Даму стратегиясы, Даму жоспары, инвестициялық бағдарламалары бойынша;
- «KEGOC» АҚ-дағы корпоративтік басқаруды жетілдіру.

Комитет өз қызметін «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитеті туралы ережесін не сай жүргізеді. 2016 жылы Комитет 8 күндізгі кездесу өткізді. Комитет мәжілісінің күн тәртібіне сай 22 мәселе қарастырылып, олар бойынша ұсыныстар берілді.

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитет мүшелерінің 2016 жылғы отырыстарға қатысуы және келуі

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитеттің мүшелері	Қатысуы								
	29.01	26.02	25.03	23.05	30.06	26.08	28.10	05.12	%
А. Спицын	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Л. Сутера	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Д. Фаш	+	+	+	+	+	+	+	+	100

Комитет Директорлар кеңесіне мына мәселелерді қарастырып, ұсыныстар берді:

- «KEGOC» АҚ Даму жоспары бойынша;
- Корпоративтік басқаруды жетілдіру және 2016-2020 жылдарға арналған Корпоративтік басқару кодексінің енгізу бойынша іс-шаралар жоспары бойынша;
- 2015 жылы «KEGOC» АҚ Даму жоспарының, Инновациялық-технологиялық стратегиясының, 2025 жылға дейінгі кезеңге арналған Ұзақ мерзімді даму стратегиясының, Корпоративтік басқаруды жетілдіру және 2016-2020 жж. арналған «KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің енгізуді жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есептер бойынша;
- «KEGOC» АҚ-ның 2025 жылға дейін Ұзақмерзімді стратегиясына өзгерістер бойынша.

2016 жылға Комитет туралы ережеге, сондай-ақ Комитеттің 2016 жылға арналған жұмыс жоспарына сай барлық мақсаттар мен тапсырмалар толық көлемде орындалды. Комитет мәжілісінің күн тәртібіндегі барлық мәселелер жан-жақты қарастырылып, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесіне сараланған ұсыныстар берілді.

Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау комитеті 2016 жылғы 28 қазанда мына құрамда құрылды:

- Д.Фаш – Комитет төрағасы, тәуелсіз директор;
- Я.Биалек – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;

- Л.Сутера – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;
- А.Спицын – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;
- Ж.Егімбаева – Комитет мүшесі, ірі акционер өкілі.

Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау комитеті Директорлар кеңесіне мына мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу және ұсыну мақсатында құрылған:

- есептілік жүйесін қоса алғанда, өндірістік қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау саясаты және оны қамтамасыз ету рәсімдері бойынша;
- қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау саласында стратегиялық ҚНҚ және аталған саладағы мақсаттар бойынша;
- ірі технологиялық ақауларды, зардабы ауыр тоқтық қайғылы жағдайларды зерттеу нәтижелерін талдау және қажетті шаралар қабылдау бойынша ұсыныстар дайындау;
- «KEGOC» АҚ қабылдаған тәжірибенің қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау саласындағы алдыңғы қатарлы тәжірибеге сай келуі.

Комитет өз қызметін «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау комитеті туралы ережесіне сай жүзеге асырады.

2016 жылы «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау комитеті туралы ереже және «KEGOC» АҚ Еңбекті қорғау және қауіпсіздік жөніндегі есебі қарастырылған бір күндізгі кездесу өткізілді.

2016 жылы Кәсіби қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет мүшелерінің отырыстарға қатысуы және келуі

Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитеттің мүшелері	Қатысуы	
	09.12	%
Д. Фаш	+	100
Я. Биалек	+	100
Л. Сутера	+	100
А. Спицын	+	100
Ж. Егімбаева	+	100

Комитет «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитеті туралы ережесін және «KEGOC» АҚ еңбекті қорғау және қауіпсіздік жөніндегі есебін қарап, бекіту бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстар жасады.

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

«KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінде «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі қызметін бағалауды жыл сайын өткізу көзделеді, бұл ретте кемінде үш жылда бір рет тәуелсіз кеңесшілермен бағалау жүргізілуі тиіс. 2016 жылы «Достық Эдвайзори» ЖШС аудиторлық компаниясы Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің, Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің, сонымен қатар Ішкі аудит қызметі мен оның басшысының және «KEGOC» АҚ Корпоративтік хатшысының қызметіне тәуелсіз сыртқы бағалау жүргізді. Жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша тәуелсіз аудиторлар Директорлар кеңесі қызметінің 80,37% деңгейінде ең үздік тәжірибелерге сәйкестігі рейтингін алды. Алынған бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің жұмысын тиісті деңгейде деп айтуға, ал Директорлар кеңесі мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің және Корпоративтік хатшының біліктілігін «KEGOC» АҚ мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес деп санауға мүмкіндік береді.

Тұтастай алғанда, Директорлар кеңесінің 2016 жылғы қызметі Компанияның тиімді дамуына, Компанияның қысқа, орта және ұзақ мерзімді кезеңдерге белгілеген стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне

қол жеткізуге ықпал етті. Директорлар кеңесі стратегиялық жоспарлауға, «KEGOC» АҚ корпоративтік басқаруды және кең ауқымды бизнес-процестерге қатысты ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелерін жетілдіруге белсенді қатысты.

Акционерлердің жалпы жиналысының 2015 жылғы 30 сәуірдегі шешіміне сәйкес Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне өз міндеттерін орындау кезеңінде сыйақы беріледі және «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын орындауға байланысты шығындары өтеледі.

«KEGOC» АҚ тәуелсіз директорларларына сыйақы беру мынадай нысандарда жүзеге асырылады:

- жылдық бекітілген сыйақы;
- Директорлар кеңесі комитеттерінің күндізгі отырыстарына қатысқаны үшін қосымша сыйақы.

Тәуелсіз директорға «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысында белгіленетін мөлшерде жылдық бекітілген сыйақы төленеді. Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне Директорлар кеңесі комитеттерінің күндізгі отырыстарына қатысқаны үшін қосымша сыйақы төленеді. Акционерлердің жалпы жиналысының 2016 жылғы 28 қазандағы шешіміне сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ ірі акционерінің өкілі ретінде сайланған Директорлар кеңесінің мүшесіне – өзіне жүктелген міндеттерді орындағаны үшін бекітілген жылдық сыйақы белгіленген. Қосымша сыйақылар төлеу қарастырылмаған. Мәселен, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің

мүшелеріне 2016 жылға жылдық бекітілген сыйақы мөлшері 55,633 млн. теңгені құрады. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларына комитеттің күндізгі отырыстарына қатысқаны үшін белгіленген сыйақы 36,907 млн. теңгені құрады.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің төрағасы және/немесе «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы, «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы бастамашылық жасаған, Директорлар кеңесі мүшелерінің тұрғылықты жерінен тыс өтетін Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына барып келуге байланысты шығындары өтеледі: (Қазақстан Республикасында жол жүру, оның ішінде трансфер, қонақүйде тұру, тәуліктік, Қазақстан Республикасындағы телефон байланысы (ұялы байла-

нысты қоспағанда), сканерлеу, көшірме жасау, факс, басып шығару, құжаттарды басу, интернет желісіне қол жеткізу қызметтеріне, күрьерлік және почта қызметтеріне).

«KEGOC» АҚ Басқармасы

«KEGOC» АҚ ағымдағы қызметіне басшылықты алқалы атқарушы орган – өзге органдардың құзыретіне жатқызылмаған «KEGOC» АҚ қызметі мәселелері бойынша шешім қабылдайтын Басқарма жүзеге асырады.

Басқарма «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексі мен Жарғысына және «KEGOC» АҚ Басқармасы туралы ережеге сәйкес әрекет етеді.

2016 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙ БОЙЫНША «KEGOC» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ:

«KEGOC» АҚ Басқармасы төрағасы.
*1964 жылы туған, Қазақстан
Республикасының азаматы.*

- Саладағы еңбек өтілі 30 жыл.
- «KEGOC» АҚ және ЕҰ акцияларын иеленбейді.

Білімі:

- Алматы энергетика институты – «Электр желілері мен жүйелері» мамандығы, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті – «Экономика» мамандығы.



Қажиев
Бақытжан
Төлеуқажыұлы

Басқарма төрағасының бірінші орынбасары.

1973 ж. т., Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

- «Семей» мемлекеттік университеті – «Тамақ өндірісінің машиналары мен аппараттары» мамандығы;
- Т.Рысқұлов атындағы Қазақ мемлекеттік басқару академиясы – «Экономика және менеджмент» мамандығы.

«KEGOC» АҚ-дағы функциялары: қаржы-экономикалық қызмет, баға белгілеу, қаржы ұйымдарымен ынтымақтастық, жүйелік қызмет көрсету, шекаралас мемлекеттердің энергия жүйелерімен және энергетикалық кәсіпорындарымен өзара іс-қимыл, сатып алулар, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, жедел-диспетчерлік басқару, жобаларды басқару жұмыстары. «Энергоинформ» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады.

- Саладағы жұмыс өтілі 23 жыл.
- «KEGOC» АҚ мен ЕҰ акцияларын иеленбейді.



**Оспанов
Серік
Кеңесбекұлы**

Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары.

1968 ж. т., Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

- Т.Рысқұлов атындағы Қазақ мемлекеттік басқару академиясы – «Маркетинг және коммерция» мамандығы;
- С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, «Электр энергетикалық жүйелер және тораптар» мамандығы.

«KEGOC» АҚ-дағы функциялары: өндірістік активтерді жөндеу және техникалық қызмет көрсету қамтамасыз ету мәселелері, ҰЭТ бойынша электр энергиясын үздіксіз беруді қамтамасыз ету және инвестициялық бағдарламаны іске асыру, филиалдармен жұмыс жасау.

- Саладағы жұмыс өтілі – 16 жыл.
- «KEGOC» АҚ және ЕҰ акцияларын иеленбейді.



**Жазықбаев
Бақытхан
Медеғалиұлы**

Басқарма төрағасының ҰЭТ дамыту және корпоративтік басқару жөніндегі орынбасары.

1955 ж. т., Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

- Алматы энергетикалық институты – «Өнеркәсіп кәсіпорындары мен қалаларды электрмен жабдықтау» мамандығы, экономика ғылымдарының кандидаты, экономика доценті.

«KEGOC» АҚ-дағы функциялары: ҰЭТ-ты дамыту, техникалық саясат, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық, инновациялық-технологиялық даму, энергия үнемдеу және энергия тиімділігі, акционерлермен және ұйымдармен Компания акцияларын KASE-те орналастыру бойынша өзара іс-қимыл, корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару жүйесі, біріктірілген менеджмент жүйесі, қоршаған ортаны қорғау мәселелері. «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС Бақылау кеңесінің төрағасы болып табылады.

- Саладағы жұмыс өтілі-39 жыл.
- «KEGOC» АҚ және ЕҰ акцияларын иеленбейді.



**Қуанышбаев
Әскербек
Досайұлы**

Филиалдармен және ЕБҰ-мен жұмыс жөніндегі басқарушы директор.

1958 ж.т., Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

- Қазақ ауыл шаруашылығы институты – «Электрлендіру» мамандығы, Рудный мемлекеттік индустриалды институты – «Экономика және кәсіпорындағы басқару» мамандығы.

«KEGOC» АҚ-дағы функциялары: филиалдары мен «Энергоинформ» АҚ жұмысының, өндірістік активтерді жөндеу және қызмет көрсету, инвестициялық бағдарламалар, ақпараттық технологиялар мен жүйелерді дамыту, электр жабдықтарын диагностикалау, құрылыс пен нысандардың пайдалануға берілуін бақылау. «Батыс Транзит» АҚ, «Энергоинформ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

- Саладағы жұмыс өтілі 36 жыл.
- «KEGOC» АҚ және ЕҰ акцияларын иеленбейді.



**Ақмурзин
Абат
Аманұлы**

Жүйелік қызметтер жөніндегі басқарушы директор.

1958 ж. т., Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

- Алматы энергетикалық институты «Электр желілері мен жүйелері» мамандығы.

«KEGOC» АҚ функциялары: жүйелік қызмет көрсету мәселелері, Қазақстан БЭЖ-нің жұмыс режимдерін, электр энергиясы ағындарын кедендік ресімделуін, релелік қорғау құралдарын пайдалану және жаңғырту, қосалқы станцияларды және өндірісті метрологиялық қамтамасыз етудің автоматтандырылуын жедел-диспетчерлік және технологиялық басқару.

- Саладағы жұмыс өтілі 35 жыл.
- «KEGOC» АҚ және ЕҰ акцияларын иеленбейді.



**Бекенов
Мұхтар
Оңғарбайұлы**

Құқықтық қамтамасыз ету және қауіпсіздік жөніндегі басқарушы директор.

1964 ж. т., Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

- С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, «Құқықтану» мамандығы.

«KEGOC» АҚ функциялары: құқықтық мәселелер, экономикалық, техникалық және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл, іс қағаздардың жүргізілуін қамтамасыз ету. «Энергоинформ» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

- Саладағы жұмыс өтілі: 9 жыл.
- «KEGOC» АҚ және ЕҰ акцияларын иеленбейді.



**Жақыпбаев
Қайрат
Төлегенұлы**

Техникалық бақылау және қамтамасыз ету
жөніндегі басқарушы директор.

1964 ж. т., Қазақстан
Республикасының азаматы.

Білімі:

- Алматы энергетика институты – «Электрмен жабдықтау» мамандығы, Қазақстан-Ресей университеті – «Экономика» мамандығы.

«KEGOC» АҚ функциялары: сатып алулар, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, кедендік сүйемелдеу шарттары мәселелері, өтімсіз тауарлы-материалдық құндылықтарды іске асыру, сервистік қызмет көрсету және шаруашылық қамтамасыз ету, техникалық бақылау және еңбекті қорғау.

- Саладағы жұмыс өтілі 25 жыл.
- «KEGOC» АҚ және ЕҰ акцияларын иеленбейді.



Темірбеков
Болат
Жолболдыұлы

Экономика жөніндегі басқарушы директор.

1976 ж. т., Қазақстан
Республикасының азаматы.

Білімі:

- Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті—Жалықаралық экономикалық қатынастар мамандығы, «Назарбаев университеті» – «Іскерлік әкімшілік ету».

«KEGOC» АҚ функциялары: қаржы-экономикалық мәселелер, баға белгілеу мәселелері, қаржы ұйымдарымен және аудиторлық компаниялармен ынтымақтастық, басқарушылық есеп жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

- Саладағы жұмыс өтілі 19 жыл.
- «KEGOC» АҚ және ЕҰ акцияларын иеленбейді.



Ботабеков
Айбек
Төлеубекұлы

2016 жылы «KEGOC» АҚ Басқармасының 27 отырысы өтті, онда 195 қаралды. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын және Басқарманың алдын-ала қаралған мәселелерінен бөлек, Басқармамен қабылданған кейбір негізгі шешімдер:

- Компанияның ішкі құжаттарының 11-і бекітілді және 13-іне өзгерістер енгізілді;
- «KEGOC» АҚ-ның 2017-2021 жылдарға арналған Корпоративтік коммуникациялар имиджін арттыру және дамыту бағдарламасы бекітілді;
- «KEGOC» АҚ-ның «Басекелестік пен тауарлы нарықты дамыту қауымдастығы» ЗТБ АҚ кіру туралы шешім қабылданды;
- «KEGOC» АҚ-ның 2017-2025 жылдарға арналған инженерлік-техникалық тұрақтылығы мен объектілері қауіпсіздігі жүйелерімен жарықтандыру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді;
- «KEGOC» АҚ өкілінің «ПУЛ РЭМ» мекемесінің Директорлар кеңесі мүшелігіне кандидатурасы мақұлданды;
- «Энергоинформ» АҚ-мен 2016–2018 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының электр қуатының теңгерімдеуші саудасында электр қуатын сату/сатып алу шартын жасау туралы шешім қабылданды;
- Тәуекел жөніндегі комитет қызметі және Кадрлық даму жөніндегі комитет қызметі туралы 2015 жылғы есеп қаралды, Тәуекел жөніндегі комитеттің 2015 жылғы қызметін бағалау нәтижелері, сонымен қатар 2016 жылға арналған Тәуекел жөніндегі комитет жұмысының жоспары бекітілді;
- ҰОС ардагерлері мен оларға теңестірілген, «KEGOC» АҚ есебінде тұрған тұлғаларға материалдық көмек көрсету, сонымен бірге Компания қызметкерлерінің медициналық емделуіне төлем жасау жөнінде шешім қабылданды.

Алдын ала қарау, алқалы шешімдер қабылдау және «KEGOC» АҚ Басқармасына жетекшілік ететін мәселелер бойынша ұсыныстар дайындау мақсатында, Компанияда консультациялық-кеңесші органдар құрылған:

- Инвестициялық комитет,
- Тәуекел жөніндегі комитет,
- Бюджеттік комитет,
- Кадрлық даму жөніндегі комитет,
- Дебиторлармен және кредиторлармен жұмыс жөніндегі комитет,
- Тауарлы-материалдық қорлармен жұмыс жөніндегі комитет.

«KEGOC» АҚ Басқармасы мүшелеріне еңбекақы төлеу және сыйақы беру тәртібі «KEGOC» АҚ Басқармасы туралы ережеде, «KEGOC» АҚ басшы қызметкерлеріне, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне және корпоративтік хатшыға еңбекақы мен сыйақы төлеу

қағидаларында белгіленген. Басқарма төрағасы мен мүшелерінің еңбекақы төлеу жүйесі қызметақы мен бір жылғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақыны қамтиды. Сонымен қатар, «KEGOC» АҚ Басқарма мүшелеріне 2016 жылғы 01 қаңтардан бастап 2016 жылғы 31 желтоқсанға дейін 119,45 млн. теңге мөлшерінде еңбекақының жалпы сомасы есептелінді.

«KEGOC» АҚ басқарушы қызметкерлеріне жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы «KEGOC» АҚ бюджетінде осы мақсаттарға көзделген ақшалай қаражат шегінде, қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін бекіткеннен кейін аудиттелген Қаржылық есептеме негізінде төленеді. Сыйақы төлеудің негізгі шарты есептік кезеңде шоғырландырылған қорытынды пайданың болуы болып табылады. Сыйақы тұрақты сипатта болмайды. Басшы қызметкерлердің қызметін бағалаған кезде мотивациялық ҚНҚ қолданылады, олар «KEGOC» АҚ стратегиялық мақсаттарының «KEGOC» АҚ қызметінің бизнес-процестері/бағыттары бойынша ПӘК Карталары түріндегі нақты көрсеткіштеріне каскадтау жолымен әзірленеді.

Есептік жылдың бекітілген ҚНҚ орындалу қорытындылары бойынша есептік кезеңде іс жүзінде кемінде 5 (бес) ай қызмет атқарған басшы қызметкерлерінің бір жылғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы алуға құқығы бар. Жылдық жұмыс қорытындысы бойынша сыйақының шекті мөлшері басшы қызметкерлердің 3-еселік жылдық еңбекақы сомасынан (лауазымдық жалақы) аспауы тиіс. 2016 жылға ҚНҚ орындау нәтижелері бойынша «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің бекітілген шешімімен «KEGOC» АҚ басшы қызметкерлеріне сыйақылар төлеу жоспарлануда.

Ішкі аудит қызметі

«KEGOC» АҚ ішкі аудит қызметі (ІАҚ) 2006 жылы «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен құрылды. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша ІАҚ бекітілген штаты 8 адамнан тұрады, бос орын жоқ.

ІАҚ миссиясы «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқармасының Компанияның стратегиялық мақсаттарға жету жолындағы міндеттерін орындау кездегі қажетті іс-қимылдарға көмек көрсетуінен тұрады. ІАҚ қызметінің негізгі мақсаты – қауіп-қатерлерді басқару жүйелерін, ішкі бақылауды және корпоративтік басқаруды жетілдіруде жүйелі қадам жасай отырып, Компанияны тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпараттар Директорлар кеңесіне ұсыну.

Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарының талаптарына сәйкес ІАҚ жұмысын сырттай бағалауды кем дегенде бес жылда бір рет ұйым қызметкерлері болып табылмайтын білікті және тәуелсіз бағалаушы немесе бағалаушылар тобы өткізуі тиіс.

2016 жылы «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС консультанттары ІАҚ жұмысына тәуелсіз сырттай бағалау жүргізген, ІАҚ жұмысының ішкі аудиттің 97-ші халықаралық кәсіби стандартына сәйкестігіне бағалау жүргізілді. Жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС кеңес берушілері ІАҚ жұмысы ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандартына «сәйкес келеді» деген қорытынды берді.

2016 жылы ІАҚ жұмысы төмендегі құжаттармен реттелді:

- ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттары;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен ІАҚ туралы ереже;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен «KEGOC» АҚ-да ішкі аудитті ұйымдастыру ережесі;
- Аудит жөніндегі комитет төрағасы бекіткен ІАҚ қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен ІАҚ 2016 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспары.

2016 жылға арналған барлық аудиторлық тапсырмалар ІАҚ миссиясы мен қызметінің негізгі мақсаттарын ескере отырып жоспарланған. Ішкі аудитті жоспарлау кезінде қауіп-қатерге бағытталған тәсілдер қолданылды, яғни жоспарға енгізу үшін басымдық келеңсіз оқиғалардың туындауына анағұрлым бейім бизнес-процестерге берілді. Жоспарда Компания филиалдарын, қаржылық есептемені, ішкі аудитті, сатып алуды, тәуекелдерді басқаруды, ақпараттық технологияларды, жобаларды және т.б. кешенді тексеруді қамтитын тақырыптардан тұратын 19 тапсырманы орындау қаралған. Барлық тапсырмалар орындалды. Сонымен қатар, Қордың аудит жөніндегі комитетінің тапсырмаларын, сондай-ақ Қор топтары компанияларында синергетикалық аудиттер жүргізу қорының ІАҚ бастамаларын іске асыру аясында ІАҚ 2016 жылы төмендегі аудиторлық тапсырмаларға қатысқан болатын:

- - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да «Трансформациялау бағдарламасын (ПМО) іске асыруды шолу нәтижелері бойынша дәреже-есеп»;
- - «Самұқ-Энерго» АҚ-ның қаржыны есепке алу жүйесіндегі бақылауды тестілеу/бағалау және шоғырландырылған қаржылық есеп беруін қалыптастыру».

Сондай-ақ, 2016 жылы Компания органдарының өтініші бойынша «2015 жылға ҚНҚ нақты мәнін және «KEGOC» АҚ-ның басқарушы қызметкерлеріне сыйақы мөлшерлерін есептеуді тексеру» бойынша қосымша аудиторлық тапсырманы орындады.

Сонымен қатар, 2016 жылы ІАҚ «қызу желі» арқылы Комитет мекенжайына түскен аудит жөніндегі төрт өтінішке тексеру жүргізді. Жүргізілген тексеру нәтижесі бойынша Аудит жөніндегі комитет «KEGOC»

АҚ Басқармасына тиісті ұсынымдар берген болатын.

Орындалған аудиторлық тапсырмалардың нәтижесі бойынша 2016 жылы ІАҚ Компанияға 189 ұсыным берген, олардың 172 ұсынымын аудит нысандары қабылдады, 17 ұсыным қабылданбады (яғни аудит нысандарының басшылары олардың орындалмау қаупін өз мойындарына алды). Аудит нысандары ІАҚ-мен бірлесіп, түзету іс-қимылдарының жоспарларын әзірледі. ІАҚ әр тоқсан сайын берілген ұсынымдарды орындау мониторингін іске асырды, соның нәтижесінде 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қабылдаған 172 ұсынымның 45-і енгізілген, 127-сі енгізуге дайындалуда.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

«KEGOC» АҚ-да тәуекелдерді басқару жүйесі (ТБЖ) ойдағыдай енгізілген және қызмет етуде. Ол «KEGOC» АҚ қызметіне ішкі және сыртқы келеңсіз факторлардың ықпал ету дәрежелерін шектеу арқылы қызметтің үздіксіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған. «KEGOC» АҚ ҚБЖ Тредвея комиссиясы – COSO ERM «Ұйымның тәуекелдерін басқару. Шоғырландырылған үлгі» (COSO) Демеушілік ұйымдар комитеті әзірлеген тәуекелдерді басқарудың жалпыға ортақ концептуальдық үлгілері негізінде қалыптасқан.

Компанияда жыл сайын тәуекелдерге сәйкестендіру жүргізіледі, олар бағаланады және тәуекелдерді басқару шаралары жасалады. Тәуекелдерді басқару жүйелерінің негізгі қағидаттары:

- Компания басшылығының тәуекелдерді басқаруға тартылуы;
- тәуекелдерді басқару жүйелерін тұрақты жетілдіру;
- Компания қызметкерлерін тәуекелдерді басқару саласында оқытудың үздіксіздігі және білімдерімен бөлісу;
- есеп беру және тәуекелдерді эскалациялау кезіндегі ашықтық және нақтылық.

Тәуекел-менеджмент Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің, тәуекелдер иелері – құрылымдық бөлімшелердің, тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшелердің қатысуымен іске асырылады. Сондай-ақ, комитет өз қызметін Компанияның тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша «KEGOC» АҚ Басқармасына ұсынымдар дайындау арқылы жүзеге асырады. 2016 жылы Комитет мүшелерінің пайда болған тәуекелдерді талдаған 10 отырысы өткізілді, тәуекелдер бойынша есептері, тәуекелдер тізілімі мен картасы, тәуекел-тәбеті және т.б. қаралды. Негізгі тәуекелдерді басқару үшін оларды басқару, толеранттылық деңгейлері мен негізгі тәуекелдердің көрсеткіштері бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді.

«KEGOC» АҚ өз қызметін мынадай санаттар: стратегиялық тәуекелдер, қаржылық тәуекелдер, операциялық тәуекелдер және құқықтық тәуекелдер бойынша бөлінген бизнеспен байланысты тәуекелдердің кең спектрін ескере отырып, іске асырады.

2016 жылы «KEGOC» АҚ тап болған маңызды тәуекелдер:

- Орталық Азия БЭЖ энергия жүйелерінің электр энергиясының жоспардан тыс ағындары және қуатты реттеу қызметтері үшін ақы төлемеу тәуекелі. Электр энергиясының төлемі және қуаттылықты реттеу қызметтері бойынша «Өзбекэнерго» АҚ шарт міндеттемелерін бұзу аталған тәуекелдердің пайда болуының негізгі факторлары болып табылады. Аталған тәуекелдерді жою мақсатында Компания электр энергиясы мен қуатты реттеу қызметтері үшін уақытылы төлем жасау және қарызды жабу мәселелері жөнінде «Өзбекэнерго» АҚ-пен хат алмасады. Сонымен қатар, қуатты реттеу және жоспардан тыс электр энергиясы қызметтерін көрсету шарттары бойынша «Өзбекэнерго» АҚ қарыздарын жабу бойынша таныстырылым – талап арыз жұмысын жүргізеді.
- Еңбек қауіпсіздігінің тәуекелі. Компания қызметінде персоналдың қауіпсіздік ережелерін бұзу салдарынан өндірісте жазатайым оқиғалардың, кәсіби аурулардың туындау тәуекелдеріне бейім, сондықтан оны азайту мақсатында, «KEGOC» АҚ-да жұмыс орындарын аралау және бақылау, аттестаттау, жедел және жөндеу персоналын техникалық оқыту, апатқа қарсы және өртке қарсы жаттығулар, ауысым алдындағы медициналық куәландыру, нұсқама беру, қауіпсіздік техникасы ережелерінен білімін тексеру, өндірісте жарақаттанудың және жазатайым оқиғалардың алдын алу дәрістері мен семинарлары өткізіледі.
- Көрсетілетін жүйелік қызметтердің көлемін азайту. Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілеріне электр энергиясын тапсыру қызметтерінің көлемін азайту, сондай-ақ Ресей Федерациясынан электр энергиясын тасымалдауды азайту салдарынан пайда болатын тәуекелдер. Аталған тәуекелдерді басқару жоспарланған көрсеткіштерді түзету арқылы жүргізіледі.

Компанияда бірлескен ҚБЖ тиімділігі ұдайы бағаланады, сондықтан бағалау әдістемесі COSO тұжырымдамасының ережелеріне, ең үздік тәжірибе мен тәсілдерге, тәуекелдерді басқару қағидаттарына негізделеді. «KEGOC» АҚ Ішкі аудит қызметі ұдайы негізінде жеке немесе сыртқы сарапшыны тарта отырып,

бірлескен ҚБЖ тиімділігіне тәуелсіз бағалау жүргізеді.

2016 жылы «Достық Эдвайзори» ЖШС консультанттары төмендегі компоненттер бойынша бірлескен ҚБЖ тиімділігіне тәуелсіз бағалау жүргізді:

1. Тәуекелдерді басқару үдерістерін ұйымдастыру;
2. Тәуекелдерді анықтау;
3. Тәуекелдерді бағалау;
4. Тәуекелдерді басқару;
5. Мониторинг.

«KEGOC» АҚ бірлескен ҚБЖ-ның ең үздік әлемдік тәжірибеге сәйкестік деңгейін бағалау нәтижелері бойынша 74,79% құрады.

«KEGOC» АҚ Ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) Компанияның тәуекелдерге қарай тез әрекет етуге, негізгі және көмекші бизнес-процестер мен күн сайынғы операцияларға бақылау жүргізуге, сондай-ақ басшылыққа кез келген маңызды кемшіліктер мен жақсару салалары туралы тез арада хабарлауға қабілетті басқару жүйелерін құруын қарастырады. «KEGOC» АҚ Ішкі бақылау жүйесі» Стандартына сәйкес, ІБЖ-ға кіретін органдардың, олардың ІБЖ тиімділігін әзірлеу, бекіту, қолдану және бағалау процестеріндегі рөлдеріне қарай құзіреттері шектеледі. ІБЖ-ға қатысушылар Директорлар кеңесі, Басқарма, Аудит жөніндегі комитет, Ішкі аудит қызметі, құрылымдық бөлімшелер-бизнес-процесс иелері, тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімше болып табылады.

2016 жылы «Достық Эдвайзори» ЖШС консультанттары ІБЖ тиімділігіне тәуелсіз бағалау жүргізді. «Достық Эдвайзори» ЖШС консультанттары ішкі бақылау жүйесі құрылатын компоненттерді егжей-тегжейлі қарастырды:

1. Бақылау ортасы;
2. Тәуекелдерді бағалау;
3. Бақылау рәсімдері;
4. Ақпарат және оны жеткізу;
5. Мониторинг.

«KEGOC» АҚ ІБЖ-нің ең үздік әлемдік тәжірибеге сәйкестік деңгейін бағалау нәтижелері бойынша 81,62% құрады.

Ақпараттық саясат

2016 жылы «KEGOC» АҚ акционерлерге, инвесторлар мен басқа да стейкхолдерлерге арналған ақпараттарды анық және жедел ашу қағидаттарын сақтай отырып, ақпараттық саясатты жүзеге асыруды жалғастырды. Акционерлердің құқықтарын іске асыру, сондай-ақ тұтынушыларға барынша маңызды ақпараттың аса жеделдігін және қолжетімділігін

қамтамасыз ету мақсатында «KEGOC» АҚ БАҚ-та Компанияның өндірістік-қаржылық қызметі туралы материалдар жариялауды қамтамасыз етті. Сондай-ақ инвестициялық қызметті ақпараттық қолдау және «KEGOC» АҚ-тың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру мақсатында Компания басшылығының брифингтерде, баспасөз-турларда, салалық мамандандырылған көрмелер мен басқа да имидждік іс-шаралардағы сұхбаты мен сөз сөйлеуі ұйымдастырылды.

2016 жылы Компания заңнамаға және бірлесе басқарудың ең үздік әлемдік практикаларына сәйкес ақпараттарды ашу үдерісіне арналған кешенді тәсілді жетілдіру бөліміндегі Ақпараттық саясатты жаңартты және жетілдірді. Ақпаратты ашу кезінде «KEGOC» АҚ заңмен қорғалатын коммерциялық, қызметтік және басқа да құпияны құрайтын, сондай-ақ таралуы шектеулі мәліметтерді қорғау қағидаттарын басшылыққа алады.

«KEGOC» АҚ «инвестициялық беделін» қалыптастыру, сондай-ақ «KEGOC» АҚ пен бағалы қағаздар нарығының сарапшылары арасындағы сындарлы диалогты ұйымдастыру мақсатында 2016 жылғы 15

сәуірде «KEGOC» АҚ басшылығының бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен кездесуі болды, онда «KEGOC» АҚ-тың 2015 жылғы қызметінің нәтижелері талқыланды. Сондай-ақ, 2016 жылғы 4 қазанда «Қазақстан қор биржасы» (KASE) АҚ алаңында «KEGOC» АҚ-ға арналған «Эмитент күні» өтті, онда «KEGOC» АҚ-тың 2016 жылғы бірінші жарты жылдықтағы операциялық және қаржы қызметінің нәтижелері талқыланды.

Стейкхолдерлер арасында «KEGOC» АҚ беделін кешенді бағалау, сондай-ақ ақпараттық тазалықты және ақпаратты ашу процестерінің тиімділігін анықтау үшін 2016 жылы тәуелсіз тарап бедел аудитін өткізді. 2015 жылмен салыстырғанда Компанияны беделін бағалау 0,3%-ға өсті және бағалаудың барлық негізгі параметрлері бойынша өскенін көрсете отырып, 6,7 рейтингтік тармақты құрады. Зерттеу нәтижелері Компания беделінің персонал арасында да, сондай-ақ сыртқы сарапшылар мен Қазақстан Республикасының тұрғындары арасында да артқанын және олардың «KEGOC» АҚ қызметін қолайлы қабылдағанын куәландырады.



2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2016 жылы «KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін сақтауы туралы ақпарат

Кодекс ережесінің №	«KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары	Сақталады/ Сақталмайды/ Ішінара сақталады	Кодекс ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы ақпарат
1-тарау. Үкімет Қордың акционері ретінде			
1	Компанияның негізгі стратегиялық міндеті – бұл Компанияның ұзақ мерзімді құнының өсуі және орнықты дамуы, ол Компанияның даму стратегиясында көрініс табады. Барлық қабылданатын шешімдер мен іс-қимылдар даму стратегиясына сәйкес келуі тиіс. Ұйымдар өз қызметін өзінің негізгі (бейіндік) қызметі шеңберінде жүзеге асырады. Қызметтің жаңа түрлерін жүзеге асыруға осы нарықта бәсекелестерінің болмауы немесе Компанияның қатысуы шағын және орта биз-нестің дамуына ықпал етуі шартымен жол беріледі.	Сақталады	2016 жылы Директорлар кеңесі «KEGOC» АҚ-ны дамытудың 2025 жылға дейінгі ке-зеңге арналған ұзақ мерзімді стратегиясына өзгертулерді бекітті, оның стратегиялық мақсаттары: Қазақстан БЭЖ-нің сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету; Компанияның тұрақты қаржылық жағдайын және акционерлер мен даму қаражатының қозғалысын қамтамасыз ету; орнықты даму болып табылады. Барлық қабылданған шешімдер мен іс-әрекеттер Стратегияға сәйкес, оған инвестициялық, инновациялық, технологиялық, әлеуметтік бағыттағы қызметтер қамтылған. Стратегияны іске асыру мониторингі мақ-сатында, Директорлар кеңесі мен Компания Басқармасы қызметтің негізгі бағыттары, міндеттер, мәселелер, тәуекелдер мен түзету шаралары талқыланатын стратегиялық сессиялар өткізіп тұрады. Компанияның инвестициялық қызметі Стратегияны іске асы-ру шеңберінде жүзеге асады. 2016 жылы Компания өз қызметін «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Респу-бликасының Заңы мен Табиғи монополиялар субъектілерінің өзге де қызметті жүзеге асыруына келісім беру туралы қолдаухаттарды ұсыну және оларды қарау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төраға-сының 2013 жылғы 19 шілдедегі №216-НҚ бұйрығына сәйкес жүзеге асырды.
5	Үкімет Компанияға толық операциялық дербестік береді және заңдарда, Қазақстан Республикасы Прези-дентінің актілері мен тапсырмаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, Үкімет пен мемлекеттік ор-гандар тарапынан жедел (ағымдағы) және инвестициялық қызметіне араласуға жол бермейді. Компания органдары өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдау және кез келген іс-қимылды жүзеге асыру кезінде то-лық дербес және тәуелсіз.	Сақталады	2016 жылы Үкімет және мемлекеттік органдар тарапынан Компанияның жедел қызметі-не тікелей араласу фактілері болмаған. Стратегиялық мәселелер және жедел қызмет мәселелері бойынша барлық шешімдерді Директорлар кеңесі мен Басқарма, мемлекет-тік бағдарламалық және нормативтік құжаттарды ескере отырып, дербес қабылдады.
8	Компанияның инвестициялық қызметі Стратегияға сәйкес нарықтық қағидаттарда жүзеге асырылады және құнның өсуіне, активтердің оңтайлы құрылымына бағытталады. Компанияның тиімділігі төмен және әлеу-меттік маңызы бар жобаларды іске асыру жағдайлары Компанияның жылдық есебінде осындай жобаларды қаржыландыру көздері көрсетіле отырып, ашылуға тиіс.	Сақталады	Директорлар кеңесі бекіткен «KEGOC» АҚ Даму стратегиясы мемлекет экономикасын-дағы Компания миссиясын орындау үшін іске асырылатын инвестициялық жобалар портфелін қамтиды. Компанияның инвестициялық қызметі туралы ақпарат Компания-ның Жылдық есептерінде толық баяндалады.
14	Компания жоғары этикалық стандарттарды ұстануға және осы стандарттарды барлық қызметкерлердің, Компания әріптестерінің тұрақты қолдануын қамтамасыз етуге арналған қажетті рәсімдерді енгізуге тиіс. Болжанатын бұзушылықтар туралы хабарламалар тікелей ІАҚ немесе Директорлар кеңесіне жолдануға тиіс. Атқарушы орган және қауіпсіздік қызметін қоса алғанда, оның барлық құрылымдық бөлімшелері болжана-тын бұзушылықтар туралы хабарламаларды ІАҚ немесе Директорлар кеңесіне беруге кедергі келтірмеуге тиіс.	Ішінара сақталады	Компания (лауазымды тұлғалар мен қызметкерлері) жоғары этикалық стандарттарды ұстанады, Директорлар кеңесі бекіткен Іскерлік этика кодексі сақталады. Директорлар кеңесінің, Басқарманың барлық мүшелері, сондай-ақ Компания қызметкерлері Іскерлік этика кодексінің қағидаттарымен таныстырылған. Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті жанынан «қызу желі» ұйымдастыру арқылы, Компания саясатын бұзылуы туралы мәліметтерді жинау және құпия қарау тетігінің болуын қамтамасыз еткен. Компания сайтында жарияланған деректемелер арқылы стейкхолдерлер ІАҚ арқылы Аудит жөніндегі комитетті заңнаманың ықтимал бұзушылықтары және басқалары туралы хабардар ете алады. Бұл ретте шағымданған-дардың құпиялылығы сақталады. Сонымен қатар, стейкхолдерлер Компанияда Іскерлік этика кодексінің бұзылғаны туралы шағымдана алатын омбудсмен институты құрылған. Директор кеңесі келіп түскен хабарламалар (шағымдар) туралы, қабылданған іс-әрекет-тер және т.б. туралы есептерді алып тұрады. ІҚА арқылы құпия хабардар ету жүйесіне бірыңғай ұстанымды қамтамасыз ету үшін 2017 жылы Компанияда және оның еншілес ұйымдарында құпия хабардар ету және оны жүзеге асырудың бірыңғай саясатын енгізу жоспарланып отыр.

2-тарау. Қор мен ұйымдардың өзара іс-қимылы. Қордың ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі

1	Компаниядағы корпоративтік басқару жүйесі олардың қызметін тиісті басқару мен бақылауды қамтамасыз етеді және ұзақ мерзімді құнды арттыруға және орнықты дамуға бағытталады.	Сақталады	Ірі акционер «KEGOC» АҚ-ның Директорлар кеңесінің төрағасына болжам-хаттарын жібереді, олар Директорлар кеңесінің назарына жіберіледі. Компанияның Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі Компания қызметтерінің бағыттарын айқындайды, Даму стратегиясын және 5 жылға арналған орта мерзімді даму жоспарын, соның ішінде ірі акционердің болжамдарын іске асыру үшін, бекітеді. Мәселен, 2016 жылдың желтоқсан айында Директорлар кеңесі «KEGOC» АҚ-ның 2025 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиясын жаңартты. Стратегия мемлекеттік жоспарлар мен бағдарламаларды еске-ре отырып, сонымен қатар, «Самұқ-Қазына» АҚ Даму стратегиясы мен акционердің болжам хаттарына сәйкес әзірленді. «KEGOC» АҚ Даму стратегиясымен мына стратеги-ялық мақсаттар белгіленген: «Қазақстан БЭЖ-нің сенімді жұмысын қамтамасыз ету», «Компанияның тұрақты қаржылық жағдайын және акционерлер мен даму үшін ақша қаражатының қозғалысын қамтамасыз ету» және «Тұрақты даму». Басқарма Директор-лар кеңесінің алдында мерзімді есеп бере отырып, Стратегияны, Даму жоспарларын және бекітілген стратегиялық ҚНҚ-ге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.
---	--	-----------	--

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2016 жылы «KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін сақтауы туралы ақпарат (жалғасы)

Кодекс ережесінің №	«KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары	Сақталады/ Сақталмайды/ Ішінара сақталады	Кодекс ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы ақпарат
2-тарау. Қор мен ұйымдардың өзара іс-қимылы. Қордың ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі			
2	Компанияның корпоративтік басқару жүйесі Компанияның қызметін басқаруды және бақылауды қамтамасыз ететін процестердің жиынтығын, сондай-ақ атқарушы органның, Директорлар кеңесінің, акционерлердің және мүдделі тараптардың арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесін білдіреді. Органдардың құзыреттері және шешімдер қабылдау тәртібі жарғыда нақты айқындалуға және бекітілуге тиіс.	Сақталады	Компанияда корпоративтік басқару жүйесі: 1. Мәселелерді қарау және шешімдер қабылдау тәртібі сатылық жүйенің сақталуын: Директорлар кеңесіне қарауға шығарылатын барлық мәселелерді Директорлар кеңесінің тиісті мамандырылған Комитеттері мұқият қарайды; 2. Директорлар кеңесінің, Басқарманың, лауазымды тұлғалардың және қызметкерлердің арасындағы өкілеттіліктер мен жауапкершіліктің аражігін нақты ажыратуды: органдардың құзыреттері, өкілеттіліктері және жауапкершілігі Жарғымен, АЖОЖ-ы, Директорлар кеңесі және Басқарма туралы ережелермен анықталған; «Міндеттерді және өкілеттіліктерді бөлу туралы» Басқарма төрағасының бұйрығымен «KEGOC» АҚ Басқарма мүшелерінің жауапкершілік аймақтары айқын шектелген; Компанияның құрылымдық бөлімшелері, соның ішінде филиалдар өз қызметтерін Бөлімшелер туралы ережелер негізінде жүзеге асырады; әрбір лауазымға лауазымдық нұсқаулықтар әзірленген. 3. Директорлар кеңесі және Басқарма шешімдерді уақтылы және сапалы қабылдауды; 4. Заңнамаға және Директорлар кеңесі мен Басқарманың ішкі құжаттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.
4	Қор акционердің функцияларын жүзеге асыру жолымен, сондай-ақ Директорлар кеңесі арқылы компаниялардың жарғыларында және осы Кодексте айқындалған тәртіппен компанияларды басқаруға қатысады. Қор жыл сайын Директорлар кеңесінің төрағасына және компанияның Директорлар кеңесіндегі Қордың өкілдеріне алдағы қаржы жылына акционердің күтетіндерін жолдайды. Компаниялардың Директорлар кеңестері Компанияның жарғысында белгіленген өз құзыреті шеңберінде шешім қабылдауда толық дербестікке ие болады. Қордың жекелеген мәселелер бойынша ұстанымы компанияның Директорлар кеңесіндегі Қордың өкілдері арқылы жеткізіледі.	Сақталады	«Самруқ-Қазына» АҚ-ы, Компанияның ірі акционері бола отырып, ірі акционердің күту хаттарын жіберу арқылы, өз өкілдерінің Директорлар кеңесінде қатысу арқылы Компанияны басқаруға қатысады. Осылайша, 2016 жылы ірі акционер «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасына орта мерзімді кезеңге күту-хатын жіберіп, соның негізінде Даму жоспары әзірленді. Директорлар кеңесінде ірі акционердің үш өкілі бар, төрт тәуелсіз директордың болуы салмақты дербес шешімдердің қабылдануын қамтамасыз етеді.
6	Таза кірісті акционер ретінде Қордың пайдасына бөлу формальдандырылған және ашық дивидендтік саясаттың негізінде дивидендтер нысанында жүзеге асырылады.	Сақталады	Компанияда Дивидендтік саясат туралы ереже – дивидендтерді анықтау және төлеудің барынша ашық рәсімдері формальдандырылған құжат бекітілген. Акционерлерге дивидендтерден басқа қайта бөлулер қарастырылмаған. Осылайша, 2016 жылы 1-тоқсанның қорытындысы бойынша «KEGOC» АҚ таза табыстан 40% дивидендтер, соның ішінде ірі акционерге де төледі.
7	Компанияны басқаруды Компанияның органдары Жарғыда белгіленген құзыреттерге және тәртіпке сәйкес жүзеге асырады.	Сақталады	Компания органдары болып табылатындар: Жоғары орган – Акционерлердің жалпы жиыналысы, Басқару органы – Директорлар кеңесі, алқалы атқарушы орган – Басқарма. Әрбір органның және Директорлар кеңесі мен Басқарма төрағаларының құзыреті «KEGOC» АҚ Жарғысымен, сондай-ақ тиісті ережелермен белгіленген. Компания органдарының функциялары қайталанбайды.
8	Компания және оның лауазымды тұлғалары Компанияның ұзақ мерзімді құнын арттыру және олардың орнықты дамуы, тиісінше қабылданатын шешімдер және әрекет/әрекетсіздік үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және ішкі құжаттарда белгіленген тәртіппен жауаптылықта болады. Компанияның, атқарушы орган қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі элементі ҚНҚ жүйесі болып табылады. Қор Директорлар кеңесіндегі өзінің өкілдері арқылы Компанияға ҚНҚ бойынша өз күтулерін жолдайды. Компанияның ҚНҚ тізбесі мен нысаналы мәндерін Компанияның Директорлар кеңесі бекітеді. ҚНҚ-ге қол жеткізу мақсатында Компания тиісті даму жоспарларын әзірлейді. Компанияның ҚНҚ-ге қол жеткізуін бағалау бекітілген даму жоспарымен салыстыру арқылы жыл сайынғы негізде жүзеге асырылады. Осы бағалау атқарушы органдар басшысының және мүшелерінің сыйақысына әсер етеді, оларды қайта сайлау кезінде назарға алынады, сондай-ақ оларды атқаратын лауазымынан мерзімнен бұрын шеттету үшін негіз болып табылады.	Сақталады	Компанияның Даму стратегиясымен стратегиялық мақсаттар, соның ішінде: «Қазақстан БЭЖ-нің сенімді жұмысын қамтамасыз ету», «Компанияның тұрақты қаржылық жағдайын және акционерлер мен даму үшін ақша қаражатының қозғалысын қамтамасыз ету» және «Тұрақты даму», сонымен қатар оларға қол жеткізу көрсеткіштері белгіленген. Стратегияны жүзеге асыру мақсатында Стратегияның тиімді іске асырылуын қамтамасыз ететін орта мерзімді даму жоспары әзірленді. «KEGOC» АҚ-ның Басқарма мүшелерінің қызметін бағалау мотивациялық ҚНҚ пайдалану арқылы жүзеге асырылады, оларды орындау жауапкершілігі Директорлар кеңесінің шешімімен нақты лауазымдық ұстанымы бар басшы қызметкерге бекітіледі, Компанияның қаржы-шаруашылық қызметін және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу деңгейін сипаттайтын мақсатты көрсеткешітерге қол жеткізуге ықпал етеді. Көрсеткіштер мәні Басқарма мүшелерінің сыйақысына әсер етеді, оларды қайта сайлау кезінде назарға алынады, сондай-ақ оларды атқаратын лауазымынан мерзімнен бұрын шеттету үшін негіз болып табылады.
9	Холдингтік компанияның Директорлар кеңесі өзінің тобына кіретін барлық заңды тұлғалардағы басқару тиімділігін, ұзақ мерзімді құнның өсімін және орнықты дамуын қамтамасыз етуге тиіс. Операциялық тиімділікті арттыру, есептіліктің сапасын жақсарту, корпоративтік мәдениет пен этиканың жақсартылған стандарттары, жан-жақты ашықтық және айқындық, тәуекелдердің азаюы, ішкі бақылаудың тиісті жүйесі холдингтік компанияның тобындағы тиімді басқару нәтижелеріне айналуға тиіс.	Сақталады	Жарғыға сәйкес «KEGOC» АҚ-ның Директорлар кеңесі қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды, активтерді басқару мәселелерін реттейтін құжаттарды бекітеді, еншілес ұйымдарда лауазымды тұлғаларды тағайындауға қатысты саясат әзірлейді. Компанияда «KEGOC» АҚ-ның өкілдерінің еншілес және тәуелді ұйымдарда қызметін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара іс-қимыл регламенті бекітілген. ЕҰ-дың Жарғыларымен ЕҰ-дың органдарының өкілеттіктері мен құзыреті шектелген. «KEGOC» АҚ-ы ЕҰ-ның жалғыз акционері/құрылтайшысы бола тұра, барлық Топ үшін қызметтің негізгі салаларында бірыңғай саясаттарды анықтайды. «KEGOC» АҚ-ның ЕҰ-ы дербес ұйым бола тұра, толықтырулар/нақтылау (жоспарлау, тәуекелдерді басқару және т.б. салаларда) мақсатында өздерінің ІНҚ әзірлеулері мүмкін.

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2016 жылы «KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін сақтауы туралы ақпарат (жалғасы)

Кодекс ережесінің №	«KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары	Сақталады/ Сақталмайды/ Ішінара сақталады	Кодекс ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы ақпарат
3-тарау. Орнықты даму			
1	Компания өзінің экономикаға, экологияға және қоғамға әсерінің маңызын сезінеді және ұзақ мерзімді құнды арттыруға ұмтыла отырып, мүдделі тараптардың теңгерімін сақтай отырып, ұзақ мерзімді кезеңде өзінің орнықты дамуын қамтамасыз етуге тиіс. Мүдделі тараптармен жауапты, ойластырылған және ұтымды өзара іс-қимылын жасау тәсілі Компанияның орнықты дамуына ықпал ететін болады.	Сақталады	Компанияның Даму стратегиясымен стратегиялық мақсаттар, соның ішінде: «Қазақстан БЭЖ-нің сенімді жұмысын қамтамасыз ету», «Компанияның тұрақты қаржылық жағдайын және акционерлер мен даму үшін ақша қаражатының қозғалысын қамтамасыз ету» және «Тұрақты даму», Компанияның ұзақ мерзімді құнының өсуі, қоршаған ортаны қорғау, еңбек қауіпсіздігі, персоналды басқару бойынша мәселелер қамтылған, сондай-ақ осы бағыттардағы ҚНҚ-і анықталған. Стратегияны іске асыру бойынша кешенді жоспар осы мақсаттар мен мәндерге, жоспарланған ҚНҚ-ге қол жеткізуге бағытталған іс-шараларды қамтиды. Компанияда осы үш бағыт бойынша тәуекелдерге жол бермеу үшін ескерту және жедел іс-шаралар қамтылған 2016 жылға Тізілім және Тәуекелдер картасы бекітілген. Директорлар кеңесі Орнықты даму саласындағы басқару жүйесі бойынша нұсқаулықты бекітті, оған сәйкес орнықты даму саласындағы «KEGOC» АҚ-ның және оның ЕҰ-ның қызметінің жалпы принциптерін белгілейді, қайта қарайды және бекітеді, Орнықты даму саласында тиісті жүйенің қалыптасуын және оның енуін қамтамасыз етеді.
2	Компания бұл ретте өзінің орнықты дамуын қамтамасыз ете отырып, ұзақ мерзімді құнды арттыруға тырысуға тиіс және мүдделі тараптардың мүдделер теңгерімін сақтауға тиіс. Орнықты даму саласындағы қызмет халықаралық озық стандарттарға сәйкес келуге тиіс.	Сақталады	«KEGOC» АҚ-ның Басқармасы «KEGOC» АҚ-ның Директорлар кеңесі белгілеген орнықты даму саласындағы мақсаттарды, міндеттерді іске асыруды, көрсеткіштерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Барлық деңгейдегі барлық қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар Орнықты дамуға өз үлестерін қосады. «KEGOC» АҚ-ның Басқармасы орнықты даму және БМЖ мәселелері бойынша Үйлестіру кеңесінің қызметі шеңберінде үш: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік құрауыштар бойынша ішкі және сыртқы ахуалды мұқият, терең және ойластырылған талдауды қамтамасыз етеді, осының негізінде «KEGOC» АҚ-ның Директорлар кеңесі белгілеген мақсаттарды, міндеттерді іске асыру, көрсеткіштерге қол жеткізу үшін тиісті жоспарларды, бағдарламаларды қалыптастыруды қамтамасыз етеді.
3	Компания ұзақ мерзімді кезеңде, оның ішінде акционерлер мен инвесторлар үшін ұзақ мерзімді құнның артуын да қамтитын орнықты даму үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарын келісуді қамтамасыз етуге тиіс. Компаниядағы орнықты даму үш: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік құрауыштардан тұрады. Компания осы үш аспект бойынша өз қызметіне және тәуекелдерге талдау жүргізуі, сондай-ақ өз қызметі нәтижелерінің мүдделі тараптарға теріс әсерін болдырмауға немесе оны азайтуға ұмтылуы тиіс.	Сақталады	Осы Нұсқаулықты Компанияның ЕҰ-ы қолданады. Осы құжаттың ережелері тоқсан сайын (арнайы жасалған әдістемелік құрал түрінде) танысу/ескерту үшін Директорлар кеңесінің мүшелеріне және Компанияның барлық қызметкерлеріне жіберіледі.
4	Ашықтық, есеп берушілік, айқындық, этикалық мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу, жеке басының үлгісі орнықты даму саласындағы қағидаттар болып табылады.	Сақталады	
5	Компанияда орнықты даму саласындағы басқару жүйесі құрылуға тиіс, ол мынадай элементтерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді: 1. Директорлар кеңесінің, атқарушы органның және қызметкерлердің деңгейінде орнықты даму қағидаттарына бейімділік; 2. үш құрауыш (экономика, экология, әлеуметтік мәселелер) бойынша ішкі және сыртқы ахуалды талдау; 3. әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салаларда орнықты даму саласындағы тәуекелдерді айқындау; 4. мүдделі тараптардың картасын жасау; 5. орнықты даму саласындағы мақсаттарды және ҚНҚ-ді айқындау, іс-шаралар жоспарын әзірлеу және жауапты тұлғаларды айқындау; 6. тәуекелдерді басқаруды, жоспарлауды, адами ресурстарды басқаруды, инвестицияларды, есептілікті, операциялық қызметті және басқаларды қоса алғанда, негізгі процестерге, сондай-ақ даму стратегиясына және шешімдер қабылдау процестеріне орнықты дамуды интеграциялау; 7. орнықты даму саласындағы лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру; 8. орнықты даму саласындағы іс-шаралардың жүйелі мониторингін және бағалануы, мақсаттар мен ҚНҚ-ге қол жеткізуді бағалау, түзету шараларын қабылдау, тұрақты жақсарту мәдениетін енгізу. Компанияның Директорлар кеңесі мен атқарушы органы орнықты даму және оны енгізу саласында лайықты жүйе қалыптастыруды қамтамасыз етуге тиіс. Барлық қызметкерлер мен барлық деңгейлердегі лауазымды тұлғалар орнықты дамуға үлес қосады. Холдингтік компаниялар бүкіл топ бойынша орнықты даму қағидаттарының енгізілуі үшін жауап береді.	Сақталады	

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2016 жылы «KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін сақтауы туралы ақпарат (жалғасы)

Кодекс ережесінің №	«KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары	Сақталады/ Сақталмайды/ Ішінара сақталады	Кодекс ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы ақпарат
3-тарау. Орнықты даму			
6	Компания қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етуді ескере отырып, өз қызметінің мүдделі тараптар үшін айқындығы мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында орнықты даму саласындағы есептілікті жыл сайын жариялайды. Орнықты даму саласындағы есептілік Директорлар кеңесімен бекітіледі.	Сақталады	«KEGOC» АҚ-ы 2009 жылдан бастап мүдделі тараптар үшін орнықты даму саласындағы өз қызметінің айқындығын қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын орнықты даму саласындағы есептілікті (әрі қарай – Есептілік) әзірлейді және жариялайды. Есептілікті әзірлеуде қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қорғау қамтамасыз етіледі. Есептілік «KEGOC» АҚ-ның орнықты дамуы жөнінде шоғырланған ақпаратты білдіреді. «KEGOC» АҚ-ы орнықты даму жөніндегі есептілікті дайындау кезінде жалпы қабылданған халықаралық стандарттарды басшылыққа алады: Интеграцияланған есептіліктің халықаралық стандарты (IIRC), Орнықты даму саласындағы есептілік жөніндегі стандарт Global Reporting Initiative (GRI); AA1000 сериялы стандарттар. 2011 жылдан бастап Есептіліктің стандарттарға сәйкестігін тәуелсіз аудиторлар растайды. Есептілікті Директорлар кеңесі бекітеді және мүдделі тараптарға корпоративтік интернет-ресурста орналастыру арқылы және қағаз және электрондық жеткізгіштер беру арқылы жеткізіледі. 2015 жылғы Орнықты даму жөніндегі «KEGOC» АҚ-ның есептілігі «KEGOC» АҚ-ның Директорлар кеңесімен бекітілген.
7	Компания әріптестердің тұрақты даму қағидаттарын қолдануын көтермелеуге және ықпал етуге ұмтылуы тиіс.	Сақталады	2016 жылы тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізушілермен үлгілік шарттарға экология, еңбек қауіпсіздігі, денсаулықты қорғау, еңбек қатынастары салаларындағы заңнаманы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау талаптары енгізілді. Сонымен қатар, «KEGOC» АҚ-ның нысандарының аумақтарына кіру және жұмыстар кезінде Компанияның еңбек қауіпсіздігі, денсаулықты қорғау, өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ішкі ережелерін сақтау талаптары енгізілді.

4-тарау. Акционерлердің құқықтары және акционерлерге әділ қарым-қатынас			
1	Акционерлердің құқықтарын сақтау Компанияға инвестициялар тарту үшін негізгі шарт болып табылады. Компания акционерлердің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етуге тиіс. Ұйымда бірнеше акционер болған кезде олардың әрқайсысына әділ қарым-қатынас қамтамасыз етілуге тиіс.	Сақталады	Компанияда корпоративтік басқару барлық акционерлерге тең құқықтар мен әділ қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін құрылған. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, акционерлер АЖЖ-на қатысуға және жеке өзі немесе сенімхат бойынша өзінің өкілі арқылы дауыс беруге құқылы. Сондай-ақ, акционерлер: АЖЖ-ның шешімімен белгіленген мөлшерде және мерзімде дивидендтер алуға; Компанияның тіркеушісінен немесе атаулы ұстаушысынан оның бағалы қағаздарына меншік құқығын растайтын үзінді көшірме алуға; Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін айқындауға, оның мүшелерін сайлауға және олардың өкілеттіліктерін тоқтатуға, сондай-ақ сыйақы мөлшері мен оны төлеу шарттарын айқындауға қатысуға; белгіленген тәртіппен АЖЖ-ның күн тәртібіне ұсыныстар енгізуге, сондай-ақ акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге; Компанияның Акционерлердің жалпы жиналысына Компанияның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға; Компания органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулауға; Компанияға оның қызметі туралы жазбаша сауалмен өтініш білдіруге және 30 (отыз) күн ішінде дәлелді жауап алуға; Компанияны таратқан кезде мүлктің бөлігіне; жеке өзі немесе басқа акционерлермен бірлесе Компанияның бес және одан да көп пайыз дауыс беруші акцияларын иеленген жағдайда «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 63-ші және 74-ші баптарында көзделген жағдайда лауазымды тұлғалардың Компанияға келтірілген залалдарды өтеп беру және лауазымды тұлғалардың Компанияға және (немесе) олардың үлестес тұлғаларына ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуына мүддесі бар мәлеметтерді жасау (жасауға берілген ұсыныстар) туралы шешім қабылдау нәтижесінде олар алған пайданы (табысты) қайтарып беру туралы талап қоя отырып, өз атынан сот органдарына жүгінуге; заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда Заңмен белгіленген тәртіпте Компанияның акцияларын және оның акцияларына айырбасталған басқа да бағалы қағаздарды артықшылықты сатып алуға; өзінің талабы бойынша заңнамада көзделген құжаттардың көшірмелерін алуға; акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге; Компанияның Директорлар кеңесіне АЖЖ-ның күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға; Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге; аудиторлық ұйымның Компанияға аудитті өз есебінен жүргізуін талап етуге құқылы.
2	Акционерлердің құқықтары, міндеттері мен құзыреті қолданыстағы заңнамаға, құрылтай құжаттарға сәйкес айқындалады және оларда бекітіледі. Акционерлердің құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасында, ұйымның жарғысында және ақпаратты ашу саласындағы ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен шешім қабылдау үшін жеткілікті ақпаратты уақтылы алуды; акционерлердің жалпы жиналысына қатысуды және өз құзыретінің мәселелері бойынша дауыс беруді; Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін айқындауға, оның мүшелерін сайлауға және олардың өкілеттіліктерін тоқтатуға, сондай-ақ сыйақы мөлшері мен оны төлеу шарттарын айқындауға қатысуды; айқын және ашық дивидендтік саясат негізінде акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен айқындалатын мөлшерде және мерзімде дивидендтер алуды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.	Сақталады	
3	Ұйымда миноритарлық акционерлерді қоса алғанда, бірнеше акционер болған жағдайда, корпоративтік басқару жүйесі барлық акционерлерге әділ қарым-қатынасты қамтамасыз етуге және олардың құқықтарын іске асыруға тиіс, ол ұйымның жарғысында бекітілуі тиіс.	Сақталады	2016 жылы акционерлердің құқықтарын сақтамау жөнінде шағымдар мен өтініштер түскен жоқ.

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2016 жылы «KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін сақтауы туралы ақпарат (жалғасы)

Кодекс ережесінің №	«KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары	Сақталады/ Сақталмайды/ Ішінара сақталады	Кодекс ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы ақпарат
5-тарау. Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі			
1	Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысына есеп беретін, ұйымға стратегиялық басшылықты және атқарушы органның қызметін бақылауды қамтамасыз ететін басқару органы болып табылады. Директорлар кеңесі осы Кодекстің барлық ережелерінің енгізілуін қамтамасыз етеді. Атқарушы орган Директорлар кеңесіне есеп береді, ұйымның күнделікті қызметіне басшылықты жүзеге асырады және оның стратегияға, даму жоспарына және акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерге сәйкестігін қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесі мен атқарушы орган ынтымақтастық рухында өзара іс-қимыл жасауға, ұйымның мүдделерінде әрекет етуге және орнықты даму қағидаттарының және барлық акционерлерге әділ қарым-қатынас негізінде шешім қабылдауға тиіс. Директорлар кеңесі мен атқарушы орган Компанияның ұзақ мерзімді құнын арттыруды және орнықты дамуын қамтамасыз етуге тиіс.	Ішінара сақталады	Жарғы және Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес, Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысына есеп беретін, ұйымға стратегиялық басшылықты қамтамасыз ететін басқару органы болып табылады. Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді, ұйымның күнделікті қызметіне басшылықты жүзеге асырады және оның стратегияға, даму жоспарына және акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерге сәйкестігін қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесі мен атқарушы орган ынтымақтастық рухында өзара іс-қимыл жасайды, ұйымның мүдделерінде әрекет етеді және орнықты даму қағидаттарының және барлық акционерлерге әділ қарым-қатынас негізінде шешім қабылдайды. Жоғары қараңыз. 2016 жылы Компанияда Директорлар кеңесінің мүшелерін іріктеу ережелері қалыптастырылмаған. Көрсетілген құжаттың жобасы әзірленген, Директорлар кеңесімен мақұлданған және 2017 жылдың 2-тоқсанында АЖҰК-ның қаралуына шығарылуы күтілуде.
2	Директорлар кеңесіне ұйымды басқару және атқарушы орган қызметін бақылау үшін жеткілікті өкілеттіктер берілуге тиіс. Директорлар кеңесі өз функцияларын жарғыға сәйкес орындайды және мынадай мәселелерге: 1. даму стратегиясын айқындауға (бағыттар мен нәтижелер); 2. даму жоспары қызметінің негізгі көрсеткіштерін қоюға және оны мониторингтеуге; 3. тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыруға және оны қадағалауға; 4. Директорлар кеңесі құзыретінің шеңберінде ірі инвестициялық жобаларды және басқа да негізгі стратегиялық жобаларды бекітуге және олардың тиімді іске асырылуын мониторингтеуге; 5. атқарушы орган басшысы мен мүшелерін сайлауға, оларға сыйақы беруге, олардың сабақтастығын жоспарлауға және қызметін қадағалауға; 6. корпоративтік басқаруға және этикаға; 7. ұйымда осы Кодекс ережелерінің және Қордың іскерлік этика саласындағы корпоративтік стандарттарының (Іскерлік этика кодексінің) сақталуына ерекше назар аударады.	Ішінара сақталады	«KEGOC» АҚ-ның Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады: 1. қызметтің басым бағыттарын анықтау, сондай-ақ даму стратегиясын бекіту және оның іске асырылуын мониторингтеу; 2. Даму жоспарын, сонымен қатар өзгерістер мен толықтыруларын бекіту; 3. Даму жоспарының негізгі қызмет көрсеткіштерінің орындалуын мониторингтеу, Даму жоспарының тоқсан сайынғы есептерін қарау; 4. Даму жоспарының негізгі қызмет көрсеткіштерінің орындалуын мониторингтеу, Даму жоспарының тоқсан сайынғы есептерін қарау; 12. Басқарманың сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, Басқарма төрағасын және Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату; 13. еңбек ақы төлеу және сыйақы беру ережелерін, лауазымдық айлық ақы схемаларын бекіту, сонымен қатар Басқарма төрағасының, Басқарма мүшелерінің лауазымдық айлық ақылары мөлшерін анықтау; 27. тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін сақтау мен бағалауды қамтамасыз ету және тәуекелдерді басқару жүйесін реттейтін құжаттарды, бірақ сонымен шектелмей Тәуекелдерді басқару саясатын, Тәуекелдер бойынша лимиттерді белгілеу ережелерін бекіту; 28. тәуекелдер жөніндегі тоқсан сайынғы есептерді бекіту; 29. тәуекелдер тізілімі мен картасын бекіту; 30. тәуекелдер тәбетін, әрі негізгі тәуекелдеріне қатысты толеранттық деңгейлерін бекіту; 62. корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауды жүзеге асыру; 65. Іскерлік этика кодексін бекіту. 2016 жылы, Компанияның жаңа Кодексіне сәйкес Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізілді, бұл ретте Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің функционалдық міндеттерін орындауда және өз қызметінде мынадай қағидаттарды ұстануы қажет: өз өкілеттіктері шегінде әрекет ету; Директорлар кеңесінің оның комитеттерінің отырысына қатысу және оларға дайындалу үшін жеткілікті уақыт бөлу; ұзақ мерзімді құнның және Орнықты дамудың өсуіне ықпал ету; іскерлік этиканың жоғары стандарттарын қолдау; мүдделер қақтығысына жол бермеу. Директорлар кеңесінің құзыреті келесі функциялармен толықтырылды: ірі инвестициялық жобаларды және басқа да негізгі стратегиялық жобаларды бекіту және олардың тиімді іске асырылуын мониторингтеу; Басқарма мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау; Компанияда Кодекс ережелерінің және іскерлік этика саласындағы корпоративтік стандарттарының (Іскерлік этика кодексінің) сақталуын бақылау; Директорлар кеңесіне жаңадан сайланған мүшелер үшін лауазымға кіріспе бағдарламасын және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі үшін кәсіби даму бағдарламасын бекіту. Орнықты дамудың экология және еңбек қауіпсіздігі мәселелерін мұқият алдын ала қарау мақсатында, 2016 жылы Директорлар кеңесі Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитетті құрды. Директорлар кеңесі Корпоративтік басқару кодексіне сәйкестігі мен заңнамада және сыртқы ортадағы өзгерістерді ескере отырып, Іскерлік этика кодексін қайта қарауды жоспарлап отыр.

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2016 жылы «KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін сақтауы туралы ақпарат (жалғасы)

Кодекс ережесінің №	«KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары	Сақталады/ Сақталмайды/ Ішінара сақталады	Кодекс ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы ақпарат
5-тарау. Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі			
3	Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің міндеттерін тиісінше орындауға және ұйымның ұзақ мерзімді құнын арттыруды және орнықты дамуды қамтамасыз етуге тиіс. Ұйымның Директорлар кеңесі акционерлерге есеп береді. Бұл есептілік акционерлердің жалпы жиналысы тетігі арқылы іске асырылады.	Сақталады	Директорлар кеңес туралы ережеге сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзыретінің шеңберінде қабылданған шешімдер Директорлар кеңесі үшін міндетті болып табылады. Директорлар кеңесі жыл сайын өзінің қызметі жөнінде өткен жылдың қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп беру, сондай-ақ өткен жылдың Компанияның Жылдық есептілігін беру арқылы акционерлердің жалпы жиналысына есеп береді. Директорлар кеңесінің атқарылған жұмыс туралы акционерлердің жалпы жиналысына бекітуге ұсынған жылдық есебінде шектелмейтін мынадай ақпарат көрсетіледі: 1. Директорлар кеңесінің құрамы, тәуелсіз директорлардың, Басқарма Төрағасы мен комитеттер мүшелерін іріктеу өлшемдері; 2. әрбір директор туралы ақпарат; 3. Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарының саны, сондай-ақ әрбір директорлардың отырысқа қатысуы; 4. комитеттердің міндеттерді атқару жөніндегі жұмысы туралы есеп; 5. Директорлар кеңесінің жұмысы туралы ақпаратты қарау; 6. Компанияның ұстанымы мен оны дамыту келешегін бағалау; 7. Директорлар кеңесінің қызметіне бағалау жүргізу үрдісі; 8. Директорлар кеңесінің Компанияға қатысты акционерлердің жалпы жиналысының пікірлерін ескеру жөнінде қабылданған шаралар.
4	Директорлар кеңесінде және оның комитеттерінде ұйымның мүдделеріне және барлық акционерлерге әділ қарым-қатынас және орнықты даму қағидаттары ескеріле отырып, тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдердің қабылдануын қамтамасыз ететін дағдылардың, тәжірибе мен білім теңгерімі сақталуы тиіс.	Сақталады	Директорлар кеңесінің саны сегіз мүшеден қалыптастырылды, оның төртеуі – тәуелсіз директорлар: А. Спицын, Л. Сутера, Д.Фаш, Я. Биалек. Тәуелсіз директорлар қаржы, бухгалтерлік есеп, аудит, инженерия, стратегиялық басқару, энергетика салаларының мамандары. Сонымен қатар, 2016 жылы екі директор сайланды: С.Тиесов, Ж. Егимбаева – құқық, инженерия, энергетика саласында терең білімге ие, өндірістік салада тәжірибесі бар ірі акционердің өкілдері. ТД саны 50% құрайды және гендерлік құрамы бойынша әртүрлілігі қамтамасыз етілген. Директорлар кеңесінің Төрағасы мінсіз беделге ие, басқаруда, салада дағдысы мен тәжірибесі бар, Директорлар кеңесін тиімді басқарушы (Директорлар кеңесінің қызметін бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесінің мүшелерінің пікірі бойынша) К.Бектемиров болып табылады.
5	Директорлар кеңесінің құрамында тәжірибесі, жеке басының сипаттамалары және гендерлік құрамы бойынша әртүрлілікті қамтамасыз ету қажет. Директорлар кеңесінің құрамына қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігін және барлық акционерлерге әділ қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін жеткілікті санда тәуелсіз директорлар кіруге тиіс. Компанияның Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесінің мүшелері жалпы санының елу пайызына дейінгі шаманы құрайды.	Сақталады	

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2016 жылы «KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін сақтауы туралы ақпарат (жалғасы)

Кодекс ережесінің №	«KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары	Сақталады/ Сақталмайды/ Ішінара сақталады	Кодекс ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы ақпарат
5-тарау. Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі			
6	Акционерлердің жалпы жиналысы үміткерлердің құзыретін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін ескере отырып, айқын және ашық рәсімдердің негізінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлайды. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде олардың ұйымның Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады. Бірнеше акционерлері бар ұйымдарда Директорлар кеңесінің мүшелерін және Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау процесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және ұйымның жарғысында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады. Көрсетілген ұйымдарда Директорлар кеңесінің құрамын, қажетті дағдылар мен құзыреттерді және Директорлар кеңесінің құрамына үміткерлерді анықтау ұйым Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы комитетін тарту ұсынылады. Ұйымның Директорлар кеңесінің құрамында Үкімет мүшелерінің, мемлекеттік органдар лауазымды тұлғаларының қатысуына жол берілмейді. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттілік мерзімі бүкіл Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзіміне сәйкес келеді және акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау бойынша шешім қабылдаған сәтте аяқталады. Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады, кейіннен қызметінің қанағаттанарлық нәтижелері жағдайында тағы да үш жыл мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан астам мерзімге (мысалы, үш жылдық екі мерзім) сайланудың кез келген мерзімі Директорлар кеңесінің құрамын сапалық жағынан жаңарту қажеттілігі ескеріле отырып, ерекше қаралуға тиіс. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан астам сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, тәуелсіз директорды Директорлар кеңесіне сайлау Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлаудың қажеттілігін және осы фактордың шешімдер қабылдау тәуелсіздігіне әсері егжей-тегжейлі түсіндірумен жыл сайын жүргізілуге тиіс. Өзінің тағайындалуымен, сайлануымен және қайта сайлануымен байланысты шешімдер қабылдауға бір де бір тұлға қатыспауға тиіс.	Сақталады	АЖЖ жөніндегі ережелерге сәйкес АЖЖ-ы Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлайды; «KEGOC» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшелеріне қойылатын біліктілік өлшемдерін және үміткерлердің дағдыларының, жетістіктерінің, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесінің негізінде тәуелсіздік өлшемдерін бекітеді. Директорлар кеңесінің мүшесі болып тек жеке тұлға бола алады. Директор кеңесінің құрамына үміткерлер тізімін қалыптастыру алдында Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы комитеті үміткерлер жөнінде ақпараттарды қарайды. Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысына Директорлар кеңесінің құрамына ұсынылған үміткердің өмірбаяны, үміткерге қатысты Комитеттің бағасы мен ұсыныстарын сипаттап жібереді. Директорлар кеңесі жөніндегі ережеге сәйкес, мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады, кейіннен қызметінің қанағаттанарлық нәтижелері жағдайында тағы да үш жыл мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан астам мерзімге (мысалы, үш жылдық екі мерзім) сайланудың кез келген мерзімі Директорлар кеңесінің құрамын сапалық жағынан жаңарту қажеттілігі ескеріле отырып, ерекше қаралуға тиіс. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан астам сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттілік мерзімі бүкіл Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзіміне сәйкес келеді. Өзінің тағайындалуымен, сайлануымен және қайта сайлануымен байланысты шешімдер қабылдауға бір де бір тұлға қатыспауға тиіс. Осылайша, 2016 жылы АЖЖ-ы «KEGOC» АҚ-ның Директорлар кеңесінің ұсынысы бойынша, Тағайындау және сыйақы комитеті үміткерлерді алдын ала зерттеп және Директорлар кеңесі үміткерлерді алдын ала мақұлдаудан кейін Директорлар кеңесінің құрамына екі директор енгізді. Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімі және Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттілік мерзімі сәйкес келеді, үш жылды құрайды және 2018 жылғы сәуір айында аяқталады. «KEGOC» АҚ-ның Директорлар кеңесінің құрамында Үкімет және мемлекеттік органдар өкілдері жоқ.
7	Директорлар кеңесі Директорлар кеңесіне жаңадан сайланған мүшелер үшін лауазымға кіріспе бағдарламасын және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі үшін кәсіби даму бағдарламасын бекітеді. Корпоративтік хатшы осы бағдарламаның іске асырылуын қамтамасыз етеді.	Сақталады	«KEGOC» АҚ-да Директорлар кеңесіне жаңадан сайланған мүшелер үшін Лауазымға кіріспе бағдарламасы әрекет етеді. Сонымен қатар, осы бағдарламаның іске асуын мониторингтеу тетігін енгізу мақсатында, 2016 жылы осы рәсімді нысандандыру бөлігінде өзектендірілді. «KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік хатшысы 2016 жылы сайланған Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерінің Лауазымға кіріспе бағдарламасын өтуін қамтамасыз етеді. «KEGOC» АҚ-да «KEGOC» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшесінің кәсіби даму саясаты әрекет етеді және «KEGOC» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшесі тарапынан сыртқы сарапшыларды тарту, оларға сәйкес және Директорлар кеңесінің қызметін бағалау нәтижелері бойынша келер жылға дамыту (оқыту) жоспарлары әзірленеді. Осылайша, 2016 жылы Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі үшін кәсіби даму бағдарламасын бекітілді.

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2016 жылы «KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін сақтауы туралы ақпарат (жалғасы)

Кодекс ережесінің №	«KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары	Сақталады/ Сақталмайды/ Ішінара сақталады	Кодекс ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы ақпарат
5-тарау. Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі			
8	Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесіне жалпы басшылық ету үшін жауап береді, Директорлар кеңесінің негізгі функцияларының толық және тиімді іске асырылуын, Директорлар кеңесі мүшелерінің, ірі акционерлер мен атқарушы органның арасында сындарлы диалогтың құрылуын қамтамасыз етеді.	Сақталады	Директорлар кеңесі жөніндегі ережеге сәйкес, Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесіне жалпы басшылық ету үшін жауап береді, Директорлар кеңесінің негізгі функцияларының толық және тиімді іске асырылуын, Директорлар кеңесі мүшелерінің, акционерлер мен атқарушы органның арасында сындарлы диалогтың құрылуын қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің төрағасы: - Директорлар кеңесінің басшылығы үшін жауапкершілікке ие болады, оның барлық жауапкершілік аясының барлық қырлары бойынша тиімді қызметін, акционерлермен тиімді байланысты қамтамасыз етеді; - акционерлермен тиісті диалогты қамтамасыз ету үшін жауапкершілікке ие болады; - Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің қызметіне тиімді үлес қо-суын және Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері арасындағы сындарлы қа-рым-қатынастарды қамтамасыз етеді; - акционерлермен өзара тиімді қарым-қатынастарды, сондай-ақ тұтастай алғанда, Компания акционерлерінің көзқарасын Директорлар кеңесіне жеткізуді қамтамасыз етеді. 2016 жылы тәуелсіз аудиторлық компанияны тарту арқылы жүргізілген Директорлар кеңесінің тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша, Директорлар кеңесінің Төрағасы: - энергетика саласында үлкен тәжірибеге ие тәжірибелі тұлға; - Директорлар кеңесі мүшелерінің жұмысын оңай үйлестіруге мүмкіндік беретін кәсіби және жеке беделге ие; - акционерлермен, соның ішінде негізгі акционермен қажетті қарым-қатынас деңгейін қамтамасыз етеді деген тұжырымдар жасалды.
9	Директорлар кеңесінің төрағасының және атқарушы орган басшысының рөлі мен функцияларының аражігі нақты ажыратылуға және ұйымның жарғысында, Директорлар кеңесі және атқарушы орган туралы ереже-лерде бекітілуге тиіс.	Сақталады	Директорлар кеңесінің төрағасының және атқарушы орган басшысының рөлі мен функ-цияларының аражігі «KEGOC» АҚ-ның Жарғысымен, Директорлар кеңесі жөніндегі ере-жемен және Басқарма жөніндегі ережемен нақты ажыратылған.
10	Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақының деңгейі ұйымды табысты басқару үшін талап етілетін Ди-ректорлар кеңесінің осындай деңгейдегі әрбір мүшесін тарту, ұстау және уәждеу үшін жеткілікті болуға тиіс. Ұйымның Директорлар кеңесінің мүшесіне сыйақы белгілеу Қор әзірлейтін әдіснамаға сәйкес жүзеге асы-рылады, бұл ретте осы тұлғаның Директорлар кеңесінің құрамына қатысуын ұйым үшін күтілетін жағымды әсер назарға алынуға тиіс. Бірнеше акционері бар ұйымдарда Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы бе-рудің тиісті қағидалары Қор әдіснамасының негізінде әзірленеді және ол акционерлердің жалпы жиналы-сына бекітіледі. Ұйымның Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы комитеті тәуелсіз директорларға үміткерлерге берілетін сыйақы мөлшері бойынша ұсыныс енгізеді. Өзінің сыйақысына байланысты шешімдер қабылдауға бір де бір тұлға қатыспауға тиіс.	Ішінара сақталады	Сыйақы тек тәуелсіз директорларға ғана төленеді және мына компоненттерден тұрады: - бекітілген сыйақы; - Директорлар кеңесінің комитеттерінің күндізгі нысандағы отырысына қатысқаны үшін қосымша сыйақы. Тәуелсіз директордың Директорлар кеңесінің есепті кезеңде барлық өткізілген күндізгі және сырттай нысандағы отырыстардың жартысынан кемінде (дәлелсіз себептермен) қатысқан жағдайда, бекітілген сыйақы төленбейді. Сондай-ақ, Директорлар кеңесінің мүшесіне Директорлар кеңесінің отырысына шығуымен байланысты шығындар өтеледі. Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті туралы ере-жеге сәйкес, Комитет директорлардың сыйақы саясатының деңгейі мен тиімділігіне салыстырмалы талдау жүргізеді, және Директорлар кеңесіне ұсынымдар береді. Өзінің сыйақысына байланысты шешімдер қабылдауға бір де бір тұлға қатыспайды. 2016 жылы Компанияда «KEGOC» АҚ-ның Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысын төлеу мен шығындарын өтеу ережелері қалыптастырылмады. Көрсетілген құжат жоба-сы әзірленген, Директорлар кеңесі мақұлдаған және оны АЖЖ-на қаралуына шығару 2017 жылдың 2 тоқсанына жоспарланып отыр.

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2016 жылы «KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін сақтауы туралы ақпарат (жалғасы)

Кодекс ережесінің №	«KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары	Сақталады/ Сақталмайды/ Ішінара сақталады	Кодекс ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы ақпарат
5-тарау. Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі			
11	Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелерді жан-жақты және мұқият қарауға және аудит, тәуекелдерді басқару, Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын тиісінше және тиімді қолдану, Директорлар кеңесі мен атқарушы органның мүшелерін тағайындау және сыйақы беру, орнықты даму, оның ішінде еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау сияқты бағыттар бойынша қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға ықпал етеді. Комитеттердің болуы Директорлар кеңесінің мүшелерін Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде шешімдер қабылдау жауапкершілігінен босатпайды.	Сақталады	Директорлар кеңесі қарауға шығарып отырған мәселелерді мамандырылған комитеттерде алдын ала мұқият қарастырылады. 2016 жылы Аудит жөніндегі комитетте қаржы есептілігі, орнықты даму туралы есептілік, тәуекелдер мәселелері, Ішкі аудит қызметінің есептері сынды негізгі мәселелер қарастырылды. Сонымен қатар, Аудит жөніндегі комитет Компанияның қаржы есептілігінің аудитін жүзеге асырған сыртқы аудитормен үш кездесу өткізді. Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет Компанияның Даму стратегиясы (үш стратегиялық сессия) және оны іске асыру есебі, даму жоспары және оны іске асыру есептері, корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспары сынды негізгі мәселелерді қарастырды. Тағайындаулар және сыйақы жөніндегі комитет «KEGOC» АҚ-ның ұйымдық құрылымы, Директорлар кеңесі мүшелерін тағайындау мәселелері, кадрлық резервпен жұмыс бойынша есебі, басқарушы қызметкерлердің жігерлендіретін ҚНҚ-ді орындау, сабақтастық жоспарлары сынды негізгі мәселелерді қарастырды. 2016 жылы құрылған Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет Компанияның экология және еңбекті қорғау саласындағы қызметінің мәселелерін қарастырды. Директорлар кеңесінің комитеттері консультациялық-кеңесші органдар болып табылады, және Комитеттер жасаған барлық ұсыныстар ұсынымдар болып табылады. Директорлар кеңесі шығарылған мәселелер бойынша соңғы шешімді қабылдайды, Директорлар кеңесі мүшелері өздері қабылдаған шешімдер бойынша жауапты болады. Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды іске асыру кезінде, «KEGOC» АҚ-ы «Самұрұқ-Қазына» АҚ-ның Директорлар кеңесі бекіткен Қордың сатып алу ережелерін басшылыққа алады.
12	Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу оның қызметінің барынша нәтижелі болуына ықпал етуге тиіс. Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін орындау үшін толық, өзекті және уақтылы ақпаратқа қолжетімділікке ие болуға тиіс. Директорлар кеңесі өз функцияларын тиімді орындау үшін үнемі отырыстар өткізеді. Директорлар кеңесінің отырыстары күнтізбелік жылдың басына дейін бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарын өткізу күндізгі немесе сырттай дауыс беру нысандары арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте сырттай дауыс беру нысанындағы отырыстардың саны барынша аз болуға тиіс. Маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелерді қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау Директорлар кеңесінің күндізгі дауыс беру нысанындағы отырыстарында ғана жүзеге асырылады. Ерекше жағдайларда Директорлар кеңесінің және оның комитеттері отырысының екі нысанын да үйлестіруге болады. Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарына корпоративтік хатшы талқылау және қабылданған шешімдердің қорытындыларын толық көлемде көрсете отырып, тиісті түрде хаттама жүргізеді.	Сақталады	Директорлар кеңесінің алдағы отырысының мәселелері бойынша материалдар мен ақпарат алдын ала (отырыс басталғанға дейін 10 күн бұрын) Директорлар кеңесі мүшелері үшін арнайы құрылған порталда орналастырылады. 2016 жылдан бастап Директорлар кеңесі қызметінің барынша нәтижелілігі үшін отырыстарда күн тәртібі мәселелері бойынша Директорлар кеңесі шешім қабылдауға қажетті барлық материалдар мен ақпарат қамтылған ноутбуктер (планшеттер) пайдаланылады. Директорлар кеңесі өткізілетін отырыстардың болжамды күндерін көрсете отырып, алдағы жылға Жұмыс жоспарын бекітеді. Осылайша, Директорлар кеңесі 2016 жылға 118 мәселе қарастырылатын 12 отырыс өткізуді жоспарлады. 2016 жылы Директорлар кеңесінің 153 мәселе қарастырылған барлығы 12 күндізгі және 3 сырттай отырысы өткізілді. Компания Жарғысының тізімінде көрсетілген барлық маңызды мәселелерді Директорлар кеңесі тек күндізгі отырыстарда қарастырды. Сонымен қатар, 2016 жылғы 30маусым-01шілде күндері Директорлар кеңесі, Басқарма мүшелерінің және Компанияның қатысы бар қызметкерлерінің қатысуымен, Компанияның даму стратегия мәселелерін, қуат нарығын, Қазақстан Республикасының ҰЭЖ-нің одан әрі дамуын, Компанияның инвестициялық бағдарламалар сценарийлерін, сондай-ақ ЖЭК мәселелерін талқылау мақсатында көшпелі кеңес өткізілді. Осы кеңестің мақсаты – пікір алмасу, Компанияның одан әрі даму бағыттарын әзірлеу. Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің барлық отырыстарына корпоративтік хатшы және Аудит жөніндегі комитеттің хатшысы егжей-тегжейлі хаттама жүргізеді.
13	Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері және мүшелері ұйымның Директорлар кеңесі бекіткен құрылымдалған процесс шеңберінде жыл сайынғы негізде бағалануға тиіс. Осы процесс Қордың әдіснамасына сәйкес келуге тиіс. Бұл ретте үш жылда кемінде бір рет бағалау тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі.	Сақталады	Жыл сайын Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің, Директорлар кеңесінің Төрағасы мен мүшелерінің, АДА, Корпоративтік хатшының қызметін Қордың әдіснамасы негізінде әзірленген тиісті ережелерге сәйкес сауалнама жүргізу арқылы өзін-өзі бағалауын жүргізеді. 2016 жылы Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес сыртқы аудиторлық ұйым тәуелсіз бағалау өткізді. Бағалау сұхбат алу, сондай-ақ сауалнама жүргізу әдісі арқылы өткізілді. Алынған жауаптарды талдау негізінде аудиторлық ұйым Директорлар кеңесінің, Комитеттердің, АДА, Корпоративтік хатшының тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар ұсынды. Бағалау нәтижелері бойынша қорытындылар Директорлар кеңесімен қарастырылды және Компанияны басқаруды жетілдіру бойынша шаралар қабылданып жатыр.
14	Бағалау Директорлар кеңесінің және оның мүшелерінің әрқайсысының ұйымның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және орнықты дамуына үлесін айқындауға, сондай-ақ бағыттарын анықтауға және жақсартуға арналған шараларды ұсынуға мүмкіндік беруге тиіс. Директорлар кеңесінің мүшелерін қайта сайлау немесе олардың өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату кезінде бағалау нәтижелері назарға алынады.	Сақталады	

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2016 жылы «KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін сақтауы туралы ақпарат (жалғасы)

Кодекс ережесінің №	«KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары	Сақталады/ Сақталмайды/ Ішінара сақталады	Кодекс ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы ақпарат
5-тарау. Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі			
15	Директорлар кеңесінің қызметін және Директорлар кеңесінің, атқарушы органның акционерлермен өзара іс-қимылын тиімді ұйымдастыру мақсатында Директорлар кеңесі корпоративтік хатшыны тағайындайды. Директорлар кеңесі корпоративтік хатшыны тағайындау туралы шешім қабылдайды, оның өкілеттілік мерзімін, функцияларын және қызмет тәртібін, лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы төлеу шарттарын белгілейді, корпоративтік хатшы қызметін (хатшылығын) құру туралы шешім қабылдайды және көрсетілген қызметтің бюджетін айқындайды. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесіне есеп береді және атқарушы органнан тәуелсіз болады. Корпоративтік хатшының негізгі міндеттері Директорлар кеңесі, жалғыз акционер тарапынан корпоративтік шешімдерді уақтылы және сапалы қабылдауға жәрдемдесуді, Директорлар кеңесінің мүшелері үшін олардың қызметінің барлық мәселелері және осы Кодекс ережелерінің қолдануы бойынша кеңесші рөлін орындауды, сондай-ақ осы Кодекстің іске асырылуына мониторингін және корпоративтік басқаруды жетілдіруге қатысуды қамтиды. Корпоративтік хатшы сондай-ақ жылдық есебінің құрамына енгізілетін осы Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп дайындауды жүзеге асырады. Осы есеп тиісті түсініктер келтіріле отырып, Кодекстің сақталмай отырған қағидаттары мен ережелерінің тізбесін қамтуға тиіс.	Сақталады	«KEGOC» АҚ-ның Жарғысы және ішкі құжаттарға сәйкес, Директорлар кеңесі Корпоративтік хатшыны тағайындау туралы шешімді қабылдайды, оның өкілеттік мерзімін, функцияларын және қызмет тәртібін, лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы төлеу шарттарын белгілейді. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесіне есеп береді. «KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік хатшысы 2015 жылы тағайындалды, Компанияның Директорлар кеңесінің отырысын даярлау және өткізуге бақылауды, материалдардың Директорлар кеңесінің отырысына құрылуын қамтамасыз етуді, соларға кіруді қамтамасыз етуге бақылау жүргізеді. Корпоративтік хатшының өз функцияларын орындау үшін, Компанияда екі адамнан тұратын Корпоративтік хатшы қызметі құрылған. Корпоративтік хатшының негізгі міндеттері – Директорлар кеңесі, АЖОЖ-ы корпоративтік шешімдерді уақтылы және сапалы қабылдауға жәрдемдесу, Директорлар кеңесінің мүшелері үшін олардың қызметінің барлық мәселелері бойынша кеңесші рөлін орындау. Корпоративтік хатшы жөніндегі ережеге Корпоративтік хатшының функцияларын толықтыру «KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексін іске асыруға мониторингті жүзеге асыру, корпоративтік басқаруды жетілдіруге қатысу, 2015 жылғы 10 желтоқсанда Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (№8 хаттама) Жылдық есептің құрамына кіретін, Кодекстің құзыретін және ережелерін сақтау туралы есепті даярлау бөлімінде өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.
16	Компанияларда алқалы атқарушы орган құрылады, қалған ұйымдарда, сондай-ақ компания – бірлескен кәсіпорын құрылған жағдайда акционерлердің қалауы бойынша ол алқалы немесе жеке-дара болуы мүмкін. Атқарушы органның басшысы және мүшелері жоғары кәсіби және жеке басы сипаттамаларына ие болуға, сондай-ақ мінсіз іскерлік беделді иеленуге және жоғары этикалық стандарттарды ұстануға тиіс.	Сақталады	Басқарма Компанияның алқалы атқарушы органы болып табылады және оның ағымдағы қызметіне басқаруды жүзеге асырады, оның мүдделеріне әрекет етеді және акционерлердің жалпы жиналысына және Директорлар кеңесіне есеп береді. Басқарма тоғыз адамнан құралған. Олардың барлығы жоғары кәсіби дағдыларға және қаржы, құқық, инженерия, энергетика, корпоративтік басқару, сатып алу салаларында басқару тәжірибесіне, мінсіз бедел мен үлкен еңбек өтіліміне ие. Басқарма мүшелерінің функциялары және міндеттері Жарғымен, Басқарма жөніндегі ережемен, «Міндеттерді және өкілеттіктерді бөлу туралы» Бұйрығымен айқындалған.
17	Атқарушы орган Директорлар кеңесіне есеп береді және ұйымның күнделікті қызметіне басшылықты жүзеге асырады, стратегияның, даму жоспарының және Директорлар кеңесі және акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдердің іске асырылуы үшін жауапты болады.	Сақталады	Басқарма күнделікті қызметіне басшылықты жүзеге асырады, Директорлар кеңесіне және АЖОЖ-на есеп береді, стратегияның, даму жоспарының, инвестициялық жоспарының және акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдердің іске асырылуы үшін жауапты болады.
18	Директорлар кеңесі атқарушы органның басшысын және мүшелерін сайлайды, өкілеттілік мерзімін, лауазымдық жалақысының мөлшерін, еңбекақы төлеу шарттарын айқындайды. Атқарушы органның құрамына үміткерлер іздестіру мен таңдау, олардың сыйақасын белгілеу процесіндегі негізгі рөлді ұйымның Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеті атқарады. Алқалы атқарушы органның құрамына сайлауға үміткерлер бойынша ұсыныстары Директорлар кеңесі Тағайындау және сыйақа жөніндегі комитетінің қарауына атқарушы органның басшысы енгізеді. Директорлар кеңесі атқарушы органның басшысы ұсынған үміткерді қабылдамаған жағдайда, атқарушы органдағы сол лауазымға екінші рет ұсыныс енгізу құқығы Директорлар кеңесіне өтеді. Директорлар кеңесі кез келген уақытта атқарушы орган басшысының және мүшелерінің өкілеттіктерін тоқтата алады. Ұйымның атқарушы органының басшысын және мүшелерін үш жылға дейінгі мерзімге сайлау ұсынылады. Атқарушы орган басшысының және мүшелерінің өкілеттілік мерзімі жалпы атқарушы органның өкілеттілік мерзіміне сәйкес келеді.	Сақталады	«KEGOC» АҚ-ның Жарғысы және ішкі құжаттарға сәйкес, Директорлар кеңесі Басқарманың сандық құрылымын, өкілеттілік мерзімін, Басқарманың Төрағасы мен мүшелерін сайлайды, олардың өкілеттілігін мерзімнен бұрын тоқтатады, еңбекақы және сыйақы төлеу ережелерін, лауазымдық жалақылар схемасын бекітеді, сондай-ақ, Басқарма Төрағасының, Басқарма мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін анықтайды, Басқарма мүшелерінің жігерлендіретін ҚНҚ-ін бекітеді. Басқарма мүшелерін сайлауда Директорлар кеңесі үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптары мен оларды сайлау рәсімін анықтайтын Компанияның ішкі құжаттар ережелеріне жүгінеді. Акционерлер мен акционерлер болып табылмайтын Компания қызметкерлері Басқарма мүшесі бола алады. ІАҚ қызметкерлері Басқарма құрамына сайлана алмайды. Басқарма құрамына сайланатын үміткерлер бойынша ұсыныстарды Директорлар кеңесіне қарауға Басқарма Төрағасы енгізеді. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің қаралуына екі реттен артық емес сол лауазымға екінші рет ұсынылған үміткер бойынша ұсыныс жасауға құқылы. Басқарма мүшелерін іріктеу және сайлау Директорлар кеңесі белгілеген барынша айқын және нақты рәсімдер негізінде жүргізіледі. Директорлар кеңесі кез келген уақытта атқарушы орган басшысының және мүшелерінің өкілеттіктерін тоқтата алады. Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Басқарма үш жыл мерзімге сайлануы тиіс. 2016 жылы тиісті өзгертулер «KEGOC» АҚ-ның Басқарма жөніндегі ережеге енгізілді. 2017 жылы «KEGOC» АҚ-ның Басқармасын қалыптастыру және жаңа ұйымдық құрылымына сәйкес Басқарма мүшелерін тағайындау жоспарланып отырғандықтан, Басқарма мүшелері үш жылға сайланады.

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2016 жылы «KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін сақтауы туралы ақпарат (жалғасы)

Кодекс ережесінің №	«KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары	Сақталады/ Сақталмайды/ Ішінара сақталады	Кодекс ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы ақпарат
5-тарау. Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі			
19	Компанияның бірінші басшысының лауазымына үміткер компания Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген тиісті тізімге енгізілген жағдайда, Қазақстан Республикасының Президентімен немесе оның Әкімшілігімен келісіледі. Мұндай жағдайда компанияларда атқарушы органның басшысын іздестіруде және сайлауда Кодекс белгілеген тәртіп қолданылады.	Ішінара сақталады	Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес Басқарма Төрағасын тағайындау рәсімін 2017 жылы қалыптастыру жоспарланып отыр.
20	Атқарушы органның басшысы және мүшелерін Директорлар кеңесі бағалайды. Бағаның негізгі өлшемі қойылған ҚНҚ-ге қол жеткізу болып табылады. Атқарушы орган басшысының және мүшелерінің уәжделген ҚНҚ-ін Директорлар кеңесі бекітеді. Атқарушы орган мүшелерінің уәжделген ҚНҚ-дің бөлігіндегі ұсыныстарды Директорлар кеңесінің қарауына атқарушы органның басшысы енгізеді. Бағалау нәтижелері сыйақының мөлшеріне, көтермелеуге, қайта сайлауға (тағайындауға) немесе өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға әсер етеді.	Сақталады	«KEGOC» АҚ-ның Жарғысы және ішкі құжаттарға сәйкес, Директорлар кеңесі еңбекақы және сыйақы төлеу ережелерін, лауазымдық жалақылар схемасын бекітеді, сондай-ақ, Басқарма Төрағасының, Басқарма мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін анықтайды, Басқарма мүшелерінің жігерлендіретін ҚНҚ-ін бекітеді. Директорлар кеңесінің шешімімен (№3 хаттама) 2016 жылға Басқарма мүшелерінің жігерлендіретін карталары бекітілген. Директорлар кеңесі сыйақы, көтермелеу мөлшерін анықтау, қайта сайлау (тағайындау) немесе Басқарма мүшелерінің өкілеттілігін мерзімнен бұрын тоқтату үшін ҚНҚ-ді орындау мониторингін жүзеге асырады. 2016 жылдың қорытындысы бойынша ҚНҚ–ін орындау Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес Директорлар кеңесінің қаралуына 2017 жылдың 1 тоқсанында енгізу жоспарланып отыр.
21	Случаи нарушения норм Кодекса деловой этики со стороны членов исполнительного органа должны доводиться руководителем испол-нительного органа до сведения Совета директоров. Член исполнительного органа, допустивший нарушение норм Кодек-са деловой этики, не может быть чле-ном исполнительного органа любой другой организации.	Сақталады	2016 жылы «KEGOC» АҚ-ның Басқарма мүшелері тарапынан Іскерлік этика кодексінің нормаларын бұзу жағдайлары тіркелмеген.
22	Корпоративтік қақтығыстар туындаған жағдайда қатысушылар ұйымның және мүдделі тараптардың мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында оларды келіссөздер арқылы шешу жолдарын іздестіреді. Корпоративтік қақтығыстардың алдын алу және оларды реттеу жөніндегі жұмыстың тиімділігі, ең алдымен, осындай қақтығыстарды толық және жедел анықтауды, ұйымның барлық органдарының іс-қимылын дәл үйлестіруді болжайды. Корпоративтік қақтығыстарды корпоративтік хатшының жәрдемімен ұйымның Директорлар кеңесінің төрағасы қарайды. Директорлар кеңесінің төрағасы корпоративтік қақтығысқа тартылған жағдайда, мұндай жағдайларды Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеті қарайды.	Сақталады	Компанияда «KEGOC» АҚ-ы қатысушылары арасында корпоративтік қақтығыстарды реттеу бойынша тәртіп пен рәсімдерді белгілейтін, «KEGOC» АҚ-да корпоративтік қақтығыстарды реттеу бойынша саясат» атты ішкі құжатта көрініс тапқан корпоративтік қақтығыстарды реттеу тетіктері әзірленген. Бұл құжат Компанияның барлық құрылымдық бөлімшелерінде, соның ішінде филиалдарда, қолданылады және БМЖ құжаттамалары құрамына кіреді. Корпоративтік қақтығыстарды реттеу бойынша Компания саясаты оларды реттеу тәртібі акционерлердің жалпы жиналысының құқықтарын сақтауды және қорғауды қамтамасыз етуге тиіс екенін, сондай-ақ Компанияның мүлктік мүдделерін және іскерлік беделін қорғауды негізге алады. Корпоративтік қақтығыстарды қарауы бойынша Компанияның басқару органдарының құзыреті корпоративтік қақтығыс мәселесі сол немесе өзге органның құзыретіне тиесілігіне байланысты шектеледі. Директорлар кеңесі өздеріне табысталған тиісті өкілеттіктер немесе олар қабылдаған шешімдер Басқарманың, Басқарма Төрағасының, Компанияның басқа қызметкерлерінің әрекетінен (әрекетсіздігінен) туындаған корпоративтік қақтығыстарды қарайды. Директорлар кеңесі корпоративтік қақтығыстарды реттеуге қатысады. Корпоративтік қақтығысты Басқарма Төрағасы реттеуі мүмкін емес жағдайда оны реттеу Директорлар кеңесіне қарауға жіберіледі. 2016 жылдың қорытындысы бойынша корпоративтік қақтығыстар анықталмаған.

6-тарау. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит

1	Компанияда өз стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуге ақылға қонымды сенімділігін қамтамасыз етуге бағытталған және ұйымдастыру саясаттарының, рәсімдердің, мінез-құлық нормалары мен әрекеттердің, Компанияның Директорлар кеңесі мен атқарушы органы құратын басқару әдістері мен тетіктерінің жиынтығын білдіретін тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың тиімді жұмыс істейтін жүйесі құрылуға тиіс. Директорлар кеңесі және атқарушы орган Компанияда тәуекелдерді лайықты басқару мәдениетінің енгізілуін қамтамасыз етуге тиіс. Компанияда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін енгізу және оның жұмыс істеуі озық практикаларға (COSO) және Қордың әдіснамасына (саясаттарына) негізделген айқын нормативтік базаны иеленуге тиіс.	Сақталады	Компаниядағы тәуекелдерді басқару жүйесі (бұдан әрі – ТБЖ) мен ішкі бақылау жүйесінің (бұдан әрі – ІБЖ) негізгі міндеттерінің бірі «KEGOC» АҚ бәсекеге қабілеттілігін арттыру және ТБЖ тиімділігін арттыру арқылы «KEGOC» АҚ өз алдына қойған стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге болып табылады. Компанияда COSO халықаралық стандартында және Қордың әдіснамасына негізделген нормативтік базаны құрылды, оның құрылымы: • Тәуекелдерді корпоративтік басқарудың саясаты; • Тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша басшылық; • Ішкі бақылау жүйесі бойынша ұйымдастыру стандарты. Тәуекелдерді уақытылы анықтау және басқару бойынша рөлдер мен міндеттерді бекіту мақсатында ТБЖ үш деңгейі тұжырымдамасында құрылған өзара әрекеттесу моделі әзірленді: • Директорлар кеңесі және Ішкі аудит қызметі; • Басқарма және құрылымдық бөлімшелер; • Тәуекелдер жөніндегі комитет және тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімше.
---	---	-----------	--

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2016 жылы «KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін сақтауы туралы ақпарат (жалғасы)

Кодекс ережесінің №	«KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары	Сақталады/ Сақталмайды/ Ішінара сақталады	Кодекс ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы ақпарат
6-тарау. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит			
2	Компанияның Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру қағидаттары мен оларға қойылатын талаптарды, осы жүйенің міндеттерін негізге ала отырып және озық жұмыс практикасы мен тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы Қордың әдіснамасын ескере отырып белгілеуге тиіс.	Сақталады	Директорлар кеңесімен негізгі қағидаттар бекітілді: 1. Тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша: - Компания басшылығының тәуекелдерді басқаруға қатысуы; - тәуекелдерді басқару жүйесін тұрақты жетілдіру; - Компания қызметкерлерінің тәуекелдерді басқару саласында үздіксіз оқытылуы және өз білімдерімен алмасуы; - есептілікті ұсыну және тәуекелдердің біртіндеп үдеуі кезіндегі ашықтық пен адалдық. 2. ішкі бақылау жүйесі бойынша: - тұтастық; - кешенділік; - қызмет етудің үздіксіздігі; - жауапкершілік; - міндеттерді бөлу; - ішкі бақылау жүйесі қатысушыларының есептілігі; - әдіснамалық базаның бірлігі; - тиісті мақұлдау және операцияларды бекіту; - кез-келген елеулі кемшіліктер мен бақылаудың әлсіз тұстары туралы хабарламаларды жіберудің уақыттылығы; - үздіксіз даму мен жетілдіру.
3	Компанияның атқарушы органдары тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың тиімді жүйесін құруды және қолдауды қамтамасыз етуге тиіс. Тәуекелдерді басқару процесі жоспарлау (стратегия және даму жоспарлары, жылдық бюджет) және ұйым қызметінің нәтижелерін бағалау (басқару есептілігі) процестерімен біріктірілуге тиіс. Әрбір лауазымды тұлғасы шешімдер қабылдау кезінде тәуекелдердің тиісінше қаралуын қамтамасыз етеді. Атқарушы органы тиісті біліктілігі және тәжірибесі бар қызметкерлердің тәуекелдерді басқару рәсімдерін енгізуін қамтамасыз етуге тиіс.	Сақталады	Тәуекелдерді басқару жүйесінің нұсқаулығына сәйкес «KEGOC» АҚ Басқармасы тәуекелдерді анықтау, бағалау және басқару рәсімдерін құруға, қолдауға және қолдануға, ТБЖ және ІБЖ тиімді қызмет етуін ұйымдастыруға, құрылымдық бөлімшелердің қызметінде тәуекелдерді басқару процестерін ендіру кезінде оларға қолдау көрсетуге жауапты болады. Тәуекелдерді басқару процесі жоспарлау (стратегия және даму жоспарлары, жылдық бюджет) және ұйым қызметінің нәтижелерін бағалау (басқару есептілігі) процестерімен біріктірілген. Құрылымдық бөлімшелер тәуекелдердің меншіктенушілері болып табылады және тәуекелдерді анықтауға, талдауға, бағалауға, тәуекелдерді басқаруға, негізгі тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша ұсыныстарды дайындауға және «KEGOC» АҚ негізгі тәуекелдері бойынша есептілікті қалыптастыруға жауапты болады.
4	Компанияның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі атқарушы орган жүргізетін, барлық бар тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және мониторингілеу рәсімдерінің міндеттілігін, сондай-ақ стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге, операциялық міндеттерді іске асыруға және компанияның беделіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдер деңгейін азайту бойынша уақтылы және барабар шаралар қабылдауды көздейтін тәуекел менеджменттің жоғары мәдениетіне негізделуге тиіс. Тәуекелдерді басқару жөніндегі рәсімдер жаңа тәуекелдерге жедел ден қоюды, оларды нақты сәйкестендіруді және тәуекел иелерін айқындауды қамтамасыз етуге тиіс. Бәсекелестік немесе экономикалық ортасында кез келген күтпеген өзгерістер болған жағдайда тәуекелдер карталарын және оның тәуекел-табетке сәйкестігін жедел қайта бағалау жүзеге асырылуға тиіс.	Сақталады	Тәуекелдерді басқару жүйесі атқарушы орган жүргізетін, барлық бар тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және мониторингілеу рәсімдерінің міндеттілігін, сондай-ақ стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге, операциялық міндеттерді іске асыруға және компанияның беделіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдер деңгейін азайту бойынша уақтылы және барабар шаралар қабылдауды көздейтін тәуекел менеджменттің жоғары мәдениетіне негізделген. «KEGOC» АҚ-да белгіленген тәуекелдерді басқару жөніндегі рәсімдер жаңа тәуекелдерге жедел ден қоюды, оларды нақты сәйкестендіруді және тәуекел иелерін айқындауды қамтамасыз етеді. Компанияда Директорлар кеңесімен жыл сайын тәуекел-табеті, тәуекелдер тізілімі, тәуекелдер картасы, негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары, негізгі тәуекел көрсеткіштері және «KEGOC» АҚ негізгі тәуекелдері бойынша толеранттылық деңгейлері қарастырылып, бекітіледі. Кез келген күтпеген өзгерістер болған жағдайда тәуекелдер карталарын және оның тәуекел-табетке сәйкестігін жедел қайта бағалау жүзеге асырылады Компания ішінде тәуекелдер туралы хабардар болу деңгейін арттыру, тәуекел-табетті дамыту және тәуекелдерді тиімді басқару үшін ТБЖ деңгейлері арасында ақпаратпен тұрақты түрде алмасу қамтамасыз етілген.
5	Компанияда бақылау рәсімдерін төмендегідей үш негізгі сала бойынша әзірлеу, бекіту, нысандандыру және құжаттандыру жүзеге асырылуға тиіс: операциялық қызмет, қаржылық есептілікті дайындау және Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі құжаттардың талаптарын сақтау.	Сақталады	2016 жылы «KEGOC» АҚ Бизнес-процестерінің сыныптамасы қайта қаралды, процестер картасы әзірленді және Компанияның барлық бизнес-процестері мен олардың үш негізгі саласын қамтитын бақылау рәсімдері бейнеленген: операциялық қызмет, қаржылық есептілікті дайындау және Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі құжаттардың талаптарын сақтау.

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2016 жылы «KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін сақтауы туралы ақпарат (жалғасы)

Кодекс ережесінің №	«KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары	Сақталады/ Сақталмайды/ Ішінара сақталады	Кодекс ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы ақпарат
6-тарау. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит			
6	Компанияда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ашық қағидаттар және тәсілдер, қызметкерлерді және лауазымды тұлғаларды тәуекелдерді басқару жүйесі туралы оқыту практикасы, сондай-ақ сәйкестендіру, құжаттандыру және қажетті ақпаратты лауазымды тұлғалардың назарына уақтылы жеткізу процесі енгізілуге тиіс.	Сақталады	Компанияда осы тараудың 2-тармағында баяндалған негізгі қағидаттар ендірілді. Тәуекел-мәдениетті арттыру мақсатында «KEGOC» АҚ-да жыл сайынғы негізде «KEGOC» АҚ-ның тәуекелдер меншіктенушілері, тәуекел-үйлестірушілері және тәуекел-менеджерлері үшін ТБЖ және ІБЖ саласындағы семинарлар мен тренингтерді өткізу ұйымдастырылады. «KEGOC» АҚ жоғарғы басшылығының мүшелері де жоғарғы ұяшық басшыларына бағдарланған тәуекелдерді басқару жөніндегі мамандандырылған семинарлар мен тренингтерге қатысады. 2016 жылы Компания тәуекелдерді басқаруға және ішкі бақылауға жауапты қызметкерлер, тәуекел-үйлестірушілері, ЖД/филиалдардың/ЕТҰ құрылымдық бөлімшелерінің тәуекелдерді меншіктенушілер және Тәуекелдер жөніндегі комитеттің мүшелері үшін саласындағы семинарлар мен тренингтерді өткізуді ұйымдастырды.
7	Компанияның Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың қолданыстағы жүйесі Директорлар кеңесі айқындаған қағидаттарға және оны ұйымдастыру тәсілдеріне сәйкестігіне және оның тиімді жұмыс істейтіндігіне көз жеткізу үшін тиісті шаралар қабылдау қажет. Тәуекелдер бойынша есептер Директорлар кеңесінің отырысына кемінде тоқсанына бір рет шығарылуға және тиісті түрде толық көлемде талқылануға тиіс.	Сақталады	Тәуекелдерді басқару жүйесі жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес 2016 жылы Директорлар кеңесі тоқсан сайынғы негізде тәуекелдер бойынша есептерді қарастырып, бекітті. 2016 жылы «Достық Эдвайзори» ЖШС компаниясының консультанттары ТБЖ және ІБЖ тиімділігіне тәуелсіз бағалау жүргізді, оның нәтижелері Директорлар кеңесі отырысында қаралды.
8	Компанияда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау және корпоративтік басқару практикасы жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін жүйелі түрде тәуелсіз бағалау үшін ІАҚ құрылуға тиіс.	Сақталады	Ішкі аудит қызметі «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2006 ж. 31.05. № 3 хаттама) құрылды. Қызметтің мисиясы Директорлар кеңесіне және Атқарушы органға Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу бойынша олардың өз міндеттерін орындауында қажетті көмек көрсетуге негізделген. Қызмет жұмысының негізгі мақсаты тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруде жүйелі тәсілді енгізу арқылы Директорлар кеңесіне Компанияны тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпаратты ұсыну болып табылады.
9	Компаниядағы ішкі аудит жеке құрылымдық бөлімше – ІАҚ құру арқылы жүзеге асырылуға тиіс. ІАҚ мақсаттары, өкілеттіктері және жауапкершілігі, біліктілік талаптары (ішкі аудиторлардың кәсібилігіне қойылатын талаптар) компанияның ішкі құжатында (ІАҚ туралы ереже) анықталуға тиіс. ІАҚ туралы ереже Ішкі аудит халықаралық кәсіптік стандарттардың және Қордың ішкі аудит саласындағы корпоративтік стандарттарының талаптары ескеріле отырып әзірленуге және бекітілуге тиіс. Компанияның Директорлар кеңесінің міндеті ІАҚ туралы ереженің ұйымдар бизнесінің бейіндік қажеттіліктеріне толық сәйкестігін қамтамасыз ету болып табылады.	Сақталады	ІАҚ туралы ережемен ІАҚ Мақсаттары, өкілдіктері мен жауапкершілігі, біліктілік талаптары белгіленді. ІАҚ туралы ереже Ішкі аудит халықаралық кәсіптік стандарттардың және Қордың ішкі аудит саласындағы корпоративтік стандарттарының талаптары ескеріле отырып әзірленді. ІАҚ туралы ереже Компанияның арнайы қажеттіліктеріне толық дәрежеде сәйкес келеді.
10	Ішкі аудиттің тәуелсіздігін және объективтілігін қамтамасыз ету үшін ІАҚ ұйымдық тұрғыдан Директорлар кеңесіне бағынуға және функционалдық есеп беруге тиіс. Директорлар кеңесі ІАҚ жоспарлары мен қызмет стратегиясын, ІАҚ бюджетін бекіту бойынша шешім қабылдайды, оның сандық құрамын, ІАҚ қызметкерлері еңбекақысының және сыйақысының мөлшері мен төлеу шарттарын айқындайды.	Сақталады	ІАҚ-тың Директорлар кеңесіне ұйымдастырушылық бағынушылығы және функционалдық есептілігі келесі шарттармен қол жеткізіледі: 1. Директорлар кеңесінің ІАҚ-тың мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен қызмет тәртібін регламенттейтін ішкі аудит саласындағы ережені және басқа да саясаттарды бекітуі (аудит комитетімен алдын ала қарауы); 2. Директорлар кеңесімен тәуекел-бағдарланған жылдық аудиторлық жоспарды бекітуі (аудит комитетімен алдын ала қарауы); 3. Директорлар кеңесіне (аудит комитетіне) жылдық немесе тоқсан сайынғы аудиторлық жоспарды орындау жөніндегі есепті немесе ішкі аудит қызметі туралы басқа да ақпаратты ұсыну; 4. Директорлар кеңесімен ішкі аудит бөлімшесінің басшысын және қызметкерлерін тағайындау, лауазымынан босату, марапаттау туралы шешімдерді бекітуі (аудит комитетімен алдын ала қарауы); 5. Директорлар кеңесімен (аудит комитетімен) ІАҚ бюджетін бекітуі; 6. 6) Директорлар кеңесімен (аудит комитетімен) ІАҚ өкілдіктерін едәуір шектеуді немесе ішкі аудитті жүзеге асыруға жағымсыз әсерін тигізе алатын басқа да шектеулерді қарастыруы.
11	Ұйымдардағы ІАҚ басшысы Қордың ішкі аудит саласындағы корпоративтік стандарттарының негізінде бөлімшенің қызметін реттейтін ішкі құжаттарды әзірлеуге және оларды Аудит комитетінің және Директорлар кеңесінің қарауын және бекітуін қамтамасыз етуге тиіс.	Сақталады	«KEGOC» АҚ-да Қордың ішкі аудит саласындағы корпоративтік стандарттарының негізінде ІАҚ қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттар әзірленді, аталған құжаттар Аудит комитетімен және Директорлар кеңесімен қаралып, бекітілді.

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2016 жылы «KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін сақтауы туралы ақпарат (жалғасы)

Кодекс ережесінің №	«KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары	Сақталады/ Сақталмайды/ Ішінара сақталады	Кодекс ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы ақпарат
6-тарау. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит			
12	ІАҚ өз қызметін Директорлар кеңесі бекіткен тәуекелге бағдарланған жылдық аудиторлық жоспардың негізінде жүзеге асырады. Аудиторлық есептердің нәтижелері және негізгі анықтаулар тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.	Сақталады	Жылға арналған ІАҚ Жоспарын құру негізі «KEGOC» АҚ әзірленген Компания тәуекелдерінің тізілімі болып табылады, себебі ресурстар едәуір (үлкен) тәуекелдер (фактор-тәуекелге ұшырағыштық) сәйкес болатын, Компания қызметінің бизнес-процестеріне және бағыттарына шоғырлануы тиіс.
13	ІАҚ өз қызметін жүзеге асыру кезінде ішкі бақылау жүйесінің және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды, ішкі аудит саласындағы қызметтің жалпыға бірдей қабылданған стандарттарын және корпоративтік стандарттарды және корпоративтік басқаруды бағалау саласындағы Қордың ұсынымдарын қолдана отырып, корпоративтік басқаруды бағалауды, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды жүргізуге тиіс.	Сақталады	ІАҚ ішкі бақылау жүйесінің және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды, ішкі аудит саласындағы қызметтің жалпыға бірдей қабылданған стандарттарын және корпоративтік стандарттарды және корпоративтік басқаруды бағалау саласындағы Қордың ұсынымдарын қолдана отырып, корпоративтік басқаруды бағалауды, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды кезең-кезеңмен жүргізеді.
14	ІАҚ басшысы ішкі аудит қызметінің барлық түрлерін қамтитын және ІАҚ қызметіне ішкі және сырттай бағалауды міндетті түрде жүргізуді көздейтін кепілдік беру және сапаны арттыру бағдарламасын әзірлеуге және қолдауға тиіс. ІАҚ, оның басшысының және қызметкерлері жұмысының тиімділігін бағалауды ІАҚ есептерін қарау, жылдық аудиторлық жоспардың орындалуы мерзімінің сақталуы және есептіліктің берілуі, ІАҚ стандарттарының және ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына есептің сәйкестігі негізінде Директорлар кеңесі жүзеге асырады.	Сақталады	Компанияда Аудит комитетімен мақұлданған (2013 ж. 12.12. №14 хаттама), аудит қызметінің барлық түрлерін қамтитын және ІАҚ қызметіне ішкі және сырттай бағалауды міндетті түрде жүргізуді көздейтін «KEGOC» АҚ Ішкі аудит қызметінің кепілдік беру және сапаны арттыру бағдарламасы әзірленіп, іске асырылуда. Ішкі аудит қызметінің басшысы Ішкі аудит қызметінің барлық жұмысын, соның ішінде консультативтік түрін де қамтитын КСАБ-ға жауапты болады.
7-тарау. Ашықтық			
1	Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында Компания қаржылық жағдайды, қызмет нәтижелерін, меншік құрылымын және басқаруды қоса алғанда, өз қызметінің барлық маңызды аспектілері туралы ақпаратты уақтылы және сенімді ашады.	Сақталады	Компания сайтында Қазақстан Республикасының заңнамасына және «KEGOC» АҚ акционерлерінің мүдделерін қозғайтын Биржаның листингтік ережелеріне сәйкес барлық ақпарат ашылатын «Инвесторларға және акционерлерге» бөлімі құрылды. Барлық ақпарат уақтылы орналастырылады. 2016 жылы KASE ақпарат орналастыру мерзімдерін, сапасын бұзу фактілері анықталмады.
2	Компания Қазақстан Республикасының заңнамасында және ішкі құжаттарда көзделген ақпаратты уақтылы ашады. Компанияда ақпаратты ашуға және қорғауға арналған қағидаттар мен тәсілдерді айқындайтын ішкі құжаттар, сондай-ақ мүдделі тараптарға ашылатын ақпараттың тізбесі бекітілуге тиіс. Компания ақпаратты қолжетімділік санатына жатқызу тәртібін, ақпаратты сақтау және пайдалану шарттарын, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпаратқа еркін қол жеткізу құқығын иеленетін және оның құпиялылығын қорғау шараларын қабылдайтын тұлғалар тобын айқындайды.	Сақталады	«KEGOC» АҚ Инсайдерлік ақпаратты басқару ережесіне сәйкес, инсайдерлік ақпарат – Компанияның құнды қағаздары, олармен мәміле жасасу туралы, сондай-ақ құнды қағаздарды шығарған Компания туралы, онымен коммерциялық құпияны құрайтын қызмет туралы, сондай-ақ үшінші тұлғаларға мәлім емес, Компанияның құнды қағаздарының бағасына және компанияның қызметіне әсер тигізе алатын басқа да ақпарат. «KEGOC» АҚ-да ақпаратты ашу мен қорғау үшін қағидаттар мен тәсілдерді регламенттейтін нормативтік құжаттар, сондай-ақ құжаттар тізбесі бекітілді: • Ақпараттық саясат; • «KEGOC» АҚ инсайдерлік ақпаратты басқарудың ережелері; • Басқарма Төрағасының «Ашылуға тиесілі ақпараттың тізбесі туралы» бұйрығы; • Директорлар кеңесінің шешімі бойынша инвесторлар мен акционерлерді хабардар етуге тиісілі мәселелердің тізбесі; • «KEGOC» АҚ құпиялы ақпаратты қорғау мен құпиялылығын сақтауды қамтамасыз ету ережелері.
3	Компания Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (бұдан әрі – ҚЕХС) сәйкес дайындалған аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін, сондай-ақ ҚЕХС сәйкес дайындалған, есепті кезеңнің бірінші тоқсаны үшін, жартыжылдығы үшін және алғашқы тоғыз айы үшін қаржылық есептілігін өзінің интернет-ресурсына уақтылы орналастыруға тиіс. Қаржылық есептіліктің негізгі нысандарынан басқа Компанияның қаржылық жағдайы туралы қосымша ақпаратты ашу ұсынылады.	Сақталады	Компания сайтында «Инвесторларға және акционерлерге» бөлімінде Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (бұдан әрі – ҚЕХС) сәйкес дайындалған аудиттелген жылдық қаржылық есептілік, сондай-ақ ҚЕХС сәйкес дайындалған, есепті кезеңнің бірінші тоқсаны үшін, жартыжылдығы үшін және алғашқы тоғыз айы үшін қаржылық есептілік орналастырылады. Аталған барлық есептілік уақытында, белгіленген мерзімдерге сәйкес орналастырылады.
4	Компания тараптық тұлға ретінде мүдделі тараптарға қаржылық есептіліктің дұрыстығы және оның ҚЕХС талаптарына сәйкестігі туралы объективті пікір беретін тәуелсіз және білікті аудиторды тарту арқылы жыл сайынғы қаржылық есептілік аудитін жүргізуге тиіс. Егер жылдық қаржылық есептілік аудитін жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе ұйымның ішкі құжаттарында көзделсе, жылдық аудит бөлігіндегі нормалар қолданылады.	Сақталады	2016 жылы қаржылық есептілік аудиті тәуелсіз аудиторлық ұйымымен, 2006 жылғы 11 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Аудиторлар Палатасының кәсіби ұйымы мүшесімен «Эрнст энд Янг» ЖШС-мен жүзеге асырылды. Шарт аудитормен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-на тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу қағидаларына сәйкес 2016-2018 жылдар кезеңіне жасасылды. Компанияда қаржылық есептілікті тоқсан сайын шолу, сондай-ақ аудиторлармен жартыжылдыққа және жылға арналған қаржылық есептілікті тексеру жүргізіледі.

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2-мақсат. Компанияның тұрақты қаржылық дамуын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

2016 жылы «KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін сақтауы туралы ақпарат (жалғасы)

Кодекс ережесінің №	«KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары	Сақталады/ Сақталмайды/ Ішінара сақталады	Кодекс ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы ақпарат
7-тарау. Ашықтық			
5	Компания жылдық есепті осы Кодекстің ережелеріне және ақпаратты ашудың озық практикасына сәйкес дайындауға тиіс. Жылдық есепті Директорлар кеңесі бекітеді.	Сақталады	Жыл сайын Компания Жылдық есепті дайындайды, ол акционерлер және басқа да мүдделі тараптар үшін ақпараттың негізгі көздерінің бірі табылады. 2015 жылға арналған жылдық есеп әзірленіп, Директорлар кеңесімен бекітілді және жылдық АНҚ өткізуге дейін сайтта орналастырылды. Жылдық жоспар «KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне, Қазақстандық қаржы биржасының листингтік ережелерінің талаптарына, есептерді әзірлеуде әлемдік үрдістерге сәйкес дайындалды. «KEGOC» АҚ жылдық жоспарлары бірнеше жыл аралығында Қазақстандық қаржы биржасының қолдауымен өткізілетін RAEX Республикалық жылдық есептер конкурсында (Қазақстан РА сарапшысы) жүлделі орынға ие болуда. Осылайша, 2016 жылы Компания 137 компания арасындағы «Тұрақты даму туралы үздік есеп», «Үздік интерактивтік жылдық есеп» номинацияларында жеңімпаз және « Дизайн және полиграфия» номинациясында күміс жүлдегері атанды. АО «KEGOC» жылдық есебі қазақстандық компаниялардың үздік жылдық есептерінің бестігіне енді.
6	Интернет-ресурс жақсы құрылымдалған, навигация үшін қолайлы болуға және мүдделі тұлғаларға Компанияның қызметін түсіну үшін қажетті ақпаратты қамтуға тиіс.	Сақталады	Компанияның ресми сайты www.kegoc.kz заманауи интерфейсті қолданумен, сайт және жеке беттер бойынша қолайлы навигациясымен («юзабилити») жаңартылды. Сайт қозғалтқышы негізінде БИТРИКС тұғырнамасын CMS бұзушылықтарынан қорғау күшейтілді. Ақпаратты «Іздеу» функциясы (ескі сайтта ол мүлдем болмады), сайтты басқарудың жаңа элементтері, сондай-ақ «ауысатын фотосуреттері бар слайдер», «жүгіртпе жол» жаңа модулдері енгізілді. Барлық стейкхолдерлерге ақпаратты уақытылы және сапалы ашуға бағытталған «KEGOC» АҚ сыртқы сайтын толықтырудың Жоспар-кестесі әзірленіп, бекітілді. Құрылымдық бөлімшелерге құзырет бойынша, Жоспар-кестеге сәйкес ақпаратты жаңарту қажеттілігі туралы жадынама-ескертпе арқылы мониторингтұрақты түрде жүргізіледі.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Өз қызметінде «KEGOC» АҚ басқа мемлекеттердің энергетика жүйлерімен өзара әрекеттеседі:

- Ресей Федерациясы («ФСК БЭЖ» ЖАҚ, «СО БЭЖ» ААҚ, «Интер РАО» ЖАҚ),
- Қырғыз Республикасы («Электр станциялары» ААҚ, «Қырғызстан ҰЭС» ААҚ),
- Өзбекстан Республикасы («Өзбекэнерго» АҚ),
- Тәжікстан Республикасы «Барки Точик» АҚХК.

Осылайша, 2016 жылы Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының бірыңғай энергетика жүйелерінің қатарлас жұмысын қамтамасыз ету шаралары жөніндегі 2009 жылғы 20 қарашадағы Үкіметаралық келісімге сәйкес 2010 жылдан бастап қатарлас жұмысты қамтамасыз ету жөнінде жасалған шарттар бойынша Ресей Федерациясының контрагенттерімен «KEGOC» АҚ-ның өзара қатынастары жалғасты. Аталған шарттар Қазақстан БЭЖ және Ресей БЭЖ қатарлас жұмыс жасауы кезінде тараптардың негізгі техникалық және қаржылық міндеттерін регламенттейді:

- Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының электр энергетика жүйелерінің қатарлас жұмысы туралы шарт;
 - Ресей БЭЖ-дің шекарасында Қазақстан БЭЖ электр энергиясы ағындарының нақты мемлекетаралық сальдосының жоспардағыдан сағаттық ауытқуларын сатып алу-сату туралы «KEGOC» АҚ және «Интер РАО» ЖАҚ арасында жасалған шарттар;
 - «KEGOC» АҚ желісі бойынша электр қуатының берілісі (транзиті) жөніндегі қызметтерді көрсетудің шарты.
- 2016 жылы «KEGOC» АҚ және «Интер РАО» ЖАҚ арасындағы шарттар бойынша Қазақстанның БЭЖ және Ресейдің БЭЖ шекарасындағы іс жүзінде сальдо-ағынның ауытқулардың сағаттық көлемдерін өтеу мақсатында электр қуатын сатып алу-сату жөніндегі операциялар жүзеге асырылды.
- 2016 жылы «KEGOC» АҚ және «ФСК БЭЖ» ЖАҚ арасындағы шартқа сәйкес Ресей Федерациясы – Қазақстан Республикасы – Ресей Федерациясы бағыты бойынша «KEGOC» АҚ желіслері арқылы электр қуатын беру (транзит) жүзеге асырылды.

- Сонымен қатар, 2016 жылы Орталық Азия мен Қазақстанның энергия жүйелерінің қатарлас жұмысы шеңберінде:
- «KEGOC» АҚ және «Узбекэнерго» АҚ арасындағы шарт бойынша Өзбекстан энергетика жүйесі үшін қуатты (жиілікті) реттеу жөніндегі қызметтер көрсетілді;
 - «KEGOC» АҚ және «НЭС Қырғызстана» ААҚ арасындағы шарттар бойынша Қазақстан мен Қырғызстанның энергетика жүйелері арасындағы жоспардан тыс ағындарды реттеу үшін электр қуатын сатып алу-сату операциялары жүзеге асырылды.
- Шекаралас елдермен тиімді электр энергетикалық нарықты құруға және халықаралық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу мақсатында 2016 жылы «KEGOC» АҚ:
- ТМД Электр энергетикалық кеңесі Атқарушы комитетінің жұмыс органдарының отырыстарына;
 - Душанбе қ. және Уфа қ. ТМД Электр энергетикалық кеңесінің 49-шы және 50-ші отырыстарына;
 - Әлемдік Энергетикалық Кеңестің (ӘЭК) жұмысына;
 - EURELECTRIC қауымдастығының жұмысына;

- Орталық Азияның Үйлестіру электр энергетикалық кеңесінің жұмысына (ОА ҰЭК).
- 2013 жылғы мамыр айынан бастап «KEGOC» АҚ адам құқықтары, еңбек қарым-қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын ұстану жөніндегі негізгі халықаралық бастамалардың бірі – БҰҰ Ғаламдық шартының мүшесі болып табылады. Компания оның шарттарын орындап, БҰҰ Ғаламдық шарты қағидаттарын қолдану бойынша қол жеткізілген прогресс туралы жыл сайын хабарлай отыра, Ғаламдық шарттың қағидаттарын қатаң ұстануда.
- 2016 жылы «KEGOC» АҚ Жоғарғы кернеулі үлкен электр жүйелері жөніндегі халықаралық кеңестің (Conseil International des Grands Reseaux Electriques – CIGRE) ұжымдық мүшесі атанды. Бүгінгі таңда CIGRE әлемнің көптеген елдерінде саланың даму стратегиясын қалыптастыруға айтарлықтай әсер ететін, энергетика саласындағы ең беделді және маңызды халықаралық ғылыми-техникалық қауымдастықтың бірі болып табылады.

3-мақсат. Тұрақты даму

ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ

Батыс Қазақстан:

- 7 ҚС
2 426 МВА
- ӘЖ 967 км

Ақтөбе ЖЭТ

Батыс ЖЭТ

- ӘЖ 1 682 км
- 5 ҚС
950 МВА



Қарақұйрық (лат. *Gazella subgutturosa*)

— қуыс мүйізділер тұқымдастарының киік түрлерінің ішіндегі аша тұяқты сүт қоректі жануар. Шөл, жартылай шөл далаларды, тасты, сазды жерлерді және сирегірек қураған өсімдігі аз құмды жерлерді мекендейді.

Таралу аймағының солтүстік бөлігі орналасқан Қазақстандағы қарақұйрықтар түрлері мен бөкендердің тұқымдас түрлерінің жалғыз өкілі.

Үстірт, Барсакелмес қорықтарында, Алтын емел ұлттық саябағында, Ақтау-Бұзашы қаумалында және бірқатар мемлекеттік аң шаруашылықтарында қорғалады.

3-мақсат. Тұрақты даму

КАДР САЯСАТЫ

«KEGOC» АҚ кадр саясаты оның табысын белгілейтін маңызды стратегиялық факторы болып табылады. «KEGOC» АҚ адами ресурстарының менеджменті Корпоративтік басқару кодексі, Іскерлік этика кодексі, біріктірілген менеджмент жүйесі, Кадр саясаты, «KEGOC» АҚ персоналын ынталандыру саласында ішкі құжаттар қағидаттары негізінде жүзеге асырылады. Компанияның кадр саясаты адами ресурстарды пайдаланудың экономикалық және әлеуметтік тиімділігі арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуге бағытталған.

Кадр саясатының негізгі басымдықтары:

- біліктілігі жоғары қызметкерлерді тарту, дамыту және ұстап қалу;
- персоналды басқарудың озық әдістерін енгізу;
- кадр резервін қалыптастыру;
- бірлескен құндылықтарды, әлеуметтік нормаларды және қызметкердің мінез-қылығын регламенттейтін нормаларды әзірлеу және жасау;
- әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу, еңбек дауларын алдын алу және болдырмау;
- «KEGOC» АҚ-да инновацияларды және өзгерістерді қолдау.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша еншілес ұйымдарды ескере отыра, компания қызметкерлерінің сандық құрамы 4 728 адамды құрайды.

Компаниядағы жалдау рәсімі «KEGOC» АҚ-ның бос лауазымдарына арналған Конкурстық іріктеу ережесіне сәйкес жүзеге асырылады. Жалдаудың ашықтығын қамтамасыз ету үшін біліктілігі жоғары мамандарды іздеу және іріктеу жүзеге асырылады, кандидаттар бойынша база жүргізіледі, персоналды таңдау, соның ішінде кандидаттардың білім деңгейін тексеру үшін тестілеу элементтері бар ашық конкурстық рәсімдері енгізілді. Лауазымға қолайлы орналасу үшін бейімделу рәсімі енгізілді. Өндірістік персоналдың жас кадрларындағы кәсіби біліктіліктің, машықтары мен дағдыларының деңгейін арттыру, олардың кәсіби дамуында көмек көрсету, корпоративтік мәдениетке бейімделуі,

«KEGOC» АҚ-да дәстүрлерді және мінез-құлық ережелерін ұстануы үшін, сондай-ақ өндірістік персоналдың тәжірибелі қызметкерлерінің құзыреттіліктерін сақтау үшін тәлімгерлік жүйесі енгізіліп, әрекет етуде. Осылайша, 2016 жылы «KEGOC» АҚ филиалдарында тәжірибелі басшылар мен мамандар қатарынан 53 тәлімгер, сондай-ақ 58 тағылымгер (жаңадан қабылданған және аударылған қызметкерлер) тағайындалды. Жыл сайын «Жылдың үздік тәлімгері» конкурсы өткізіледі.

Компания персоналы білімнің жоғарғы деңгейімен сипатталады: қызметкерлердің 62,4% жоғарғы білімі бар, 28,1% – арнайы орташа білімі барлар. Соның ішінде жоғарғы білімі бар өндірістік персонал – 56,6%, жоғарғы энергетикалық білім – 32,0%, ал білікті жұмысшылар арасында энергетикалық (жоғарғы және арнайы орташа) білім 30,0%-дан астам қызметкерде бар.

Компанияның табысты қызметінің басты факторларының бірі персоналды дамыту, яғни қызметкерлерді таңдау, біліктілігін арттыру және кәсіби өсуіне бағытталған іс-шаралар жиынтығы болып табылады. «KEGOC» АҚ-да аталған процестің үздіксіздігін қамтамасыз ететін, персоналды оқытудың келесі негізгі түрлері пайдаланылады:

- өздігінен оқыту (өз бетімен білім алу);
- өндірістегі ұйымдастырылған оқыту (өндірістік-техникалық оқу);

- мамандандырылған оқу ұйымдарының біліктілікті арттыру курстарында өндірістен қол үзбей, қысқа-мерзімді оқыту.

2016 жылы кәсіби оқытуды және дамуды 1 871 қызметкер немесе персоналдың сандық құрамынан 39,6%-ы жүзеге асырды. «KEGOC» АҚ-ның іс жүзінде оқытуға жұмсаған шығындары 185,3 млн.теңгені құрады, соның ішінде әкімшілік персонал бойынша 48,6 млн. теңге, өндірістік персонал бойынша 136,7 млн. теңге.

Қызметкерлер жұмысының нәтижелігін арттыру, олардың біліктілік деңгейін және атқаратын функционалдық міндеттерінің сапасын бағалау мақсатында жыл сайынғы негізде компьютерлік тестілеу элементтерін қолданумен, «KEGOC» АҚ қызметкерлерін аттестациялау жүргізіледі. Есептік кезеңде 685 қызметкер аттестациядан өтті, соның ішінде 656 қызметкер «KEGOC» АҚ-дан, сондай-ақ 29 қызметкер «Энергоинформ» АҚ-дан.

«KEGOC» АҚ кәсіпорында өндірістік персоналды оқытудың қосарлы жүйесін ендіру жұмысын жалғастыруда. «Электр станциялары мен желілерінің электр құрылғысы» мамандығы бойынша студенттерді оқытуда бизнестің қажеттілігін анықтау жұмысы жүргізілді. «Қарағанды политехникалық колледжі» КМҚК-мен әлеуметтік серіктестік туралы шартты жалғастыру шешімі қабылданды.

«KEGOC» АҚ қызметкерлеріне еңбекақы төлеу шарттары Еңбекақыны төлеу және сыйақы беру ережесімен регламенттеледі. Еңбекақы төлеудің қолданыстағы жүйесі келесі төлемдерден құралған: қызметкер; есептік кезеңдегі (жыл, тоқсан) жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы; еңбек демалысына жыл сайын төленетін сауықтыруға арналған материалдық көмек; қосымша ақы және үстемеақы; біржолғы сыйақылар (мерейтойларға, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне).

Бизнесті трансформациялау бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2017 жылы грейдтер негізінде еңбекақыны төлеу жүйесін енгізу жоспарлануда. Жүргізілетін жұмыс нәтижесі Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге, қызметтердің әлеуеті мен ниеттестігін арттыруға септігін тигізетін, ашықтық, әділдік және тиімділікті арттыру мақсатында еңбекақыны төлеу жүйесін бұдан әрі жетілдіру болады.

Компанияның динамикалық дамуы, айтарлықтай өндірістік және қаржылық табыстарға қол жеткізуі 2003 жылы қызметкерлердің кәсіби бірлестігін құруға мүмкіндік берді. Қазақстанның энерготехникалық саласы қызметкерлерінің кәсіби одағы – «Энерготехникалық сала қызметкерлерінің салалық кәсіби одағы» ҚБ (бұдан әрі – Кәсіподақ) – дербес ерікті қоғамдық бірлестік – өз қызметінде тәуелсіз, Қазақстан Республика-

сының барлық аумағында қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік билік органдарына, жұмыс берушілер мен бірлестіктерге, саяси ұйымдарға және басқа да қоғамдық бірлестіктерге есеп бермейді және олармен бақыланбайды. Ол өндірістік-салалық қағидат бойынша қалыптастырылды және тек Компания қызметкерлеріне ғана емес, сондай-ақ энергетика саласының барлық кәсіпорындарына, оқу және жобалық институттарға, зейнеткерлерге және тіпті мердігерлерге ашық. Кәсіподақтың негізгі міндеттерінің бірі оның мүшелерінің еңбек құқықтарын қамтамасыз ету, еңбек қатынастарын реттеу болып табылады. Сонымен қатар, Кәсіподақ еңбекті төлеу шарттарына, қызметкерлерді материалдық мадақтау нысандарына, тәртіптік жазаларды салуға дейінгі еңбек тәртібін сақтауға өз әсерін тигізеді. Кәсіподақ еңбек туралы заңнаманы сақтауды, кепілдіктер мен өтемақыларды, жеңілдіктерді және т.б. іске асыруды сақтауды бақылайды.

Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау жөніндегі Компания қызметі Ұжымдық шартпен, «KEGOC» АҚ кадр саясатымен, қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсетудің ережелерімен, қызметкерлерді мадақтау және олардың еңбегін тану жөніндегі ережелермен регламенттеледі. Компаниялар қызметкерлеріне материалдық көмек көрсетіледі, өтемақы төлемдері жүргізіледі, Компания қызметкерлерімен өздігінен жасасылған тұрғын үйді жалдау шарттары негізінде, тұрғын үй шығындарын «KEGOC» АҚ қаражаттары есебінен ішінара өтеу арқылы тұрғын үй мәселелерін шешуде жәрдем көрсетіледі. Бұдан басқа, Компания жыл сайын өз қызметкерлеріне ерікті негізде медициналық сақтандыруды жүзеге асырады.

2016 жылдың қыркүйегінде кәсіподақ конференциясында еңбек заңнамасының және қызметкер мүдделерінің өзгеруі есебінен, «KEGOC» АҚ және оның еңбек ұжымы арасында 2016-2020 жылдарға арналған жаңа Ұжымдық шарт бекітілді. Ұжымдық шарт оған қосылу рәсімдерін, еңбек тәртібін реттеу мәселелерін, соның ішінде әлеуметтік демалыстар кезіндегі демалыс уақыты, еңбекақыны төлеу, әлеуметтік кепілдіктер мен өтемақыларды беру мәселелерін көздейді, қызметкерлерді қолдау және кадр әлеуетін, медициналық сақтандыруды және қызметкерлердің мәдени-жаппай сауығын дамыту жөніндегі шаралар нақтыланды. Сондай-ақ, Ұлы Отан соғысы ардагерлерін және оларға теңестірілген тұлғаларды, Компанияның есебінде тұрған ардагер-энергетиктерді әлеуметтік қолдауға қатысты мәселелер де жазылған.

Кадрлық резервтің құрамына 2016 жылы 306 адам кірді, оны қалыптастыру жұмысы жоспарлы жүзеге асырылуда. 2016 жылы бос лауазымдарға тағайындаудың 82,1%-ы кадрлық резервке кіретін қызметкерлер қатарынан (28 лауазымнан 23 бос орын резервте

тұрғандармен толтырылды) жүргізілді.

«KEGOC» АҚ кадр саясатының стратегиялық көрсеткіштерінің бірі «Самұрық-Қазына» АҚ бекітілген Әдіснамаға сәйкес өндірістік персонал қызметкерлері арасында белгіленетін, әлеуметтік тұрақтылық рейтингі болып табылады. 2016 жылы персоналды басқару жүйесін жетілдіру бойынша жүргізілген жұмыс «KEGOC» АҚ-да әлеуметтік тұрақтылық рейтингіне 82% деңгейінде қол жеткізуге мүмкіндік берді.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

«KEGOC» АҚ экологиялық саясатының мақсаты – қоршаған ортаға теріс әсерді азайту, экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру, Қазақстанның ҰЭЖ дамыту кезінде қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге жауапкершілік, энергияны сақтау және Компания қызметінде табиғи және энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалану. Электр тасымалдаудың әуе желістері мен ашық тасымалдау құрылғылары қоршаған ортаны ластанудың белсенді көздері болып табылмайды. Электр желістерінің және шағын станциялардың жұмыс жасауы кезінде қоршаған ортаға әсер етудің негізгі көздері келесілер болып табылады:

- физикалық факторлар (өнеркәсіптік жиіліктің электр магниттік өрісі, шу, дүріл және басқа да физикалық факторлар);
- «ЖЭТ» «KEGOC» АҚ филиалдарының желістерге және кіші станцияларға пайдаланушылық қызмет көрсету кезіндегі шаруашылық қызметі;
- шағын станциялардың құрылғыларын пайдалану, жөндеу және жаңғырту кезінде пайда болатын өндіріс қалдықтары;
- инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде табиғатты қорғаудың іс-шаралары.

Қоршаған ортаға теріс әсерді азайту үшін Компанияда Экологиялық менеджмент жүйесі (ЭМЖ) жұмыс жасайды. «KEGOC» АҚ-да 2016 жылғы барлық экологиялық тәуекелдер басқарылатын жағдайларда орналасуда, тәуекелдерді талдап тексеру «KEGOC» АҚ-ның экологиялық аспектілер тізілімінде айқындалды.

Өнеркәсіптік жиіліктің электр магниттік өрісінің әсер етуінен қорғану мақсатында «KEGOC» АҚ объектілерінде санитарлық-қорғау аумақтары қарастырылған, шағын станцияларда стационарлық қорғаныс құрылғылары құрылды, «KEGOC» АҚ қызметкерлері қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілді. 2016 жылы еңбек шарттары бойынша өндірістік объектілері аттестациялау шеңберінде Ақмола ЖЭТ, Ақтөбе ЖЭТ және Солтүстік ЖЭТ шағын станцияларында электр өрісінің, шулардың және басқа да физикалық факторлардың кернеуін өлшеу жүргізілді.

ЖЭТ филиалдары инфрақұрылымының шару-

ашылық қызметінде пайда болатын шығарылымдар және түсірілімдер саны көлемі бойынша болмашы және қоршаған ортаға эмиссиялардың әзірленген нормативтерімен регламенттеледі. ЖЭТ филиалдарында, ШҰШ нормативтеріне сәйкес зиянды заттарды шығарудың стационарлық көздері белгіленді. ЖЭТ филиалдарында стационарлық көздердің шығарылымдарын қысқарту мақсатында операциялық мониторинг – құрылғының әрбір бірлігінің жұмыс жасау сағаттарының санын және материал шығысын есепке алу жүргізіледі. Шығарылымдардың қысқаруы мамандандырылған ұйымдармен жүргізілген өндірістік, экологиялық мониторингі нәтижелерімен расталды. Стационарлық көздерден жаппай шығарылымдардың көлемі жылға белгіленген 25,7 тонна нормативінде, 2016 жылы 21,06 тоннаны құрады.

Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасы талаптарына сәйкес 2016 жылы ЖЭТ филиалдарында 2015 жылғы Компанияның қызметі шеңберінде қоршаған ортаға шығарылған жылыжай газдардың түгіндеуі жүргізілді. Автокөліктерден, резервтік қоректенуге арналған құрылғылардан, элегаздық ажыратқыштардан жылыжай газдары шығарылымдарының есептеулері орындалды. 20 мың тоннадан астам көлемде жылыжай газдарының шығарылымдары квоталауға тиесілі болғандықтан, белгіленген шектен төмен шығарылымдар көлемімен «KEGOC» АҚ жылыжай газдары шығарылымдарына квоталарды үйлестірудің Ұлттық жоспарына сәйкес жылыжай газдары шығарылымдарын квоталау талаптарына сәйкес келмеді.

Технологиялық процесте су пайдаланылмайды, сондықтан Компаниямен оны тұтыну көлемдері болмашы болады. Су объектілері мен бедерге шығарылымдар жүзеге асырылмайды. ЖЭТ жеті филиалы объектілерінде артезиандық көздер бар. Инвестициялық жоба шеңберінде шағын станциялар объектілерін қалпына келтіру жобаларын 2015-2016 жж. іске асыруда «KEGOC» АҚ-мен май ажыратқыштарды элегаздық немесе вакуумдық ажыратқыштарға ауыстыру жүзеге асырылды. Майсыз құрылғыны пайдалану экологиялық болып табылады, өрт қауіпсіздігін арттырады, жер асты сулардың және топырақтың ластануын болдырмайды.

Түріне қарай қалдықтар тіршілік ету әрекеті процесінде пайда болатын өндірістік және коммуналдық (қатты тұрмыстық қалдықтар) болып бөлінеді. Компаниядағы ең қауіптісі полихлордефинил (ПХД) – қалдықтары. Ақмола, Шығыс, Солтүстік филиалдардағы ПХД қалдықтары бар шағын станцияларда ПХД қауіпсіз сақтаудың орындары белгіленді, қауіпті қызмет объектілерін экологиялық сақтандыру шарттары жасасылды, қауіпті қалдықтардың төлқұжаттары дай-

ындалды. 2016 жылы «KEGOC» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелерінде 3179 тонна қалдық пайда болды, соның ішінде 1043 тонна полигондарда орналастырылды, қалдықтардың 533 тоннасы қайтадан пайдалану мақсаттары үшін кәдеге жаратуға тапсырылды. Трансформаторлық май және металл сынықтары мамандандырылған ұйымдарға өткізілді.

Электр желістері объектілерін техникалық ғимараттарға жаңғырту және салу жөніндегі жобаларды жоспарлау кезінде экологиялық заңнаманы сақтау талаптары енгізілді. Инвестициялық бағдарлама шеңберінде қоршаған ортаға әсер етуді бағалау көзделген. 2016 жылғы шілдеде «Қазақстанның БЭЖ-бен Павлодар энергия торабының байланысын күшейту» жобасының ТЭН түзету» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілді, оған жұртшылықтың, мемлекеттік органдардың, ҰЕҰ, БАҚ өкілдері және басқа да мүдделі тұлғалар қатысты.

«KEGOC» АҚ қоршаған ортаға айтарлықтай әсерін тигізбейді. Дегенмен, стратегиямен Компанияға қызметіне тиесілі, уәкілетті орган нормативтерімен белгіленгеннен 3%-дан көп стационарлық көздерден іс жүзіндегі шығарылымдарын қысқарту жөніндегі «KEGOC» АҚ-ның ерікті бастамасын сипаттайтын көрсеткіш белгіленді. 2016 жыл қорытындысы бойынша, экологиялық қауіпсіздік саласында алдын ала қолданылған бастамалардың арқасында, нормативке қарағанда стационарлық көздерден жаппай шығарылымдардың қысқаруы 18%-ды құрады.

МБЖ қадағалау аудитінің қорытындысы бойынша 2016 жылы Компания қызметінің ЭМЖ шеңберінде ISO 14001:2004 халықаралық стандарты талаптарына сәйкес келуі дәлелденді.

ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК

Компанияда қауіпсіз еңбек жағдайын жасау, технологиялық операцияларды орындау кезінде жарақаттанушылықты төмендету, жұмыскерлер еңбегінің өндірістік және санитарлық-тұрмыстық жағдайын жақсарту, зиянды және қолайсыз факторлардың ықпалын азайту бойынша жұмыстар тұрақты түрде жүргізіліп отырады.

2016 жылы «KEGOC» АҚ-да мыналар әзірленді:

1. 2016 жылға «KEGOC» АҚ-ның кәсіптік қауіпсіздік және денсаулық сақтау менеджменті жүйесі бойынша бағдарламасы;
2. Қауіптер және 2016 жылғы «KEGOC» АҚ тәуекелдерінің тізілімі;
3. Маңызды қауіптер және 2016 жылғы «KEGOC» АҚ тәуекелдерінің тізілімі.

2016 жылы Компания жұмыскерлері осы кезеңге жоспарланған медициналық қараудан өтті; бүкіл

заманауи оқу, біліктілікті көтеру түрлерімен қамтылды; қажетті жеке қорғау құралдарымен, оның ішінде электрлік қорғау құралдарымен, арнайы тағамдармен, дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етілді. Жұмыс барысында зиянды факторлардың ықпалына ұшыраған жұмыскерлер олардың жұмыс орындарында зиянды жағдайлардың бар-жоғын аттестациялау нәтижесі бойынша белгіленген нормамен өтемақы алып отырды. Ауысым алдында уақтылы медициналық куәландырудан өту қамтамасыз етілді.

Барлық филиалдарда жөндеу шараларын жүргізу кезеңінде қауіпсіз жұмысты ұйымдастыру және жүргізу бойынша семинарлар өткізілді, жөндеу бригадаларының қорғау құралдарымен, аспаптармен, тақе-лажбен, арнайы киімдермен жинақталуы тексеріліп, аттестаттау жүргізілді. Жұмыскерлерге қауіпсіз еңбек жағдайын ұйымдастыру деңгейін бағалау үшін өндірісте алған жарақат салдарынан туындаған еңбекке қабілеттілігін жоғалту уақытын көрсететін LTIFR коэффициенті қолданылады. 2016 жылы осы көрсеткіштің мәні 0-ге тең болды. Бұған қоса, 2016 жылы «Ақтөбе ЖАЭЖ» филиалында өліммен аяқталған бір бақытсыздық жағдайы орын алды: жұмыс барысында электромонтер қатарлас жатқан 35 кВ кернеулік ӘЖ-ге жол берілмейтін қашықтыққа жақындап, электр тоғына түсіп қалды. Арнайы тексеру жұмысы бақытсыздық жағдайы техника қауіпсіздігінің сақталмауы және жауапты тұлғалар тарапынан жұмыскерлердің әрекеттерін және олардың техника қауіпсіздігінің ережелерін сақтауын бақылаудың тиісінше жүргізілмеуі салдарынан болғанын анықтады. «KEGOC» АҚ объектілерінде жұмыс істеу барысында бақытсыздық жағдайларының алдын алу мақсатында, Компания ықтимал тәуекелдерді анықтау және талдау үшін өндірістің жұмыс барысын бейнелік жазып алу тәжірибесін енгізіп жатыр. Осы мақсатта қосалқы станциялар мен желілік бригадалар үшін 2016 жылы 129 цифрлық бейнекамера және 129 ноутбук сатып алынды, бұлар 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап өндірістік учаскелерде қолданыла бастайды.

Сонымен қатар, әр филиалдың Сенімділік және еңбекті қорғау қызметінің бір қызметкері «Жол қозғалысы қауіпсіздігін ұйымдастыру бойынша мамандардың біліктілігін көтеру» тақырыбы бойынша оқудан өтіп, сертификат алды. Білім алған жұмыскерлер жол қозғалысы ережелері бойынша жүргізушілермен сабақ өткізіп, сынақ қабылдайды.

Сонымен бірге, Компания жұмыскерлерінің өз қауіпсіздігі үшін жауапкершілігін арттыру мақсатында қауіпсіздік ережелерін бұзу салдарлары туралы бейнероликтер мен слайдтар әзірленді, олар персоналға көрсетіліп отырады. Барлық ЖАЭЖ филиалдарында объектілердің техникалық пайдалану, техника қа-

үйсіздігі, еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі жағдайына арнайы тексеру жұмыстары жүргізілді; Компания жұмыскерлері арасында 3301 кәсіптік білімді тексеру жүргізілді; барлық филиалдарда техника қауіпсіздігі күндері өткізілді, солардың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою бойынша шаралар әзірленді.

Жұмыс орындарын аттестациялау және әр жұмыс орнындағы еңбек ету жағдайын еңбекті қорғау ережелері мен нормаларына сәйкестендіру бойынша шаралардың жылдық жоспары орындалды. Жасалған шаралар өндірістік процестердің нәтижелілігін арттыруға, түзету және алдын алу әрекеттерін орындауға, НТҚ-ға сәйкеспеушіліктерді жоюға бағытталған.

«KEGOC» АҚ жыл сайын есептілік бойынша көпшілік мақұлдаған халықаралық стандарттарға сәйкес тұрақты даму жайында жеке Есеп дайындайды, содан Компанияның экологиялық, экономикалық және әлеуметтік саладағы қызметі жайлы толығырақ мағлұмат алуға болады.

«KEGOC» АҚ БИЗНЕСТІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

2015 жылы қызметтің тиімділігін арттыру, біртұтас ақпараттық кеңістік пен біріктірілген басқару жүйесін құру, сондай-ақ үнемі жетілдіріліп отыратын корпоративтік мәдениет құру бойынша жобаларды іске асыруды көздеген «KEGOC» АҚ бизнесін трансформациялау бағдарламасын іске асыру басталды.

Бизнесті трансформациялау бағдарламасының мақсаттары:

- озық іс-тәжірибелерді ескеріп, бизнес-процестер мен құрылымдарды стандарттау және оңтайландыру, қызметтің тиімсіздігін анықтау және жою;
- Компанияның ең үздік ықпалдасуы мен басқарылуын қамтамасыз ететін операциялық қызметі үшін заманауи әдіснамалық қор (стандартты процестер, ақпараттық жүйелер, деректер және бизнес-рөлдер) құру;
- Компания акционерлерінің заманауи талаптарына сәйкес тиімділікті және есептілікті бағалау жүйесін құру және енгізу. Бұл ретте басқарудың операциялық, сондай-ақ, жоғары деңгейіндегі тиімділік көрсеткіштері енгізілетін болады.

Трансформациялау бағдарламасы төрт кезеңде іске асырылады:

0. «Дайындық кезеңі» – негізгі бағдарламалық құжаттарды бекіту, команда жасақтау, кеңес берушілерді тарту, т.б. көзделген іске қосу кезеңі;

1. «Диагностика және дизайн», осы шегінде Компанияның қызметін жоғарылатуға бағытталған бастамалар жинақталды;

2. «Жоспарлау» – бірінші кезеңде анықталған бастамалар жобаларға жіктелді, олар Жобалар портфелінде көрсетілген;

3. «Іске асыру» – жобаларды тікелей іске қосу.

2016 жылы Компания 1-кезеңді, **«Диагностика және дизайн»** кезеңін іске асыру жұмысын аяқтады, осы шегінде:

- қолданыстағы стратегияларға талдау жасалды және оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді;
- процестер реинжинирингі және талдап тексеру қорытындылары бойынша мақсатты бизнес-процестер әзірленді;
- ҚНҚ дарағының құрылымы әзірленіп, бекітілді;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі Компанияның мақсатты ұйымдасқан құрылымын әзірледі және бекітті.
- ақпараттық технологияларды, ақпараттық қауіпсіздікті және деректерді басқаруды дамыту тұжырымдамасы әзірленді;
- ақпараттық технологияларды және деректерді басқаруды дамыту бойынша стратегиялар әзірленді;
- Компанияның өміршеңдігін арттыру бойынша жұмыстар жүргізілді.

Бүгінгі күні 2-кезеңді, **«Жоспарлау»** кезеңін іске асыру аяқталуда, осы барысында Компанияның тиімділігін арттыру бойынша бастамалар Компания Басқармасының шешімімен бекітілген Компанияның Жобалар портфелінде жіктелді.

2017 жылдың басында Компания бағдарламаның соңғы, шешуші **«Іске асыру»** кезеңін іске қосуға кірісті. Бұл кезеңнің міндеттері Компанияның Жаңғырту жөніндегі кеңесінің 2016 жылғы 15 ақпанда «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма Төрағасы Ө.Е.Шөкевтің қатысуымен өткен кеңейтілген отырысында бекітілген 2017 жылға Бизнесті трансформациялау бағдарламасын іске асырудың Жол картасында көрсетілген.



Қаржылық есептеме

ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ

Оңтүстік Қазақстан:

11 ҚС
4 229 МВА
ӘЖ 3 551 км

Алматы ЖЭТ

Оңтүстік ЖЭТ

ӘЖ 4 201 км
13 ҚС
3 395 МВА



Бұхар немесе тоғай **бұғысы** (лат. *Cervus elaphus bactrianus*) – шөл далада мекендейтін ақ бұғы түрлерінің жалғыз. Бұл бұғының жалпы санының 90%-дан астамы Орта Азия республикаларының аумағында орналасқан.

МСОП Қызыл кітабына (1-санат), Жойылып кету қаупінде тұрған жабайы жануарлар әлемі мен жабайы өсімдіктер әлемі түрлерінің халықаралық сауда-саттығы туралы конвенцияға енгізілген.

Қаржылық есептеме

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін тәуелсіз аудиторлардың есебімен бірге

Тәуелсіз аудиторлық ұйым, 2006 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Аудиторлар Палатасы кәсіби ұйымының мүшесі, «Эрнст энд Янг» ЖШС 2012 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «KEGOC» АҚ қаржылық есептемесіне сыртқы аудит жүргізіп келді. Ағымдық шарт 2016 – 2018 жылдарға көзделген.

Аудиторлық қызметті сатып алу «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 28 қаңтар шешімімен (Хаттама №126) бекітілген меншік немесе сенімді басқару құқығымен дауыс беруші акцияларының (қатысу үлесінің) елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі ұйымдардың Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу ережелерінің 139-тармағына сәйкес «бір көзден» тәсілімен жүзеге асырылды. 3 жылға аудиторлық қызмет көрсеткені үшін сыйақы сомасы ҚҚС қоса есептегенде 138 880 000 теңгені құрайды. «Эрнст энд Янг» ЖШС 2016 жылы аудиторлық емес қызмет жасаған жоқ.

Тәуелсіз аудитордың есебі **97**

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп **102**

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп **104**

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп. **105**

Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп. **107**

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер **108**



«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби даңы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 5960
Fax: +7 727 258 5961

Тәуелсіз аудитордың есебі

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ-ның акционерлеріне

Пікір

Біз «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - «ХҚЕС») сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (бұдан әрі - «ХАС») сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының кодексіне (бұдан әрі - «БХЭСК Кодексі») сәйкес Топқа қатысты біз тәуелсізбіз және біз БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Аудиттің шешуші мәселелері

Аудиттің шешуші мәселелері – біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген әрбір мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.



Біз есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселелерді қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

«Узбекэнерго» АҚ-ның дебиторлық берешегінің өтелемділігі

Топтың есепті күнге «Узбекэнерго» АҚ дебиторлық берешегінің едәуір қалдықтары бар. Басшылықтың бұл берешекті өтеу мүмкіндігін бағалау күрделі, едәуір дәрежеде субъективті болып табылады және жорамалдарға, атап айтқанда, «Узбекэнерго» АҚ-ның көрсетілген қызметтер үшін ақы жасау қабілетінің болжамына негізделеді. Осы себептермен, бұл мәселе біздің аудитіміз үшін барынша маңызды болып табылады.

Біз күмәнді дебиторлық берешек бойынша резервті есептеу процесін түсініп, Топтың есеп саясатының тиісті ережелерін қарастырдық. Біз Топ күмәнді дебиторлық берешек бойынша резервті айқындау үшін пайдаланған ақпаратты, оған қоса, дебиторлық берешектің есепті күнге дейін және кейін өтелуі туралы ақпаратты, дебиторлық берешектің жас құрылымы және дебиторлық берешекті резервтеудің қолданылатын деңгейлері жөніндегі ақпаратты сараладық. Біз «Узбекэнерго» АҚ-мен болған келіссөздердің ағымдағы мәртебесі мен түскен хат-хабарларды қарастырдық.

«Узбекэнерго» АҚ-ның дебиторлық берешегі туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 10- ескертпесінде ашылып көрсетіледі.

«КазИнвестБанк» АҚ мен «Delta Bank» АҚ-да орналастырылған активтердің құнын бағалау

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі «КазИнвестБанк» АҚ-ын лицензиядан айырғанын, «Delta Bank» АҚ-ның облигациялар бойынша дефолтын назарға ала отырып, сондай-ақ Топ бұл банктерде орналастырған қаражат сомасының қомақтығына орай осы банктерде орналастырылған ақша қаражаты мен депозиттердің құнын бағалау біздің аудитіміз үшін барынша маңызды мәселелердің бірі болды.

Біз банктерді санациялау жоспарлары туралы ақпаратты, оның ішінде Топ басшылығынан алынған қосымша түсіндірмелерді зерделеп, Топ басшылығы «КазИнвестБанк» АҚ мен «Delta Bank» АҚ-да орналастырылған активтердің құнын бағалау кезінде пайдаланған жорамалдарды бағаладық. Сондай-ақ біз Комитеттің стандартты емес операцияларды есепке алу және Топтың қаржылық есептерін дайындау жөніндегі хаттамаларымен танысып, банктермен есепті күннен кейін қол жеткізілген уағдаластықтарды қарастырдық. Біз бұл активтердің есепті күнге жіктелу дұрыстығын қарастырдық.

«КазИнвестБанк» АҚ мен «Delta Bank» АҚ-да орналастырылған активтердің құнын бағалау туралы мәліметтер шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 12-ескертпесінде ашылып көрсетілген.

**Топтың 2016 жылғы Жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат**

Басқа да ақпаратқа Топтың 2016 жылғы Жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен сол туралы біздің ол туралы аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. Топтың 2016 жылғы Жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп күнінен кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты басшылықтың және аудиторлық комитеттің жауапкершілігі

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, оның қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Аудиторлық комитет Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.



Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық айқындаған бухгалтерлік бағалау және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірді білдіру үшін ұйымның қаржылық ақпаратына және Топ ішіндегі шаруашылық қызметке қатысты жеткілікті болатын лайықты аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз жалпы басшылық ету, бақылау және Топ аудитінің жүргізілуі үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапты болып табыламыз.

Біз аудиторлық комитеттің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.



Сондай-ақ біз аудиторлық комитетке тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және аудиторлық комитетті барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда - тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз аудиторлық комитеттің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезек үшін шотырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты - Пол Кон.

Ernst & Young LLP

Пол Кон
Аудит жөніндегі партнер

Адилъ Сыздықов
Аудитор

Аудитордың 2013 жылғы 23 желтоқсандағы
№МФ - 0000172 біліктілік куәлігі

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы
Әл-Фараби даңғылы, 77/7

2017 жылғы 28 ақпан

Гульмира Тұрмағамбетова
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасында аудиторлық
қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік
лицензия: сериясы МФО - 2, № 0000003,
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
2005 жылғы 15 шілдеде берген

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп (2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)

Мың теңгемен	Ес- керт- пе	31 желтоқ- сан 2016 жыл	31 желтоқ- сан 2015 жыл
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	7	500.914.390	478.699.792
Материалдық емес активтер		855.032	1.036.367
Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар	7	664.471	1.939.241
Кейінге қалдырылған салық активтері	28	1.093	2.839
Қауымдасқан компанияларға инвестициялар	8	304.954	266.815
Байланысты тараптардан ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі	29	1.267.287	1.320.245
Өзге де ұзақ мерзімді қаржы активтері	11	–	5.968.419
Басқа да ұзақ мерзімді активтер		11.009	24.496
		504.018.236	489.258.214
Ағымдағы активтер			
Қорлар	9	1.686.312	1.982.353
Сауда дебиторлық берешек	10	15.746.830	23.431.376
Өтелуге жататын ҚҚС және басқа да салықтар бойынша алдын ала төлем		309.268	295.619
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		734.349	2.902.770
Өзге де ағымдағы активтер	11	477.988	352.190
Өзге де қысқа мерзімді қаржы активтері	12	61.403.727	65.572.190
Пайдалануға шектелген ақша қаражаты	13	15.626.798	2.349.629
Ақша қаражаты мен оның баламалары	14	32.055.378	9.030.762
		128.040.650	105.916.889
Сатуға арналған деп жіктелген активтер	6	–	161.511
Активтер жиыны		632.058.886	595.336.614

**Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп (2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)
(жалғасы)**

Мың теңгемен	Ес- керт- пе	31 желтоқ- сан 2016 жыл	31 желтоқ- сан 2015 жыл
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал	15	126.799.554	126.799.554
Меншікті сатып алынған акциялар	15	(930)	–
Активтерді қайта бағалау резерві	15	220.890.374	221.297.751
Басқа резервтер	15	(170.701)	(170.701)
Бөлінбеген пайда / (жинақталған шығын)		14.565.773	(6.949.990)
		362.084.070	340.976.614
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар, ұзақ мерзімді бөлік	16	95.143.995	149.139.660
Облигациялар, ұзақ мерзімді бөлік	17	47.368.104	–
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	28	66.807.914	64.677.142
Ұзақ мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек	18	2.417.810	–
		211.737.823	213.816.802
Ағымдағы міндеттемелер			
Қарыздар, қысқа мерзімді бөлік	16	27.334.944	22.090.879
Облигациялар, қысқа мерзімді бөлік	17	5.251.917	–
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	18	16.981.635	13.525.144
Құрылыс бойынша міндеттеме	19	683.430	683.430
Төленуге жататын дивидендтер	15	44	2.199.600
Алынған аванстар		1.042.525	751.166
Табыс салығынан басқа, салықтар бойынша берешек	20	3.340.265	559.515
Табыс салығы бойынша берешек		628.322	4.577
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	21	2.973.911	728.887
		58.236.993	40.543.198
Міндеттемелер жиыны		269.974.816	254.360.000
Капитал мен міндеттемелер жиыны		632.058.886	595.336.614
Бір жай акцияның баланстық құны (теңгемен)			
	15	1.389	1.307

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп (2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін)

Мың теңгемен	Ес- керт- пе	2016 жыл	2015 жыл
Кірістер	22	130.001.433	110.061.459
Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	23	(79.388.774)	(75.542.604)
Жалпы пайда		50.612.659	34.518.855
Жалпы және әкімшілік шығыстар	24	(17.640.430)	(8.564.705)
Өткізу шығыстары		(215.008)	(174.438)
Құнсыздануды қалпына келтіруден/(болған шығын)	7	(79.820)	5.353
Операциялық табыс		32.677.401	25.785.065
Қаржылық кірістер	25	6.535.086	3.876.505
Қаржылық шығыстар	25	(6.057.909)	(4.788.997)
Оң/(теріс) бағамдық айырма, нетто	26	2.346.713	(35.739.224)
Қауымдасқан компанияның табысындағы үлес	8	75.049	110.121
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерді сатудан болған (залал)/пайда	6	(85.802)	214.488
«Казинвестбанк» АҚ-да орналастырылған қаражаттың құнсыздануынан болған шығыстар	12	(645.891)	–
Басқа да кірістер	27	1.413.198	872.252
Басқа да шығыстар		(282.998)	(277.281)
Салық салғанға дейінгі пайда/(залал)		35.974.847	(9.947.071)
Табыс салығы бойынша (шығыстар)/жеңілдік	28	(8.384.696)	2.167.498
Бір жылғы пайда/(залал)		27.590.151	(7.779.573)
Бір жылғы жиынтық кіріс/(зиян) жиыны		27.590.151	(7.779.573)
Акцияға пайда			
Бас компанияның жай акцияларының ұстаушыларына келетін жылғы базалық және бөлінген пайда/(залал) (теңгемен)	15	106,12	(29,92)

**Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп
(2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін)**

Мың теңгемен	Ес- керт- пе	2016 жыл	2015 жыл
Операциялық қызмет			
Салық салғанға дейінгі пайда/(залал)		35.974.847	(9.947.071)
Салық салынғанға дейінгі пайданы/(залалды) таза ақша ағындарымен салыстыруға арналған түзетулер			
Тозу және амортизация		22.723.743	22.420.041
Қаржылық шығыстар	25	6.057.909	4.788.997
Қаржылық кірістер	25	(6.535.086)	(3.876.505)
(Оң)/теріс іске асырылмаған бағамдық айырма, нетто		(2.346.713)	45.952.373
Күмәнді сауда және басқа да дебиторлық берешек пен өзге де ағымдағы активтердің құнсыздануы бойынша резервті есептеу/(қалпына келтіру)	24	1.290.214	(1.969.605)
Ескірген қорларға резервті есептеу	24	385.867	80.681
«Казинвестбанк» АҚ-да орналастырылған қаражаттың құнсыздануынан болған шығыстар	12	645.891	–
Өтеусіз алынған негізгі құралдардан түскен кіріс	27	(872.939)	–
Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің шығуынан болатын залал		127.621	239.545
Негізгі құралдардың құнсыздануынан болған залал/(қалпына келтіру)	7	79.820	(5.353)
Қауымдасқан компанияның пайдасындағы үлес	8	(75.049)	(110.121)
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтердің қайта бағалануынан болған залал	6	–	481
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерді сатудан болған залал/(пайда)	6	85.802	(214.488)
Айналымдағы капиталға түзетулер			
Қорлардағы өзгеріс		(89.826)	(32.989)
Сауда-дебиторлық берешектегі өзгеріс		7.079.287	(6.549.880)
Өтелуге жататын ҚҚС және басқа да салықтар бойынша алдын ала төлемдегі өзгеріс		(13.649)	3.320.553
Өзге де ағымдағы активтердегі өзгеріс		(292.760)	(30.129)
Сауда және басқа да кредиторлық берешектегі өзгерістер		(1.343.918)	(597.441)
Алынған аванстардағы өзгеріс		291.359	(273.399)
Табыс салығынан басқа, салықтар бойынша берешектегі өзгеріс		2.780.750	(277.921)
Өзге де ағымдағы міндеттемелердегі өзгеріс		2.247.095	(705.175)
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары		68.200.265	52.212.594
Төленген пайыздар		(5.922.591)	(4.096.789)
Төленген табыс салығы		(2.355.541)	(1.072.964)
Өтеусіз алынған активтер бойынша табыс салығын өтеу	27	158.267	–
Алынған пайыздар		6.219.954	2.932.699
Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары		66.300.354	49.975.540

**Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп
(2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін) (жалғасы)**

Мың теңгемен	Ес- керт- пе	2016 жыл	2015 жыл
Инвестициялық қызмет			
Депозиттік шоттардан алу		74.266.160	28.500.146
Депозиттік шоттарды толықтыру		(65.488.341)	(38.605.228)
Пайдаланылуы шектелген ақша қаражатындағы өзгеріс		(13.682.155)	1.267.838
Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді өткізуден түскен түсім		115.209	1.632
Негізгі құралдарды сатып алу		(33.792.438)	(23.742.222)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(130.545)	(134.896)
Бала бақшасын салуға төленген қаражат		(21.534)	(185.337)
Қызметкерлерге берілген қарыздарды өтеу		9.354	27.194
«Казинвестбанк» АҚ-да орналастырылған ақша қаражатының басқа да қаржы активтеріне қайта жіктелуі	12	(19.826)	–
Қауымдасқан компаниядан түскен дивидендтер	8	36.910	–
Қауымдасқан ұйымның капиталына қатыс үлесін сатудан түскен түсімдер	6	10.839	–
Қауымдасқан компанияның жарғылық капиталының азаюы	6	64.870	–
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		(38.631.497)	(32.870.873)
Қаржылық қызмет			
Дивидендтерді төлеу		(8.681.517)	(8.858.003)
Қарыздарды өтеу		(44.951.558)	(14.194.528)
Облигацияларды шығару	17	49.023.111	–
Меншікті акцияларды сатып алу	15	(930)	–
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		(4.610.894)	(23.052.531)
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс		23.057.963	(5.947.864)
Валюта бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		(33.347)	1.016.503
1 қаңтарға ақша қаражаты мен оның баламалары		9.030.762	13.962.123
31 желтоқсанға ақша қаражаты мен олардың баламалары	14	32.055.378	9.030.762

*Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп
(2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін)*

Мың теңгемен	Жарғылық капитал	Активтерді қайта бағалау резерві	Меншікті сатып алынған акциялар	Басқа резервтер	Жинақталған залал/ бөлінбеген пайда	Жиыны
2015 жылдың 1 қаңтарына	126.799.554	221.756.419	–	(170.701)	11.392.194	359.777.466
Бір жылғы залал	–	–	–	–	(7.779.573)	(7.779.573)
Жиынтық залал жиыны	–	–	–	–	(7.779.573)	(7.779.573)
Дивидендтер (15-ескертпе)	–	–	–	–	(11.057.800)	(11.057.800)
Активтерді қайта бағалау резервін көшіру (15-ескертпе)	–	(458.668)	–	–	458.668	–
Қауымдасқан компанияның капиталындағы өзге де өзгерістер	–	–	–	–	36.521	36.521
2015 жылдың 31 желтоқсанына	126.799.554	221.297.751	–	(170.701)	(6.949.990)	340.976.614
2016 жылдың 1 қаңтарына	126.799.554	221.297.751	–	(170.701)	(6.949.990)	340.976.614
Бір жылғы пайда	–	–	–	–	27.590.151	27.590.151
Жиынтық кіріс жиыны	–	–	–	–	27.590.151	27.590.151
Дивидендтер (15-ескертпе)	–	–	–	–	(6.481.765)	(6.481.765)
Акционерлерден сатып алынған меншікті акциялар (15-ескертпе)	–	–	(930)	–	–	(930)
Активтерді қайта бағалау резервін көшіру (15-ескертпе)	–	(407.377)	–	–	407.377	–
2016 жылдың 31 желтоқсанына	126.799.554	220.890.374	(930)	(170.701)	14.565.773	362.084.070

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Электр Желілерін Басқару жөніндегі Қазақстан Компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания» немесе «KEGOC») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 қыркүйектегі № 1188 Қаулысына сәйкес «Қазақстанэнерго» бұрынғы Ұлттық энергетика жүйесі активтерінің бір бөлігін беру арқылы құрылды.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның негізгі акционері «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») болып табылды (90 пайыз оған қоса бір акция). Самұрық-Қазына Қазақстан Республикасы Үкіметінің бақылауында.

2014 жылғы 19 желтоқсанда Компания «Халықтық IPO» бағдарламасының шеңберінде Қазақстан Қор Биржасында бір акция үшін 505 теңге бағасымен 25.999.999 жай акцияны (10 пайыз минус бір акция) орналастырды.

KEGOC компаниясы Қазақстанда электр қуатын беру, техникалық диспетчеризациялау және электр қуатын өндіру-түтіну теңгерімін ұйымдастыру қызметтерін көрсететін ұлттық компания болып табылады. Мемлекет тағайындаған жүйелік оператор ретінде Компания орталықтандырылған оперативтік-диспетчерлік басқаруды жүзеге асырады, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен параллельді жұмысты қамтамасыз етеді, энергия жүйесінде теңгерімді қолдап отырады, жүйелік қызметтерді көрсетеді және электр қуатының көтерме нарығының субъектілерінен қосалқы қызметтерді сатып алады, сондай-ақ электр қуатын ұлттық электр желісі (бұдан әрі – «ҰЭЖ») арқылы беріп, оған техникалық қызмет көрсетеді және пайдалануға дайындық күйінде ұстап отырады. ҰЭЖ шағын станциялардан, бөлу құрылғыларынан, өңіраралық және (немесе) мемлекетаралық электрді беру желілерінен және кернеуі 220 киловольт әрі одан жоғары болатын электр станцияларының электр қуатын беретін электрді беру желілерінен тұрады.

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның келесі еншілес ұйымдарда қатысу үлестері болды:

Компания	Қызмет	Қатысу үлесі	
		2016 жылғы 31 желтоқсан	2015 жылғы 31 желтоқсан
«Энергоинформ» АҚ	KEGOC қызметін ақпараттық қамсыздандыру	100%	100%
«Жаңартылатын қуат көздерін қолдау бойынша есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС	Жаңартылатын қуат көздерін пайдаланатын объектілер өндірген және Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің электр желілеріне жеткізілген электр қуатын орталықтандырылған сатып алу және сату	100%	100%

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Компания мен оның еншілес ұйымдары бұдан әрі бірлесіп «Топ» деп аталады.

Топ қызметі Қазақстан Республикасының «*Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы*» 1998 жылғы 9 шілдедегі № 272-І Заңымен (бұдан әрі – «Заң») реттеледі, өйткені ол электр қуатын беру, желіге беретін техникалық диспетчерлеу және электр қуатын тұтыну мен электр қуатының өндірісін-тұтынуын теңестіруді ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсету аясында табиғи монополист болып табылады. Заңға сай, Топтың электр қуатын беру, техникалық диспетчерлеу және электр қуатының өндірісін-тұтынуын теңестіруді ұйымдастыру бойынша қызметтерге тарифтерін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және басқару комитеті (бұдан әрі – «Комитет») бекітеді.

Компанияның бас кеңсежайы мына мекенжайда тіркелген: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Тәуелсіздік даңғылы, 59-шы ғимарат.

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығаруға Компания басқармасының Төрағасы мен Бас бухгалтері 2017 жылғы 28 ақпанда бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес (бұдан әрі – «ХҚЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, қайта бағаланған құны бойынша көрсетілген негізгі құралдардың кейбір кластарын және есеп саясатында және осы аралық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ескертпелерінде көрсетілгендей әділ құны бойынша бағаланатын сату үшін қолда бар қаржы активтерін қоспағанда, бастапқы құны бойынша бағалау қағидатына сәйкес дайындалды. Шоғырландырылған қаржылық есептілік теңгемен көрсетілген, ал барлық сомалар, өзгесі көрсетілген жағдайлардан басқа, бүтін мыңдықтарға дейін дөңгелектенген.

Шоғырландыру негізі

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның және оның еншілес ұйымдарының қаржылық есептіліктері кіреді. Егер Топ инвестициялау объектісіне қатысудан болатын кіріспен байланысты тәуекелдерге ұшыраған жағдайда бақылау жасалады немесе мұндай кірісті алуға құқығы, сондай-ақ инвестициялау объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асырудың көмегімен кіріске әсер ету мүмкіндігі бар. Атап айтқанда, Топ тек егер келесі талаптар орындалса ғана, инвестициялар объектісін бақылайды:

- Топтың инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктерінің болуы (яғни, инвестициялар нысанының маңызды қызметін ағымдағы басқару мүмкіндігін қамтамасыз ететін қолдағы құқықтар).
- Топтың инвестициялау объектісіне қатысудан болатын ауыспалы кіріспен байланысты тәуекелдерге ұшырағышығының немесе мұндай кірісті алуға құқығы бар.
- Топтың инвестициялау объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асырудың көмегімен кіріске әсер ету мүмкіндігі бар.

Әдетте, дауыс беру көпшілігі бақылаудың болуымен негізделеді деп болжануда. Мұндай жорамалды растау үшін және Топтың инвестициялар объектісіне қатысты дауыс беру құқықтарының көпшілігі немесе ұқсас құқықтары болған кезде Топ мұндай инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктердің болуын бағалау кезінде барлық орынды фактілер мен жағдайларды ескереді:

- Инвестициялар объектісінде дауыс беру құқықтары бар басқа тұлғалармен келісім.
- Басқа келісімдермен негізделген құқықтар.
- Дауыс беру құқығы және Топқа тиесілі әлеуетті дауыс беру құқықтары.

Егер фактілер мен жағдайлар бақылаудың үш құрамдасы бірінің немесе бірнешеуінің өзгеруін растаса, Топ инвестициялар нысанына қатысты бақылаудың болуын қайтадан талдайды. Топ еншілес ұйымға бақылауды алған кезде еншілес ұйымның шоғырлануы басталады және Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылғанда тоқталады. Сатып алынуы немесе есептен шығарылуы жыл ішінде болған еншілес ұйымның активтері, міндеттемелері, кірістері мен шығыстары Топ бақылауды алған күннен бастап жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке қосылады және Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылған күнге дейін көрсетіледі.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)

Шоғырландыру негізі (жалғасы)

Басқа да жиынтық кірістің (БЖК) пайдасы немесе залалы және әрбір құрамдасы Топтың бас компаниясының меншік иелеріне және егер бұл бақыланбайтын қатысу үлестерінде теріс сальдоға әкеліп соқтырған жағдайда, бақыланбайтын қатысу үлестеріне жатады. Қажет болғанда еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі мұндай компаниялардың есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру үшін түзетіледі. Топтың ішінде операцияларды жүзеге асырудың нәтижесінде туындайтын барлық топішілік активтер мен міндеттемелер, капитал, кірістер, шығыстар мен ақша ағындары шоғырландыру кезінде толығымен алынып тасталады.

Бақылауды жоғалтпағанда еншілес ұйымдағы қатысу үлесінің өзгерісі капиталмен операция ретінде ескеріледі. Егер Топ еншілес ұйымның үстінен бақылаудан айырылып қалса, ол:

- Еншілес ұйымның активтері мен міндеттемелерін мойындауды тоқтатады (оның ішінде соған қатысы бар гудвил).
- Бақыланбайтын қатысу үлестерінің баланстық құнын мойындауды тоқтатады.
- Капиталда көрсетілген жинақталған бағамдық айырмаларды мойындау тоқтатады.
- Алынған сыйақының әділ құнын таниды.
- Қалған инвестицияның әділ құнын таниды.
- Операцияның нәтижесінде пайда болған артық шығуды немесе дефицитті пайданың немесе залалдың құрамында мойындайды.
- Бұрын БЖК құрамында танылған компоненттердегі бас компанияның үлесін Топ тиісті активтердің немесе міндеттемелердің тікелей шығарылуын жүзеге асырғандай етіп ХҚЕС-тің нақты талаптарына сәйкес пайда мен залалдың немесе бөлінбеген пайданың құрамында қайта жіктейді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2016 жылдың 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептерге қатысты күшіне енген стандарттар мен түсіндірмелерге қабылданған түзетулерді қоспағанда, 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді. Топ шығарылған, бірақ күшіне енген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Мұндай өзгерістердің сипаты мен әсері туралы ақпарат төменде ашылып көрсетілген. Жаңа стандарттар мен түзетулердің алғаш рет 2016 жылы қолданылғанына қарамастан, олар Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбеді.

Әрбір жаңа стандарттың (түзетудің) сипаты мен әсері төменде сипатталған:

14 ХҚЕС (IFRS) «*Кейінге қалдырылған тарифтік айырмалар шоттары*»

14 ХҚЕС (IFRS) міндетті стандарт болып табылмайды, әрі ол қызметі тарифтік реттелуге жататын ұйымдарға ХҚЕС-ті алғаш рет қолданғаннан кейін кейінге қалдырылған тарифтік айырмалардың шоттары бойынша қалдықтарға қатысты есеп саясатының қолданыстағы қағидаттарының көпшілігін қолдануды жалғастыруға рұқсат етеді. 14 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданатын ұйымдар кейінге қалдырылған тарифтік айырмалар шоттарын қаржылық жағдай туралы есепте бөлек жолдармен көрсетулері тиіс, ал мұндай қалдықтар бойынша қозғалыстарды – жиынтық кіріс туралы есепте бөлек жолдармен. Стандарт тарифтік реттеудің сипаты және соған байланысты тәуекелдер туралы, сондай-ақ мұндай реттеудің ұйымның қаржылық есептілігіне әсері туралы ақпаратты ашып көрсетуді талап етеді. 14 ХҚЕС (IFRS) 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Бұл стандарт Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

11 ХҚЕС-ке (IFRS) «Бірлескен қызмет» – «Бірлескен операцияларда қатысу үлестерінің сатып алынуын есепке алу» түзетулер

11 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер бірлескен операциялардың қатысушысы бірлескен операциядағы қатысу үлесінің сатып алынуын ескеруін талап етеді, әрі оның қызметі бизнестің бірігуін есепке алу үшін тиісті ЗХҚЕС (IFRS) қағидаттарына сай бизнесті білдіреді. Сондай-ақ түзетулер бірлескен операцияда бұрын болған қатысу үлестері, егер бірлескен бақылау сақталып қалса, дәл сол бірлескен операцияда қосымша қатысу үлесін сатып алу кезінде қайта бағаланбайтындығын түсіндіреді. Сонымен қатар, 11 ХҚЕС-ке (IFRS) қолданылу аясынан алынған ерекшелік қосылды, соған сай бұл түзетулер, егер бірлескен бақылауды жүзеге асыратын тараптар (есеп беретін ұйымды қоса алғанда) дәл сол бір түпкі бақылаушы тараптың жалпы бақылауында болса, қолданылмайды.

Түзетулер бірлескен операциядағы бастапқы қатысу үлесін сатып алуға қатысты, сол сияқты дәл сол бірлескен операциядағы қосымша үлестерді сатып алуға қатысты қолданылады және 2016 жылғы 1 қаңтарда басталатын жылдық кезеңдерге қатысты перспективті негізде күшіне енеді. Түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді, өйткені Топтың бірлескен операциялары жоқ.

16 ХҚЕС-ке (IAS) және 38 ХҚЕС-ке (IAS) «Рұқсат етілген амортизациялау әдістерін түсіндіру» түзетулер

Түзетулер 16 ХҚЕС (IAS) «Негізгі құралдар» және 38 ХҚЕС (IAS) «Материалдық емес активтер» қағидаттарын түсіндіреді, олар түсім активті пайдаланушы шеңберінде пайдаланылатын экономикалық пайданы емес, бизнес қызметінің (оның бір бөлігі актив болып табылады) нәтижесінде болатын экономикалық пайданың құрылымын көрсетеді. Нәтижесінде түсімге негізделген әдіс негізгі құралдарды амортизациялау үшін пайдалана алмайды және материалдық емес активтерді амортизациялау үшін сирек жағдайларға ғана пайдаланылуы мүмкін. Түзетулер перспективті негізде қолданылады және Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етпейді, өйткені Компания өзінің ұзақ мерзімді активтерін амортизациялау үшін түсімге негізделген әдісті пайдаланбады.

16 ХҚЕС-ке (IAS) және 41 ХҚЕС-ке (IAS) «Ауыл шаруашылығы: жеміс беретін өсімдіктер» түзетулер

Түзетулер жеміс дақылдарының анықтамасына сәйкес келетін биологиялық активтерді есепке алуға қойылатын талаптарға өзгерістер енгізеді. Түзетулерге сай жеміс дақылдарының анықтамасына сәйкес келетін биологиялық активтер бұдан былай 41 ХҚЕС-тің (IAS) «Ауыл шаруашылығы» қолданылу аясына жатпайды. Оның орнына соларға қатысты 16 ХҚЕС (IAS) ережелері қолданылады. Бастапқыда танылғаннан кейін жеміс дақылдары 16 ХҚЕС-ке (IAS) сай жинақталған нақты шығындар бойынша (піскенге дейін) және бастапқы құны бойынша есепке алу моделін не болмаса қайта бағаланған құны бойынша есепке алу моделін (піскеннен кейін) пайдалана отырып бағаланады. Сондай-ақ түзетулер жеміс ағаштарында өсетін өнім бұрынғысынан 41 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылу аясында қалатындығын ұйғарады және сату шығындарын шегере отырып әділ құны бойынша бағаланды. Жеміс дақылдарына қатысты бар мемлекеттік субсидияларға қатысты 20 ХҚЕС (IAS) «Мемлекеттік субсидияларды есепке алу және мемлекеттік көмек туралы ақпаратты ашып көрсету» қолданылады. Түзетулер ретроспективті түрде қолданылады және Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етпеді, өйткені Топтың жеміс дақылдары жоқ.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

27 ХҚЕС-ке (IAS) түзету – «Жекелеген қаржылық есеп берушіліктегі үлестік қатысу әдісі»

Түзетулер ұйымдарға еншілес ұйымдарға, бірлескен кәсіпорындарға және қауымдасқан ұйымдарға жасалған инвестицияларды жекелеген қаржылық есептілікте есепке алу үшін үлестік қатысу әдісін пайдалануға рұқсат береді. ХҚЕС-ті қолданып жүрген және өздерінің жекелеген қаржылық есептілігінде үлестік қатысу әдісіне өту туралы шешім қабылдайтын ұйымдар бұл өзгерістерді ретроспективті қолдануы тиіс. Түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етпеді.

ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер: кезеңі 2012-2014 жылдар

Бұл құжатқа келесі түзетулер кіреді:

5 ХҚЕС (IFRS) «Сатуға арналған айналымнан тыс активтер және тоқтатылған қызмет»

Активтердің (немесе есептен шығарылатын топтардың) есептен шығарылуы, әдетте, сату не болмаса меншік иелеріне бөлу арқылы жүзеге асырылады. Түзету есептен шығарудың бір әдісінен басқа әдіске өту есептен шығарудың жаңа жоспары ретінде емес, бастапқы жоспардың жалғасы ретінде есептелуі тиіс екендігін түсіндіреді. Осылайша, 5 ХҚЕС-тің (IFRS) талаптарын қолдану үзілмейді. Бұл түзету перспективті түрде қолданылады.

7 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу»

(i) Қызмет көрсету шарттары

Түзету, сыйақының төленуін көздейтін қызмет көрсету шарты қаржы активіне жалғасып отырған қатысуды білдіруі мүмкін екендігін түсіндіреді. Ақпараттың ашып көрсетілу қажеттілігін анықтау үшін ұйым 7 ХҚЕС-ке (IFRS) жалғасып отырған қатысуға қатысты нұсқауларға сәйкес сыйақы мен келісімнің сипатын бағалауы тиіс. Қызмет көрсету шарттарының қайсысы жалғасып отырған қатысуды білдіретіндігін бағалау амалдары ретроспективті түрде жасалуы тиіс. Дегенмен ақпараттың ашып көрсетілуі ұйым мұндай түзетуді алғаш рет қолданатын жылдық кезеңге дейін басталатын кезеңдер үшін қажет емес.

(ii) Қысқартылған аралық қаржылық есептілікте 7 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулерді қолдану

Түзету өзара есепке алу туралы ақпараттың ашып көрсетілуіне қойылатын талаптар, мұндай ақпарат соңғы жылдық есепте көрсетілген ақпараттың едәуір жаңартуларын білдірген жағдайларды қоспағанда, қысқартылған аралық қаржылық есептілікке қолданылмайтындығын түсіндіреді. Бұл түзету ретроспективті түрде қолданылады.

19 ХҚЕС (IAS) «Қызметкерлерге төленетін сыйақы»

Түзету жоғары сапалы корпоративтік облигациялар нарығы облигацияны шығарған ел емес, облигация деноминацияланған валютаның негізінде бағаланатындығын түсіндіреді. Белгілі бір валютада деноминацияланған жоғары сапалы корпоративтік облигациялардың дамыған нарығының жоқтығында мемлекеттік облигациялар бойынша мөлшерлемелерді пайдалану қажет. Бұл түзету перспективті түрде қолданылады.

34 ХҚЕС (IAS) «Аралық қаржылық есептілік»

Түзету аралық кезеңдегі ақпарат аралық қаржылық есептілікте не болмаса аралық қаржылық есептіліктегі тиісті сілтемелерді көрсете отырып аралық қаржы есебінің басқа жерінде (мысалы, басшылыққа арналған түсіндірмелерде немесе тәуекелдерді бағалау туралы есепте) ашып көрсетілуі тиіс. Аралық қаржы есебіндегі өзге де ақпарат пайдаланушылар үшін аралық қаржылық есептілік сияқты дәл сондай талаптарда және сол мерзімде қолжетімді болуы тиіс. Бұл түзету ретроспективті түрде қолданылады.

Түзетулер Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етпеді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер: кезеңі 2012-2014 жылдар (жалғасы)

1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Ақпаратты ашып көрсету аясындағы бастама»

1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер 1 ХҚЕС-тің (IAS) қолданыстағы талаптарын айтарлықтай өзгертпей, оларды түсіндіреді. Түзетулер мыналарды түсіндіреді:

- 1 ХБЕС-тің (IAS) маңыздылығына қойылатын талаптар;
- пайда мен шығын туралы және БЖК туралы есептегі (дегі) және қаржылық жағдай туралы есептегі жеке баптар бөлінуі мүмкін;
- ұйымның қаржылық есептілікке ескертпелерді беру тәртібін таңдау мүмкіндігі бар;
- үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың БЖК үлесі бір баптың шеңберінде бөлек ұсынылуы және кейіннен пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелетін немесе жіктелмейтін баптар ретінде жіктелуі тиіс.

Сонымен бірге, түзетулер қаржылық жағдай туралы есепте және пайда немесе зиян және БЖК туралы есепте (де) қосымша аралық қорытынды сомаларды ұсыну кезінде қолданылатын талаптарды да түсіндіреді. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

10 ХҚЕС-ке (IFRS), 12 ХҚЕС-ке (IFRS) және 28 ХҚЕС-ке (IAS) «Инвестициялық ұйымдар: шоғырландыру туралы талаптан ерекшелікті қолдану» түзетулер

Түзетулер 10 ХҚЕС-ке (IFRS) сай «Шоғырландырылған қаржылық есептілік» инвестициялық ұйымдарға қатысты ерекшеліктерді қолдану кезінде туындаған мәселелерді қарастырады. 10 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну туралы талаптан алынып тастау өзінің еншілес ұйымдарын әділ құны бойынша бағалайтын инвестициялық ұйымның еншілес ұйымы болып табылатын бас ұйымға қолданылатындығын түсіндіреді.

Сонымен бірге, 10 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер шоғырландыруғы өзі инвестициялық ұйым болып табылмайтын және инвестициялық ұйымға қосалқы қызметтерді көрсететін инвестициялық ұйымның еншілес ұйымы ғана шоғырландыруға жататындығын түсіндіреді. Инвестициялық ұйымның барлық басқа еншілес ұйымдары әділ құны бойынша бағаланады. 28 ХҚЕС-ке (IAS) «Қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» түзетулер инвесторға үлестік қатысу әдісін қолдану кезінде оның қауымдасқан компаниясы немесе инвестициялық ұйымдар болып табылатын бірлескен кәсіпорны еншілес ұйымдардағы өзінің қатысу үлестеріне қолданған әділ құны бойынша бағалауды сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Бұл түзетулер ретроспективті түрде қолданылады және Топтың қаржылық есептілігіне әсер етпеді, өйткені Топ шоғырландыру туралы талаптан ерекшелікті қолданбайды.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттары мен түсіндірмелері келтіріледі. Топ осы стандарттарды олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр.

9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары»

2014 жылғы шілдеде ХҚЕС жөніндегі кеңес 9 ХҚЕС-тің (IFRS) «Қаржы құралдары» түпкі редакциясын шығарды, ол 39 ХҚЕС-ті (IAS) «Қаржы құралдары: тану және бағалау» және 9 ХҚЕС-тің (IFRS) барлық алдыңғы редакцияларын ауыстырады. 9 ХҚЕС (IFRS) қаржы құралдарын есепке алу жобасының үш бөлігінің басын біріктіреді: жіктеу мен бағалау, құнсыздану және хеджирлеуді есепке алу. 9 ХҚЕС (IFRS) 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Хеджирлеудің есепке алынуын қоспағанда, стандарт ретроспективті түрде қолданылады, бірақ салыстырмалы ақпараттың ұсынылуы міндетті болып табылмайды. Хеджирлеудің есепке алынуына қатысты талап, ең алдымен, бірқатар шектелген ерекшеліктермен перспективті түрде қолданылады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)

9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары» (жалғасы)

Топ талап етілген күшіне енгізу күнінен бастап жаңа стандартты қолдануды бастауды жоспарлап отыр. Топ жаңа талаптардың өзінің қаржылық жағдай туралы есебіне және 9 ХҚЕС-тің (IFRS) құнсыздануына қойылатын талаптардың қолданылуын қоспағанда, меншікті капиталға айтарлықтай әсер етеді деп күтпейді.

(а) Жіктеу және бағалау

Топ 9 ХҚЕС-тің (IFRS) жіктелуі мен бағалауына қойылатын талаптарды қолданған кезде өзінің қаржылық жағдай туралы есебі мен меншікті капиталға айтарлықтай әсер етеді деп күтпейді.

Қарыздар, сондай-ақ сауда дебиторлық берешек шарттық ақша ағындарын алу үшін ұсталады және олар негізгі борыш сомасы мен пайыздардың есебіне төлем болып табылатын ақша ағындарының пайда болуына әкеп соқтырады деп күтіледі. Тиісінше, Топ 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сай олар амортизацияланған құны бойынша есепке алынуын жалғастырады деп күтіп отыр. Дегенмен Топ құралдардың барлығы 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сай амортизацияланған құны бойынша бағалау критерийлеріне жауап беретіндігі жайында тұжырым жасамас бұрын бұл құралдар бойынша шарттық ақша ағындарының сипаттамаларын барынша толық талдайды.

(б) Құнсыздану

9 ХҚЕС (IFRS) Топ барлық борыштық бағалы қағаздар, қарыздар мен сауда дебиторлық берешек бойынша 12 айлық күтілетін несие шығындарын немесе бүкіл мерзімі үшін күтілетін несие шығындарын көрсетуін талап етеді. Топ жеңілдетілген тәсілді қолдануды және бүкіл мерзім үшін күтілетін несие шығындарын сауда дебиторлық берешек бойынша қолдануды жоспарлап отыр. Топ бұл талаптар қарыздар мен дебиторлық берешектің қамтамасыз етілмеуіне орай оның меншікті капиталына айтарлықтай әсер етеді деп күтуде, бірақ ол әсердің мөлшерін анықтау үшін, болжамдық ақпаратты қоса алғанда, барлық негізделген және расталатын ақпаратты ескеретін барынша толық талдауды жасауы тиіс.

(в) Хеджирлеуді есепке алу

Топ қазіргі уақытта Топтың қарауына қарай хеджирлеудің тиімді ара қатынастары ретінде айқындалған барлық қолданыстағы хеджирлеу ара қатынастары 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сай хеджирлеудің есепке алынуына қойылатын талаптарға жауап береді деп есептейді. 9 ХҚЕС (IFRS) ұйымның хеджирлеу тиімділігін есепке алудың жалпы қағидаттарын өзгертпейтіндіктен, Топ 9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану нәтижесінде айтарлықтай ықпалды күтпейді. Келешекте Топ опциондардың, форвардтық компоненттердің және валюталық базистік спрэдтердің уақытша құнын есепке алуға қатысты ықтимал өзгерістерге барынша егжей-тегжейлі бағалауды жасайды.

15 ХҚЕС (IFRS) «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім»

15 ХҚЕС (IFRS) 2014 жылғы мамырда шығарылды және сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімдерге қатысты қолданылатын бес кезең кіретін модельді көздейді. 15 ХҚЕС-ке (IFRS) сай түсім соған арналған құқықты ұйым сатып алушыға тауарлардың берілуіне немесе қызметтердің көрсетілуіне айырбас ретінде аламын деп отырған өтемақыны көрсететін сома бойынша танылады.

Түсім бойынша жаңа стандарт ХҚЕС-тің түсімді тануға қойылатын барлық қолданыстағы талаптарын ауыстырады. Толық ретроспективті қолданылу немесе 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін түрлендірілген ретроспективті түрде қолдану талап етіледі; бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. 2017 жылы Топ 15 ХҚЕС-тің (IFRS) қолданылу салдарын бағалайды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар (жалғасы)

10 ХҚЕС (IFRS) пен 28 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе активтерді салу»

Түзетулер 10 ХҚЕС (IFRS) пен 28 ХҚЕС (IAS) арасындағы, атап айтқанда, қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға сатылатын немесе соларға салынатын еншілес ұйымның үстінен бақылау жасау амалынан айырылуды есепке алу арасындағы қайшылықты қарастырады. Түзетулер инвестор мен оның қауымдасқан компаниясы немесе бірлескен кәсіпорын арасында жасалған мәміледе 3 ХҚЕС-тегі (IFRS) анықтамаға сай өз бизнесін білдіретін активті сатудың немесе салудың нәтижесінде туындайтын пайда немесе шығын толық көлемде танылады. Дегенмен бизнесті білдірмейтін активті сатудың немесе салудың нәтижесінде туындайтын пайда немесе шығын қауымдасқан ұйымдағы немесе бірлескен кәсіпорындағы инвесторлар ұйымынан өзге қатысу үлестерінің шегінде ғана танылады. ХҚЕС жөніндегі кеңес бұл түзетулердің күшіне енгізілу күнін белгісіз мерзімге ауыстырды, дегенмен бұл түзетулерді мерзімінен бұрын қолданатын ұйым оларды перспективті түрде қолдануы тиіс. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

7 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Ақпаратты ашып көрсету аясындағы бастама»

7 ХҚЕС-ке (IAS) «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» түзетулер ХҚЕС жөніндегі кеңестің ақпаратты ашып көрсету аясындағы бастамаларының бір бөлігі болып табылады және ақша ағындарымен негізделген, сол сияқты солармен негізделмеген өзгерістерді қоса алғанда, ұйымның қаржылық есептіліктің пайдаланушыларына қаржы қызметімен негізделген міндеттемелердегі өзгерістерді бағалауға мүмкіндік беретін ақпаратты ашып көрсетуін талап етеді. Мұндай түзетулерді алғаш рет қолданған кезде ұйымдар алдыңғы кезеңдер үшін салыстырмалы ақпаратты ұсынуға міндетті емес. Бұл түзетулер 2017 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулердің қолданылуы Топтың қосымша ақпаратты ашып көрсетуін талап етеді.

12 ХҚЕС-ке (IAS) «Өткізілмеген шығындарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтерін мойындау» түзетулер

Түзетулер ұйым мұндай есептен шығарылатын уақыт айырмасын қалпына келтіру кезінде соған қарсы есептен шығаруды жасай алатын салық салынатын пайда көздерін салық заңнамасының шектейтіндігін ескеруі тиіс екендігін түсіндіреді. Сонымен қатар, түзетулер қай ұйымның келешек салық салынатын пайданы айқындауға тиіс екендігіне қатысты нұсқауларды қамтиды және салық салынатын пайда сомасын олардың баланстық құнынан асатын кейбір активтердің өтелуін көздей алады.

Ұйымдар мұндай түзетулерді ретроспективті түрде қолдануы тиіс. Дегенмен түзетулерді алғаш рет қолданған кезде меншікті капиталдың ең ерте салыстырмалы кезеңнің басында өзгеруі өзгерісті бөлінбеген пайда мен кезең басындағы меншікті капиталдың басқа құрамдастарының арасында бөлместен кезең басындағы бөлінбеген пайданың құрамында (немесе тиісінше, меншікті капиталдың басқа құрамдасының құрамында) мойындалуы мүмкін. Мұндай босатуды қолданатын ұйымдар бұл фактіні ашып көрсетулері тиіс.

Бұл түзетулер 2017 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Егер ұйым мұндай түзетулерді бұдан да ерте кезеңге қатысты қолданатын болса, ол бұл фактіні ашып көрсетуі тиіс. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар (жалғасы)

2 ХҚЕС-ке (IAS) «Акциялардың негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды жіктеу және бағалау» түзетулер

ХҚЕС жөніндегі кеңес 2 ХҚЕС-ке (IFRS) «Акциялардың негізіндегі төлемдер» түзетулерді шығарды, әрі оларда үш негізгі аспект қарастырылады: ақша қаражатының есептеулерімен акциялар негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды бағалау құқықтарының өту талаптарының ықпалы; төлем көзінен ұсталатын салық бойынша міндеттемелер үшін нетто-негіздегі есеп айырысулар талабымен акциялар негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды жіктеу; акциялар негізіндегі төлемдер бойынша операциялар талаптарының өзгеруін есепке алу, соның нәтижесінде операция ақша қаражатымен болған есеп айырысулармен операция ретінде жіктелуі тоқтатылады және үлестік құралдармен болған есеп айырысулармен операция ретінде жіктелуін бастайды.

Түзетулерді қабылдаған кезде ұйымдар алдыңғы кезеңдердің ақпаратын қайта есептеуге міндетті емес, дегенмен барлық үш аспектіге қатысты түзетулерді қолдану және басқа да критерийлерді сақтау талабымен ретроспективті түрде қолдануға жол беріледі. Түзетулер 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Қазіргі уақытта Топ бұл түзетулердің шоғырландырылған қаржылық есептілікке ықтимал әсерін бағалауда.

16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау»

16 ХҚЕС (IFRS) 2016 жылғы қаңтарда шығарылды және 17 ХҚЕС-ті (IAS) «Жалдау» ауыстырады, 4 КРМФО (IFRIC) «Келісімде жалдау белгілерінің болуын айқындау» түсіндірмесі, 15 ПКР (SIC) «Операциялық жалдау – стимулдар» түсіндірмесі және 27 ПКР (SIC) «Заңгерлік жалдау нысаны бар операциялардың мәнін айқындау» түсіндірмесі. 16 ХҚЕС (IFRS) жалдау туралы ақпаратты мойындау, бағалау, ұсыну және ашып көрсету қағидаттарын белгілейді және жалға алушылардың қаржылық жалдау үшін 17 ХҚЕС-те (IAS) көзделген есепке алу тәртібі сияқты баланста есепке алудың бірыңғай моделін пайдалана отырып барлық жалдау шарттарын көрсетуін талап етеді. Стандарт жалға алушылар үшін мойындаудан екі рет босатуды көздейді – төмен құны бар активтерді жалдауға (мысалға, жеке компьютерлер) және қысқа мерзімді жалдауға (яғни, 12 айдан артық емес мерзімі бар жалдау) қатысты. Жалдаудың басталу күніне жалға алушы жалдау төлемдеріне қатысты міндеттемені (яғни жалдау міндеттемесі), сондай-ақ жалдау мерзімінің ішінде базалық активті пайдалану құқығын беретін активті (яғни пайдалану құқығы нысанындағы актив) мойындайтын болады. Жалға алушылар жалдау міндеттемесі бойынша пайыздық шығысты пайдалану құқығы нысанындағы активтің амортизациясы бойынша шығыстардан бөлек мойындауға міндетті болады.

Сондай-ақ жалға алушылар белгілі бір оқиға орын алған кезде жалдау міндеттемесін қайта бағалауы тиіс (мысалға, жалдау мерзімдерінің өзгеруі, мұндай төлемдерді айқындау кезінде пайдаланылатын индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруі нәтижесінде келешек жалдау төлемдерінің өзгеруі). Көптеген жағдайларда жалға алушы пайдалану құқығы нысанындағы активті түзету ретінде жалдау міндеттемесін қайта бағалау сомасын ескереді.

16 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес жалға беруші үшін есепке алу тәртібі қазіргі уақытта қолданылатын 17 ХҚЕС (IAS) талаптарымен салыстырғанда іс жүзінде өзгермейді. Жалға берушілер 17 ХҚЕС (IAS) сияқты дәл сондай жіктеу қағидаттарын пайдалана отырып жалдауды жіктеуді жалғастыратын болады, бұл ретте екі жалдау түрін бөліп қрсетеді: операциялық және қаржылық.

Сонымен қатар, 16 ХҚЕС (IFRS) жалға берушілер мен жалға алушылардан 17 ХҚЕС-пен (IAS) салыстырғанда ақпараттың үлкен көлемін ашып көрсетуді талап етеді.

16 ХҚЕС (IFRS) 2019 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын, бірақ ұйымның 15 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану күнінен ерте емес мерзімде қолдануға жол беріледі. Жалға алушы бұл стандартты ретроспективті тәсілді не болмаса түрлендірілген ретроспективті тәсілді қолдана отырып пайдалануға құқылы. Стандарттың өтпелі ережелері белгілі бір босатуларды көздейді.

2017 жылы Топ 16 ХҚЕС-тің (IFRS) өзінің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ықтимал ықпалын бағалауды жоспарлап отыр.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Активтер мен міндеттемелерді ағымдағы және ұзақ мерзімді етіп жіктеу

Қаржылық жағдай туралы есепте Топ активтер мен міндеттемелерді олардың ағымдағы және ұзақ мерзімді етіп жіктелуінің негізінде ұсынады. Актив мына жағдайларда ағымдағы болып табылады, егер:

- оны сату болжанса немесе ол әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде сатуға немесе тұтынуға арналса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін арналса;
- оны есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) айдың ішінде өткізу болжанса;
- немесе есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде 12 (он екі) айдың ішінде міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға немесе айырбастауға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ол ақша қаражатын немесе олардың баламаларын білдіреді.

Барлық басқа активтер ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі.

Міндеттеме мына жағдайларда ағымдағы болып табылады, егер:

- оны әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде өтеу болжанса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін ұсталса;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) айдың ішінде өтелуге тиіс болса; немесе
- Компанияның есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде 12 (он екі) айдың ішінде міндеттемелердің өтелу мерзімін ұзартуға сөзсіз құқығы болмаса.

Топ барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімділер ретінде жіктейді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Әділ құнды бағалау

Топ мұндай қаржы құралдарын әрбір есепті күнге әділ құны бойынша сату үшін қолда бар қаржы активтері және солардың әділ құны олардың қалдық құнынан айтарлықтай ерекшеленгенде, әділ құны бойынша қаржылық емес активтер (ҰЭЖ активтері) ретінде бағалайды. Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарының әділ құны туралы ақпарат **30-ескертпеде** ашылып көрсетіледі.

Активтің сатылғаны үшін түскен немесе бағалау күніне нарық қатысушыларының арасында әдеттегі тәртіппен жасалатын мәміленің шеңберінде міндеттемелердің берілгені үшін төленген баға әділ құн болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле:

- не бұл актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта; немесе
- не бұл актив немесе міндеттеме үшін барынша қолайлы нарықта негізгі нарықтың жоқтығы шартында болатындығын болжайды.

Топ негізгі немесе барынша қолайлы нарыққа қол жеткізе алуы тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын анықтау кезінде пайдаланатын жорамалдарды қолдана отырып бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өздерінің мүдделерінде әрекет етеді деп болжанады. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарыққа қатысушының активті ең үздік және барынша тиімді тәсілмен пайдалану арқылы не болмаса оны бұл активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланатын нарыққа басқа қатысушыға сату нәтижесінде экономикалық пайданы шығара алу мүмкіндігін ескереді.

Топ мұндай бағалау әдістерін пайдаланады, әрі олар қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылады және солар үшін әділ құнды бағалау үшін жеткілікті болып табылады, бұл ретте орынды қадағаланатын бастапқы деректерді пайдалана отырып, қадағаланбайтын бастапқы деректерді мейлінше аз пайдаланады.

Әділ құны бағаланатын немесе қаржылық есептілікте ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде әділ құн көздерінің төменде сипатталған иерархиясының шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей – ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша (қандай да бір түзетулерсіз) белсенді нарықта нарықтық баға белгілеулері.
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын болып табылатын бағалау үлгілері.
- 3-ші деңгей – иерархияның ең төмен деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құнын бағалау үшін елеулі болатын бағалау модельдері нарықта қадағаланбайтын болып табылады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Әділ құнды бағалау (жалғасы)

Қаржылық есептілікте мерзімді негізде қайта бағаланатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Топ әрбір есепті кезеңнің соңына жіктеуді қайта талдай отырып (жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде) иерархия көздерінің деңгейлері арасында аудару фактісін айқындайды.

Топтың қаржы жөніндегі басшылығы НЭС активтері мен сату үшін қолда бар бағасы белгіленбейтін қаржы активтерінің әділ құнын мерзімді бағалау үшін, сол сияқты қолданылуына қарай активтердің әділ құнын бір мезгілде бағалау үшін саясат пен рәсімдерді айқындайды.

ҰЭЖ активтерінің құнын бағалау үшін сырттан бағалаушылар тартылады. Сырттан бағалаушыларды тарту туралы шешімді қаржы жөніндегі басшылық жыл сайын қабылдап отырады. Іріктеу критерийлері ретінде нарықты білу, бедел, тәуелсіздік және кәсіпқой стандарттарға сәйкестік қолданылады. Сыртқы бағалаушылармен талқылағаннан кейін қаржы жөніндегі басшылық бағалаудың қандай әдістемесі мен бастапқы деректері әрбір жағдайда пайдаланылуы тиіс екендігі жөнінде шешім қабылдайды.

Әрбір есепті күнге қаржы жөніндегі басшылық өзінің есеп саясатына сәйкес қайталап талдау және қайталап бағалау қажет болатын активтер мен міндеттемелердің құнындағы өзгерістерді талдайды. Мұндай талдаудың шеңберінде қаржы жөніндегі басшылық бағалау кезінде пайдаланылған ақпаратты шарттармен және басқа да орынды құжаттармен салыстыру арқылы соңғы бағалау кезінде қолданылған негізгі бастапқы деректерді тексереді.

Қаржы жөніндегі басшылық және Топтың сыртқы бағалаушылары жасалған өзгерістердің негізділігін айқындау мақсатында есеп саясатына сәйкес негізгі құралдардың қайта бағаланатын класы бойынша әрбір активтің әділ құнының өзгерісін тиісті сыртқы дерек көздерімен салыстырады.

Қаржы жөніндегі басшылық және сыртқы бағалаушылар бағалау кезінде қолданылған негізгі жорамалдарды талқылайды.

Әділ құн туралы ақпаратты ашып көрсету мақсатында Топ активтер мен міндеттемелерді олардың сипатының, оларға тән сипаттамалар мен тәуекелдердің, сондай-ақ жоғарыда көрсетілгендей әділ құн көздерінің иерархиясында қолданылатын деңгейдің негізінде жіктеді.

Шетел валютасындағы операциялар

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі теңгемен берілген. Сондай-ақ теңге Топтың бас компаниясының функционалды валютасы болып табылады. Топтың әр компаниясы өзінің жеке функционалды валютасын айқындайды және әрбір компанияның қаржылық есептілігіне қосылған баптар осы функционалдық валютада бағаланып отырады.

Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда операция тану критерийлерін қанағаттандырған күнге қолданылатын спот-бағамы бойынша олардың функционалдық валютасында Топ компанияларымен ескеріледі.

Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын функционалды валютаның спот-бағамы бойынша қайта есептеледі.

Монетарлық баптарды өтеу немесе қайта есептеу кезінде туындайтын барлық бағамдық айырмалар, Топтың таза инвестициясының шетелдік бөлімшеге хеджирлеуін қамтамасыз ететін монетарлық баптарды қоспағанда, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке қосылады. Олар пайда мен залалдарда мойындалғанда таза инвестицияның шығу сәтіне дейін басқа да жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Әділ құн негізінде шетел валютасында бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау күніне қолданыстағы бағам бойынша қайта есептеледі. Монетарлық емес баптарды қайта есептеу кезінде туындайтын кірістер мен шығыстар баптың әділ құны (яғни баптар бойынша бағамдық айырмалар, өзге де жиынтық кіріс немесе пайда немесе залал құрамында танылған әділ құнның өзгерісінен болған кірістер немесе шығыстар да тиісінше өзге де жиынтық кіріс немесе пайда немесе залал құрамында танылады) өзгерісі нәтижесінде болған кірістерді немесе шығыстарды тану қағидаттарына сәйкес есептеледі.

Топ елеулі мәмілелерді жасаған шетел валюталарының айырбас бағамдары былайша көрсетілген:

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Шетел валютасындағы операциялар (жалғасы)

Жыл соңындағы айырбас бағамы (теңгеге)	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
1 АҚШ доллары	333,29	340,01
1 еуро	352,42	371,46
1 ресей рублі	5,43	4,61

Бір жылғы орташа айырбас бағамы (теңгеге)	2016 жыл	2015 жыл
1 АҚШ доллары	341,73	222,25
1 еуро	378,25	246,48
1 ресей рублі	5,12	3,62

Сатуға арналған деп жіктелген ұзақ мерзімді активтер

Ұзақ мерзімді активтер мен шығу топтары (оларға ұзақ мерзімді және ағымдағы активтер кіруі мүмкін), егер олардың баланстық құны есепті күннен кейін 12 (он екі) айдың ішінде сату арқылы өтелген жағдайда, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте «сатуға арналған» деп көрсетіледі.

Активтердің жіктелуі жоғарыда аталған барлық талаптар болғанда ғана өзгертілуі тиіс: (а) активтер мұндай активтерді сату үшін әдеттегідей болатын талаптарға сәйкес олардың ағымдағы жай-күйінде дереу сатылуға дайын; (б) Топ басшылығы сатып алушыны іздестіру бойынша қолданыстағы бағдарламаны бекітіп, оны белсенді түрде іске асыруға кірісті; (в) активтердің әділ құнымен салыстырғанда оларды ақылға қонымды бағаға сату үшін белсенді маркетингті жүргізеді; (г) сатылым бір жылдың ішінде күтілуде; және (д) сату жоспарын аяқтауға қажетті амалдар сату жоспарына елеулі өзгерістердің енгізілуі немесе оны болдырмаудың ықтимал еместігіне көрсетіп отыр.

Ағымдағы есепті кезеңде қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте сатуға арналған деп жіктелген ұзақ мерзімді активтер немесе шығу топтары қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте бөлек көрсетіледі. Шығу тобына тікелей жататын және шығу кезінде берілетін міндеттемелер «сатуға арналған» санатына аударылуы тиіс және қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте бөлек жолдармен көрсетіледі. Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің салыстырмалы деректері ағымдағы есепті кезеңнің соңындағы жіктеуге сәйкес келтіру үшін түзетілмейді.

Есептен шығарулар сату жолымен немесе өзге тәсілмен, бір сату операциясының процесінде бірыңғай топпен шығарылатын активтерді (ағымдағы немесе ұзақ мерзімді) және мұндай операцияның процесінде берілетін бұл активтерге тікелей қатысы бар міндеттемені білдіреді. Егер шығу тобына сатып алу кезінде гудвил бөлінген ақша ағындарын әкелетін бірліктер қосылған жағдайда, гудвил шығу тобының құрамында ескеріледі. Сату үшін ұсталатын ұзақ мерзімді активтер, сондай-ақ шығу топтары сату шығындарын шегере отырып, баланстық құн мен әділ құнның ең аз сомасы бойынша бағаланады. Сату үшін ұсталатын ұзақ мерзімді активтер амортизацияланбайды.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар, ҰЭЖ активтерін қоспағанда, жинақталған амортизацияны және олар болған жағдайда құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегере отырып бастапқы құны бойынша ескеріледі. Мұндай құнға негізгі құралдардың бөлшектерін ауыстыру құны және егер оларды капиталдандыру критерийлері орындалса, ұзақ мерзімді құрылыс жобалары болған жағдайда қарыздар бойынша шығындар кіреді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Негізгі құралдар (жалғасы)

Белгілі бір уақыт аралығында негізгі құралдардың едәуір құрамдастарын ауыстыру қажет болғанда, Топ осы сияқты құрамдастарды оларға тән болатын дербес пайдалы қызмет ету мерзімдерімен жекелеген активтер ретінде мойындайды және оларды лайықты түрде амортизациялайды. Сол сияқты, негізгі техникалық шолып тексеруді жүргізген кезде сонымен байланысты шығындар, егер мойындаудың барлық критерийлері орындалса, құрал-жабдықты ауыстыру ретінде негізгі құралдардың баланстық құнында мойындалады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындар олар болған сәтте пайда немесе зиян құрамында мойындалады.

ҰЭЖ активтері қайта бағалау күнінен кейін танылған жинақталған амортизация мен құнсыздану шығындарын шегере отырып әділ құны бойынша бағаланады. Қайта бағалау қайта бағаланған активтің әділ құны оның баланстық құнынан айтарлықтай ерекшеленбейді дегендегі сенімділікті қамтамасыз ету үшін жеткілікті жиілікпен жүзеге асырылады.

Қайта бағалаудан болған құн өсімі БЖК құрамында көрсетіледі және бұрын жасалған қайта бағалаудың салдарынан пайда немесе зиян құрамында танылған дәл осы активті қайта бағалаудан болған зиянда қалпына келтіретін бөлікті қоспағанда, капитал құрамына кіретін активтерді қайта бағалау резервін ұлғайтуға жатады. Қайта бағалаудан болған залал, бұрын қайта бағалау резервінің құрамында мойындалған дәл сол актив бойынша оң қайта бағалауды тікелей азайтатын бөлігін қоспағанда, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады. Актив істен шыққан жағдайда, бұл активке тікелей жататын қайта бағалау резервінің бір бөлігі активтерді қайта бағалау резервінен бөлінбеген пайданың құрамына аударылады.

Амортизация активтердің пайдалы қызметін бағалау мерзімінің ішінде желілік әдіспен былайша есептеледі:

Ғимараттар	60 жыл
ҰЭЖ активтері	
Электрді тарату желілері	50 жыл
Ғимараттар	10-30 жыл
Шағын станциялардың құрал-жабдығы	12-30 жыл
Көлік және басқа да негізгі құралдар	
Басқа да машиналар мен құрал-жабдықтар	7-25 жыл
Көлік құралдары	11 жыл
Компьютерлер және деректерді өңдеу бойынша басқа да құрал-жабдық	4-10 жыл
Интерьер және шаруашылық мақсаттағы заттар	7 жыл
Өзге негізгі құралдар	3-15 жыл

Жер амортизацияланбайды.

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық негізгі қорлар жіктеушісіне енгізілген өзгерістердің салдарынан «ҰЭЖ ғимараттары» класынан «ҰЭЖ-дің машиналары мен құрал-жабдығы» бөлініп шықты. Осыған орай, Топ «НЭС ғимараттары» класының атауын қаржылық есептілік мақсатында «НЭС активтері» класы болып өзгертті.

Пайдалы қолдану мерзімдері және негізгі құралдарды тарату құны әрбір жылдық есепті кезеңнің аяғында талданады және қажетіне қарай түзетіледі. Егер күтілген жағдайлар бұрынғы жорамалдардан ерекшеленетін болса, өзгерістер 8 ХҚЕС (IAS) «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер және қателер» сәйкес бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер ретінде ескеріледі. Бұл бухгалтерлік бағалау жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылатын негізгі құралдардың қалдық құны мен негізгі құралдардың тозу сомасына айтарлықтай әсер ете алады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Негізгі құралдар (жалғасы)

Негізгі құралдар нысандарын тану ол есептен шығарылғанда немесе оның пайдаланылуы немесе есептен шығарылуынан болашақ экономикалық пайда алу күтілмеген жағдайда тоқтатылады. Активтерді тану тоқтатылғанда туындайтын кез келген кірістер немесе залалдар (есептен шығарудан түскен түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептелетін) активті тану тоқтатылған есепті жылда пайда немесе зиян құрамына енгізіледі.

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер бастапқы тану кезінде бастапқы құны бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген бастапқы құны бойынша ескеріледі. Өнімдерді әзірлеуге капиталға айналдырылған шығындарды қоспағанда, Топ ішінде жасалған материалдық емес активтер капиталға айналмайды және тиісті шығыс олар пайда болған есепті кезеңдегі пайда мен зияндарда көрсетіледі.

Топтың материалдық емес активтеріне, ең бастысы, компьютерлік бағдарламалық жасақтама мен лицензиялар кіреді. Материалдық емес активтер активтерді 3 жылдан 20 жылға дейін пайдалы қолданудың бағалау мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады.

Зерттеу және әзірлеу шығындары

Зерттеу шығындары олардың пайда болу шамасына қарай шығыстарға жатқызылады. Нақты өнімді әзірлеу шығындарының нәтижесінде туындайтын материалдық емес актив Топ келесіні көрсете алғанда ғана танылады:

- актив пайдалану немесе сату үшін қол жетімді болатындай етіп материалдық емес активтің құрудың техникалық жүзеге асырылуын;
- материалдық емес активті жасау және оны пайдалану немесе сату ниетін;
- материалдық емес актив келешек экономикалық пайданы құратындығы;
- әзірлеуді аяқтау үшін жеткілікті ресурстардың болуын;
- материалдық емес активті әзірлеу барысында соған қатысты шығындарды сенімді бағалау қабілетін.

Актив ретінде әзірлеу шығындары бастапқы танылғаннан кейін активтер жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген бастапқы құны бойынша ескеріледі. Активтің амортизациясы актив пайдалануға дайын болғанда, әзірлеу аяқталғаннан кейін басталады. Амортизация келешек экономикалық пайданы алудың болжамды кезеңінің ішінде жасалады және өзіндік құн құрамында көрсетіледі. Әзірлеу кезеңінің ішінде актив жыл сайын құнсыздану мәніне тестіленеді.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Егер осындай белгілер орын алса немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тексеру талап етілсе, Топ активтің өтелетін құнын бағалайды. Активтің немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің («ААЖБ») өтелетін құны – мына шамалардың ең үлкені: сату шығындарын шегере отырып, активтің әділ құны (ААЖБ) және активті пайдалану құндылығы (ААЖБ). Өтелетін құн негізінен басқа активтер немесе активтер тобы жасайтын ағындардан тәуелсіз ақша қаражатының ағындарын актив жасаған жағдайда ғана жеке актив үшін анықталады. Егер активтің немесе ақша ағындарын тудыратын бөлімшенің теңгерімдік құны оның өтелетін құнынан артып кетсе, актив құнсызданған деп саналады және өтелетін құнына дейін есептен шығарылады.

Пайдалану құндылығын бағалау кезінде келешек ақша ағымдары салық салынғанға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконтталады, әрі ол ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және активке тән тәуекелдерді көрсетеді. Сату шығындарын шегере отырып әділ құнды айқындау кезінде тиісті бағалау үлгісі пайдаланылады. Мұндай есептеулер бағалау коэффициенттерімен, акциялар нарығында еркін айналыста болатын баға белгілеулерімен немесе әділ құнның басқа да қолжетімді көрсеткіштерімен расталады.

Топ құнсыздану сомасын Топтың жеке активтер жатқызылатын әрбір ААЖБ үшін жеке дайындалатын пайдалану құндылығына сүйене отырып құнсыздану сомасын айқындайды. Бұл жоспарлар мен болжамды есеп айырысулар әдетте 5 (бес) жылға жасалады. Бұдан да ұзақ кезеңдер үшін бес жылдан кейін келешек болжанатын ақша ағындарына қатысты қолданылатын ұзақ мерзімді өсу қарқындары есептеледі.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы (жалғасы)

Қайта бағалау өзге де жиынтық кірісте танылған бұрынғы қайта бағаланған ҰЭЖ активтерін қоспағанда құнсызданған актив қызметіне сәйкес шығыстар санаты құрамындағы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылатын жалғасып отырған қызметтің құнсыздануынан (қорлардың құнсыздануын қосқанда) болатын залалдар. Мұндай активтердің құнсыздануы бұрын танылған қайта бағалау сомасының шегінде басқа да жиынтық кірісте танылады. Топ әрбір есепті күнге, гудвилді қоспағанда, активтің бұрын мойындалған құнсыздану шығындарының жоқ немесе қысқарған екендігінің белгілері бар-жоғын айқындайды. Егер мұндай белгі болса, Топ активтің өтелетін құнын немесе ААЖБ есептейді. Құнсызданудан болған бұрын мойындалған шығындар, егер құнсызданудан болған соңғы шығын мойындалған уақыттан бастап активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған бағалауда өзгеріс болған жағдайда ғана, қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің ағымдағы құны оның өтелетін құнынан асып кетпеуімен, сондай-ақ амортизацияны шегеріп тастағанда баланстық құнынан аспауымен шектелген, бұл актив егер алдыңғы жылдары құнсызданудан болған залал деп танылмаған жағдайда, баланстық құны бойынша танылуы мүмкін. Құнның осылайша қалпына келтірілуі, актив қайта бағаланған құны бойынша танылған жағдайларды қоспағанда, пайда мен зияндарда танылады. Мұндай жағдайларда құнның қалпына келтірілуі қайта бағалаудан болған құнның өсімі ретінде ескеріледі.

Қауымдасқан компанияға инвестициялар

Қауымдасқан компания – бұл соған қатысты Топтың айтарлықтай ықпалы бар компания. Айтарлықтай ықпал – инвестициялар объектісінің қаржылық және операциялық саясатына қатысты шешімдерді қабылдауға қатысу өкілеттіктері, бірақ мұндай саясатқа қатысты бақылау немесе бірлескен бақылау.

Айтарлықтай ықпалдың немесе бірлескен бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес компанияларға бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас келеді.

Топтың оның қауымдасқан компаниясына инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі.

Үлестік қатысу әдісіне сәйкес қауымдасқан компанияға инвестиция алдымен бастапқы құны бойынша танылады. Инвестициялардың баланстық құны сатып алған күннен кейін туындайтын қауымдасқан компанияның таза активтеріндегі өзгерістердегі Топтың үлесі танылуы салдарынан не өседі немесе төмендейді. Қауымдасқан компанияға жататын гудвил инвестицияның баланстық құнына кіреді және амортизацияланбайды, сондай-ақ құнсыздану мәніне жеке тексеруге ұшырамайды.

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп қауымдасқан компания қызметінің қаржы нәтижелеріндегі Топтың үлесін көрсетеді. Егер қауымдасқан компанияның капиталында тікелей танылған өзгерістер болса, Топ осындай өзгерістегі өз үлесін таниды және бұл капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қолданылғанда бұл фактіні ашады.

Топтың қауымдасқан компаниямен операциялары бойынша туындайтын жұмсалмаған пайда мен зияндар Топтың қауымдасқан компанияда қатысу үлесінің болған дәрежесінде алынып тасталды.

Қауымдасқан компанияның пайдасындағы Топ үлесі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тікелей көрсетілген. Ол қауымдасқан компанияның акционерлеріне келетін пайданы білдіреді, және сондықтан қауымдасқан компаниялардың еншілес компанияларындағы салық салу мен бақыланбайтын қатысу үлесін есептегеннен кейін пайда ретінде айқындалады.

Қауымдасқан компанияның қаржылық есептілігі Топтың қаржылық есептілігіндей есепті кезеңде жасалады. Қажет болған жағдайда есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісі қолданылғаннан кейін Топ өзінің қауымдасқан компаниясына инвестициясы бойынша құнсызданудан келген қосымша залалын тану қажеттігін айқындайды. Әрбір есепті кезеңде Топ қауымдасқан компанияға құйылған инвестициялардың құнсыздануының объективті куәлігінің болуын белгілейді. Мұндай куәліктер болған жағдайда, Топ құнсыздану сомасын қауымдасқан компанияның өтелетін құны мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және осы соманы «Қауымдасқан компанияның пайдасындағы үлес» бабы бойынша пайда мен зияндарда мойындайды.

Қауымдасқан компанияға айтарлықтай ықпалдан айырылған жағдайда, Топ қалған инвестицияларды әділ құны бойынша бағалап, мойындайды. Едәуір ықпалдан айырылу сәтіне қауымдасқан компанияның баланстық құны мен қалған инвестициялардың әділ құны және шығарылудан болған түсімдер арасындағы айырма пайда немесе зиян құрамында мойындалады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржы құралдары – бастапқы мойындау және кейіннен бағалау

Қаржы активтері

Бастапқы тану және бағалау

Топтың қаржы активтеріне ақша қаражаты мен оның баламалары, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді депозиттер, пайдаланылуы шектелген ақша қаражаты, басқа жа қаржы активтері, сауда және басқа да дебиторлық берешек, бағасы белгіленетін және белгіленбейтін қаржы құралдары кіреді.

Қаржы активтері бастапқыда мойындалған кезде пайда немесе шығын; қарыздар мен дебиторлық берешек; өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар; сату үшін қолда бар қаржы активтері; тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері ретінде жіктеледі. Барлық қаржы активтері пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтерін қоспағанда, алғашқыда мәміле бойынша онымен тікелей байланысты шығындарға көбейтілген әділ құны бойынша танылады.

Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта қабылданған ережелермен белгіленген мерзімде активтердің берілуін талап ететін қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық мәмілелер («стандартты талаптарда» жасалатын сауда) мәміленің жасалу күніне, яғни Компания активті сатып алу немесе сату міндеттемесін өз мойнына алған күнге мойындалады.

Одан кейінгі бағалау

Қаржы активін одан кейін бағалау былайша оларды жіктеуге байланысты болады.

Қарыздар және дебиторлық берешек

Қарыздар мен дебиторлық берешек белсенді нарықта жүрмейтін белгіленген немесе айқындалатын төлемдері бар туынды емес қаржы активтерін білдіреді. Бастапқыда мойындалғаннан кейін осы сияқты қаржы активтері құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып айқындалған амортизациялық құны бойынша бағаланады.

Амортизациялық құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану негізінде амортизация жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте пайыздық кірістердің құрамына енгізіледі. Құнсызданумен байланысты шығыстар қарыздар жағдайында жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржы шығыстарының дебиторлық берешек жағдайында операциялық шығындар құрамында есептеледі.

Өтеуге дейін ұстап қалатын инвестициялар

Тіркелген немесе белгіленген төлемдері және тіркелген өтеу мерзімі бар туынды емес қаржы активтері, Топ оларды өтеу мерзіміне дейін ұстап қалуға нақты мүдделі және қабілетті болғанда, өтеуге дейін ұстап қалатын инвестициялар ретінде жіктеледі. Өтеуге дейін ұстап қалатын инвестицияларды бастапқы бағалаудан кейін құнсызданудан келген шығындарды алып тастағанда, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы белгіленетін өтелімдік құны бойынша бағаланады.

Амортизациялық құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы жиынтық кіріс туралы туралы шоғырландырылған есептің пайыздық кірістерінің құрамына жатқызылады. Құнсызданумен негізделген шығыстар қаржылық шығыстар құрамында жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялар

Сату үшін қолда бар қаржы инвестицияларына үлестік және борыштық бағалы қағаздар жатады. Сату үшін қолда бар деп жіктелген үлестік инвестициялар – саудаға арналған деп те, сол сияқты пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын деп те жіктелмеген инвестициялар. Осы санаттағы борыштық бағалы қағаздар – топ белгісіз уақыт кезеңі ішінде ұстап отырғысы келетін және өтімділікті қамтамасыз ету мақсатында немесе нарықтық талаптардың өзгеруіне жауап ретінде сатылу мүмкін бағалы қағаздар.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржы құралдары – бастапқы мойындау және кейіннен бағалау (жалғасы)

Қаржы активтері (жалғасы)

Одан кейінгі бағалау (жалғасы)

Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялар (жалғасы)

Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялар алғаш рет бағаланғаннан кейін әділ құны бойынша бағаланады, ал солар бойынша өткізілмеген пайда немесе зияндар инвестицияның танылуы тоқтаған сәтке дейін резервтің құрамында басқа да жиынтық кіріс ретінде танылады, әрі оған жинақталған пайда немесе зиян басқа да операциялық кірістің құрамында не болмаса инвестиция құнсызданған болып есептелген сәтке дейін танылады, әрі оған жинақталған шығыстар резервтен пайда немесе зиян құрамына қайта жіктеледі және қаржылық шығыстар ретінде танылады. Сату үшін қолда бар қаржы инвестицияларын ұстап қалу кезеңінде түскен пайыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша пайыздық кірістер ретінде көрсетіледі.

Топ сату үшін қолда бар өзінің қаржы активтерін оларды таяу арада сату мүмкіндігі және ниетінің болуы туралы жорамал жасау затына бағалайды. Егер өте сирек жағдайларда Топ солар үшін белсенді нарықтардың жоқтығынан осы активтермен сауда жасауға дәрменсіз болса және оларды таяу арада сатуға қатысты басшылықтың ниеті өзгеріп кетсе, Топ мұндай қаржы активтерін қайта жіктеу туралы шешімді қабылдай алады.

Қарыздар мен дебиторлық берешек санатына қайта жіктеу, егер қаржылық актив қарыздар мен дебиторлық берешек анықтамасын қанағаттандырса және бұл ретте компанияның осы активтерді таяу арада немесе өтеуіге дейін ұстап отыруға мүмкіндігі болса және ниет білдірсе, рұқсат етіледі. Өтеуіге дейін ұсталатын құралдардың санатына қайта жіктеу, тек егер Топтың қаржы активін өтеуіге дейін ұстап тұру мүмкіндігі болса және ұстағысы келсе ғана, рұқсат етіледі.

«Сату үшін қолда бар» санатының құрамынан қайта жіктелген қаржы активтері, қайта жіктеу күніне әділ құны жаңа амортизацияланған құнға айналады, ал бұрын капитал құрамында танылған соларға байланысты пайда немесе зияндар тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып инвестициялардың қалған мерзімінің бойына пайда немесе зиян құрамында амортизацияланады. Амортизацияланған құнның жаңа бағасы мен күтілетін ақша ағындары арасындағы айырма тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып активті қалған пайдалану мерзімінің бойына амортизацияланады. Егер кейіннен активтің құнсызданған екендігі анықталса, капиталда көрсетілген сома пайда мен зияндарда қайта жіктеледі.

Тануды тоқтату

Қаржы активінің (немесе, қолданылатын жерде – қаржы активінің бөлігі немесе ұқсас қаржы активтері тобының бір бөлігі) мына жағдайларда баланста танылуы тоқтатылады:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Топ активтен ақша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тарапқа түсетін ақша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша ешбір елеулі кідірісін төлеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе, не болмаса (б) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сақтамаса, бірақ осы активтің бақылауын берсе.

Егер Топ өзінің активтен ақша ағынын алу барлық құқығын берсе не транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен табысты сақтап қала алған-алмағанын және, егер сақтап қала алған болса, онда қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сақтамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, жаңа актив Топ берілген активке өзінің қатысуын жалғастыруы дәрежесінде танылады. Бұл жағдайда Топ тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқық пен міндеттемені көрсететін негізде бағаланады;

Берілген актив бойынша кепіл нысанын қабылдайтын жалғасқан қатысу мынадай шамалардың ең азы бойынша танылады: активтің бастапқы баланстық құны немесе төленуін Топ талап етуі мүмкін ең көп соманың ең азы бойынша мойындалады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржы құралдары – бастапқы мойындау және кейіннен бағалау (жалғасы)

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Әрбір есепті күнге Топ қаржылық активтің немесе қаржылық активтер тобының құнсыздануының объективті белгілерінің болуын бағалайды. Қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы активті бастапқы мойындаудан кейін орын алған бір немесе одан артық оқиға (орын алған «шығынның туындау жағдайы») нәтижесінде құнсызданудың объективті дәлелі болған жағдайда құнсызданған болып есептеледі, әрі олар сенімді түрде бағалауға болатын қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы бойынша күтілетін болашақ ақша қаражаты ағындарына әсер етті. Құнсыздану дәлелі борышкер немесе борышкерлер тобы айтарлықтай қаржылық қиыншылықтар көріп отырғанын көрсетуді, өзінің қарызын өтей алмауды немесе берешектің пайыздарын немесе негізгі сомасын төлеуді тиянақты жүзеге асырмауды, сондай-ақ олар банкроттық немесе өзге түрде қаржылық қайта ұйымдастыру рәсімін жүргізуі мүмкін болуын қамтиды.

Сонымен бірге, мұндай дәлелдерге бағалауға болатын қаржы құралы бойынша күтілетін келешек ақша ағындарының азаюына көрсететін байқалатын деректер, атап айтқанда, мерзімі өткен берешек көлемдерінің және борыштарды төлеу міндеттемелерін орындаудан бас тартулармен белгілі бір өзара байланысты болатын экономикалық жағдайлардың өзгеруі жатады.

Амортизациялық құны бойынша қаржы активтері

Амортизациялық құн бойынша ескерілетін қаржы активтеріне қатысты Топ алдымен жекелей маңызды қаржы активтерінің құнсыздануының уәжді дәлелдері бар екендігіне не жинақтай алғанда жекелей маңызды емес қаржы активтері бойынша бағалау жүргізеді. Егер Топ дербес бағаланатын қаржы активі құнсыздануының объективті дәлелдері жоқ деп анықтаса, ол осы активті дәл сондай несиелік тәуекел сипаттамалары бар қаржы активтері тобына қосады, ал содан кейін осы активтерді жиынтық негізде құнсыздану мәніне қарастырады. Құнсыздану мәніне жеке бағаланатын активтер бойынша не құнсызданудан болған залалдарды тану жалғастырылады, не құнсыздану мәніне жиынтық бағаға енгізілмейді.

Құнсыздану шығынынан болған объективті дәлел болған жағдайда шығын сомасы активтің баланстық құны мен күтілетін келешек ақша ағындарының келтірілген құны (әлі болмаған келешекте күтілетін несиелік шығындарды ескерместен) арасындағы айырма ретінде бағаланады.

Есептік келешек ақша ағындарының келтірілген құны қаржылық актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Егер қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме құбылмалы болып табылса, құнсыздану шығынын бағалау үшін дисконттау мөлшерлемесі пайыздың ағымдағы тиімді мөлшерлемесін білдіреді.

Активтің баланстық құны резерв шотын пайдалану есебінен төмендейді және шығын сомасы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады. Төмендетілген баланстық құн бойынша пайыздық кірісті есептеу, құнсызданудан болған шығынды бағалау мақсатында болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін қолданылатын пайыздық мөлшерлемеге негізделі отырып жалғаса береді. Пайыздық кірістер жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржыландырудан түскен кірістер құрамында көрсетіледі. Қарыздар егер оларды болашақта өтеудің айқын келешегі болмаса, ал барлық қол жетімді қамтамасыз ету іске асырылған не Топқа берілген болса, тиісті резервтермен бірге теңгерімнен шығарылады. Егер келесі жылдың ішінде құнсызданудан болған есепті шығынның сомасы құнсыздануды мойындағаннан кейін болған қандай да бір оқиғаның салдарынан ұлғайса не болмаса азайса, бұрын мойындалған құнсыздану шығынының сомасы резерв шотын түзету арқылы ұлғайтылады немесе азайтылады. Егер қаржы құралы құнының алдыңғы есептен шығарылуы кейіннен қалпына келтірілсе, қалпына келтіру сомасы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығыстарды азайту ретінде мойындалады.

Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялар

Сату үшін қолда бар қаржылық инвестицияларға қатысты. Топ әрбір есепті күнге инвестициялар немесе инвестициялар тобы құнсыздануға ұшырағандығының объективті дәлелінің бар екендігін бағалайды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржы құралдары – бастапқы мойындау және кейіннен бағалау (жалғасы)

Қаржы активтерінің құнсыздануы (жалғасы)

Сату үшін қолда бар қаржы инвестициялары (жалғасы)

Сатуға арналған қолда бар деп жіктелген үлестік құралдарға инвестициялар болған жағдайда, объективті дәлелдерге оның бастапқы құнының деңгейінен төмен инвестициялардың әділ құнының елеулі немесе ұзақ уақыт бойғы төмендеуі кіреді. «Елеулілік» инвестициялардың бастапқы құнымен салыстыра отырып, ал «ұзақтықты» соның ішінде әділ құн бастапқы құннан кем болған кезеңмен салыстыра отырып бағаланады. Құнсыздану дәлелі болған жағдайда, осы инвестициялар бойынша пайда мен зияндар туралы шоғырландырылған есепте бұрын мойындалған құнсыздану шығынын қоспағанда, сатып алу құны мен ағымдағы әділ құны арасындағы айырма ретінде бағаланған жиынтық шығын сомасы басқа жиынтық кірістен алынып тасталады және пайда мен зияндар туралы шоғырландырылған есепте мойындалады. Үлестік құралдарға инвестициялар бойынша құнсызданудан болған залалдар пайда немесе залал арқылы қалпына келтірілмейді; құнсызданудан кейін олардың әділ құнының ұлғаюы тікелей басқа да жиынтық кірістің құрамында танылады.

Сату үшін қолда бар деп жіктелген үлестік құралдар жағдайында құнсыздану амортизацияланған құн бойынша ескерілетін қаржы активтеріне қатысты қолданылатын дәл сол критерийлердің негізінде бағаланады. Дегенмен құнсызданудан болған шығын сомасы бұрын жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалған осы инвестициялар бойынша құнсыздану шығынын шегере отырып, амортизацияланған құн мен ағымдағы әділ құн арасындағы айырма ретінде бағаланған жинақталған шығынды білдіреді.

Активтің азайтылған баланстық құнына қатысты пайыздардың есептелуі құнсыздану шығынын бағалау мақсатында келешек ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылған пайыздық мөлшерлеме бойынша жалғасады. Пайыздық кірістер жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте бейнеленеді. Егер келесі жылдың ішінде борыштық құралдың әділ құны өсетін болса және бұл өсімді объективті түрде құнсызданудан болған зиян танылғаннан кейін болған оқиғамен байланыстыруға мүмкін болса, онда құнсызданудан болған зиян пайда мен зияндар арқылы қалпына келтіріледі.

Қаржылық міндеттемелер

Бастапқы тану және бағалау

Бастапқы мойындау кезіндегі қаржылық міндеттемелер пайда немесе зиян, несиелер мен қарыздар немесе тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда оларға мәміле бойынша тікелей байланысты шығындар шегеріліп қарыздар, несиелер мен кредиторлық берешек болған жағдайда әділ құны бойынша танылады.

Топтың қаржылық міндеттемелері сауда және басқа да кредиторлық берешекті, несиелер мен қарыздарды және шығарылған облигацияларды қамтиды.

Кейінгі бағалау

Қаржылық міндеттемелерді одан кейінгі бағалау олардың жіктелуіне былайша тәуелді болады:

Несиелер мен қарыздар

Бастапқыда мойындалғаннан кейін пайыздық несиелер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар, оларды тануды тоқтатқанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы өтелім есептелуіне қарай пайда мен зияндарда танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығыстар құрамына енгізіледі.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржы құралдары – бастапқы мойындау және кейіннен бағалау (жалғасы)

Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)

Кейінгі бағалау (жалғасы)

Сауда және басқа да кредиторлық берешек

Сауда және басқа да кредиторлық берешек бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

Тануды тоқтату

Қаржылық міндеттеменің танылуы, егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады. Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің мойындалуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені мойындаудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың баланстық құндағы айырмасы жиынтық шығын туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Қаржылық құралдардың өзара есепке алынуы

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуы тиіс, ал нетто-сомасы қазіргі сәтте мойындалған сомаларды өзара есепке алуға, сондай-ақ нетто-негізде есеп айырысу ниетіне не болмаса активтерді өткізуге және осымен бірге міндеттемелерді өтеуге заңгерлік құқық болғанда ғана қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте ұсынылуы тиіс.

Қорлар

Қорлар ФИФО әдісі бойынша ескеріледі.

Қорлар екі өлшемнің ең азы бойынша бағаланады: сатып алу құны және өткізудің таза құны.

Өткізудің таза құны, өндірісті аяқтауға жұмсалатын болжамды шығыстарды және өткізуге бағаланған шығындарды шегере отырып, әдеттегі қызметтің барысында сатудың болжамды бағасы ретінде айқындалады.

Денежные средства и их эквиваленты

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі ақша қаражаты мен олардың баламаларына банктер мен кассадағы ақшалай қаражат және бастапқы өтеу мерзімі 3 (үш) ай немесе одан аз болатын қысқа мерзімді депозиттер жатады.

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептің мақсаттары үшін ақша қаражаты мен олардың баламалары жоғарыдағы анықтамаға сай ақша қаражаты мен қысқа мерзімді депозиттерден тұрады.

Пайдалануға шектелген ақша қаражаты

Халықаралық Қайта құру және Даму Банкімен (бұдан әрі – «ХҚҚДБ») және Еуропалық Қайта құру және Даму Банкімен (бұдан әрі – «ЕҚҚДБ») қол қойылған жобаларды қаржыландыру жөніндегі несиелік келісімдеріне сәйкес Топ борышқа қызмет көрсетуге қажетті банк шоттарын ашты. Осы банк шоттарында көрсетілген ақша қаражаты пайыздар мен негізгі борыш бойынша жоспарлы төлемдерді жүзеге асыру үшін ғана пайдалана алады. Егер ақша қаражаты қандай да бір тәсілмен есепті күннен бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезеңде пайдалануда шектелген болса, мұндай ақша қаражаты қысқа мерзімді активтер ретінде жіктеледі және тиісінше шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ескертпелерінде ашылып көрсетіледі. Егер ақша қаражаты есепті күннен бастап 12 (он екі) айдан астам кезеңге пайдалануда шектелген болса, мұндай ақша қаражаты ұзақ мерзімді активтердің құрамында көрсетіледі.

Резервтер

Егер Топтың бұрын болған оқиғаның нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттемесі (заңгерлік немесе тәжірибеден туындайтын) болса, осы міндеттемені өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайданың әкелілуі ықтимал болып табылса және мұндай міндеттеме сомасының сенімді бағасы алынуы мүмкін болғанда, резервтер мойындалады. Егер Топ резервтердің кейбір бөлігінің немесе барлығының өтемақысын алуды болжаса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтеу жекелеген актив ретінде тек өтемақының алынуы күмән келтірмеген жағдайда ғана мойындалады. Резервке қатысты шығыс өтемақыны шегере отырып, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Түсімді тану

Егер Топ экономикалық пайда алуды мүмкін деп бағаласа және егер пайда төлем жасау мерзіміне тәуелсіз сенімді бағалануы мүмкін болса, танылады. Пайда шартта анықталған төлем ережелері ескеріліп және салықтар немесе баждар шегеріліп, алынған немесе алуға жататын сыйақылардың әділ бағасы бойынша бағаланады. Топ пайда алуды көздейтін өзі жасаған шарттарды өзі принципал ма әлде агент пе дегенді анықтау мақсатында белгілі бір өлшемдерге сәйкес талдайды. Топ ол барлық мұндай шарттар бойынша принципал ретінде болады деген тұжырымға келді. Пайданы тану үшін мынадай өлшемдер де орындалуы тиіс:

Қызметтер көрсету

Көрсетілген қызметтерден түскен кірістер қызметтердің көрсетілу шамасына қарай танылады.

Топ өндірушілерден электр қуатын көтерме әрі ірі тұтынушыларға дейін жеткізу бойынша, желіге берудің техникалық диспетчерлеу бойынша қызмет көрсетуден және электр қуатын тұтынудан, өндірісті теңестіруді ұйымдастыру бойынша және электр қуатын тұтыну бойынша қызмет көрсетуден, сондай-ақ шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен электр қуаты ағымының шарттық көлемдерін қамтамасыз ету қызметтерінен және басқа да қызметтерден кіріс алады.

Электр қуатын беру, техникалық диспетчеризациялау және электр қуатын өндіру/тұтыну теңгерімін ұйымдастыру қызметтері бойынша кірісті есептеуге арналған тарифтерді Комитет бекітеді.

Электр қуатының шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен ағымының шарттық көлемдерін қамтамасыз ету қызметтері бойынша кірістер Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Бірыңғай энергия жүйелерінің параллельді жұмысын қамтамасыз ету шаралары туралы» Келісімдердің негізінде жасалған шарттардың талаптарына сәйкес танылады.

Пайыздық кіріс

Амортизацияланған құн және сату үшін қолда бар деп жіктелген пайыздық қаржы активтері бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кіріс немесе шығыс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып мойындалады, әрі ол қаржы құралын болжамды пайдалану мерзімінің бойында немесе егер бұл орынды болса, қаржы активінің немесе міндеттеменің таза баланстық құнына дейінгі ұзақ емес кезеңнің ішінде күтілетін келешек төлемдерді немесе ақша қаражатының түсімдерін дәл дисконттайды. Пайыздық кіріс жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке қосылады.

Тұтынушылардан алынған құрал-жабдық

Топ өз тұтынушыларынан кейбір негізгі құралдарды алады. Топ әрбір берілетін элементтің актив анықтамасына сәйкес келетіндігін бағалайды, және егер сәйкес келетін болса, берілген актив негізгі құрал ретінде танылады. Бастапқы мойындау кезінде оның құны әділ құны бойынша немесе құрылыстың, берілген құрал-жабдықтың құны бойынша есептеледі және тиісті сома басқа да кіріс ретінде көрсетіледі, өйткені Топтың келешек орындау міндеттемелері жоқ. Егер келешек орындау міндеттемелері болса, мұндай кіріс міндеттемелерді орындау кезеңінің немесе қайсысының ертерек орын алуына қарай, құрал-жабдықтың қызмет ету мерзімінің ішінде танылуы тиіс.

Қарыздар бойынша шығындар

Топтың ниетіне сәйкес пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін ұзақ уақыт кезеңін міндетті түрде талап ететін активті сатып алумен, салумен немесе өндірумен тікелей байланысты қарыздар бойынша шығындар мұндай активтің бастапқы құны ретінде капиталданады. Қарыздар бойынша барлық өзге шығындар келтірілген есепті кезеңдегі шығындарға жатқызылады. Қарыздар бойынша шығындарға пайыздардың төленуі және Топ қарызға алынған қаражатқа байланысты Топ шеккен басқа да шығындар кіреді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Жалдау

Мәміле жалға алу болып табылатындығын немесе онда жалға алу белгілері бар екендігін анықтау шарттың қолданылуының басталу күніне мәміле мазмұнын талдауға негізделеді. Мұндай талдаудың шеңберінде шарттың орындалуы нақты активті немесе активтерді пайдалануға тәуелділігін және мұндай мәміленің нәтижесінде активті немесе активтерді пайдалану құқығы өтетіндігін белгілеу қажет.

Топ жалға алушы ретінде

Топқа жалға алынған активті иелік етумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайда өтетін қаржылық жалдау жалға алынған мүліктің әділ құны бойынша жалдау мерзімінің басталу күніне капиталданады немесе егер бұл сома аз болып қалса, ең аз жалдау төлемдерінің дисконтталған құны бойынша капиталданады. Жалдау төлемдері өтелмеген міндеттеме сомасына пайыздың тұрақты мөлшерлемесі пайда болатындай етіп қаржылық шығыстар мен жалдау бойынша міндеттеменің негізгі сомасының азаюы арасында бөлінеді. Қаржылық шығыстар тікелей пайдада және зияндарда көрсетіледі.

Жалға алынған актив оның пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде амортизацияланады. Дегенмен егер Топқа жалдау мерзімінің соңында активке меншік құқығы өтеді деген негізделген сенімділік болмаса, актив келесі кезеңдердің ең қысқасының ішінде амортизацияланады: активтің пайдалы қызмет етуінің есепті мерзімі мен жалдау мерзімі.

Операциялық жалға алу бойынша төлемдер жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте шығыс ретінде барлық жалға беру мерзімі ішінде біркелкі танылады.

Зейнетақы міндеттемелері

Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Топ жинақтаушы зейнетақы қорларына аударымдар ретінде жұмысшылардың жалақысынан 10% мөлшерінде, бірақ айына 171.675 теңгеден артық емес мөлшерде (2015 жылы: 160.230 теңге) төлемдерді жасайды. Зейнетақы қорларына төленетін төлемдер жұмыскерлердің жалақысынан ұсталады және еңбекақыны төлеумен байланысты басқа да аударымдармен бірге олардың пайда болу сәтіне жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте еңбекақыны төлеу бойынша жалпы шығыстарға қосылады. Топтың зейнетақы төлемдері бойынша қандай да бір басқа міндеттемелері жоқ.

Ағымдағы табыс салығы

Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы табыс салығы бойынша салық активтері мен міндеттемелер салық органдарынан өтелуге немесе салық органдарына төленуге болжанатын сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы, – Топ өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын пайданы алатын елдерде есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңнамалар.

Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты ағымдағы салық жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте емес, капиталдың құрамында мойындалады. Басшылық соған қатысты тиісті салық заңнамасы әртүрлі түсіндірілуі мүмкін салық декларацияларында көрсетілген позицияларды мерзімді етіп бағалайды және қажетіне қарай резервтерді құрады.

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасындағы есепті күнге қаржылық есептілік мақсаттары үшін уақытша айырмаларды айқындау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мына жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша мойындалады:

- кейінге қалдырылған салық міндеттемесі бизнесті біріктіру болып табылмайтын мәміленің барысында гудвилді, активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындайды және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік табысқа да, сол сияқты салық салынатын табысқа немесе шығынға ықпал етпейді;

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Кейінге қалдырылған салық (жалғасы)

- еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестермен инвестициялармен байланысты салық салынатын уақыт айырмашылықтарына қатысты егер уақыт айырмасының уақыттың азайып бөлінуін бақылау мүмкін болса және уақыт айырмасы таяу болашақта азаймайтындығына елеулі мүмкіндік бар болса.

Кейінге қалдырылған салық активтері, мына жағдайлардан басқа, соған қарсы есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық шығындары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайда болады деген едәуір ықтималдылық болатын дәрежеде барлық есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша мойындалады:

- есептен шығарылатын уақыт айырмасына қатысты кейінге қалдырылған салық активі бизнесті біріктірудің салдарынан емес пайда болған және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік табысқа да, сол сияқты салық салынатын табысқа немесе шығынға ықпал етпейтін активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындайды;
- еншілес ұйымдарға, ассоциацияланған компанияларға инвестициялармен, сондай ақ бірлескен кәсіпорындарға қатысу үлестерімен байланысты есептен шығарылатын уақыт айырмаларына қатысты кейінге қалдырылған салық активтері уақыт айырмалары келешекте пайдаланылады және соған қарсы уақыт айырмалары қолданылуы мүмкін салық салынатын пайда орын алады деген айтарлықтай ықтималдылық бар дәрежеде ғана мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта қаралып, кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын табысқа қол жеткізу шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Мойындалмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік береді деген едәуір ықтималдық туындаған дәрежеде ғана мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер қабылданған немесе нақты қабылданған есепті күнгі жағдай бойынша салық мөлшерлемелерінің (және салық заңнамасының) негізінде актив өткізіледі, ал міндеттеме өтеледі деген есепті жылда қолданатын болады деп болжанатын салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Пайда немесе шығын құрамында мойындалған баптарға қатысты кейінге қалдырылған салық пайда немесе шығын құрамында мойындалмайды. Мерзімі ұзартылған салықтар баптары олардың негізіндегі операцияларға сәйкес не болмаса басқа да жиынтық кірістің құрамында немесе тікелей капиталда мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, егер заңи тұрғыдан бекітілген ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерді есепке алу құқығы болса және кейінге қалдырылған салықтар дәл сол салық салынатын компанияға немесе салық органына қатысты болса, бір біріне қарсы есепке алынады.

Дивидендтер

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шығаруға шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіткен күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте ашып көрсетіледі.

Шартты міндеттемелер мен шартты активтер

Шартты міндеттемелер шоғырландырылған қаржылық есептілікте мойындалмайды, мұндайда оларды өтеуге байланысты ресурстардың шығарылуы күмәнді болып табылатын жағдайларды қоспағанда, олар туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылады.

Шартты активтер шоғырландырылған қаржылық есептілікте мойындалмайды, мұндайда оларға байланысты экономикалық пайданы алу мүмкін болып табылатын жағдайларда олар туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылады.

4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІ ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан есепті кезеңнің аяғында есептілікте ұсынылатын түсімдер, шығыстар сомасына, активтерге және міндеттемелерге, сондай-ақ шартты міндеттемелер мен активтер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін бағалау мәндерін және болжауларды пайымдау мен анықтау енгізуді талап етеді. Дегенмен осы жорамалдар мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік соған қатысты осы сияқты жорамалдар мен бағалаулар қабылданған активтің немесе міндеттеменің баланстық құнына келешекте елеулі түзетулерді талап етуі мүмкін нәтижелерге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Бағалау мәндері мен жорамалдар

Болашақ туралы негізгі болжаулар және есепті күнге бағалаулардағы айқынсыздықтың басқа да негізгі көздері төменде қаралады, олар келесі қаржы жылы ішінде активтердің теңгерімдік құны мен міндеттемелерге елеулі түзетулердің себебі болуы мүмкін. Топтың жорамалдары мен бағалау мәндері ол шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау сәтіне қолында болған бастапқы деректерге негізделген. Дегенмен ағымдағы міндеттемелер мен келешекке қатысты жорамалдар нарықтық өзгерістерге немесе Топ бақыламайтын жағдайларға орай өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер олар болатын шамаға қарай жорамалдарда көрсетіледі.

Негізгі құралдарды қайта бағалау

Қайта бағаланған ҰЭЖ активтері активтің табиғатына, сипаты мен соған тән тәуекелдерге сүйене отырып 13 ХБЕС-ке сай активтердің бір класын білдіреді. ҰЭЖ активтерінің әділ құнын анықтауға арналған бастапқы деректер әділ құн иерархиясында 3-деңгейге жатады (қадағаланбайтын бастапқы деректер).

Топ 2014 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ҰЭЖ активтерін қайта бағалады. ҰЭЖ активтерінің әділ құны шығынды әдіспен айқындалды. Шығынды әдіспен айқындалған құн активтің өндірістік қуаттылығын өтеуге қажетті соманы (өтеу құны) көрсетеді. Шығынды әдіс активтердің сирек мамандырылуына орай және тарихи тұрғыдан бұл активтер ешқашан сатылмағандығына орай қолданылды.

Өтемақының есептелген ағымдағы құны кейіннен ақша ағындарын дисконттау үлгісінің негізінде айқындалған өтелетін құнмен салыстырылды. Ақша ағындары бюджеттен келесі 5 (бес) жылға алынады және оған Компанияның жүргізуге әлі де болса міндеттемелері жоқ қайта құрылымдау бойынша қызмет немесе ААЖБ құнсыздану мәніне тексерілетін активтің нәтижелерін жақсартатын келешектегі елеулі инвестициялар жатпайды.

Бағалау нәтижесінде 415.708.160 мың теңге мөлшеріндегі сома 2014 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша әділ құн ретінде танылды.

Әділ құнды бағалау кезінде келесі негізгі жорамалдар қолданылды:

Дисконттау мөлшерлемесі (WACC)	11,61%
Ұзақ мерзімді өсу қарқыны	2,88%
Негізгі активтің қалған қызмет ету мерзімі	40 жыл

Дисконттау мөлшерлемесінің 0,5%-ға ұлғаюы немесе өсімнің ұзақ мерзімді қарқынының 0,5%-ға азаюы Топтың негізгі құралдарының әділ құнының шамамен 9.089.485 мың теңгеге немесе тиісінше 9.602.177 мың теңгеге азаюына әкеп соқтырады.

Топ басшылығы ҰЭЖ активтерінің әділ құны шамамен олардың 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша баланстық құнына тең болады деп есептейді.

4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІ ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР (ЖАЛҒАСЫ)

Ұлттық Электр Желісінің («ҰЭЖ») ұзақ мерзімді активтерінің өтелімділігі

Топ активтерді немесе ақша қаражатын жасайтын активтер тобын («жасайтын бірлік») оқиға немесе жағдайларда өзгерістер активтің баланстық құны өтелмейтіндігін көрсеткен жағдайларда құнсыздану мәніне бағалайды. Егер мұндай индикатор бар болып шықса, өткізу шығыстарын және пайдалану құнын шегере отырып әділ құнынан барынша жоғары мән ретінде қарастырылатын өтелетін құнның лайықты бағалануы жүргізіледі. Мұндай есептеулер реттелетін қызметтердің тарифтер деңгейі, дисконт мөлшерлемесі, капиталдағы келешек мұқтаждық, тәуекелдер мен айқындықсыздыққа ұшырағыш келетін операциялық шығындар (электр қуатын беру көлемдерін қоса) сияқты бағалаулар мен жорамалдарды пайдалануды қажет етеді. Активтің немесе жасайтын бірліктің баланстық құны өтелетін сомандан асып кетсе, онда актив немесе жасайтын бірлік құнсызданған болып есептеледі және өтелетін сомаға дейін есептен шығарылады. Өтелетін құнды бағалау кезінде келешекте күтілетін ақша ағындары активтер тобына / жасайтын бірлікке тән болатын тәуекелдерге түзетіледі және ақшаның уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағалауды көрсететін салық салуға дейінгі дисконт мөлшерлемесін пайдалана отырып, оның ағымдағы құнына дейін дисконтталады. Сату шығыстарын шегере отырып әділ құн нарыққа қатысушылардың арасында жасалатын әдеттегі мәміле шеңберінде активті сату кезінде алынатын құн ретінде айқындалады және ұйым үшін айрықша болуы мүмкін факторлардың ықпалын көрсетпейді және бүтіндей ұйымға таралмайды.

2015 жылы Топ құнсызданудың негізгі индикаторларын айқындады, әрі оған ұлттық валютаның едәуір девальвациясының тұрғысынан операциялық және күрделі шығындардың ұлғаюы кіреді. Топ басшылығы жасаған Топтың ұзақ мерзімді активтерінің өтелетін құнын бағалау нәтижесінде 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтердің құнсыздануы анықталмады.

Топ өтелетін құнды дисконтталған ақша ағындарының үлгісін пайдалана отырып есептейді. 9,84% дисконнтау мөлшерлемесі Компания капиталының салық салынғаннан кейінгі орташа алынған құнынан кейін алынды. Бесжылдық кезеңге бекітілетін және жыл сайын қайта қаралып отыратын Топтың даму жоспары ақпараттың негізгі дерек көзі болып табылады, өйткені онда электр қуатын беру көлемі, Топтың кірістері, шығыстары мен күрделі шығындары бойынша болжамдар қамтылған.

Реттелетін қызметтерге тарифтер деңгейін болжау мен инфляция қарқыны сияқты түрлі жорамалдар қолданыстағы бағаларды, шетелдік валюталардың айырбастау бағамдарын, басқа да макроэкономикалық факторлар мен тарихи үрдістерді және құбылуларды ескереді. Болжамды ақша ағындары 2020 жылға дейін шектелді. 2020 жылға дейінгі шығындар бюджеттің және Топтың даму жоспарының, сондай-ақ Топтың басшылығының операциялық және күрделі шығындарындағы ықтимал өзгерістер туралы ағымдағы бағалауының негізінде болжанған. Болжамнан кейінгі құн болжамды ұзақ мерзімді 3,5% өсімнің қарқынын қолдану арқылы бағаланды.

Өтелетін құнды бағалауға қажетті шешуші жорамалдар реттелетін қызметтердің тарифтер деңгейі, электр қуатын беру көлемі, дисконттау мөлшерлемесі мен ұзақ мерзімді өсім қарқыны болып табылады. Басты жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдық бағаланған.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ ұзақ мерзімді активтердің сыртқы және ішкі құнсыздану белгілерін анықтау бойынша талдау жасады. Мұндай талдаудың негізінде, Топ басшылығы 2016 жылғы 31 желтоқсанға ҰЭЖ ұзақ мерзімді активтердің құнсыздану тестілеуін жүргізу қажеттілігі жоқ деп есептейді.

Дебиторлық берешек

Топ күмәнді дебиторлық берешек бойынша резервтерді қалыптастырады. Едәуір пайымдаулар күмәнді борыштарды анықтау кезінде пайдаланылады. Күмәнді борыштарды анықтау кезінде тұтынушылардың тарихи және күтілетін жүріс-тұрысы қарастырылады. Топ үмітсіз мерзімі өткен берешекті былайша бағалайды: 31 90 күн – 5%, 91-180 күн – 20%, 181-360 күн – 50% және 361 күннен артық – 100%. Тұтынушының экономикалық немесе дербес көрсеткіштеріндегі өзгерістер, осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі күмәнді берешек бойынша резервті түзетуді талап етуі мүмкін. Қарсы агенттердің біріне қатысты «Узбекэнерго» АҚ, Топ қалыптасқан тәжірибеге орай күтілетін өтеу кезеңін бір жылға ұлғайтты. Осылайша, «Узбекэнерго» АҚ-ның дебиторлық берешегі 9,5% мөлшерлемесін қолдана отырып 1 жылға дисконтталды, әрі ол басшылықтың пікірінше 2014 жылға нарықтық мөлшерлеме болып табылды. 2015 жылы «Узбекэнерго» АҚ-на қатысты Топ «Узбекэнерго» АҚ 2015 жылы ұсынған берешекті өтеу кестесіне және қарсы агенттің төлемді соған сәйкес жасау ниетіне сәйкес, әрі бұл жасалған төлемдермен расталады, өтеу кезеңін қабыл алды. Осылайша, «Узбекэнерго» АҚ-ның дебиторлық берешегі 10,01% мөлшерлемесін қолдана отырып кестеде көрсетілген кезеңге дисконтталды, әрі ол басшылықтың пікірінше нарықтық мөлшерлеме болып табылды. Барынша толық ақпарат **10-ескертпеді** келтірілген.

4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІ ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР (ЖАЛҒАСЫ)

Салықтар

Күрделі салық заңнамасын, сондай-ақ келешек салық салынатын пайда сомалары мен мерзімдерін түсіндіруге қатысты белгісіздік бар. Топтың халықаралық операцияларының айтарлықтай алуандығын, сондай-ақ шарттық қатынастардың ұзақ мерзімді сипатын және күрделілігін есепке ала отырып, нақты нәтижелер мен қабылданған болжалдар арасында пайда болатын айырма немесе осындай болжалдардың келешек өзгерістері есептілікте көрсетілген шығыстар сомасын немесе табыс салығы бойынша шығыстар немесе үнемдеу сомасын түзетуге әкеп соқтырады. Негізделген жорамалдарға сүйене отырып, Топ салықтық тексерулердің ықтимал салдарына резервтерді құрады. Осындай резервтердің шамасы әр түрлі факторларға, мысалы, алдыңғы тексерулердің нәтижелеріне және салық төлеуші компанияның және тиісті салық органының салық заңнамасының әртүрлі интерпретацияларына байланысты.

Түсіндірулердегі осындай айырмашылықтар Топтың тиісті компаниясы тіркелген елде басым болатын шарттарға қарай мәселелердің көпшілігі бойынша туындап қалуы мүмкін.

Топ сот істерінің орын алуын салық заңнамасына орай екендігін бағалап, ақша қаражатының кейіннен ағып кетуі мүмкін емес деп бағаланды, шартты міндеттеме танылмады.

Кейінге қалдырылған салық активтері соған қарсы салық залалдары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайданы алу ықтимал болып табылатын шамада барлық пайдаланылмаған салық залалдары бойынша танылады. Келешек салық салынатын табысты алудың ықтимал мерзімдерінің және оның өлшемдерінің негізінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте мойындауға болатын кейінге қалдырылған салық активтерінің сомаларын, сондай-ақ салықтық жоспарлау стратегиясын анықтау үшін басшылықтың елеулі пайымдаулары қажет.

Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылған қаржы активтерінің және қаржылық міндеттемелердің әділ құны осы активті нарықтар негізінде анықталмайтын жағдайларда, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін пайдалана отырып, анықталады. Мүмкіндігіне қарай осы модельдер үшін бастапқы деректер ретінде алайда, бұл іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, бақылаушы нарықтардан түсетін ақпарат пайдаланылады, әділ құнды белгілеу үшін пікірдің белгілі бір үлесі таллап етіледі. Пікірлер өтімділік тәуекелі, несиелік тәуекел және өзгермелілік сияқты осындай бастапқы деректерді есепке алынуын қамтиды. Осы факторларға қатысты болжамдарға өзгерістер шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына әсер етуі мүмкін.

Шығарылған облигациялар

2016 жылғы маусымда «Нұрлы Жол» бағдарламасының шеңберінде «500кВ Екібастұз – Семей – Өскемен желісін салу» және «500кВ Семей – Ақтоғай – Талдықорған – Алма желісін салу» жобаларын қаржыландыру мақсатында Топ «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да қамтамасыз етілмеген купондық облигацияларды орналастырды (17 ескертпе).

Шығарылған бағалы қағаздардың купондық сыйақысы құбылмалы болып табылады және екі бөліктен: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитет жаңа купондық кезеңнің басталу күніне дейінгі 2 (екі) айдың алдындағы соңғы 12 (он екі) айда жариялаған тұтыну бағалары индексінің өсімі/азайуы ретінде есептелетін инфляциядан және жылдық 2,9% мөлшерінде тіркелген маржадан тұрады. Инфляцияның жоғары шегінің мәні 16%, төменгісі – 5% деңгейінде белгіленеді. Сыйақының ағымдағы купондық мөлшерлемесін 18,6% құрайды.

Топ басшылығының бағалауы бойынша сыйақының купондық мөлшерлемесі нарықтық мөлшерлемеге сәйкес келеді. Қарыз капиталын тарту ұзақтығына, айналым мерзімінің соңында облигациялардың номиналды құнының өтелуіне орай нарықтық мөлшерлеме ретінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің ұзақ мерзімді купондық облигациялары – МЕУЖКАМ бойынша сыйақы мөлшерлемесі болуы мүмкін. Бұл облигациялардың купон мөлшері екі бөліктен: тұтыну бағаларының индексінен және 0,1% құрайтын тіркелген маржадан тұрады. МЕУЖКАМ облигацияларына қарағанда Топ облигацияларының қамтамасыз етуі жоқ, сондықтан тіркелген маржаның мөлшеріндегі айырмашылық тәуекел үшін сыйлықақымен түсіндіріледі. Осылайша, эмиссияланатын облигациялардың номиналды құны әділ құнымен танылды.

5. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ СЕГМЕНТТЕР ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ

Операциялық сегменттер

Басқару мақсаттары үшін Топ бір шаруашылықты білдіреді, әрі ол электр қуатын берумен, желіге жіберілудің техникалық диспетчерлеумен және электр қуатының тұтынуымен, өндірістің теңестірілуін ұйымдастырумен және Қазақстанда электр қуатының тұтынуымен айналысады. Бұл операциялық сегмент жалғыз есепті сегментті білдіреді.

Географиялық ақпарат

Тұтынушылардың географиялық орналасуы жөніндегі ақпарат былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2016 жыл	2015 жыл
Қазақстандық тұтынушылардың кірістері	117.385.538	99.912.697
Ресейлік тұтынушылардың кірістері	11.254.357	10.148.762
Өзбекстандық тұтынушылардың кірістері	1.361.538	–
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке сай кірістер жиыны	130.001.433	110.061.459

Басшылық салық салынғанға дейінгі кірістер мен пайданы ХҚЕС-ке сәйкес саралайды.

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың бір тұтынушыдан, Самұрық-Энергодан түскен кірістер, оған қоса оның бірлескен кәсіпорындары, 19.974.135 мың теңге болды және оған электр қуатын беру қызметтерінен, диспетчерлеу қызметтерінен және теңгерімді ұйымдастыру қызметтерінен түскен кірістер кіреді (2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 17.401.767 мың теңге).

6. САТУҒА АРНАЛҒАН ДЕП ЖІКТЕЛГЕН ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

2015 жылы Топ «ҚазЭнергоПровод» ЖШС қауымдасқан компаниясының жарғылық капиталындағы 49,9% қатысу үлесін өткізу туралы шешімді қабылдады.

2015 жылғы 6 мамырда басшылық қатысу үлесін өткізудің жоспар-кестесін бекітті. Тиісінше, 2015 жылғы 6 мамырдан бастап бұл инвестицияларды Топ сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер ретінде жіктеді.

Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер сатуға арналған шығындар шегеріліп, баланстық құн сомасы мен әділ құнның азы бойынша бағаланады. Бұл талапты орындау мақсатында тәуелсіз бағалаушы бағалауды жүргізді, соның нәтижесінде Топтың «ҚазЭнергоПровод» ЖШС-тегі қатысу үлесінің әділ құны 161.511 мың теңге мөлшерінде танылды. Өткізу шығындарын шегере отырып, әділ құн аудару күніне 161.992 мың теңге құраған баланстық құннан аз болуына орай 481 мың теңге мөлшерінде зиян танылды.

2016 жылғы маусымда «ҚазЭнергоПровод» ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысы жарғылық капиталды 230.000 мың теңгеге дейін азайту туралы шешімді қабылдады. Тиісті өзгерістер құрылтай құжаттарына енгізіліп, заңды тұлға қайта тіркелді. Бұл шешімнің нәтижесінде сатуға арналған деп жіктелген активтердің баланстық құны 96.641 мың теңгеге дейін азаюы танылды.

2016 жылғы қарашада электрондық аукцион тәсілімен, бағаны азайту әдісімен сауда-саттық өткізілді. Сауда-саттықтың нәтижелері бойынша сатып алушы анықталды және 10.839 мың теңгеге тең болатын сату бағасы белгіленді. «ҚазЭнергоПровод» ЖШС қауымдасқан компанияның жарғылық капиталына қатысу үлесінің сатылуы 2016 жылғы қарашада аяқталды.

7. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР ЖӘНЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР ҮШІН БЕРІЛГЕН АВАНСТАР

Мың теңгемен	Жер	Ғимараттар	ҰЗЖ активтері	Көлік және басқа да негізгі құралдар	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
Бастапқы құн						
2015 жылдың 1 қаңтарына	1.529.783	13.543.582	802.315.409	30.415.857	13.342.850	861.147.481
Түсімдер	43.449	–	47.843	826.624	23.612.941	24.530.857
Аударымдар	2.817	595.627	(1.583.633)	3.849.063	(2.863.874)	–
Материалдық емес активтерге аударым	–	–	–	(378)	(142.511)	(142.889)
Инвестициялық жылжымайтын мүлікке аудару	(46.320)	(910.536)	(159.699)	(432.269)	–	(1.548.824)
Шығару	(824)	(3.350)	(490.161)	(378.135)	(23.173)	(895.643)
2015 жылдың 31 желтоқсанына	1.528.905	13.225.323	800.129.759	34.280.762	33.926.233	883.090.982
2016 жылдың 1 қаңтарына	1.528.905	13.225.323	800.129.759	34.280.762	33.926.233	883.090.982
Түсімдер	9.923	1.251	725.913	1.532.260	42.652.202	44.921.549
Аударымдар	745	542.633	20.036.244	2.269.176	(22.848.798)	–
Материалдық емес активтерге аударым	–	–	–	–	(4.497)	(4.497)
Шығару	–	(1.125)	(1.793.056)	(446.176)	(26.470)	(2.266.827)
2016 жылдың 31 желтоқсанына	1.539.573	13.768.082	819.098.860	37.636.022	53.698.670	925.741.207
Жинақталған тозу және құнсыздану						
2015 жылдың 1 қаңтарына	–	(1.612.816)	(364.419.798)	(17.315.820)	(355.371)	(383.703.805)
Кезеңдегі аударымдар	–	(262.308)	(19.555.680)	(2.289.621)	–	(22.107.609)
Аударымдар	–	679	(412.998)	412.319	–	–
Инвестициялық жылжымайтын мүлікке аудару	–	346.460	74.821	337.492	–	758.773
Шығару	–	2.328	260.908	373.848	19.014	656.098
Құнсыздануды қалпына келтіру	–	–	–	–	5.353	5.353
2015 жылдың 31 желтоқсанына	–	(1.525.657)	(384.052.747)	(18.481.782)	(331.004)	(404.391.190)
2016 жылдың 1 қаңтарына	–	(1.525.657)	(384.052.747)	(18.481.782)	(331.004)	(404.391.190)
Кезеңдегі аударымдар	–	(273.150)	(19.931.194)	(2.200.004)	–	(22.404.348)
Аударымдар	–	583	(15.680)	15.097	–	–
Шығару	–	561	1.623.507	403.260	21.213	2.048.541
Құнсыздану	–	–	–	–	(79.820)	(79.820)
2016 жылдың 31 желтоқсанына	–	(1.797.663)	(402.376.114)	(20.263.429)	(389.611)	(424.826.817)
Қалдық құны						
2015 жылдың 1 қаңтарына	1.529.783	11.930.766	437.895.611	13.100.037	12.987.479	477.443.676
2015 жылдың 31 желтоқсанына	1.528.905	11.699.666	416.077.012	15.798.980	33.595.229	478.699.792
2016 жылдың 31 желтоқсанына	1.539.573	11.970.419	416.722.746	17.372.593	53.309.059	500.914.390

7. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР ЖӘНЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР ҮШІН БЕРІЛГЕН АВАНСТАР (ЖАЛҒАСЫ)

ҰЖ активтерінің баланстық құны, егер олар жинақталған тозуды шегере отырып бастапқы құны бойынша ескерілсе, былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
Бастапқы құн	267.033.110	247.164.032
Жинақталған тозу	(82.385.796)	(74.224.315)
Қалдық құны	184.647.314	172.939.717

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша толығымен есептелген тозумен, бірақ пайдалануда жүрген негізгі құралдардың құны 7.507.540 мың теңге және тиісінше 8.480.667 мың теңге болды.

Қарыздар мен шығарылған облигациялар бойынша шығындардың капиталдануы

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде Топ шығарылған облигациялар бойынша купондық сыйақы шығындарын капиталдандырды, әрі олар инвестициялық кірісті шегере отырып 1.379.376 мың теңгені құрады (2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: нөл) *(17-ескертпе)*.

Аяқталмаған құрылыс

Аяқталмаған құрылыс, негізінен «500 кВ Шүлбі ГЭС (Семей) – Ақтоғай – Талдықорған – Алма ЖЖ салу» жобасын іске асыру бойынша құрал-жабдықпен және құрылыс-монтаж жұмыстарымен білдірілген.

Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар негізінен «500 кВ Шүлбинская ГЭС (Семей) – Ақтоғай – Талдықорған – Алма» жобасы бойынша құрылыс жұмыстары мен қызметтері үшін өнім жеткізушілерге төленген аванстармен білдірілген (2015 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар негізінен «500 кВ Екібастұз – Шүлбинская ГЭС (Семей) – Өскемен желісін салу» және «500 кВ Шүлбинская ГЭС (Семей) – Ақтоғай – Талдықорған – Алма» жобалары бойынша құрылыс жұмыстары мен қызметтері үшін өнім жеткізушілерге төленген аванстармен білдірілген).

8. ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Топтың «Батыс Транзит» АҚ компаниясының жарғылық капиталында 20% қатысу үлесі бар. «Батыс Транзит» АҚ (бұдан әрі – «Батыс Транзит») қызметінің негізгі орны және тіркеуге алынған елі Қазақстан Республикасы болып табылады. Батыс Транзиттің негізгі қызметі Солтүстік Қазақстанды Ақтөбе облысымен байланыстыратын аймақаралық электрді беру желісін салу және пайдалану жобасын іске асыру болып табылады. Батыс Транзиттің облигациялары Қазақстанның Қор Биржасында шығарылды. Төменде келтірілген кестеде Батыс Транзит туралы жалпы қаржылық ақпарат қамтылған:

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
Қаржылық жағдай туралы есеп		
Ағымдағы активтер	3.373.844	1.444.651
Ұзақ мерзімді активтер	19.433.266	20.692.201
Ағымдағы міндеттемелер	(2.384.323)	(1.722.382)
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	(18.898.018)	(19.080.393)
Таза активтер	1.524.769	1.334.077

8. ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
Топтың таза активтердегі үлесі	304.954	266.815
Инвестициялардың баланстық құны	304.954	266.815
Жиынтық кіріс туралы есеп		
Кірістер	5.819.979	5.460.163
Таза пайда	375.245	550.606
Топтың Батыс Транзит пайдасындағы үлесі	75.049	110.121

В мае 2016 года на общем собрании акционеров Батыс Транзит было принято решение о распределении части чистого дохода по итогам 2015 года в форме дивидендов в размере 6.151,57 тенге на одну акцию. Группой были получены дивиденды в сумме 36.910 тысяч тенге денежными средствами.

По состоянию на 31 декабря 2016 и 2015 годов у ассоциированной компании отсутствовали условные обязательства или обязательства по осуществлению капитальных вложений в будущем.

9. ҚОРЛАР

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
Қосалқы бөлшектер	1.258.723	1.242.830
Шикізат пен басқа да материалдар	930.547	852.345
Жанар-жағар материалдар	114.705	125.711
Басқа да қорлар	25.054	28.894
Минусы: ескірген қорларға резерв	(642.717)	(267.427)
	1.686.312	1.982.353

Ескірген қорларға резерв бойынша қозғалыс былайша берілген:

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
1 қаңтарға	267.427	247.478
Бір жылда есептелгені (24-ескертпе)	385.867	80.681
Есептен шығару	(10.577)	(60.732)
31 желтоқсанға	642.717	267.427

10. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
Сауда дебиторлық берешек	18.400.246	25.559.459
Минусы: күмәнді берешек бойынша резерв	(2.653.416)	(1.452.512)
Минусы: дебиторлық берешек дисконты	–	(675.571)
	15.746.830	23.431.376

10. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК (ЖАЛҒАСЫ)

Күмәнді берешек бойынша резервтің қозғалысы былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2016 год	2015 год
1 қаңтарға	1.452.512	3.445.256
Бір жылда есептелгені (24 ескертпе)	1.435.288	15.375.749
Есептен шығарылғаны	(1.585)	(5.893)
Қалпына келтіру (24-ескертпе)	(232.799)	(17.362.600)
31 желтоқсанға	2.653.416	1.452.512

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда дебиторлық берешекке 12.338.962 мың теңге (2015 жылғы 31 желтоқсанда: 19.945.945 мың теңге) сомасында «Узбекэнерго» АҚ тұтынушыдан дебиторлық берешегі кірді.

2015 жылғы желтоқсанда Топ «Узбекэнерго» АҚ-нан берешектің өтелетіндігіне қатысты үміттерін қайта қарады және «Узбекэнерго» АҚ ұсынған берешекті өтеу кестесіне сәйкес берешектің уақтылы төлеп отыруына орай 17.107.925 мың теңге мөлшерінде күмәнді берешек бойынша резервті қалпына келтірді. Қосымша, Топ ұсынылған кестеге сәйкес келешек ағындарды дисконттады.

Графикте берешектің өтелуі 2016 жылғы қазанда болжанғандықтан, 2016 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша дебиторлық берешек бойынша дисконт толығымен амортизацияланды (2015 жылғы 31 желтоқсанға: 675.571 мың теңге). 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топ 685.493 мың теңге сомасында дисконт амортизациясын жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептің қаржылық кірістері құрамында мойындады.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жаңа графиктің бұзылуына орай Топ 422.993 мың теңге сомасында «Узбекэнерго» АҚ-нан берешектің өтелмеген бөлігіне резервті есептеді.

Туындау мерзімдері бойынша сауда дебиторлық берешектің талдауы мынадай түрде берілген:

Мың теңгемен	Мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған					
	Жиыны	Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған	30-90 күн	91-180 күн	181-270 күн	271 күннен артық
2016 жылғы 31 желтоқсан	15.746.830	6.338.579	24.509	8.448.471	812.181	123.090
2015 жылғы 31 желтоқсан	23.431.376	4.765.585	200.833	141.647	5.288.501	13.034.810

Сауда дебиторлық берешек келесі валюталарда білдірілді:

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
АҚШ Доллары	9.915.969	19.693.177
Теңге	5.243.358	3.247.617
Ресей рублі	587.503	490.582
	15.746.830	23.431.376

11. БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
Негізгі құралдар мен аяқталмаған құрылыс үшін басқа да дебиторлық берешек	180.123	98.249
Келешек кезеңдердің шығыстары	107.269	65.009
Материалдардың жеткізілуі мен қызметтердің көрсетілуі үшін төленген аванстар	64.949	23.155
Қызметкерлерге берілген қарыздар	19.535	22.623
Басқасы	304.560	257.354
Минусы: басқа да ағымдағы активтердің құнсыздану резерві	(198.448)	(114.200)
	477.988	352.190

Басқа да ағымдағы активтердің құнсыздану резервіндегі өзгерістер мынадай түрде берілген:

Мың теңгемен	2016 год	2015 год
1 қаңтарға	114.200	97.987
Бір жылда есептелгені (24-ескертпе)	96.265	68.433
Қалпына келтірілгені (24-ескертпе)	(8.540)	(51.187)
Есептен шығарылғаны	(3.477)	(1.033)
31 желтоқсанға	198.448	114.200

12. БАСҚА ДА ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
Өзге де ұзақ мерзімді қаржы активтері		
Батыс-Транзит облигациялары	–	868.269
Банктік депозиттер	–	5.100.150
	–	5.968.419
Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері		
Банктік депозиттер	56.682.280	65.509.892
«Delta Bank» АҚ-да орналастырылған қаражат	3.000.000	–
«Казинвестбанк» АҚ-да орналастырылған қаражат	1.291.782	–
Батыс-Транзит облигациялары	868.269	–
Батыс Транзит облигациялары бойынша есептелген сыйақы	207.287	62.298
Минусы: «Казинвестбанк» АҚ-да орналастырылған қаражаттың құнсыздануынан болған шығыстар	(645.891)	–
	61.403.727	65.572.190
Басқа да қаржы активтерінің жиыны	61.403.727	71.540.609

12. БАСҚА ДА ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ (ЖАЛФАСЫ)

Батыс Транзит облигациялары

2007-2009 жылдары Топ Батыс Транзит, қауымдасқан кәсіпорны облигацияларын сатып алды (*8-ескертпе*), әрі оның облигациялары Қазақстан қор биржасында шығарылған. Облигациялар бойынша купондық сыйақының мөлшерлемесі 14,9% болды. Облигациялар сату үшін қолда бар қаржы активтері ретінде жіктелген. Облигациялардың әділ құны актив сатылған жағдайда алынатын немесе міндеттемені беру үшін төленетін бағаға негізделген. Батыс Транзит облигациялары 2006 жылғы 9 қаңтардағы кепілдік шартына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен қамтамасыз етілген.

2016 жылғы сәуірде Топ Батыс Транзитпен бір данасы үшін 100 теңге номиналды бағасы бойынша оның облигацияларын сатып алу туралы шартты жасады. Батыс Транзит 2017 жылғы 1 желтоқсанға дейін облигацияларды сатып алуды жоспарлап отыр.

Депозиттер

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша депозиттерге 182.185 мың теңге және тиісінше 114.722 мың теңге сомасына есептелген пайыздық кіріс кіреді.

«Delta Bank» АҚ-да орналастырылған қаражат

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ «Delta Bank» АҚ-да орналастырған қысқа мерзімді депозиттер 3.000.000 мың теңге болды. Топ басшылығы бұл қаражат 2017 жылғы қаңтарда облигациялар бойынша болған банк дефолтына қарамастан толығымен өтелетін болып табылады деп есептейді.

«Казинвестбанк» АҚ-да орналастырылған қаражат

2016 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының («Ұлттық Банк») қаулысына орай «Казинвестбанк» АҚ бағалы қағаздар нарығында банктік және өзге де операциялар мен қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиядан айырылды. Ұлттық Банк уақытша әкімшілікті тағайындады. Нәтижесінде, Топ «Казинвестбанк» АҚ-дағы 19.826 мың теңге сомдағы ақша қаражаты мен оның баламаларын басқа да қаржы активтеріне қайта жіктеді (басқа да қаржы активтеріне қосылған қысқа мерзімді депозиттердің 1.271.956 мың теңгеге қосымша) және олардың өтелуін бағалады. «Казинвестбанк» АҚ-дағы баланстардың өтелуі уақытша әкімшінің және Ұлттық банктің әрекетіне байланысты болады. Бағалау нәтижесінде Топ мұндай активтер өтелімділігінің ең үздік бағалануын көрсететін шоғырландырылған қаржылық есептілікте осы банктегі қалдықтардың құнсыздануына 50% резервті есептеді.

Басқа да қаржы активтері келесі валюталарда білдірілді:

Мың теңгемен	Пайыздық мөлшерлеме	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
АҚШ Доллары	4-6%	35.830.396	68.367.375
Теңге	10-14%	25.573.331	3.173.234
		61.403.727	71.540.609

13. ПАЙДАЛАНУДА ШЕКТЕЛГЕН АҚША ҚАРАЖАТЫ

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
Борышқа қызмет көрсету шоттарындағы ақша қаражаты	13.209.941	–
Резервтік шоттардағы ақша қаражаты	2.263.220	2.204.660
Кепілдік міндеттемелері бойынша қайтарылатын резервтегі ақша қаражаты	153.637	144.969
	15.626.798	2.349.629

13. ПАЙДАЛАНУДА ШЕКТЕЛГЕН АҚША ҚАРАЖАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша пайдалануда шектелген ақша қаражаты негізінен борышқа қызмет көрсету шоттарында және резервтік шоттарда банктердегі ақша қаражатымен білдірілген.

ХҚҚДБ мен ЕҚҚДБ-мен, Топ кредиторларымен жасалған несиелік келісімдерінің талаптарына сәйкес Топ ақша қаражатын Қазақстандық банкте ашылған борышқа қызмет көрсететін арнайы банк шотында ХҚҚДБ мен ЕҚҚДБ-нің қарыздары бойынша негізгі борыш, пайыздар мен комиссиялар төленген күнге дейінгі жарты жылдық кезең ішінде жинайды.

Қазақстан Республикасының Үкіметімен, Топтың қарыздары бойынша кепіл берушімен жасалған кепілдіктерді беру туралы келісімдердің талаптарына сәйкес **(16-ескертпе)**, Топ ақша қаражатын қазақстандық банкте ашылған арнайы резервтік шотта ұстауға міндеттенеді. Топ шотында талап етілетін қалдық ХҚҚДБ қарыздары бойынша негізгі борышты, пайыздар мен комиссияларды алдағы жартыжылдық төлемнің кем дегенде 110% құрауы тиіс.

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша өтелуге жоспарланған қаражатты ескере отырып, пайдалануда шектелген ақша қаражаты келесі валюталарда білдірілген:

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
АҚШ Доллары	15.473.161	2.204.660
Теңге	153.637	144.969
	15.626.798	2.349.629

14. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
Қысқа мерзімді депозиттер	20.450.000	5.036.000
Теңгемен банктердегі ағымдағы шоттар	9.297.895	2.551.406
Банктерде шетел валютасындағы ағымдағы шоттар	2.300.876	1.434.716
Кассадағы қолма-қол ақша	4.819	3.424
Арнайы шоттардағы ақша	1.788	5.216
	32.055.378	9.030.762

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топ жылдық 10,5-32% тиісінше 20.450.000 мың теңге және 5.036.000 мың теңге жалпы сомаға банктерде қысқа мерзімді депозиттерді орналастырды. Бұл депозиттер теңгемен білдірілген..

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен оның баламалары мына валюталарда білдірілген:

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
Теңге	29.754.502	7.596.046
АҚШ Доллары	1.925.437	393.010
Еуро	372.457	1.040.794
Ресей рублі	2.487	307
Басқа	495	605
	32.055.378	9.030.762

15. КАПИТАЛ

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның жарғылық капиталын шығарылған әрі толығымен төленген 126.799.554 мың теңге жалпы сомаға 260.000.000 акция құрады.

Халықтық IPO бағдарламасының шеңберінде Топ Қазақстанның қор биржасында бағасы 505 теңге болатын 25.999.999 дана көлемінде жай акцияларды орналастырды. 2014 жылғы 19 желтоқсанда 13.129.999 мың теңге мөлшерінде жарғылық капиталға жарна алынды. 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жарғылық капитал Халықтық IPO бағдарламасы бойынша акцияларды шығарумен байланысты кеңес беру қызметтерінің құнын шегере отырып жарғылық капитал 692.568 мың теңге мөлшерінде білдірілген.

Меншікті сатып алынған акциялар

2016 жылғы қарашада Топ 930 мың теңге жалпы сомаға 1.390 дана көлемінде ашық нарықта орналастырылған акцияларды сатып алды.

Дивидендтер

2015 жылғы 16 қазанда акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысымен Компанияның таза кірісінің 40,01% мөлшерінде 2015 жылдың 1 жартыжылдығы үшін дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылданды, бұл 2.444.000 мың теңгені немесе бір акцияға 9,40 теңгені құрайды. 2015 жылғы желтоқсанда қадағалаушы акционер – Самұрық-Қазынаға – 2016 жылғы 30 желтоқсанға дейін 2.199.600 мың теңге мөлшерінде дивидендтерді төлеу мерзімін ұзарту туралы келісім жасалды. Дивидендтердің қалған акционерлерге төленуі 2015 жылғы қазанда жүзеге асырылды. 2016 жылғы 31 қазанда Топ бұл берешекті толық өтеді.

2016 жылғы 28 қазанда акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында 2016 жылдың бірінші жартыжылдығы үшін қызмет нәтижелері бойынша алынған таза кірістің 40%-ның бөлінуі бекітілді. Бөлінуге жататын дивидендтер сомасын «KEGOC» АҚ-ның жай акцияларының барлық ұстаушыларына 6.481.765 мың теңгені құрайды, бұл бір жай акцияға шаққанда 24,93 теңгеге тең болады.

Акцияға пайда

Акцияға базалық және бөлінген пайда сомасы кезеңде болған таза пайданы кезең ішінде айналыста жүретін жай акциялардың орташа алынған санына бөлу арқылы есептелген. Топтың 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде орташа алғандағы жай акциялардың саны 259.999.769 дана мөлшерінде болды (2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда: 260.000.000 дана). 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда акцияға базалық және бөлінген пайда 106,12 теңге (2015: акция залалы 29,92 теңге) болды.

Акцияның баланстық құны

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі «ҚҚБ») Биржалық кеңесінің 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес қаржылық есептілікте ҚҚБ бекіткен ережелерге сәйкес есептелген, есепті күнге бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректер болуы тиіс.

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
Активтердің жиыны	632.058.886	595.336.614
Минусы: материалдық емес активтер	(855.032)	(1.036.367)
Минусы: міндеттемелердің жиыны	(269.974.816)	(254.360.000)
Таза активтер	361.229.038	339.940.247
Жай акциялардың саны	260.000.000	260.000.000
Акцияның баланстық құны, теңге	1.389	1.307

15. КАПИТАЛ (ЖАЛҒАСЫ)

Активтерді қайта бағалау резерві

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша активтерді қайта бағалау резерві 2014 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жасалған Топтың ҰЭЖ активтерін қайта бағалау нәтижесінде құн өсімімен білдірілген (алдыңғы қайта бағалау 2013 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша жасалды). 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін негізгі құралдардың есептен шығарылуының нәтижесінде активтерді қайта бағалау резервінен бөлінбеген пайдаға аударым 407.377 мың теңге (2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 458.668 мың теңге) болды.

Басқа резервтер

Басқа да резервтер сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау бойынша жинақталған резервтерді білдіреді. Сату үшін қолда бар қаржы инвестициялары бастапқы бағаланғаннан кейін әділ құны бойынша бағаланады, ал солар бойынша іске асырылмаған пайда немесе зияндар инвестициялардың мойындалуы тоқтаған сәтке дейін резервтердің құрамында басқа да жиынтық кіріс ретінде танылады. Облигациялардың әділ құны актив сатылған жағдайда алынатын немесе міндеттемені беру үшін төленетін бағаға негізделген.

16. ҚАРЫЗДАР

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
Халықаралық қайта құру және даму банкі («ХҚҚДБ»)	65.140.253	74.153.611
Еуропалық қайта құру және даму банкі («ЕҚҚДБ»)	57.338.686	97.076.928
	122.478.939	171.230.539
12 ай ішінде өтеуге тиісті қарыздың ағымдағы бөлігін шегере отырып	(27.334.944)	(22.090.879)
	95.143.995	149.139.660

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қарыздар бойынша есептелген және төленбеген сыйақы тиісінше 1.115.744 мың теңге және 1.223.400 мың теңге болды.

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қарыздардың ұйымдастырылуы бойынша комиссияның амортизацияланбаған бөлігі тиісінше 553.726 мың теңге және 813.886 мың теңге болды.

Қарыздар келесі валюталарда білдірілген:

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
АҚШ Доллары	74.236.477	110.952.763
Еуро	48.242.462	60.277.776
	122.478.939	171.230.539

16. ҚАРЫЗДАР (ЖАЛҒАСЫ)

«Ұлттық Электр Желісін жаңғырту»

1999 жылы Топ ХҚҚДБ 20 (жиырма) жыл мерзімге берген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен қамтамасыз етілген 140.000 мың АҚШ доллары сомасына «Ұлттық Электр Желісін жаңғырту» жобасын іске асыру үшін несие желілерін ашты. Қарыз 2005 жылдан бастап жыл сайынғы жарналармен өтелуі тиіс. Қарыз бойынша пайыздар жалпы спрэдті қоса банкаралық алты айлық ЛИБОР мөлшерлемесі бойынша есептеліп, жылына екі рет өтеліп отырады. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы 38.180 мың АҚШ доллары (теңгемен баламасы 12.725.012 мың) және тиісінше 49.540 мың АҚШ доллары (теңгемен баламасы 16.844.095 мың) болды.

«500 кВ Қазақстанның Солтүстігі-Оңтүстігі транзитінің электр қуатын тарататын екінші желінің құрылысы»

2005 жылы «500 кВ Қазақстанның Солтүстігі Оңтүстігі транзитінің электр қуатын тарататын екінші желінің құрылысы» II кезеңін жүзеге асыру үшін ХҚҚДБ 17 (он жеті) жылдық кезеңге берген 100.000 мың АҚШ доллары сомасына несие желісі алынды, солардың алғашқы 5 (бес) жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Несие желісі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен қамтамасыз етілген. Қарыз бойынша пайыздар жалпы спрэдті қоса банкаралық алты айлық ЛИБОР мөлшерлемесі бойынша есептеліп, жылына екі рет өтеліп отырады. 2011 жылы 1.918 мың АҚШ доллары мөлшеріндегі ХҚҚДБ-дан алынған несие желісінің игерілмеген бөлігі осы жобаның барысында болған нақты шығындар сомасы күтілген сомадан аз болуына орай күші жойылды. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы 48.973 мың АҚШ доллары (теңгемен баламасы 16.322.355 мың) және тиісінше 57.129 мың АҚШ доллары (теңгемен баламасы 19.424.481 мың) болды.

«Қазақстанның Ұлттық электр желісін жаңғырту» II кезең

2008 жылы «Қазақстанның Ұлттық электр желісін жаңғырту» II кезең жобасын жүзеге асыру үшін мынадай несие желілері ашылды:

(а) ЕҚҚДБ 15 (он бес) жылдық кезеңге берген 127.500 мың еуро және 75.000 мың еуро сомаға екі несие желісі, солардың алғашқы 4 (төрт) жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Қарыз бойынша пайыздар 3,85% маржаны қоса банкаралық алты айлық ЕВРОБОР мөлшерлемесі бойынша есептеліп, жылына екі рет өтеліп отырады. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы 112.137 мың еуро (теңгемен баламасы 39.519.210 мың) және тиісінше 129.389 мың еуро (теңгемен баламасы 48.062.645 мың) болды.

(б) ЕҚҚДБ 12 (он екі) жылдық кезеңге берген 47.500 мың еуро сомаға несие желісі, солардың алғашқы 4 (төрт) жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Қарыз бойынша пайыздар 3,55% маржаны қоса банкаралық алты айлық ЕВРОБОР мөлшерлемесі бойынша есептеліп, жылына екі рет өтеліп отырады. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы 22.749 мың еуро (теңгемен баламасы 8.017.051 мың) және тиісінше 29.248 мың еуро (теңгемен баламасы 10.864.522 мың) болды.

(в) ЕҚҚДБ 9 (тоғыз) жылдық кезеңге берген 5.000 мың еуро сомаға несие желісі, солардың алғашқы 4 (төрт) жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Қарыз бойынша пайыздар 2,75% маржаны қоса банкаралық алты айлық ЕВРОБОР мөлшерлемесі бойынша есептеліп, жылына екі рет өтеліп отырады. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы 603 мың еуро (теңгемен баламасы 212.760 мың) және тиісінше 1.811 мың еуро (теңгемен баламасы 672.763 мың) болды.

2013 жылғы қарашада ЕҚҚДБ-мен қосымша келісім жасалды, соның талаптарына сәйкес екінші несие желісінің сомасы 75.000 мың еуродан 53.443 мың еуроға дейін азайтылды.

2014 жылғы желтоқсанда 5.028 мың еуро мөлшерінде ЕҚҚДБ-дан алынған несие желісінің игерілмеген бөлігі осы жобаның барысында болған нақты шығындар сомасы күтілгеннен аз болуына орай күші жойылды.

16. ҚАРЫЗДАР (ЖАЛФАСЫ)

«Мойнақ ГЭС-нің қуатын беру нобайы»

2009 жылы «Мойнақ ГЭС-нің қуатын беру нобайы» жобасын жүзеге асыру үшін Топ ХҚҚДБ 25 (жиырма бес) жыл мерзімге берген 48 000 мың АҚШ доллары сомасындағы несие желісін алды, оның алғашқы 5 (бес) жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Несие желісі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен қамтамасыз етілген. Қарыз бойынша пайыздар 0,85% белгіленген спрэдті қоса банкаралық алты айлық ЛИБОР мөлшерлемесі бойынша есептеліп, жылына екі рет өтеліп отырады. 2013 жылғы мамырда 3.274 мың АҚШ доллары мөлшеріндегі ХҚҚДБ-дан алынған несие желісінің игерілмеген бөлігі осы жобаның барысында болған нақты шығындар сомасы күтілгеннен аз болуына орай күші жойылды. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы 40.254 мың АҚШ доллары (теңгемен баламасы 13.416.087 мың) және тиісінше 41.490 мың АҚШ доллары (теңгемен баламасы 14.446.957 мың) болды.

«Қазақстанның ҰЭЖ-ге 500 кернеулі желілерін қоса отырып ПС 500кВ Алма құрылысы, 220 кВ»

2010 жылы «Кернеуі 500, 220 кВ желілері Қазақстан ҰЭЖ-на жалғанатын 500 кВ-тық Алма ҚС-ны салу» жобасын жүзеге асыру үшін ХҚҚДБ 25 (жиырма бес) жыл мерзімге берген 78, 000 мың АҚШ доллары сомасына несие желісі ашылды, оның алғашқы 5 (бес) жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Несие желісі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен қамтамасыз етілген. Қарыз бойынша пайыздар 1,15% белгіленген спрэдті қоса банкаралық алты айлық ЛИБОР мөлшерлемесі бойынша есептеліп, жылына екі рет өтеліп отырады. 2014 жылғы шілдеде 6.644 мың АҚШ доллары мөлшеріндегі ХҚҚДБ-дан алынған несие желісінің игерілмеген бөлігі осы жобаның барысында болған нақты шығындар сомасы күтілгеннен аз болуына орай күші жойылды. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы 67.789 мың АҚШ доллары (теңгемен баламасы 22.593.244 мың) және тиісінше 69.572 мың АҚШ доллары (теңгемен баламасы 23.661.306 мың) болды.

«220 кВ ОБТҚ-Осакаровка ӘЖ-ні қайта құру»

2011 жылы «Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік транзитінің 500 кВ екінші электр жеткізу желісін салу» жобасының I, II және III кезеңдері шеңберінде 2004-2005 жылдары алынған ЕҚҚДБ және ҚДБ қарыздарын қайта қаржыландыру үшін Топ «220 кВ ОБТҚ-Осакаровка ӘЖ-ны қайта құру» жобасы шеңберінде ЕҚҚДБ мынадай несие желілерін ашты:

а) ЕҚҚДБ 15 (он бес) жыл мерзімге берген 77.293 мың АҚШ доллары мен 44.942 мың АҚШ доллары сомасына екі несие желісі. Қарыз бойынша пайыздар 3,95% маржаны қоса банкаралық алты айлық ЛИБОР мөлшерлемесі бойынша есептеліп, жылына екі рет өтеліп отырады. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы 21.997 мың АҚШ доллары (теңгемен баламасы 7.331.269 мың) және тиісінше 86.763 мың АҚШ доллары (теңгемен баламасы 29.500.398 мың) болды.

б) ЕҚҚДБ 12 (он екі) жыл мерзімге берген 17.293 мың АҚШ доллары сомасына несие желісі. Қарыз бойынша пайыздар 3,70% маржаны қоса банкаралық алты айлық ЛИБОР мөлшерлемесі бойынша есептеліп, жылына екі рет өтеліп отырады. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы 2.776 мың АҚШ доллары (теңгемен баламасы 7.925.255 мың) және тиісінше 11.431 мың АҚШ доллары (теңгемен баламасы 3.886.802 мың) болды.

2011 жылы «220 кВ ОБТҚ-Осакаровка ӘЖ-ны қайта құру» жобасын жүзеге асыру үшін ЕҚҚДБ 12 (он екі) жылға берген 12.900 мың АҚШ доллары (A2, B1b) және 1.900 мың АҚШ доллары (B2b) сомасына несие желісі ашылды, олардың алғашқы 3 (үш) жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Қарыз бойынша пайыздар 3,95% (A2, B1b) және 3,70% (B2b) қоса банкаралық алты айлық ЛИБОР мөлшерлемесі бойынша есептеліп, жылына екі рет өтеліп отырады. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы 2.564 мың АҚШ доллары (теңгемен баламасы 7.854.678 мың) және тиісінше 10.168 мың АҚШ доллары (теңгемен баламасы 3.457.056 мың) болды.

2014 жылғы мамырда ЕҚҚДБ несие желісінің екінші траншының игерілмеген бөлігінің сомасы 14.800 мың АҚШ долларынан 11.691 АҚШ долларына дейін азайтылды. 2016 жылғы желтоқсанда 70.222 мың АҚШ доллары сомасында (баламасы 23.567.126 мың теңге) ішінара мерзімінен бұрын өтеді (32-ескертпелі).

17. ОБЛИГАЦИЯЛАР

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
Шығарылған облигациялардың номиналды құны	47.500.000	–
Есептелген купондық сыйақы	5.251.917	–
Минусы: шығарылған облигациялар бойынша дисконт	(108.883)	–
Минусы: мәміле бойынша шығындар	(23.013)	–
	52.620.021	–
12 ай ішінде өтеуге тиісті облигациялардың ағымдағы бөлігін шегере отырып	(5.251.917)	–
	47.368.104	–

2016 жылғы маусым мен тамыз аралығындағы кезеңде «Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде «500кВ Екібастұз – Семей – Өскемен желісін салу» және «500кВ Семей – Ақтоғай – Талдықорған – Алма желісін салу» жобаларын қаржыландыру мақсатында Топ «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да 47.500.000 мың теңге сомаға купондық облигацияларды орналастырды, әрі ол 2031 жылға дейін өтеу мерзімімен 2,9% маржаны қоса Қазақстан Республикасындағы инфляцияның мөлшерлемесіне тең болды. Алғашқы купондық кезеңдегі купондық мөлшерлеме жылдық 18,6% болды.

Осы бағдарламаның шеңберіндегі барлық облигацияларды Бірыңғай Ұлттық Зейнетақы Қоры сатып алады. Түскен ақша қаражаты уақытша қысқа мерзімді банк депозиттерінде орналастырылды.

Облигациялар 111.945 мың теңге сомаға дисконтпен орналастырылды. 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топ негізгі құралдардың құнына 3.062 мың теңге сомада амортизацияланған дисконтты және 656 мың теңге сомада мәміле бойынша амортизацияланған шығындарды капиталға айналдырылды.

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде Топ 1.379.376 мың теңге (2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: нөл) мөлшеріндегі инвестициялық кірісті шегере отырып шығарылған облигациялар бойынша купондық сыйақы шығындарын капиталдандырды (7-ескертпне).

18. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ЖӘНЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САУДА ӘРІ ӨЗГЕ ДЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек		
Негізгі құралдар мен аяқталмаған құрылыс үшін кредиторлық берешек	2.804.261	–
Минусы: кредиторлық берешек дисконты	(386.451)	–
	2.417.810	–
Қысқа мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек		
Негізгі құралдар мен аяқталмаған құрылыс үшін кредиторлық берешек	12.731.011	8.091.105
Сатып алынатын электр қуаты үшін кредиторлық берешек	3.310.440	4.507.777
Қорлар және көрсетілген қызметтер мен орындалған жұмыс үшін кредиторлық берешек	940.184	926.262
	16.981.635	13.525.144
Жиыны	19.399.445	13.525.144

18. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ЖӘНЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САУДА ӘРІ ӨЗГЕ ДЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК (ЖАЛҒАСЫ)

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сауда және басқа да кредиторлық берешек мына валюталарда білдірілген:

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
Теңге	18.802.071	12.613.812
Ресей рублі	559.834	782.163
АҚШ Доллары	27.496	64.961
Еуро	10.044	64.208
	19.399.445	13.525.144

19. ҚҰРЫЛЫС БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕ

Самұрық-Қазына Басқармасының 2013 жылғы 28 қарашадағы шешіміне сәйкес Топ Астана қаласында бала-бақшасын салуға және құрылыс аяқталғаннан кейін оны Астана қ. Әкімдігіне беруге міндеттенеді. 2014 жылы Топ құрылыс шығындарын бағалап, құрылыс компаниясымен шарт жасады. Тиісінше, Топ 683.430 мың теңге жалпы сомаға құрылыс бойынша міндеттемені және акционерлерге тиісті бөлуді мойындады. Бала-бақша құрылысының аяқталуы 2017 жылы күтіліп отыр.

20. ТАБЫС САЛЫҒЫНАН БАСҚА, САЛЫҚТАР БОЙЫНША БЕРЕШЕК

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
Мүлікке салынатын салық (31-ескертпе)	2.657.850	315
Зейнетақы қоры бойынша міндеттемелер	195.551	85.746
Жеке табыс салығы	171.925	99.382
Әлеуметтік салық	156.929	81.221
Төленуге жататын қосылған құн салығы	115.476	250.582
Әлеуметтік сақтандыру бойынша міндеттемелер	40.580	27.638
Басқасы	1.954	14.631
	3.340.265	559.515

21. БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
Жұмыскерлердің алдындағы міндеттемелер	2.776.866	555.197
Басқасы	197.045	173.690
	2.973.911	728.887

22. КІРІС

Мың теңгемен	2016 жыл	2015 жыл
Электр қуатын беру	80.601.372	73.343.942
Техникалық диспетчерлеу қызметтері	19.761.623	15.071.222
Өндірістің және электр қуатын тұтынудың теңгерімін ұйымдастыру қызметтері	13.538.986	13.017.269
Сатып алынатын электр қуатын өткізуден түскен кіріс	10.755.485	5.004.398
Электр қуатының өтуінің мемлекетаралық сальдосын өтеу мақсатында электр қуатын сатудан түскен кірістер	3.704.705	3.020.328
Қуаттылықты реттеу қызметтері	1.361.538	–
Басқасы	1.569.884	1.276.395
	131.293.593	110.733.554
Тұтынушыларға жеңілдіктер	(1.292.160)	(672.095)
	130.001.433	110.061.459

Тұтынушыларға арналған жеңілдіктер Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу комитетінің бұйрығымен бекітіледі.

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде Топ «Узбекэнерго» АҚ-мен қол жеткізілген келісімнің нәтижесінде 1.361.538 мың теңге сомасында 2015 және 2016 жылдары «Узбекэнерго» АҚ қуаттылығын реттеу қызметтерін іске асырудан түскен кірістерді мойындады.

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін бір клиенттен, «Самұрық-Энерго» Тобынан түскен кірістер 19.974.135 мың теңге болды және оған электр қуатын беру қызметтерінен, диспетчерлеу қызметтерінен және теңгерімді ұйымдастыру қызметтерінен түскен кірістер кіреді.

2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін бір клиенттен, «Самұрық-Энерго» Тобынан түскен кірістер 17.401.767 мың теңге болды және оған электр қуатын беру қызметтерінен, диспетчерлеу қызметтерінен және теңгерімді ұйымдастыру қызметтерінен түскен кірістер кіреді.

23. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

Мың теңгемен	2016 жыл	2015 жыл
Тозу және амортизация	22.117.467	21.774.524
Электр қуатының технологиялық шығысы	16.079.993	20.172.090
Еңбекақыны төлеу шығыстары және еңбекақыны төлеумен байланысты басқа да аударымдар	13.347.751	11.446.146
Сатып алынатын электр қуатының өзіндік құны	10.460.213	4.891.579
Электр қуатының өтуінің мемлекетаралық сальдосын өтеу мақсатында электр қуатын сатып алу шығыстары	8.428.757	8.291.914
Пайдалану және жөндеу шығыстары	4.620.643	4.954.298
Қорлар	1.349.630	1.213.793
Күзет шығыстары	1.002.730	981.283
Басқасы	1.981.590	1.816.977
	79.388.774	75.542.604

24. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

Мың теңгемен	2016 жыл	2015 жыл
Табыс салығынан басқа салықтар	8.418.457	5.205.055
Еңбекақыны төлеу шығыстары және еңбекақыны төлеумен байланысты басқа да аударымдар	4.602.616	2.788.241
Күмәнді сауда және басқа да дебиторлық берешек пен өзге де ағымдағы активтердің құнсыздануы бойынша резервті есептеу/(қалпына келтіру) (10 және 11-ескертпелер)	1.290.214	(1.969.605)
Кеңес беру қызметтері	840.873	212.567
Тозу және амортизация	545.037	584.225
Ескірген қорларға резервті есептеу (9-ескертпе)	385.867	80.681
Сақтандыру шығыстары	184.393	155.121
Иссапар шығыстары	156.492	133.596
Жалдау шығыстары	111.623	106.469
Коммуналдық шығыстар	91.424	99.490
Материалдар	75.988	63.061
Тренингтер	46.440	85.615
Күзет қызметтері	45.413	37.339
Байланыс қызметтері	25.312	24.357
Банктің қызметтері	24.274	37.804
Жөндеу шығыстары	13.556	6.793
Басқа	782.451	913.896
	17.640.430	8.564.705

22. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР/(ШЫҒЫСТАР)

Мың теңгемен	2016 жыл	2015 жыл
Қаржылық кірістер		
Депозиттер, ағымдағы шоттар мен бағасы белгіленетін облигациялар бойынша пайыздық кіріс	9.192.217	2.958.192
Дебиторлық берешек бойынша дисконт амортизациясы	829.033	912.679
Кредиторлық берешек бойынша дисконтты мойындаудан түскен кіріс (18-ескертпе)	386.451	–
Басқасы	3.644	5.634
	10.411.345	3.876.505
Минусы: жіктелетін негізгі құралдардың құнына капиталданатын пайыздар (7-ескертпе)	(3.876.259)	–
	6.535.086	3.876.505
Қаржылық шығыстар		
Қарыздар бойынша пайыздар	10.091.348	3.410.140
Банк кепілдіктері бойынша комиссия	832.722	615.165
Қарызды ұйымдастыру үшін комиссия амортизациясы	388.899	88.122
Шығарылған облигациялар бойынша шығыстар	575	–
Сауда дебиторлық берешек бойынша дисконтты мойындаудан болған шығыстар	–	675.570
	11.313.544	4.788.997
Минусы: жіктелетін негізгі құралдардың құнына капиталданатын пайыздар (7-ескертпе)	(5.255.635)	–
	6.057.909	4.788.997

26. ОҢ/(ТЕРІС) БАҒАМДЫҚ АЙЫРМА, НЕТТО

2015 жылғы 20 тамызда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі инфляциялық таргеттеуді ендіру шеңберінде теңгенің еркін құбылмалы айырбас бағамы режиміне көшу туралы шешімді қабылдады. 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін теңгенің айырбас бағамының өзгеруі салдарынан Топ 2.346.713 мың теңге сомасында бағамдық айырмадан болған оң неттоны мойындады (2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 35.739.224 мың теңге нетто теріс бағамдық айырма).

27. БАСҚА ДА КІРІСТЕР

Мың теңгемен	2016 жыл	2015 жыл
Өтеусіз алынған негізгі құралдардан түскен кіріс	872.939	–
Өтеусіз алынған активтерден табыс салығын өтеу	158.267	–
Айыппұлдар, өсімпұлдар	214.682	649.655
Үйлер мен ғимараттарды жалға беруден түскен кіріс	74.152	121.237
Материалдардың есептен шығуынан түскен кіріс	59.449	49.387
Басқасы	33.709	51.973
	1.413.198	872.252

27. БАСҚА ДА КІРІСТЕР (ЖАЛҒАСЫ)

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін түскен басқа да кірістер «Каспий Құбыры Консорциумы – К» АҚ Тобының және «Алтайполиметаллы» ЖШС тұтынушыларынан 872.939 мың теңге сомаға шағын станция мен тарату желілерін қоса алғанда, негізгі құралдарды өтеусіз алудан түскен кірісті білдіреді. Топ өтеусіз алынған активтерден болған табыс салығын өтеу ретінде «Каспий Мұнай Құбыры Консорциумы – К» АҚ-нан 158.267 мың теңге соманы алды.

28. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР/(ЖЕҢІЛДІК)

Мың теңгемен	2016 год	2015 год
Ағымдағы табыс салығы		
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар	6.239.946	64.306
Өткен жылдардың ағымдағы табыс салығына қатысты түзетулер	12.232	(115.145)
Кейінге қалдырылған салық		
Кейінге қалдырылған салық бойынша шығыстар/(жеңілдік)	2.132.518	(2.116.659)
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген табыс салығы бойынша шығыстар/(жеңілдік) жиыны	8.384.696	(2.167.498)

2016 және 2015 жылдары Қазақстан Республикасында корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі 20% болды. Төменде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте ескерілген 20% табыс салығының мөлшерлемесі мен табыс салығының нақты сомасы салыстырылып тексерілуі келтірілген:

Мың теңгемен	2016 год	2015 год
Салық салғанға дейінгі пайда/(залал)	35.974.847	(9.947.071)
20% салықтың ресми мөлшерлемесі бойынша есептелген салық	7.194.969	(1.989.414)
Өткен жылдардың ағымдағы табыс салығына қатысты түзетулер	12.232	(115.145)
Жіктелетін негізгі құралдардың құнына капиталданатын пайыздар	443.507	–
Резидент еместердің күмәнді берешегі бойынша резервті есептеу/(қалпына келтіру)	261.561	(385.303)
Жаңартылатын қуат көздерінен қуат өндірушілерін қолдау	188.384	80.534
Ескірген қорларға резервті есептеу	77.173	16.136
Мүлік салығы бойынша айыппұлдар мен өсімпұлдар	49.445	–
Бағамдық айырма бойынша есептен шығарылмайтын шығыстар	–	81.979
Басқа да есептен шығарылмайтын шығыстар	157.425	143.715
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген табыс салығы бойынша шығыстар/(жеңілдік)	8.384.696	(2.167.498)

28. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР/(ЖЕҢІЛДІК) (ЖАЛҒАСЫ)

Бұдан әрі 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелердің пайда болуына әкеп соқтыратын негізгі уақыт айырмаларына салық әсері көрсетілген:

Мың теңгемен	Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп		Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	
	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл	2016 жыл	2015 жыл
Кейінге шегерілген салық шығындары	–	3.472.159	(3.472.159)	2.270.347
Дебиторлық берешек	91.758	263.044	(171.286)	133.453
Есептелген міндеттемелер	980.032	127.625	852.407	(177.605)
Негізгі құралдар	(67.878.611)	(68.537.131)	658.520	(109.536)
Кейінге қалдырылған салық бойынша (шығыстар)/жеңілдік			(2.132.518)	2.116.659
Кейінге қалдырылған таза салық міндеттемелері	(66.806.821)	(64.674.303)		

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
Кейінге қалдырылған салық активтері	1.093	2.839
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	(66.807.914)	(64.677.142)
Кейінге қалдырылған таза салық міндеттемелері	(66.806.821)	(64.674.303)

Топ ағымдағы салықтық активтерді және ағымдағы салықтық міндеттемелерді есепке алу үшін заңды түрде тіркелген құқығы болған жағдайда ғана салықтық активтер мен салықтық міндеттемелерді есепке алады, ал кейінге қалдырылған активтер мен кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер бір және сол салық органы өндіріп алатын пайда салығына жатады.

29. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

Байланысты тараптар Топтың негізгі басқарушы персоналын, Топтың негізгі басқарушы персоналына қатысудың елеулі үлесі тікелей немесе жанама тиесілі болатын ұйымдарды, сондай-ақ Үкімет бақылайтын өзге кәсіпорындарды қамтиды. Байланысты тараптармен мәмілелер байланысты және үшінші тараптар үшін ұсынылатын тарифтердің негізінде ұсынылған кейбір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарық ставкаларына міндетті түрде сәйкес келмейтін тараптардың арасында келісілген талаптарда жүзеге асырылды.

29. ОПЕРАЦИИ СО СВЯЗАННЫМИ СТОРОНАМИ (ЖАЛҒАСЫ)

Мына кесте байланысты тараптармен 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жасалған мәмілелердің жалпы сомасын көрсетеді:

Мың теңгемен	Жыл	Байланысты тараптардың дебиторлық берешегі	Байланысты тараптардың кредиторлық берешегі
Самұрық-Қазына Тобына кіретін еншілес ұйымдар	2016 жыл	1.906.324	1.612.641
	2015 жыл	1.873.643	1.734.326
Самұрық-Қазынамен қауымдасқан компаниялар	2016 жыл	289.396	188.262
	2015 жыл	322.623	205.367
Самұрық-Қазынаның бірлескен кәсіпорындары	2016 жыл	200.141	334.881
	2015 жыл	314.628	686.464
Топтың қауымдасқан компаниялары	2016 жыл	37.099	10.975
	2015 жыл	47.602	11.883

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Топтың байланысты тараптармен мынадай операциялары болды:

Мың теңгемен	Жыл	Сату байланысты тараптарға	Байланысты тараптардан сатып алу
Самұрық-Қазына Тобына кіретін еншілес ұйымдар	2016 жыл	22.997.812	15.969.180
	2015 жыл	22.452.578	12.008.135
Самұрық-Қазынамен қауымдасқан компаниялар	2016 жыл	7.539.481	2.804.717
	2015 жыл	5.794.687	1.846.301
Самұрық-Қазынаның бірлескен кәсіпорындары	2016 жыл	7.004.120	2.793.163
	2015 жыл	2.791.742	10.169.968
Топтың қауымдасқан компаниялары	2016 жыл	300.653	90.194
	2015 жыл	293.011	87.094

Топтың байланысты тараптарға сатуларына, негізінен, электр қуатын беру, техникалық диспетчерлеу қызметтері және электр қуатының өндірісі мен тұтынуды теңестіруді ұйымдастыру қызметтері кіреді. Топтың байланысты тараптардан сатып алуларына, негізінен, байланыс қызметтері, энергетика саласындағы қызметтер және электр қуатын сатып алу кіреді.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың 65.437.392 мың теңге мөлшеріндегі қарыздар бойынша берешегіне Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілдігін берді (2015 жылғы 31 желтоқсанға: 75.266.975 мың теңге).

29. ОПЕРАЦИИ СО СВЯЗАННЫМИ СТОРОНАМИ (ЖАЛҒАСЫ)

2007-2009 жылдары Топ Батыс Транзит, өзінің қауымдасқан компаниясы облигацияларын сатып алды, әрі оның облигациялары Қазақстан қор биржасында шығарылған. Облигациялар бойынша купондық мөлшерлеме 14,9% ды құрайды. Облигациялар сату үшін қолда бар қаржы активтері ретінде жіктелген. Облигациялардың әділ құны актив сатылған жағдайда алынатын немесе міндеттемені беру үшін төленетін бағаға негізделген әрі, тиісінше, бұл кіру бағасы емес, шығу бағасы және олардың баланстық құнына шамамен тең болады. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Батыс Транзит облигацияларының баланстық құны 868.269 мың теңге (2015 жылғы 31 желтоқсанда: 868.269 мың теңге) болды.

БатысТранзит облигацияларына есептелген пайыздық кіріс 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 227.840 мың теңге болды (2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 75.084 мың теңге).

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың байланысты тараптардан ұзақ мерзімді дебиторлық берешегінің құрамында көрсетілген «Балхашская ТЭС» АҚ негізгі құралдарын байланысты тарапқа 184.276 мың теңге (2015 жылғы 31 желтоқсанға: 168.654 мың теңге) мөлшерінде сату үшін дебиторлық берешегі болды. Сату шартына сәйкес «Балқаш ЖЭС» АҚ берешектің ақысын 2018 жылғы желтоқсанда төлейді. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Балқаш ЖЭС» АҚ-нан дебиторлық берешек бойынша дисконт 35.575 мың теңге (2015 жылғы 31 желтоқсанға: 51.197 мың теңге) болды. 2016 жылдың 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін дисконт амортизациясы 15.622 мың теңге (2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 14.251 мың теңге) болды.

2015 жылғы 30 қыркүйекте Топ құрал-жабдық кешенімен және Астана қаласында орналасқан іргелес жер учаскелерімен үйлер мен ғимараттарды байланысты тарапқа – «Қазпошта» АҚ-на 2.161.476 мың теңгеге сатты. Сату шартына сәйкес «Қазпошта» АҚ берешектің ақысын 2027 жылдың маусымына дейін тең бөлікті ай сайынғы төлемдермен төлейді. Тиісінше, Топ келешек ақша ағындарын 10,37% дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконттады, бұл Топ басшылығының нарықтық мөлшерлемені ең жақсы бағалауы болып табылды. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Қазпошта» АҚ-нан дебиторлық берешек бойынша дисконт 783.718 мың теңге болды. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дисконттың шегере отырып берешек сомасы 1.263.134 мың теңге болды, мұнда 1.083.011 мың теңге сомасы байланысты тараптардан болған ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің құрамына кірді. 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топ «Қазпошта» АҚ-ның ұзақ мерзімді берешегі бойынша дисконт амортизациясынан 127.918 мың теңге сомасында түскен кірісті мойындады.

Қоса беріліп отырған жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте жалақы бойынша шығыстар құрамына қосылған негізгі бақсарушы қызметкерлерге төленген сыйақы 2016 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін 220.898 мың теңге (2015 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін: 362.814 мың теңге) болды. Негізгі басқарушы қызметкерлердің сыйақысы негізінен шарттық жалақыдан және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша сыйақылардан тұрады.

30. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ САЯСАТЫ

Топтың негізгі қаржылық міндеттемелеріне қарыздар, шығарылған облигациялар, сауда және басқа да кредиторлық берешек кіреді. Бұл қаржылық міндеттемелердің негізгі мақсаты Топ операцияларын қаржыландыру болып табылады. Топтың оның операциялық қызметінің барысында тікелей туындайтын сауда және басқа да дебиторлық берешегі, ақша қаражаты мен оның баламалары, қысқа мерзімді депозиттері бар. Сондай-ақ Топтың сатуға арналған инвестициялары бар.

Топ пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекеліне, валюталық тәуекелге, несиелік тәуекелге және өтімділік тәуекеліне ұшырағыш келеді.

Пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі – қаржы құралы бойынша келешек ақша ағындарының әділ құны нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Топтың нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекеліне ұшырағыштығы, ең алдымен, Топтың құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді борыштық міндеттемелеріне жатады (16 және 17 ескертпелер).

30. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі (жалғасы)

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі – қаржы құралы бойынша келешек ақша ағындарының әділ құны нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Топтың нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекеліне ұшырағыштығы, ең алдымен, Топтың құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді борыштық міндеттемелеріне жатады (16 және 17 ескертпелер).

Топ оның қарыздары көрсетілген валюталардағы пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне мониторингі жасау арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін шектейді. Барлық басқа параметрлердің өзгермеуі шартымен құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздар Топтың салық салынғанға дейінгі пайдасына келесідей әсерін тигізеді:

Мың теңгемен	Базистік тармақтардағы ұлғаю/азаяу*	Салық салынғанға дейін пайдаға әсері
2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		
Либор	60 / (8)	(445.007)/59.334
Евробор	12 / (8)	(57.299)/38.199
2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		
Либор	50 / (12)	(556.105)/133.465
Евробор	25 / (25)	(149.000)/149.000

* 1 базистік тармақ = 0,01%

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімталдықты талдау шеңберінде базалық тармақтардағы өзгерістер туралы жорамалдар осы сәтке байқалатын нарықтық жағдайға негізделеді, әрі ол алдыңғы жылдармен салыстырғанда айтарлықтай үлкен волатильділікпен сипатталады.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел – қаржы құралы бойынша келешек ақша ағындарының әділ құны валюта бағамдарының өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Топтың шетел валюталарының айырбас бағамдарының өзгеру тәуекеліне ұшырағыштығы, ең алдымен, Топтың қаржылық қызметімен негізделген. Сондай-ақ, Топтың айырбас бағамдарының өзгеру тәуекеліне ұшырағыштығы операциялық қызметпен байланысты (кірістер мен шығыстар Топтың функционалдық валютадан ерекшеленетін валютада білдірілген).

Келесі кестелерде барлық басқа параметрлердің өзгермеуі шартымен, АҚШ долларының және Еурооның айырбас бағамындағы ықтимал өзгерістерге сезімталдылық талдауы көрсетілген. Топтың өзге валюталар бағамдарының өзгеру тәуекеліне ұшырағыштығы елеусіз болып табылады.

30. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)**Валюталық тәуекел (жалғасы)**

Мың теңгемен	Айырбас бағамының ұлғаюы/(азаяуы)	Салық салынғанға дейін пайдаға әсері
2016 жылдың 31 желтоқсанына		
АҚШ Доллары	13%/(13%)*	(1.445.471)/ 1.445.471
Еуро	15%/(15%)**	(7.182.007)/ 7.182.007
2015 жылдың 31 желтоқсанына		
АҚШ Доллары	60%/(20%)	(12.215.701)/ 4.071.900
Еуро	60%/(20%)	(35.580.714)/ 11.860.238

* теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбас бағамының абсолютті ұлғаюы/азаяуы 43,33/(43,33) теңге болды;

** теңгенің еуроға қатысты айырбас бағамының абсолютті ұлғаюы/азаяуы 52,86/(52,86) теңге болды.

Несиелік тәуекел

Несиелік тәуекел – Топ қаржылық шығындарды көтереді деген тәуекел, өйткені қарсы агенттер қаржы құралы немесе клиенттік шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамайды. Топ операциялық қызметпен ең алдымен, сауда дебиторлық берешекке қатысты (**10-ескертпне**) және банктер мен қаржы ұйымдарындағы депозиттерді қоса алғанда, қаржылық қызметпен байланысты несиелік тәуекелге ұшырағыш келеді **12, 13 және 14-ескертпелер**). Топтың және оның қарсы агенттерінің несиені төлеу қабілетіне ұшырағыштығы үнемі қадағаланып отырады. Ең көп несиелік тәуекелге ұшырағыштық әрбір қаржы активінің баланстық құнымен шектелген (**10, 12, 13 және 14-ескертпелер**).

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде танылған қаржы активтерінің баланстық құны, құнсыздану резервтерін шегере отырып, Топтың несиелік тәуекелінің ең көп көлемін көрсетеді.

Тұтынушылармен байланысты несиелік тәуекелді басқару несиелік тәуекелді басқарумен байланысты Топтың саясатына, рәсімдері мен бақылауларына сәйкес жүзеге асырылады. Тұтынушылардан түсетін өтелмеген дебиторлық берешек балансын Топтың басшылығы тұрақты бақылайды. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топта «Узбекэнерго» АҚ деген бір клиент болды, оның берешегі 9.915.969 мың теңге мөлшерінде болды, бұл дебиторлық берешектің жалпы сомасының 63%-ын құрайды (2015 жылғы 31 желтоқсанда: 18.986.981 мың теңге, бұл 81%-ды құрайды).

Құнсыздануға жасалатын талдауды Топтың басшылығы мерзімі өткен күн саны негізінде дербес түрде әр есепті күнге жүргізеді. Есептеулер бұрын нақты болған залалдар туралы ақпаратқа негізделеді. Есепті күнге несиелік тәуекелге аса бейімділік **10-ескертпнеде** қарастырылған қаржылық активтердің әр сыныбының баланстық құнымен берілген. Топта өзіне кепілдікке берілген мүлік жоқ.

2016 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі «Казинвестбанк» АҚ бағалы қағаздар нарығында банктік және өзге де операциялар мен қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиядан айырды және уақытша әкімшілікті тағайындады (**12-ескертпне**).

Топ өзінің операциялық қызметін және белгілі бір инвестициялық қызметін жүзеге асыру нәтижесінде несиелік тәуекелге ұшырағыш келеді. Инвестициялық қызметті жүзеге асыру барысында Топ, негізінен, қазақстандық банктерде салымдарды орналастырады.

30. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Несиелік тәуекел (жалғасы)

Келесі кестеде құрылған резервтерді шегере отырып «Standard & Poor's» және «Fitch» агенттіктерінің несие рейтингілерін пайдалана отырып есепті күнге банктерде орналастырылған ақша қаражаттары, банк депозиттері бойынша сальдо көрсетілген:

Мың теңгемен	Орналасқан жері	Рейтинг		2016 жылғы 31 желтоқсан	2015 жылғы 31 желтоқсан
		2016 жыл	2015 жыл		
«АТФ Банк» АҚ	Қазақстан	В-/теріс	В-/Тұрақты	31.499.274	22.113.479
«Қазақстанның Халық банкі» АҚ	Қазақстан	BB/ Тұрақты	BB+/Тұрақты	16.851.515	1.153.623
«Еуразиялық Банк» АҚ	Қазақстан	В/Тұрақты	В+/Теріс	12.765.758	14.285.198
«Банк Центр Кредит» АҚ	Қазақстан	В/Тұрақты	В+/Тұрақты	6.938.201	5.968.325
«ForteBank» АҚ	Қазақстан	В/Тұрақты	В/Тұрақты	5.006.158	9.790
«Эксимбанк Қазақстан» АҚ	Қазақстан	В/Тұрақты	В-/Тұрақты	4.829.510	494.554
«Qazaq Banki» АҚ	Қазақстан	В-/Тұрақты	В-/Тұрақты	4.436.326	4.433.906
«Цеснабанк» АҚ	Қазақстан	В+/Тұрақты	В+/Тұрақты	4.373.053	7.575.382
«Capital Bank Kazakhstan» АҚ	Қазақстан	В-/Тұрақты	В-/Тұрақты	3.170.712	8.178.865
«Альфа Банк» ЕБ АҚ	Қазақстан	В+/Теріс	В+/Теріс	3.000.022	408.480
«Delta Bank» АҚ	Қазақстан	D	В/Тұрақты	3.000.000	245.603
«Қазкоммерцбанк» АҚ	Қазақстан	В-/Теріс	В-/Теріс	3.000.000	–
«Bank RBK» АҚ	Қазақстан	В-/Тұрақты	В-/Оң	2.441.921	5.551.969
«Астана Банкі» АҚ	Қазақстан	В/Тұрақты	В/Тұрақты	2.437.396	2.373.367
«Tengri Bank» АҚ	Қазақстан	В+/Теріс	В+/Теріс	2.017.708	–
«Нұрбанк» АҚ		В/Теріс	В/Тұрақты	1.511.630	4.103.887
«КазИнвестБанк »АҚ	Қазақстан	D	В-/Тұрақты	645.891	147.234
«ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ	Қазақстан	қолданылмайды	қолданылмайды	80.383	80.383
«АзияКредитБанк» АҚ	Қазақстан	В/Теріс	В/Тұрақты	70	4.862.898
«Ресей Жинақ банкі» ЕБ АҚ	Қазақстан	BB+/ Теріс	BBB-/Теріс	–	66
				108.005.528	81.987.009

30. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Өтімділік тәуекелі

Топ басшылығы өтімділік және қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді қаржыландыруды басқарудың талаптарына сай өтімділік тәуекелін басқарудың қажетті жүйесін құрды. Топ бірдей резервтер, банктік қарыздар және қолжетімді несие желілерін қолдау жолымен, болжамдалған және нақты ақша қозғалысына мониторинг жүргізу жолымен қаржы активтері мен міндеттемелерін өтеу мерзімдерін салыстыру жолымен өтімділік тәуекелін басқарады.

Топ борышты қайта қаржыландыруға қатысты тәуекелдердің шоғырлануын бағалады және бұл өте төмен болады деген пікірге келді. Топ жеткілікті түрде сан алуан қаржы көздеріне қол жеткізе алады және 12 (он екі) ай ішінде өтелетін берешектер тиісті кредиторлармен жүргізілуі мүмкін.

Мына кестелерде шартты дисконтталмаған ақша ағындары негізінде Топтың қаржылық міндеттемелері бойынша Топтың келісімшарттық мерзімдері көрсетілген.

Мың теңгемен	Талап етілгенге дейін	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	Астам 5 жылға дейін	Жиыны
2016 жылғы 31 желтоқсанға						
Қарыздар	–	15.279.011	13.947.521	64.035.820	42.194.121	135.456.473
Сауда кредиторлық және басқа да берешек	–	16.981.635	–	2.417.810	–	19.399.445
Облигациялар	–	–	5.251.917	–	47.368.104	52.620.021
	–	32.260.646	19.199.438	66.453.630	89.562.225	207.475.939
2015 жылдың 31 желтоқсанына						
Қарыздар	–	6.944.759	19.416.270	93.532.667	75.206.539	195.100.235
Сауда кредиторлық және басқа да берешек	–	13.525.144	–	–	–	13.525.144
	–	20.469.903	19.416.270	93.532.667	75.206.539	208.625.379

Капиталды басқару

Топ капиталын басқарудың басты мақсаты Топтың кірістің барынша көбейтілуімен қатар берешек пен капитал қатынасын оңтайландыру арқылы акционер үшін табыстарды барынша көбейте отырып, қызмет үздіксіздігі қағидатын ұстануды жалғастыра алады.

Топ өз капиталын экономикалық шарттардағы өзгерістерді ескере отырып басқарады. Өзінің капиталын басқару немесе өзгерту үшін Топ акционерге дивидендтердің төленуін ауыстыра, акционерге капиталды қайтара немесе жаңа акцияларды шығара алады.

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде капиталды басқару мақсаттарына, саясатына немесе процестеріне қандай да бір өзгерістер енгізілген жоқ.

Топ капиталға қатысты борыш коэффициентін пайдалана отырып капиталды басқарады, бұл капиталдың жиынына бөлінген борыш болып табылады. Топтың міндеті коэффициентті 0,5 жоғары емес деңгейде ұстап тұру болып табылады. Борышқа барлық қарыздар мен облигациялар кіреді. Капитал барлық міндеттемелердің сома-сына және барлық акционерлік капиталға тең болады.

30. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)**Капиталды басқару (жалғасы)**

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
Борыш/капитал	0,28	0,29

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
Қарыздар мен облигациялардың ұзақ мерзімді бөлігі	142.512.099	149.139.660
Қарыздар мен облигациялардың қысқа мерзімді бөлігі	32.586.861	22.090.879
Борыш	175.098.960	171.230.539
Міндеттемелер жиыны	269.974.816	254.360.000
Капитал	362.084.070	340.976.614
Капитал мен міндеттемелер жиыны	632.058.886	595.336.614

Топ капиталының құрылымына **15-ескертпеде** ашылып көрсетілгендей акционерлік капитал, резервтер мен бөлінбеген пайда кіреді.

Әділ құнның иерархиясы

Топ қаржы құралдарының әділ құнын айқындаудың және бағалау үлгісінің бөлігіне қарай ол туралы ақпаратты ашып көрсетудің келесі иерархиясын пайдаланады:

- 1 деңгей: ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша (қандай да бір түзетулерсіз) белсенді нарықтардағы бағалар.
- 2 деңгей: барлық шығыс деректері көрсетілетін әділ құнына айтарлықтай әсер ететін басқа да әдістер нарықта тікелей немесе жанама байқалады.
- 3 деңгей: бақыланатын нарықтық ақпаратқа негізделмейтін көрсетілетін әділ құнына айтарлықтай әсер ететін шығыс деректер қолданылатын әдістер.

Төмендегі кестеде Топтың активтері мен міндеттемелерін әділ құны бойынша бағалау көздерінің иерархиясы көрсетілген:

Әділ құны бойынша ескерілетін активтер

Мың теңгемен	2016 жылғы 31 желтоқсан	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Қаржы активтері				
Сату үшін қолда бар қаржы активтері (12-ескертпе)	868.269	–	868.269	–
Қаржылық емес активтер				
ҰЭЖ активтері (7-ескертпе)	416.722.746	–	–	416.722.746

30. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)**Әділ құнның иерархиясы (жалғасы)***Әділ құны бойынша ескерілетін активтер (жалғасы)*

Мың теңгемен	2015 жылғы 31 желтоқсан	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Қаржы активтері				
Сату үшін қолда бар қаржы активтері (12-ескертпе)	868.269	–	–	868.269
Қаржылық емес активтер				
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер (6-ескертпе)	161.511	–	–	161.511
ҰЭЖ активтері (7-ескертпе)	416.077.012	–	–	416.077.012

Әділ құны ашылып көрсетілетін міндеттемелер

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2016 жыл	Уровень 1	Уровень 2	Уровень 3
Қаржылық міндеттемелер				
Қарыздар (16-ескертпе)	122.478.939	–	122.478.939	–
Облигациялар (17-ескертпе)	52.620.021	52.620.021	–	–

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2016 жыл	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Қаржылық міндеттемелер				
Қарыздар (16-ескертпе)	171.230.539	–	171.230.539	–

Қаржы құралдарының әділ құны

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанында басшылық Топтың сауда-саттық дебиторлық және кредиторлық берешек, басқа да қаржы активтері, ақша қаражаты мен оның баламалары, қолданылуы шектеулі ақша қаражаты сияқты қаржы құралдарының әділ құны ең бастысы аталған құралдарды өтеу мерзімдерінің ұзаққа созылмауы себепті шамамен алғанда олардың баланстық құнына тең екенін анықтады. Қарыздар мен Топ шығарған облигациялар амортизацияланған құн бойынша көрсетілген, әрі ол шамамен олардың әділ құнына тең болады.

31. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Қызметті жүргізу шарттары

Қазақстанда экономикалық реформалар және нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымның дамуы жалғасуда. Қазақстандық экономиканың келешектегі тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ үкімет экономика, қаржы және ақша-кредит саясаты саласында қолға алатын шаралардың тиімділігіне тәуелді болады.

Мұнай бағасының төмендеуі қазақстандық экономикаға теріс әсерін тигізуде. Теңгемен пайыздық мөлшерлемелер жоғары болып қалып отыр. Бұл факторлардың жиынтығы капиталдың қолжетімділігінің төмендеуіне және оның құнының ұлғаюына, сондай-ақ одан кейінгі экономикалық өсімге қатысты белгісіздіктің артуына әкеп соқтырды, бұл Топтың қаржылық жағдайына, қызмет нәтижелеріне және экономикалық перспективаларына теріс әсерін тигізуі мүмкін. Топ басшылығы ағымдағы жағдайларда Топтың экономикалық тұрақтылығын қолдау бойынша лайықты шараларды қолға алып отыр деп санайды.

Салық салу

Қазақстандық салық заңдары мен нормативтік-құқықтық актілер үздіксіз өзгерістер мен түрлі түсіндірмелердің нысаны болып табылады. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасында пікір сәйкессіздігі жиі болады. Қазақстанда қолданылатын заңдар негізінде анықталған құқық бұзушылықтар үшін айыппұлдар мен өсімақылар жүйесі біршама қатал. Айыппұлдық ықпалшараға 2,5-ке көбейтілген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен белгіленген, қайта қаржыландырылған мөлшерлемесі бойынша есептелген өсімпұл мен қосымша есептелген салық сомасынан 50% көлемінде болатын айыппұлдар кіреді. Нәтижесінде, айппұл мен өсімпұл сомалары қоса есептелуге жататын салық сомаларынан бірнеше есе артық болуы мүмкін. Қаржылық кезеңдер тексеру жүргізілетін жылдың алдындағы күнтізбелік бес жыл ішінде салық органдары тексеру үшін ашық болып қалады. Белгілі бір жағдайларда салық тексерулері бұдан да ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін. Қазақстандық салық салу жүйесіне тән белгісіздіктерге байланысты, егер мұндай жағдай болса, салықтардың, айыппұл санкцияларының және өсімақының түпкілікті сомасы осы уақытта шығыстарға жатқызылған және 2016 жылғы 31 желтоқсанда есептелген сомадан асуы мүмкін.

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2014 жылғы 7 қарашадағы № 231-ОД бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық жіктеушісі «Негізгі қорлардың жіктеушісі» (бұдан әрі – НҚЖ) қолданысқа енгізілді. НҚЖ бұл нұсқасында негізгі құралдардың бір бөлігін «Ғимараттар» тобынан «Машиналар мен жабдықтар» тобына қайта жіктелуі болжанған. Топ НҚЖ жаңа нұсқасын 2015 және 2016 жылдары мүлікке салынатын салықты есептеу үшін қолданды. НҚЖ-ның осы нұсқасын қолданудың нәтижесінде Компания қаражатты үнемдеді. 2016 жылы салық органдары НҚЖ әділет органдарында тіркелмегені жайында мәселені көтерді. Тиісінше, НҚЖ жаңа нұсқасының Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2016 жылғы 23 шілдедегі Шешімімен күші жойылған. Салық органдарының пікірінше әділет органдарында нормативтік құжат тіркелуінің жоқтығы құжатты заңды күшінен айырады. Жоғарыда аталғанға орай, Топ негізгі құралдарды кері қарай қайта жіктеді және 2015 әрі 2016 жылдар үшін 2.630.504 мың теңге мөлшерінде мүлік салығын, оның ішінде 256.639 мың теңге сомаға айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептеді (*20-ескертпе*).

Несие келісімдерінің талаптары

1999 жылдан бастап 2011 жылға дейін Топ ЕДҚҚБ мен ХҚҚДБ-мен (бұдан әрі «несие берушілер») 506 миллион АҚШ доллары және 228 миллион еуро жалпы сомаға несие келісімдерін жасады (*16-ескертпе*). Топ пен Топтың несие берушілерінің арасындағы несие келісімдеріне сай Топ несие келісімдерінің келесі талаптарын сақтауға міндетті:

31. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

Несие келісімдерінің талаптары (жалғасы)

- Ағымдағы активтердің ағымдағы міндеттемелерге ара қатынасы 1:1 кем емес.
- Жиынтық берешектің жалпы капиталдануға ара қатынасы 50% артық емес.
- Қаржы шығыстарын, пайда салығын, тозу мен амортизацияны шегергенге дейінгі кірістердің («EBITDA») қаржы шығыстарына ара қатынасы 3:1 кем емес.
- Таза борыштың EBITDA ара қатынасы 4:1 артық емес.
- Өзін өзі қаржыландыру коэффициенті 20% кем емес.
- Борышқа қызмет көрсету коэффициенті 1,2 кем емес.

Басшылық 2016 жылғы 31 желтоқсандағы және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ ЕДҚҚБ мен ХҚҚДБ-мен жасалған несие келісімдерінің барлық талаптарын сақтаған деп есептейді. EBITDA-ны есептеу кезінде Топ бағамдық айырмадан болған кірістер мен зияндарды алып тастайды, өйткені бағамдық айырмадан болған кірістер мен зияндар ақшалай емес операциялардың анықтамасына сәйкес келеді және EBITDA-ның есебінен алынып тасталуы тиіс деп есептейді, әрі бұл несие келісімдерінде көрсетілген. 2016 жылғы 31 желтоқсанға EBITDA-ны есептеу кезінде Топ 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 2.346.713 мың теңге сомасында бағамдық айырмадан түскен кірістерді алып тастады.

Сақтандыру

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ қалпына келтіру құны 157.471.141 мың теңге болатын өндірістік активтерді сақтандырды. Сақтандыру жағдайы орын алғанда сақтандыру төлемі активтерді қалпына келтіру құнының шегінде жасалады. Топ қалған өндірістік активтерді сақтандырған жоқ. Сақтандырудың жоқтығы активтер құнының азаюын немесе міндеттемелердің пайда болуын білдірмейтіндіктен, мұндай активтердің бүлінуімен немесе айырылумен байланысты көзделмеген шығыстарға осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте еш резерв құрылмады.

Шарттық міндеттемелер

Ұлттық электр желісінің құрал-жабдығының қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында Топ күрделі инвестициялар жоспарын әзірледі. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ осы жоспардың шеңберінде жасаған ашық шарттар бойынша міндеттемелер сомасы 45.623.560 мың теңге (2015 жылғы 31 желтоқсанға: 84.277.398 мың теңге) болды.

Күрделі инвестициялар жоспарының және ашық келісімшарттардың едәуір бөлігін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде сатып алынатын құрал-жабдықтар мен қосалқы бөлшектердің құрайтындығына орай шарттық міндеттемелердің құбылу ықтималдылығы бар. Мұндай құбылулардың негізгі себебі инфляциялық таргеттеуді ендіру шеңберінде теңгенің еркін құбылмалы айырбас бағамы режиміне көшуінен туындаған айырбас бағамдары өзгеруінің әсері болып табылады.

Жаңартылатын қуат көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр қуатын сатып алу тарифтері

«Жаңартылатын қуат көздері туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі № 165-IV Заңының қолданысқа енгізілуіне дейін пайдалануға берілген жаңартылатын қуат көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр қуатын сатып алу тарифтері Үкіметтің 2014 жылғы 29 сәуірдегі № 419 Қаулысында айқындалған және мұндай объектілерді салу жобаларының техникалық-экономикалық негіздемелерінде көзделген тарифтерге тең болады. Жаңартылатын қуат көздері туралы Заң қолданысқа енгізілгеннен кейін пайдалануға берілген жаңартылатын қуат көздерін пайдалану объектілері үшін Үкіметтің 2014 жылғы 12 маусымдағы № 645 қаулысымен мақұлданған тіркелген тарифтер қолданылады.

Жаңартылатын қуат көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр қуатын сату тарифтері

Шартты тұтынушыларға арналған жаңартылатын қуат көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр қуатын сату тарифтері Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №118 бұйрығымен бекітілген «Жаңартылатын қуат көздерін қолдауға арналған тарифті айқындау ережесіне» сәйкес есептеледі. Электр қуатын сату тарифіне сатып алынатын электр қуатының құны, операциялық шығыстар, электр қуатының өндірісі мен тұтынуын теңестіруді ұйымдастыру құны кіреді және Компания оны тұрақты негізде есептеп отырады.

31. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

Шарттық міндеттемелер (жалғасы)

Жаңартылатын қуат көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр қуатын сату тарифтері (жалғасы)

Басшылық 2016 жылы жаңартылатын қуат көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр қуатын сату және сатып алу тарифтерін есептеу әрі пайдалану лайықты түрде және қолданыстағы нормалар мен заңнамалық актілерге сәйкес жүзеге асырылады деп есептейді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына 2016 жылғы 28 желтоқсанда енгізілген өзгерістерге сәйкес уәкілетті органның құзырына қоғамдық маңызды нарықтарда баға белгілеудің жаңа ережелерін (бұдан әрі – «Ереже») әзірлеу және бекіту функциясы жатқызылған.

Қазіргі уақытта уәкілетті орган тиісті Ережелердің жобасын әзірлеуде. Бұл ережелер қабылданғаннан кейін жаңартылатын қуат көздерін қолдау тарифін есептеу кезіндегі баға белгілеу тәртібі соларға сәйкес жүзеге асырылады.

Электр қуатын беру және желіге жіберудің техникалық диспетчерлеу және электр қуатын тұтыну бойынша тарифтер

2015 жылдың қорытындылары бойынша Комитетке тарифтік сметаның орындалуы жөніндегі есеп жолданды, соны қарау қорытындылары бойынша Комитет бұйрығымен 2016 және 2017 жылдарға реттелетін қызметтерге белгіленген тарифтердің шекті деңгейінің 0,01 теңгеден төмен белгіленген 2016 жылғы 1 шілде мен 2017 жылғы 30 маусым аралығындағы кезеңде реттелетін тарифтерге уақытша өтеп беретін тариф айқындалды. 2016 жылғы 1 шілдеден бастап 31 желтоқсанға дейін электр қуатын электр желілерімен тарату бойынша уақытша өтеп беретін тариф 2,079 теңге/кВтч (ҚҚС-ты ескерместен) деңгейінде белгіленді, желіге жіберудің техникалық диспетчерлеу және электр қуатын тұтыну бойынша тарифтер – 0,230 теңге/кВтч (ҚҚС-ты ескерместен). 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 30 маусымға дейін электр қуатын электр желілерімен тарату бойынша уақытша өтеп беретін тариф 2,245 теңге/кВтч (ҚҚС-ты ескерместен) деңгейінде белгіленді, желіге жіберудің техникалық диспетчерлеу және электр қуатын тұтыну бойынша тарифтер – 0,233 теңге/кВтч (ҚҚС-ты ескерместен).

32. ЕСЕПТІ КҮННЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

«Узбекэнерго» АҚ берешегін өтеу

2017 жылғы қаңтарда-ақпанда «Узбекэнерго» АҚ 2013-2014 жылдары көрсетілген қызметтер үшін 9.220 мың АҚШ доллары (баламасы 3.086.381 мың теңге) сомасындағы берешекті ішінара өтеді.

Қарыздар бойынша өтеу

2017 жылғы 5 қаңтарда Топ «220 кВ ОБТҚ-Осакаровка ӘЖ-ні қайта құру» жобасы бойынша ЕҚҚДБ қарызын толығымен мерзімінен бұрын өтеді. Топ 27.337 мың АҚШ доллары (баламасы 9.144.553 мың теңге) сомада негізгі борышты және 195 мың АҚШ доллары (баламасы 65.277 мың теңге) сомасында сыйақыны өтеді. Сондай-ақ 137 мың АҚШ доллары (баламасы 45.723 мың теңге) мөлшерінде ұзақ мерзімді өтеу үшін комиссия төленді.

2017 жылғы 5 қаңтарда «Қазақстанның ҰЭЖ-ге 500 кернеулі желілерін қоса отырып ПС 500кВ Алма құрылысы, 220 кВ» жобасы бойынша ХҚҚДБ қарызы бойынша жартыжылдық төлем жасалды. 1.784 мың АҚШ доллары (баламасы 596.735 мың теңге) сомада негізгі борышты және 738 мың АҚШ доллары (баламасы 246.865 мың теңге) сомасында сыйақыны өтеді.

2017 жылғы 9 ақпанда Топ 12.479 мың еуро (баламасы 4.312.383 мың теңге) және тиісінше 2.511 мың еуро (баламасы 867.781 мың теңге) сомасында негізгі борыш пен сыйақының жартыжылдық төлемін жүзеге асырды.

Мүлік салығы бойынша берешекті өтеу

2017 жылғы қаңтарда Топ 2.402.786 мың теңге сомасындағы мүлік салығы бойынша өз берешегін өтеді. (20 ескертпе).

«Delta Bank» АҚ-да орналастырылған қаражат

2017 жылғы ақпанда Топ «Delta Bank» АҚ-да орналастырылған қаражатты пайдалана отырып, 1.702.253 мың теңге мөлшерінде мердігердің алдында өзінің кредиторлық берешегін төледі.

Қосымшалар

1 ҚОСЫМША. «KEGOC» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРЫ

«Энергоинформ» АҚ

Миссиясы: озық әлемдік тәжірибелер мен инновациялық технологияларды қолдана отырып, Қазақстан Республикасы БЭЖ ақпараттық-телекоммуникациялық кешенінің сенімді жұмысы мен тиімді дамуын қамтамасыз ету.

Жалғыз акционері «KEGOC» АҚ болып табылады.

Стратегиялық мақсаттары:

- «KEGOC» АҚ телекоммуникациялық және ақпараттық кешендерінің сенімді және тиімді жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ету.
- Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің Ақпараттық интеграторын қалыптастыру.
- Акционерлік капиталдың құнын көтеру.

Негізгі қызметі – «KEGOC» АҚ ақпараттық-телекоммуникациялық кешеніне, оның ішінде: ЭКЕАЖ, SCADA, ЭТН, ББЖ, ЖОЖ, РРЖ, СҚЖ, СЖОЖ, АТС, ОТБЖ, МҚЖ қызмет көрсету және корпоративтік сервистер.

«Энергоинформ» АҚ Жарғылық капиталы 2 179,700 млн.теңге. Шығарылған акцияларының саны 700 000 дананы құрайды, бір акцияның номиналдық құны 10 000 теңгеге тең. Орналастырылған акцияларының саны 217 970 дана.

«Энергоинформ» АҚ 2016 жылғы табысы 3 826,026 млн. теңгені құрады, жалпы шығысы – 3 516,441 млн. теңге. Есептік кезеңдегі қызмет қорытындысы бойынша 246,185 млн. теңге мөлшерінде таза табыс алынды. 2015 жылмен салыстырғанда, табыс 82,7 млн. теңгеге немесе 2,2%-ға артты, бұл ретте шығыс 68,419 млн. теңгеге немесе 1,98%-ға артты.

2016 жылы таза табыс 246,185 млн. теңгені құрады, бұл 2015 жылғы нақты көрсеткіштен 5,231 млн. теңгеге немесе 2,2%-ға жоғары.

«Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС

«Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 12 тамыздағы шешіміне сәйкес құрылды және 2013 жылғы 27 тамызда Астана қаласы Әділет департаментінің Сарыарқа аудандық Әділет басқармасында тіркелді.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылдың 31 наурызындағы №256 «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығын анықтау туралы» бұйрығымен «ЖЭКҚҚЕО» ЖШС анықталды.

Негізгі қызмет түрі – жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерімен өндірілген және Қазақстан Республикасы БЭЖ электр желілеріне жеткізілген электр энергиясын орталықтандырып сатып алу және сату.

«KEGOC» АҚ жалғыз құрылтайшысы және жалғыз қатысушысы болып табылады.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша «ЖЭКҚҚЕО» ЖШС 69 ЖЭК субъектілерімен шартқа отырды. 2016 жылы «ЖЭКҚҚЕО» ЖШС ЖЭК субъектілері өндірген 437,6 млн. кВт·с көлеміндегі электр энергиясын шартты тұтынушыларға сатты.

2016 жыл қорытындысы бойынша «ЖЭКҚҚЕО» ЖШС табысының жалпы сомасы 10 820,8 млн.теңгені, шығыс 10 533,1 млн.теңгені құрады. 2016 жыл қорытындысы бойынша таза табыс 230,1 млн.теңгені құрады.

«KEGOC» АҚ қызметінің көрсеткіштеріне еншілес ұйымдарының ықпалы шамалы.

2-ҚОСЫМША.**«KEGOC» АҚ 2017 ЖЫЛҒЫ КОРПОРАТИВТІК ОҚИҒАЛАРЫ КҮНТІЗБЕСІ***

№	Корпоративтік оқиғалар	Мерзімі (күні, айы)
1	Реттелетін қызметтерді ұсыну бойынша «KEGOC» АҚ қызметі туралы тұтынушылар алдында есеп беру	2017 жылғы 1 мамырға дейін
2	«KEGOC» АҚ акционерлерінің жылдық Жалпы жиналысын өткізу	2017 жылғы 31 мамырға дейін
3	«Қазақстан қор биржасы» АҚ 2016 жылғы қаржылық есепті ұсыну	2017 жылғы 31 мамырға дейін
4	«Қазақстан қор биржасы» АҚ 2017 жылдың 1-тоқсаны бойынша қаржылық есепті ұсыну	2017 жылғы 15 мамырға дейін
5	«Қазақстан қор биржасы» АҚ 2016 жылғы жылдық есепті ұсыну	2017 жылғы 31 шілдеге дейін
6	«Қазақстан қор биржасы» АҚ 2017 жылдың 2-тоқсаны бойынша қаржылық есепті ұсыну	2017 жылғы 14 тамызға дейін
7	«Қазақстан қор биржасы» АҚ 2017 жылдың 3-тоқсаны бойынша қаржылық есепті ұсыну	2017 жылғы 14 қарашаға дейін

**«KEGOC» АҚ қанша күш салғанымен, оқиғалардың нақты мерзімі мен сипаты көрсетілгендей болмауы мүмкін.*

Осы Жылдық есепте көрсетілген жоспарларға қатысты кез келген ақпарат болжамдық сипатта берілген және «KEGOC» АҚ-ның болашақ оқиғаларға қатысты күнделікті көзқарасын бейнелейді, сондай-ақ,

қандай да бір тәуекелдерге, белгісіздікке және бизнеске, қаржылық жағдайға, операциялыққа нәтижелерге, «KEGOC» АҚ өсу және өтімділік стратегиясын шалдыққан.

3-ҚОСЫМША. ГЛОССАРИЙ

	Мағынасы
«KEGOC» АҚ	«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы
«Самұрық-Қазына» АҚ	«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
ААҚ	ашық акционерлік қоғам
АҚ	акционерлік қоғам
ӘЖ	жоғары вольттық желі
БАҚ	бұқаралық ақпарат құралдары
БЖЗҚ	Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры
БМЖ	біріктірілген менеджмен жүйесі
БЭЖ	Біртұтас электр энергетикалық жүйе
ГТЭС	газтурбиналық электр станциясы
ГЭС	гидроэлектростанция
ҒТК	ғылыми-техникалық кеңес
ЕҰ	еншілес ұйымдар
ЖО ҰДО	«KEGOC» АҚ «Жүйелік оператордың Ұлттық диспетчерлік орталығы» филиалы
ЖШС	жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ЖЭК	жаңартылатын энергия көздері
ЖЭО	жылу электр орталығы
ЖЭТ	«KEGOC» АҚ «Жүйеаралық электр тораптары» АҚ филиалдары
кВ	киловольт
кВт•сағ	киловатт-сағат
Компания	«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы
ҚЕХС	қаржылық есептеменің халықаралық стандарты
ҚҚС	қосымша құн салығы

	Мағынасы
ҚНК	қызметтің негізгі көрсеткіші (-тері)
ҚС	қосалқы станция
МАЭС	мемлекеттік аудандық электр станциясы
МВА	мегавольт-ампер
МВт	мегаватт
МЕҰ	үкіметтік емес ұйымдар
НТҚ	нормативтік-техникалық құжаттама
ӨДО	өңірлік диспетчерлік орталық
ӨЭК	өңірлік электр желілік компания
ПХД	полихлордефинил
ТБЖ	тәуекелдерді басқару жүйесі
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ТМР және БҚК	Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті
ТЭН	техникалық-экономикалық негіздеме
ҰОС	Ұлы Отан Соғысы
ҰЭТ	Ұлттық электр торабы
Филиалдар	«KEGOC» АҚ ЖЭТ және ЖО ҰДО филиалдары
ІАҚ	Ішкі аудит қызметі
ІБЖ	ішкі бақылау жүйесі
ЭЖҰ	энергия үнемдеуші ұйымдар
ЭҚР ПУЛЫ	Қазақстан электр қуаты резервтерінің пулы
ЭМЖ	экологиялық менеджмент жүйесі

Байланыс ақпараты

ЖАЛПЫ

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» АҚ

Қазақстан Республикасы, Астана қ.,
Тәуелсіздік даңғ., 59-ғимарат
Тел.: +7 (7172) 693-824, 690-203
Факс: +7 (7172) 690-455
e-mail: kegoc@kegoc.kz

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПKE БАЙЛАНЫСТЫ СҰРАҚТАР ҮШІН

Корпоративтік даму департаменті:

Жұмабаева Жұлдыз
Тел.: +7 (7172) 690-326
e-mail: Zhumabayeva_zh@kegoc.kz

Рамазанова Айжан
Тел.: +7 (7172) 690-434
e-mail: Ramazanova@kegoc.kz

Инвесторлармен байланыс жөніндегі департамент:

Сағынтаева Динара
Тел.: +7 (7172) 690-491
e-mail: Sagintayeva@kegoc.kz

АУДИТОР

«Эрнст энд Янг» ЖШС

Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қ.,
Әл-Фараби даңғ., 77/7 (Есентай тауэр)

Тел.: +7 (727) 258 5960

Факс: +7 (727) 258 5961

e-mail: almaty@kz.ey.com

ТІРКЕУШІ

«Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ

Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ.,
Сәтпаев көш., 30А/3-үй (Тенгиз тауэрс)

Тел.: +7 (727) 272 4760

Факс: +7 (727) 272 4760 вн.230

e-mail: info@tsr.kz